ATYRAU UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «АТЫРАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Х. ДОСМУХАМЕДОВА»
NLC "KHALEL DOSMUKHAMEDOV ATYRAU UNIVERSITY"

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИЙ МОЛОДЫХ УЧЁНЫХ
«МОЛОДЁЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

THE COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS
"YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE"

III

Атырау, 8 | 04 | 2026 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

АТЫРАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Х.ДОСМУХАМЕДОВА

KH.DOSMUKHAMEDOV ATYRAU UNIVERSITY

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых

«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists

«YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

8/04/ 2026

ӘОЖ 378 (069)
КБЖ 74.58
Ж29

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Утепкалиева К.М., Адиетова Э.М., Муханбетжанова А.У., Мугауина Г.О., Уталиева Р.С., Жамбылова Г.Ж., Есенаманова М.С., Сапарова Г.А., Аймуратов С.Б., Туралиев А.Қ, Амангазиева М.К., Мустагалиева Г.М., Асанова Б.У., Избасаров Е.Ж.

ISBN 978-601-262-638-4

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы – «Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых. – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2026 ж. –215 б.

Жинаққа Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының жас ғалымдары, докоранттары, магистранттары және студенттерінің жастар ғылымының өзекті мәселелеріне арналған баяндамалары енгізілген.
В сборник вошли доклады докторантов, магистрантов, студентов и молодых ученых высших учебных заведении Республики Казахстан по актуальным вопросам молодежной науки.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты. Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, предоставленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ISBN 978-601-262-638-4

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2026
©Издательство ASU Press

СЕКЦИЯ III. ӘЛЕУМЕТТІК – ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

«ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ҮДЕРІСТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНТЕРПРИТАЦИЯСЫ»

ӘОЖ 32.019.5:004

ЦИФРЛЫҚ МЕДИАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абубакирова Назерке
«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
nazerke.kanatovna081@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: «Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының
аға оқытушы Ахонова М.И.
meruerta_68@mail.ru

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты мен мәдениеті, тарихы мен рухани әлемінің айнасы. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы бай мұра әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, тарихи тамырларын сақтауға ықпал етеді. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу ерекше маңызға ие, өйткені жастардың ұлттық бірегейлігін сақтау елдің тұрақтылығы мен дамуында маңызды рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау – бұл тарихи немесе мәдени ақпаратты жеткізумен қатар, халықтың рухани және адамгершілік қағидаларын жас ұрпақтың санасына сіңіру. Әрбір халықтың салт-дәстүрлері, мәдениеті мен тарихи ескерткіштері арқылы оның дүниетанымы мен құндылықтары көрініс табады.

Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзіндік болмысын түсініп, өз халқының мәдениеті мен тарихына деген құрметін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенді сыйлау, табиғатпен үндесіп өмір сүру сияқты дәстүрлері арқылы жастар адамгершілік қағидаларды түсініп, оларды өз өмірлерінде қолданады [1].

Ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тағы бір маңыздылығы – отансүйгіштік сезімін нығайту. Жас ұрпақ өз елінің мәдениеті мен тарихын терең түсінгенде, оның болашағына жауапкершілікпен қарап, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында еңбек етуге дайын болмақ. Бұл бағытта дәстүрлі медиа (теледидар, радио, баспасөз) ұлттық құндылықтарды кең аудиторияға жеткізудің негізгі арналарының бірі екені белгілі. Телебағдарламалар, деректі фильмдер мен мәдени-ағартушылық жобалар арқылы халықтың тарихи мұрасы, салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтары насихатталып келеді. Мұндай контент ұлттық сананы қалыптастыруға және ұрпақтар сабақтастығын сақтауға ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтарды көпшілікке жеткізудің тағы бір тиімді әдісі – мәдени іс-шаралар. Ұлттық мерекелер, фестивальдер мен көрмелер ұлттық мәдениеттің байлығын халыққа көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Наурыз мейрамы» кезінде ұлттық киімдер киіп, дәстүрлі тағамдарды ұсыну, ұлттық ойындар ойнау сияқты шаралар жастардың бойында мәдени мұраға деген қызығушылық пен мақтаныш сезімін тудырады [2]. Сонымен қатар, театрландырылған қойылымдар, ұлттық ән-күйлер мен би өнері жастарды рухани байытады.

Ал бүгінгі ақпараттық технологиялар дәуірінде медиа ұлттық құндылықтарды насихаттаудың қуатты құралына айналды. Жаңа медиа және цифрлық платформалар (әлеуметтік желілер, блогтар, стриминг сервистер) ұлттық құндылықтардың таралу аясын кеңейтті. Қазіргі таңда жастар арасында ұлттық мәдениет элементтері қысқа видеолар,

подкасттар, инфографика және мультимедиалық өнімдер арқылы танымал болуда. Бұл ұлттық мазмұнның жаңа форматта ұсынылуына және оның заманауи аудиторияға бейімделуіне жол ашады. Сонымен қатар, қолданушылардың өздері контент жасауға ұмтылып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға белсенді қатысады.

Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауда бірқатар сәтті тәжірибелер мен инновациялық тәсілдер қалыптасып келеді. Бұл кейстер ұлттық кодты заманауи форматта бейімдеудің тиімді жолдарын көрсетіп, медиакеңістіктегі жаңа мүмкіндіктерді айқындайды. Бұл бағытта цифрлық архивтеу және мәдени мұраны онлайн форматта ұсыну мақсатында табысты жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, тарихи құжаттар, қолжазбалар, фольклорлық мұралар мен өнер туындылары цифрландырылып, ашық платформаларға орналастырылуда. Бұл ұлттық мәдениеттің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, оны халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілер мен мультимедиалық платформаларда ұлттық мазмұнды креативті түрде ұсыну кеңінен таралуда. Қысқа бейнероликтер, storytelling форматындағы жобалар, подкасттар мен анимациялық контент арқылы ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар жаңа буынға түсінікті әрі тартымды түрде жеткізілуде. Әсіресе, инфлюенсерлер мен контент жасаушылардың қатысуы бұл үдерісті жеделдетіп, аудиториямен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Білім беру саласында инновациялық цифрлық шешімдер енгізілуде. Онлайн курстар, интерактивті платформалар және мобильді қосымшалар арқылы ұлттық тарих, мәдениет және тіл үйрету жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тәсілдер білім алушылардың қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды меңгерудің тиімділігін жоғарылатады.

Әсіресе геймификация элементтерін қолдану, ұлттық мәдениетке негізделген ойындар, викториналар мен интерактивті тапсырмалар қолданушыларды белсенді қатысуға ынталандырып, білімді ойын арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жас аудитория үшін тиімді әдіс ретінде танылып отыр.

Жасанды интеллект пен үлкен деректер технологияларын пайдалану арқылы ұлттық контентті талдау, іріктеу және жекелендіру мүмкіндігі артуда. Бұл пайдаланушыларға өз қызығушылықтарына сәйкес ұлттық мазмұнды ұсынуға және оның таралу тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, ұлттық тағамдардың жасалу әдістерін бейнелейтін видеолар немесе халық әндерін үйрететін онлайн курстар жастардың қызығушылығын арттырып, оларды ұлттық мәдениетке жақындатады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті мен өнері туралы подкасттар немесе интерактивті мобильді қосымшалар арқылы жастарға ұлттық құндылықтар туралы ақпаратты заманауи форматта жеткізуге болады.

Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы деректеріне сүйенсек, 16-25 жастағы тұрғындардың 90%-дан астамы компьютер, ноутбук, планшет пайдаланады. Олардың 96,2%-ы мобильді қосымшалар арқылы ғаламторға қол жеткізген, 92,8%-ы жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылыққа ие [3]. Осыдан-ақ жастардың күнделікті өмірінде интернет пен заманауи технологиялардың маңызды рөл атқаратынын байқалады. Айталық, смартфон, ноутбуктер мен планшеттерді қолдану, әлеуметтік желілерге қатысу, ақпараттық және білім беру ресурстарын пайдалану кеңінен таралған. Бұл қазіргі жастардың цифрлық сауаттылығын ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени интеграциясына ықпал ететінін де көрсетеді.

Соңғы жылдары кеңінен танымалдыққа ие әлеуметтік медиа кеңістігінде жаңа коммуникациялық құбылыстар пайда бола бастады [4]. Әсіресе бейнеконтенттердің таралуы барысында қолдау білдіру, реакция көрсету сынды жаңа әлеуметтік тенденциялар қалыптасты. Бұл платформалардың көрермен назарын ұзақ уақыт сақтап тұруына және пайдаланушыларды белсенді әрекетке тартуына ықпал етеді. Пайдаланушылардың басым бөлігі өзінің эмоциясын пікірлер арқылы білдіріп, өз жазбасына басқалардың қандай реакция танытатынын да бақылап отырады. Бұл жағдай әлеуметтік медиадағы қарым-қатынасты дәстүрлі ақпарат алмасудан гөрі эмоционалды тәжірибеге жақындатады.

Нәтижесінде, платформаларда жеңіл әрі тез тұтынылатын тақырыптардың кеңінен талқылануы байқалады. Яғни эмоция арқылы берілген ақпарат пайдаланушыға шынайырақ

әсер етіп, оның әлеуметтік кеңістіктегі пікірін қалыптастыруға үлес қосады. Мұның барлығы жастардың ақпаратты қабылдау мәдениетінде рационалды талдаудан гөрі эмоционалды реакцияның басым екенін аңғартады.

Қазіргі уақытта TikTok платформасындағы контенттік аспектілерді талдау барысында, таралатын ақпараттың нақты контексін және оның географиялық орналасуына байланысты ерекшеліктерін анықтауға болады. Платформаның тек жаңалық тарату құралы ғана емес, сонымен бірге пайдаланушылардың наным-сенімдері мен құндылықтарына байланысты ақпаратты кеңінен тарататын алаңға айналғаны байқалады. Сондықтан TikTok жастардың ақпаратты тұтыну үлгісін түсінуге мүмкіндік беретін маңызды феномен болып отыр. Мысалы, ақындар айтысынан үзінділер TikTok желісінде мыңдаған көрілім жинап, бірнеше күннің ішінде кеңінен таралды. Бұл бейнематериал жастар тарапынан ерекше қызығушылыққа ие болып, ұлттық өнердің жаңа медиадағы көрінісі ретінде оң қабылданды. Пікірлердің басым бөлігі айтыскерлердің суырып салмалығы мен сөз шеберлігін жоғары бағаласа, аз ғана сын пікірлер де кездесті. Мұндай құбылыс айтыстың дәстүрлі сахнадан цифрлық ортаға бейімделіп, жастарға қолжетімді форматта ұсынылып жатқанын көрсетеді.

Жыраулар поэзиясына қатысты жарияланған қысқартылған толғаулардың бейнематериалдары орташа деңгейде таралса да, тұрақты аудиториясын қалыптастырған. Ересектер жыраулардың мұрасын жылы қабылдап, тарихи-танымдық мәніне назар аударса, жастар арасында белсенді пікірталас аса байқалмайды. Дегенмен бұл үлгі ұрпақ сабақтастығын сақтап, тарихи сананы жаңғыртуда маңызды рөл атқарады [4].

Ал халық әндеріне қатысты бейнероликтер, әсіресе жас орындаушылардың кавер-нұсқалары жиі трендке еніп, кеңінен таралады. Жастар бұл туындыларды жаңа аранжировкада оң қабылдап, пікірлерде мақтау басым көрінеді. Мұндай жағдай қазақтың музыкалық мұрасын заманауи медиалық форматқа бейімдеп, мәдени кодтың сақталуына және жастар арасында насихатталуына ықпал етеді.

Салт-дәстүр тақырыбына арналған бейнематериалдар да аудиторияға кеңінен таралып, жоғары қызығушылық тудырып отыр. Бесікке салу, тұсаукесер рәсімдері сияқты дәстүрлерді көрсететін видеоларды ата-аналар да, жастар да белсенді қарайды. Өз парақшаларында отбасындағы қуанышты сәттерді (қыз ұзату, беташар, бесікке салу, тұсаукесер т.б.) көпшілікпен бөліседі. Оған жазылушылары пікірлерін білдіріп, қуаныштарымен құттықтап, өз ойларын жазады. Пікірлерде дәстүрдің тәрбиелік мәні жиі аталып өтсе, кейбір қолданушылар оны «ескілік» ретінде сынға алған. Соған қарамастан, мұндай контент ұлттық қасиетті нығайтып, мәдени бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Біз үшін ұлттық құндылықтарымыз – тіл, дін, діл, тарих, ұлттық код, мәдени-рухани мұра, дәстүр, отбасы құндылығы. Сонымен қатар, адалдық, еңбекқорлық және ортақ жауапкершілік секілді жалпы адамзаттық ұғымдар да айрықша мәнге ие. Заманның жедел дамуына байланысты кейде мұның барлығын көненің көзі ретінде ғана қарайтындар табылады. Бірақ, құндылықтар – өткеннің ғана емес, болашақтың да қуатты өзегі. Ұлттық құндылықтар – құбылмалы әлемдегі біздің ұлттық иммунитетіміз.

Цифрлық медиада оларды келесі бағыттар бойынша жіктеуге болады:

1. Тілдік құндылық: Қазақ тілді интерфейс, подкасттар, мемдер.

2. Тарихи таным: Деректі роликтер, интерактивті карталар.

3. Этикалық нормалар: «Ұят», «Обал», «Сауап» ұғымдарын заманауи контексте түсіндіру.

“Әлеуметтік желі арқылы нақты, қажетті ақпараттан бөлек, көермендерге жекелей салт-дәстүр, ұлт, ел, жер тақырыптарына қатысты түрлі мәліметтерді таратуға мүмкіндік береді. Мұны тек қазақстандық ғалымдар ғана емес, әлемдік тәжірибе де мойындаған. Дегенмен, ақпаратты қабылдауда жас ерекшелігіне байланысты шектеулердің болмауы балалардың жалған немесе пропагандалық ақпаратқа сенуіне алып келуі мүмкін. Осыны ескере отырып, ақпаратқа қол жеткізу барысында ұлттық танымды арттыратын контентті көбірек таратуға назар аудару қажет” [4].

TikTok пен басқа да қысқа бейнеплатформалар дәстүрлі мәдениеттің жаңа медиадағы өміршеңдігін көрсетеді. Айтыс, жыраулар поэзиясы, халық әндері мен салт-дәстүр бейнелері әртүрлі аудиторияға бағытталса да, барлығы ұлттық кодты сақтауға қызмет етеді. Бұл құбылыс - мәдени мұраның трансформациясы мен медиалық кеңістіктегі жаңа форматы.

Медиакеңістікте ұлттық тілдің рөлі ерекше. Тіл – ұлттық кодтың өзегі болғандықтан, оның медиада қолданылу деңгейі ұлттық бірегейліктің сақталуына тікелей әсер етеді. Қазақ тіліндегі сапалы контенттің артуы, цифрлық платформаларда тілдің кеңінен қолданылуы ұлттық мәдениеттің дамуына оң ықпал етеді. Алайда жаһандық медианың ықпалы нәтижесінде шет тілдерінің басым болуы ұлттық тілдің қолданыс аясын тарылтуы мүмкін, бұл өз кезегінде маңызды мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, медиа ұлттық құндылықтарды тек насихаттаушы емес, сонымен бірге оларды қайта интерпретациялаушы орта. Заманауи медиада дәстүрлі мәдени элементтер жаңа мазмұнда, жаңа стильде ұсынылып, кейде коммерциялық мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Бұл үрдіс ұлттық мәдениеттің танымалдылығын арттырса, екінші жағынан оның мазмұндық тереңдігіне әсер етуі де ықтимал.

Ұлттық құндылықтардың медиадағы көрінісі көпқырлы және динамикалық сипатқа ие. Медиа кеңістік ұлттық кодты сақтаудың және оны жаңа деңгейде дамытудың маңызды алаңы. Сондықтан ұлттық құндылықтарды медиада тиімді әрі сапалы көрсету, оларды цифрлық форматта бейімдеу және қорғау қазіргі қоғамның өзекті міндеті.

Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық құндылықтарды медиада сақтау және дамыту үдерісі бірқатар күрделі мәселелер мен кедергілерге тап болуда. Бұл проблемалар технологиялық, тілдік, мәдени және институционалдық факторлармен тығыз байланысты. Айталық:

- Жаһандану ықпалының күшеюі [5] ұлттық ақпараттық кеңістікте шетелдік контенттің басым болуына алып келді. Әсіресе, халықаралық цифрлық платформаларда шет тіліндегі өнімдердің көптігі отандық мазмұнның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Бұл жағдай ұлттық құндылықтардың екінші қатарға ығысуына және жастардың мәдени бағдарларының өзгеруіне әсер етуі мүмкін.

- Ұлттық тілдегі сапалы цифрлық контенттің жеткіліксіздігі де маңызды мәселе. Қазақ тілінде ұсынылатын ғылыми, танымдық, ойын-сауық және білім беру контентінің көлемі мен сапасы кей жағдайда аудитория сұранысына толық жауап бере алмайды. Нәтижесінде қолданушылар шет тіліндегі ақпаратқа жүгінуге мәжбүр, бұл ұлттық тілдің қолданыс аясын шектейді.

- Цифрлық сауаттылық деңгейінің әркелкілігі де кедергі келтіреді. Қоғамның барлық топтары бірдей деңгейде цифрлық технологияларды тиімді пайдалана алмайды. Бұл әсіресе аға буын мен ауылдық аймақтардағы тұрғындар арасында байқалады. Осыған байланысты ұлттық құндылықтарды цифрлық ортада кеңінен тарату мүмкіндігі толық жүзеге аспай отыр.

- Медиаконтенттің коммерциялануы ұлттық мәдениеттің мазмұндық сапасына әсер етуі мүмкін. Көп жағдайда рейтинг пен қаралым санын арттыру мақсатында жеңіл, үстірт контентке басымдық беріледі. Бұл ұлттық құндылықтардың терең мағынасы мен тәрбиелік әлеуетінің әлсіреуіне алып келуі ықтимал.

- Авторлық құқықтың сақталмауы және цифрлық қауіпсіздік мәселелері де маңызды кедергілер қатарында. Ұлттық мәдени мұралардың заңсыз таралуы немесе бұрмалануы олардың түпнұсқалық сипатына нұқсан келтіреді. Сонымен қатар, ақпараттық кеңістіктегі фейк ақпараттар мен манипуляциялық контент ұлттық санаға кері әсер етуі мүмкін.

- Контенттің бәсекеге қабілеттілігі. Global контентпен (Netflix, TikTok трендтері, Marvel) бәсекелесу қиын. Ұлттық контент көбінесе «насихаттық» (пропагандалық) сипатта болып, жастар үшін тартымсыз көрінеді.

- Тілдік кедергі және алгоритмдер. YouTube немесе Instagram алгоритмдері көбіне көп тілді немесе орыс/ағылшын тілді контентті ілгерілетеді. Қазақ тілді контенттің аудиториясы шектеулі болып қалуда.

- «Архаикалық» тұзақ. Ұлттық құндылықтарды тек домбырамен немесе киіз үймен байланыстыру - қателік. Бұл жастардың санасында «ескірген дүние» деген ой қалыптастырады.

Мұндай кедергілерді шешудің қандай жолдары бар десек, төмендегідей инновациялық тәсілдерді ұсынуға болады.

- Визуалды эстетика: Ұлттық нақыштағы заманауи дизайн (мысалы, қазақстандық анимациялық жобалар).

- Геймификация: Ұлттық тарихқа негізделген ойындар.

- Influencer Marketing: Танымал блогерлердің ұлттық киімді, тағамды немесе салт-дәстүрді тренд ретінде ұсынуы. Цифрлық медиада ұлттық құндылықтарды насихаттауды күшейту үшін:

- Сапалы контент өндіру. Тартымды әрі заманауи форматтағы бейне, подкаст, инфографика жасау.

- SMM стратегияларын қолдану. Әлеуметтік желілерде мақсатты аудиторияға бағытталған контент тарату.

- Инфлюенсерлерді тарту. Танымал тұлғалар арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау.

- Білім беру жобаларын дамыту. Онлайн курстар мен платформалар арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті таныту.

- Мемлекеттік қолдау. Ұлттық контентті қаржыландыру және қолдау бағдарламаларын іске асыру.

Сонымен, ұлттық болмысты, салт-дәстүрді және халық ауыз әдебиетін цифрлық контент арқылы жастарға жеткізу олардың санасында мәдени мұраға деген оң көзқарасты қалыптастыра алады. Мәселен, қазақтың дәстүрлі өнерінің бір көрінісі ретінде ақындар айтысын әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау жасөспірімдердің ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі медиаконтентті ұлттық құндылықтармен ұштастыра ұсыну, жас ұрпақтың ата-баба мұрасын жалғастырушы ретінде қалыптасуына ықпал ететіні айқындалды. Бұл әлеуметтік медиа кеңістігінің тек қана жаһандық мәдени ықпалдарға емес, сонымен қатар ұлттық рухани мұраны жаңғыртуға да мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Осылайша, әлеуметтік мессенджерлер мен платформаларда таралған ұлттық мазмұндағы контентті талдай отырып, ұлттық мазмұндағы контентті қабылдайтын аудиторияның бар екендігі анықталды. Бұл – ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған жобаларды қолдау мен дамытудың өзектілігін дәлелдейді. Оған қоса ұлттық құндылықтарға негізделген контентті кең аудиторияға жеткізуде блогерлер мен ықпал етуші тұлғалардың (influencer) рөлі ерекше. Сол себепті олардың әлеуетін пайдалану арқылы ұлттық мазмұнды кеңінен таратып, қоғамның мәдени санасын арттыруға мүмкіндік бар.

Қорыта айтқанда, цифрлық медиа ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді құралы бола алады. Алайда бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Сапалы контент қалыптастыру, тілдік саясатты дамыту және жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы ұлттық мәдениетті сақтап, оны жаңа деңгейде танытуға мүмкіндік бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. *Әуезов М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы: Атамұра, 2020.*
2. *Сәтпаева Қ. «Ұлттық құндылықтарды насихаттау жолдары». Білім және Ғылым журналы, 2021.*
3. Stat.egov.kz
4. Н.Ж. Жансерікова, А.А. Бейсенқұлов, Н.Қ.Қуантаев “TikTok-тағы бейнеконтенттің жастарға ықпалы: ұлттық бірегейлік пен мәдени коммуникация”, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ, №3 (152)/2025, 99 бет.
5. Қазақстан Республикасының «Масс-медиа туралы» Заңы (2024 ж. редакциясы).

ӘОЖ 94(574)

АЛМА ОРАЗБАЕВА: КҮРЕСКЕР ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Аргинбаева Аида Максутовна
arginbayevaaida@gmail.com
«Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші,гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті
Құсаин Данил Русланұлы
kusaindanil@gmail.com
«Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының сеньор- лекторы, магистр Шугаепова Г. Ш.

Аннотация: Бұл зерттеу жұмысында XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық санасы, ағартушылық қозғалыстардың және зиялы қауымның қалыптасу үдерісі. Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева тұлғалық өмірі мен қызметі арқылы сол кезді зерделеу. Мақсаты- сол дәуірдің ағартушылық қозғалыстың мәнін ашу және қазақ әйелдерінің қоғамдағы орнын бағалау. Бұл жұмыс кеңестік кезендегі тарихи процесстерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға және ұмыт қалған тұлғаларды назар аудартуға бағытталған.

Кілт сөздер: Алма Оразбаева, қазақ зиялылары, ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық сана, ағартушылық, әйелдің қоғамдық рөлі, XX ғасырдың басы.

Кіріспе Қазақ жерінің тарихында XX ғасырдың алғашқы бас кезеңде- ұлттық сана мен руханижанғыруға бейім, ой-санада түбейгелі ұстанымдар өзгерді айрықша кезеңдердің біріболды. Бұл кезде Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың кеңейетүсті. Сол уақыт аралығында Еуропа елдерінде болып жатқан жаңа трансформацияларқазақ даласына да жеткен. Сондай-ақ қазақ қоғамында пайда болған зияткерлер қауымыбілім, ғылым, әлеуметтік және т.б салаларда жаңа серпін беруімен негіз болды. Бұлуақытта білімге, ғылымға бет бұрған, көзі ашық жастар халық қамы үшін күресті. Ел-жұрт үшін тудырып отқан ауқымды мәселелерді шешуіне сондай-ақ ұлт дамуынаайтарлықтай үлес қосты.XX ғасырдың алғашқы уақыттарында қазақ ұлтының дамуына бағытталған білім менағартушылық іс-шаралары елеулі үлес қосты. Ұлт қайраткерлері білім беру ісін дамытумақсатында халықты оқытуға ерекше мән беріп, мектептер ашып, ана тілінде оқулықтаржазу арқылы ағарту саласының қалыптасуына зор үлес қосты. Халықтың білім, ғылым, мәдениетін және т.б салаларды дамыта отырып қоғамдық сананы арттыруға, әділетсіздіккеқарсы пікір қалыптастыруға және ұлттық бірегейлікті сақтауға тырысты. Сол сәттердеқазақ ұлттық интеллигенциясының толыққанды институционалдық кезеңі деп айтсаққателескен емеспіз. Алайда, кеңестік және бұрынғы патшалық билік қазақтың ұлттыққозғаластарының өрбуі мен зиялы буындардың қабілеттілігінің қатал бақылауға алды.Білімге, ғылымға құштар, көзі ашық жастардың көпшілігі саяси қысым көрді. Сол кездегіқатаң цензура, саяси репрессия, жаппай құғын-сүргін, идеологиялық қысым және т.б жастардың белсенділігін тежеді.Осылайша, сол дәуірдің қысымға қарамастан ұлттық сананың өсуі, кеңестік идеологияғақарсы күрестің негізгі негізіне айналды. Дәл осы сәтте қазақ әйелдері зиялы қауымқұрамына еніп, қоғамдық-саяси көзқарастарды қалыптастырып белсене араласабастады. Олар қоғамға прогрессивті идеялардың кең таралуына серпін берді. Осы тарихи кезеңдегі жеке тұлғалардың тағдыры, қызметі, өмірбаяны- ұлттың тарихыныңкөрінісі. Солардың бірі Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева. Оның еңбектері, білім беруде, ағартушылық салаларындағы жаңа көрініс,

мүмкіндіктердің таралуына қазақ әйелдердіңқоғамдық қызметіне қатысуға жол ашты. Батыл қадамдарымен әйелдердің құқықтарыннасихаттауға күш салды. Қоса айтқанда, сол мезетте қазақ әйелдерінің қоғамдық-саясиөмірдегі орнын көреміз. Бұл зерттеудің басты мақсаты-Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаеваарқылы сол кездегі- ұлттық сананың қалыптасуы, ағартушылық қозғалыстың дамуы, солдәуірдегі зиялы қауым рөлін көрсетіп отырып, жаңаша көзқарасынан баға беру

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің дереккөздік негізін Сатыбалды Даумов. Тауықыметті тағдыр (Алма Оразбаева туралы деректі-эссе), М.Филипповтың И.Я.Яковлевке жазған хаты, М.Юхма.Қандас халық(ээсе), Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» (қор 90, тізім 5, іс 1134), қазақ әдебиеті газеті материалдары: «АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АЛМАСЫ», «АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ» және С.Даумов зерттеулеріне негізделген мақалалар.

Деректі-эссе, замандастардың естеліктері және архивтік деректер қолданылып тұлғалық тағдырды ашуға негізгі құрал болды.

Зерттеу барасында тарихи-салыстырмалы, жүйелеу және талдау әдістері пайдалана отырып тұлғаның қоғамдағы рөлі ғылыми тұрғыдан бағаланды.

Нәтижелер Және Талқылау

Алма Дінмұханбетқызы Оразбаева 1898 жылы 28 желтоқсанда Ішкі Ордада (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Орда қаласы) дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі — Алмабет. [1, 6 б.]

Ол туралы ақпаратты Алманың чуваш мектебіне баруына жол ашқан құжатынан, Ішкі Ордадағы халық училищесінің инспекторы М. Филиппов чуваш ұстазы Иван Яковлевке жазған хатынан көре аламыз: «Сізге сеніп тапсырылған мұғалімдер мектебіне білімін жалғастыру үшін Симбирскіге баруға Алмабет Оразбаева ықылас танытып отыр». [2]

Алма кедей жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Дінмұхамед — төлеңгіт руынан, қолөнерші-шаруа, оқымаған, момын адам және анасы Сәнзира (кей деректе Балдок немесе Банток деп аталады), бай-манаптардың үйінде отын жағып, кір жуып жұмыс істеген, бірақ балаларының оқуына өте құлшыныс танытқан. Отбасында бес бала өскен: Ғатауолла (ұлы), Ханифа, Алма, Мәдина (сіңлісі) және Ғарифолла. Алманың балалық шағы ауыр өтті: ауқаттылардың баласын бағып, тиын-тебен табуға мәжбүр болды. [1, 3]

Әкесі Дінмұханбет қарапайым, алайда еңбекқор ұста болса керек, «үлкен отбасын өзінің табандылығы арқасында асырап отыр» деп баға берілген. Дінмұханбет қызының білім алуға деген құштарлығына еш қарсы болмады. [1]

Алма алдымен Ордадағы бір кластық орыс-қырғыз мектеп-интернатында 1905–1909 жылдары оқыды. Мектепке бара салысымен мұғалімдері Алманың білім мен ғылымға деген талпынысын бірден байқайды. Мектепті үздік аяқтаған Алманы дәл сол мұғалімдері кейін 1909 жылы Симбирскідегі екі сыныптық бұратана (инородческая) чуваш мектебіне білім алуға жіберді. [1, 4]

Алманың алғашқы ұстаздарының бірі Разия Дүйсенғалиқызы Меңдешева: «Алма өзінің оқып білім алуына алдымен алғашқы ұстазы, орыс-қазақ қыздары мектебінің сол кездегі меңгерушісі Г. А. Воскресенскаяға борышты еді. Шәкіртінің қабілеттілігін, оқуға деген құштарлығы мен зор талабын бірден аңғарған ол Алмаға жанын салып көмектесті. Мен сол жылдары осы кісінің көмекшісі болып істедім. Глафира Андреевна Алманы маған да тапсырып қойды. Алма әсіресе, көркем әдебиетті сүйіп оқыды. Оны кітаппендостасуға үйреткен де осы кісі еді», деген болатын. [1; 7]

Білімді аңсаған Алманы Симбирскіге жіберу Бөкей ағартушыларына оңай түспейді. 1909 жылдың 6 наурызында Ішкі Қырғыз (Қазақ) ордасындағы халық училищелерінің инспекторы М. Филиппов чуваштың белгілі ағартушысы И. Я. Яковлевке мынандай хат жолдайды: «Биыл Ордадағы орыс-қырғыз училищесінің әйелдер курсын 13 жасар қазақ қызы (хатта қате кеткен, Алма ол жылы 11 жаста) Алмабет Оразбаева бітіреді, — деп басталады бұл хат… Ауылдағы әйелдер мектептеріне сабақ беретін мұғалімдердің орнын басатындай азды-

көпті білімі бар қазақ қыздарына зәру бола отырып, мен оның білімін жалғастыру үшін Сізге сеніп тапсырылған Симбирск мұғалімдер мектебіне жібергім келер еді. Алмабет Оразбаеваның өзі де Симбирскіге баруға тілек білдіріп отыр. Бас иіп өтінемін… маған бір хабарын берсеңіз екен, аталған Оразбаеваның қабылдануынан сірә де үміт етуге бола ма?» Болашағынан зор үміті бар оқушының Симбирск мектебіне түскеніне әсіресе, өзіне дәріс берген ұстаздары мықтап қуанады. [2, 18]

Әкесі Дінмұхамед жоқшылық зардабын қатты тартып отырған күннің өзінде қызы Алманы оқытуға бар мүмкіндігін жасаған еді. Себебі, оқудан бөлек Симбирскіге барар жолдың өзі ауыр болатын. Ордадан шығып, көлікпен Сайқын станциясына жетіп, ол жерден пойызға отырып Астрахан асатын, Астраханнан кемеге отырып, Симбирскіге баратын. Жолда әкесі мен қызының ақшалары бітіп, әзер Симбирскіге жететін. Тіпті қызын орналастырған соң Дінмұханбеттің қайтарға ақшасы таусылатын. Осы кезде Алманың ұстазы Яковлев көмектесіп, Дінмұханбетке ауылына қайтуға қарызға 7 сом ақша береді. Бұл туралы Мишши Юхма «Қандас халық» эссесінде жазған: «Дінмұханбет өзі оқымаған кедей, бірақ жаны жайсаң, көңілі ашық адам. Қызының оқып, білім алуы үшін көз көріп, құлақ естімеген қиырға сапар шегеді». [1]

Алма жолдың ұзақтығынан оқуына кешігіп келеді, алайда табандылығының арқасында тез арада білім-ғылымды меңгеріп кетеді. Алманың Ордадағы ұстазы Яковлевке жазған хат жазады: «Мен Оразбаеваның әкесіне көмекке жиналған 21 сом 20 тиынды табыс еттім. Одан басқа, менің айтуым бойынша, Оразбаеваға мыналар берілді: бір орамал, бір көйлек, бір фартук, үш жейде, екі панталон, бір шұлық. Бұл заттардың бәрі орысша-қазақша әйелдер училищесінің есебімен шығарылған Оразбаеваның өз меншігі. Оразбаеваның тағдырына араласуды сізден қатты өтініп сұраймын». Тек И. Я. Яковлевтің бүкіл жауапкершілікті өзіне алып, әкелік қамқор жасағанының арқасында ғана Алма оқуын аяқтап шығады. Яковлев кедей оқушыларға (әсіресе чуваш балаларына) қолдау көрсететін. Кейбір оқушыларды мемлекеттік қаржыландырумен (казенный кошт) қабылдады. Сондай оқушыларының бірі осы Алма болған. [1]

Сырттан келіп оқитындар үшін оқу ақысы 60 сом төленуі тиіс еді. Алманың отбасы үшін бұл өте үлкен ақша еді, сондықтан әкесі Яковлевтен қарызға ақша алды. [1]

Алманың замандасы, құрбысы, бірге тәрбиеленген чуваш қызы, кейін әншілігімен әйгілі болған белгілі өнер жұлдызы Анна Токсина өз естелігінде былайша сыр шертеді: «Оқудың үшінші жылында біздің класқа бір қызды алып келді. Біз таң қалдық, өйткені бұл қыз бізге ұқсамайтын: қоңырқай жүзді, үлкен қара көзді, ұзын етек көйлек киген. Біз оны өте қызық көрдік. Бізге оның қазақ елінен екенін, енді бізді қуып жетуі керектігін айтты. Біз оны жатырқамай, қатты қуандық. Біздің жаңадан келген жас құрбымыз Алма Оразбаева орысша жақсы сөйлесе алады екен… Алма өте ұқыпты, әрі ыждағатты еді, бізден қалыспай оқып кетті. Ол біздерге де қатты назар аударып, бізбен жақсы қарым-қатынаста болды. Біз оны жақсы көріп кеттік.» [1]

Осылайша алғашқы оқу жылын үздік аяқтап, 4 тілді меңгереді: қазақ, орыс, татар, чуваш тілдерін. Алма мамыр айында жазғы демалысқа ауылына қайтады. Оқуына ақша жетпей келесі оқу жылына Симбирскіге барып-бармауы белгісіз еді. Қызығы, Ордадағы ұстаздары Алманың ауылына оралуына арнап кеш ұйымдастырады. Осы кештен 40 сом ақша түсіп, Алманың тағы бір оқу жылына баруға мүмкіндігі туады. Бірақ жарты жылдың ақшасын таба алмай, сол жылы оқуын аяқтап, еліне қайта оралады. Елге оралған соң оқуға қайтуға барынша тырысады. Алайда сол жылы әкесі Дінмұханбет қайтыс болып, тұрмыс қыспағы бастарына бейнет болып түседі. Алма мойымай, оқысам деген арманымен Ордадағы жаңадан ашылған 2-кластық қыздар мектебінде аяқтайды. Жоғары бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық мұғалімдер курсын «мұғалім» мамандығы бойынша аяқтады. 1914–1916 жылдары Ордадағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жанындағы 3 жылдық педагогикалық курсты бітіріп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алған. [1, 4]

Алма Оразбаева ұстаздық жолын Новая Казанка ауылында бастайды. Оның ел ісіне араласып, саяси өмірге келуі де осы тұста. 1917 жылы мамыр айында С. Мендешевтің

бастауымен Ордада өткен, бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап еткен мұғалімдер съезінің жұмысына белсене қатысады. Ордада Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап әйел теңдігі, жесір дауы, қалыңмал, әмеңгерлік, көп әйел алушылық мәселелеріне тікелей араласып, өзінің жалынды сөздерімен, мерзімді баспасөз беттерінде жариялаған уытты мақалаларымен қазақ әйелдерінің көзін ашуға тырысады. Орынборда шыққан алғашқы қазақ комсомол газеті «Өркеннің», «Әйелдер теңдігі», «Жас қазақ», «Жас большевик», «Жас қайрат» журналдарының редакция мүшесі болып, осы басылымдарда жас жеткіншектерді оқыту, тәрбиелеу, әйелдер мәселесі туралы «Қазақ әйелдері даңғыл жол үстінде», «Қазақ әйелдерінің қалыңмалдан құтылған күні», «Әйелдер бостандығы», т. б. мақалалар жазды. Осыдан соң-ақ А. Оразбаеваның даңқы Қазақстаннан тыс жерлерге тарап, бүкіл Алтай, Орта Азия, Башқұртстан, Татарстан елдеріне жетті. [1; 7]

Оразбаеваның бастамасымен сауатсыздықты жою және ағартушылық мақсатында «Қызыл отаулар» құрылды. Алма Оразбаева комсомол құрбылары Нағима Арықова, Мәдина Бегалиева, Сара Есовалармен бірге ауыл-ауылдарда «Қызыл отаулар» құрып, халықты сауат ашуға тартып, жергілікті жерде сабақ өткізіп, жиналыстар жүргізіп, әйелдерге өз құқықтарын түсіндіріп, жас қыздарды қалың малға сатылып кетуін болдырмау мақсатында күрес жүргізді. [1; 7]

Сонымен бірге «Қызыл отауға» әйелдер өз еріктерімен келмеген соң, оларды қызықтыру үшін іс тігетін мәшинелер қойғызып, кейін әйелдер отауларға киім-кешектерін тіккізіп немесе жөндетіп алу үшін келетін жағдай жасады. [1]

«Қызыл отау» штабында үш адам жұмыс істеді. Біреуі сауат ашу мәселесімен айналысты, екіншісі медицина қызметкері, үшінші адам — құқық саласын жақсы білетін адам болды. [1]

Алма Оразбаеваның басшылығымен 1920 жылы 25 желтоқсанда республикада қалың малды жою туралы Декрет қабылданып, 4 қаңтар күнін қазақ әйелдерінің тәуелсіздік күні деп жариялау туралы шешім қабылданған. Көптеген қазақ әйелдері Алма Оразбаеваның қолдауымен білім алып, елге еңбек еткені де тарихтан мәлім. [1]

Қалыңмал демекші, осы тұста әлеуметтік қамсыздандыру министрінің орынбасары болып істеген Саналиева Нұржамал апайымыздың естелігі бар:

— Мені адам еткен, қатарға қосқан Алма ғой. Әкем Сейсенғали сіңірі шыққан кедей екен. Тұрмыс тауқыметі қажытқан байғұс әке азын-аулақ қалыңмалға қызығып, бес жасар кезімде мені Сарыбай деген байдың есалаңдау баласына атастырып қойса керек. Сол Сарыбай күш көрсетіп тартып әкетпек болғанда, Алма араша түсіп алып қалды. Ол менің он төрт жасқа жаңа ғана аяқ басқан кезім болатын. Сауат ашу мектебіне де қолымнан жетектеп апарып өзі орналастырды…. [1; 3]

Оразбаеваның ұйымдастырушылық қабілеті қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкін құру кезінде ерекше байқалды. Осылай Алма «эскадроншы», «саяси жетекші», «қызыл үгітші» деген атақ алды. Осы тұңғыш қазақтың әскери полкынан тұңғыш қазақ генералдары Шәкір Жексенбаев пен Рамазан Құрманғалиев шыққан. А. Оразбаева Чапаев дивизиясына жәрдем беру мақсатында Жайықтың жағалауындағы Ойық, Қаратөбе Қарабай уездеріне жорыққа барып, кеңес үкіметін қайта қалпына келтіру үшін еңбек сіңірді. [1]

1919 жылы 17 маусымда Қазақ әскери істер жөніндегі комиссариатының бұйрығымен комиссариаттың саяси-ағарту бөлімінің үгітшісі болып тағайындалып, көп ұзамай Мәскеудегі Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университеті жанындағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға жіберіледі. [1; 7]

Алма тек білімді ғана емес, нағыз өнер иесі де болған. Оның дауысына тәнті болған Затаевич былай деп баға берген: «Алма Оразбаева — жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен азат ету жолында күресуші құрметті қайраткер. Тамылжыған нәзік дауысы бар және әнді нақышына келтіріп мейілінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан». А. В. Затаевич одан халқымыздың 10 әнін («Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Төрт пішен», «Зейнешім», «Саржан», «Ғиндаш», «Айнамкөз», «Япырай» және «Қоштасу», әнінің екі түрлі нұсқасы) жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына кіргізген. [1; 7]

Алма Оразбаева ел саясатына бар жоғы 10 жыл қатысқан, осы қысқа уақытта мансаптық баспалдақпен көтеріле алды. Ол 1919 жылы қазанда РК(б)П қатарына қабылданады. 1924 жылы Берлинде өткен III халықаралық коммунист-әйелдер конференциясына делегат болып қатысып, Германия коммунистік партиясының негізін салушы Клара Цеткинмен танысады. Мәскеуде саяси білімін көтеріп қайтқан Алма Қазақстан өлкелік Оқу комиссариатының саяси-ағарту басқармасына жетекшілік етті. [1]

1924 жылы Надежда Крупскаяның ұсынысымен кеңес әйелдерінің алғашқы журналының (қазіргі «Қазақстан әйелдері») негізін жасады. Бұл журнал 1925 жылы «Теңдік», 1926 жылы «Әйел теңдігі» деген атпен шықты, алғашқы редакторы Сара Есова болған. Алма Оразбаева осы журналдың тұрақты авторы болды. [1; 7]

1919-28 жылдары РК(б)П Орынбор губкомы қазақ секциясының жауапты хатшысы атанды. Кейінірек Бөкей губерниялық партия комитетінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі лауазымын алды. Одан соң Қазақстан өлкелік саяси-ағарту бас басқармасының бөлім меңгерушісі болып істеді. 1925 жылы Алма Оразбаева Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиум төрағасы қызметін атқарған. 1926 жылы Қызылордада қазақ әйелдерінің алғашқы кілем тоқу артелін ашады. [1; 7]

1928 жылы БК(б)П ОК Оразбаеваны Қазақстаннан шақырып алып, Саратовқа жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижне-Волжск өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі, өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасары міндетін қоса атқарды. [1; 7]

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» атты құжаттарда (қор 90, тізім 5, іс 1134) Алманың кейінгі өмірі туралы суреттеледі. Саратовқа қызметке ауысқаннан кейін бір жылдан соң Коминтерннің тапсырмасымен Алма Оразбаеваның Моңғол Халық Республикасына баруына тура келеді. Бұл кезде оның жұбайы Иван Дмитриевич Каширин де осындағы өлкелік ОГПУ-дің бастығы болатын (бұл адам оған дейін Қазақ АССР Ішкі істер халық комиссары болып істеген). Жол жүрерде Алма екі жасар Алмарев атты («Алма-революционеркадан» қысқартылып алынған) ұлына бас-көз болсын деп, өзінің Сақыпжамал деген Қанипа апасының қызын, туысқан сіңлісін үйіне кіргізіп кетеді. [4]

Бұл кезең оның беделі мен мансабының өсуімен ерекшеленді. Оның отбасы, баласы болды және болашағынан үміт күтті. Алайда тағдыр басқаша шешті. Ол оралған кезде күйеуі Кашириннің Сақыпжамалды алдап, одан бала күтіп жүргенін біледі. Бұл жағдай Алмаға ауыр соққы болып тиіп, жүйкесі сыр беріп, психикалық ауруға шалдығады. 1931 жылы зейнетке шығады. Ол Томск қаласындағы психиатриялық ауруханада бес жыл емделеді. Дербес зейнетақы тағайындалып, бір рет берілетін 300 сом алуы тиіс болған. Бауыры Мәдина Томск психиатриялық ауруханасы дәрігерлерінің талап етуімен 1935 жылдың маусымында Алманы Алматыға алып келген. Ол хатында үйде таныстарымен бірге тұрып жатқанын, бірақ соңғы үш жылда оған не зейнетақы, не жәрдемақы төленбегенін айта келіп, өткен жылдардың зейнетақысы мен жәрдемақысын және Томскіге барып-қайтуға кеткен жол шығынын қоса есептегенде барлығы 6550 сом төлеуді талап етеді. Сонымен бірге ол өзінің арызына қосып Алманың №33/49 зейнеткерлік кітапшасын жіберіп отырғанын да ескертеді. Зейнетақы төленбеуі себебін кейінірек белгілі болды: тірі Алманы өлді деп хабарлап, оның зейнетақысын баласының атына аударуға әрекет жасаған И.Д.Кашириннің хаты себеп болған екен. Алманың зейнетақысы мен жәрдемақысына жанталаса іздеу салған ет жақын туыстары оның жеке басының тағдырына онша бас қоймағандықтары байқалады… [4; 1]

Дәрігерлердің айтуынша, Алма тиісті күтім болған жағдайда жазылып кетуі мүмкін еді. Бірақ туыстары оған дұрыс қамқорлық көрсетпей, түрлі емдеу орындарына орналастырып отырған. Ол Алматыда, Түрген ауылында, Батыс Қазақстан облысының бірнеше елді мекенінде және Жамбыл облысындағы Луговая станциясында тұрған. Алма Оразбаеваның қайтыс болғаны туралы ресми құжат 1948 жылдың 1 сәуірімен белгіленген. Ол шамамен 50 жасында қайтыс болған. Луговая станциясында адасып, қолайсыз ауа райында көз жұмған. Оның қабірі әлі күнге дейін белгісіз. [1; 4]

Енді Алманың отбасына келсек, әкесінен өлі, екі бірдей шешесінен тірі айрылған Алмарев балалар үйінде тәрбиеленсе керек. Алма Оразбаеваның туған жеріндегі Орда тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Амантай Хамзин Сақыпжамалдың да, Алмарев Кашириннің де Мәскеуде тұрғанын, екеуін де іздеп тауып, екеуімен де тілдесіп қайтқанын айтып еді. Алмарев туған шешесін білмейтіндігін сылтауратып, әңгімелесуге онша ықылас таныта қоймапты. Ал сіңлісі Сақыпжамал болса: «Оң-солын танып үлгермеген жас қызды, қойды қасқырға баққызғандай, оңаша үйге ер адаммен бірге қамап кетіп, мені де арандатты, өзі де айықпас дертке шалдықты», деп Алманы кінәлаған көрінеді. [1]

Алмарев қазір, бәлкім, тірі болса 99 жаста болар ма еді… 1927 жылдың жазында Қызылорда қаласында Әліби Тоғжанұлы Жангелдин, Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаева, Иван Дмитриевич Каширин үшеуінің мектеп оқушыларымен бірге түскен суреті бар. Бұл суретте Әліби Жангелдин ортада отыр да, Алма мен Каширин түрегеліп тұр. Ал Алмаревтің ол әлі емшектен де шықпаған кезі екен. Оны құндақтаулы күйінде ең шеттегі ересек шәкірт көтеріп тұр. Осы суретке қарап, Алмаревтің сол 1927 жылы дүниеге келгеніне көз жеткізу қиын емес… [1]

Шығыс әйелдерінің көшбасшысы саналған Алма Оразбаеваның тағдыры қай жағынан болсын оңайға түспеді. Әйелдің тең құқығы, бостандықты аңсаған ол өмірінің соңында осындай зардап шегуі бұл ешкімнің басына кіріп те шықпаған шығар. Алайда өз заманының алдынғы қатарлы адамдарының бірі болып, қазақ әйелдеріне бостандық пен теңдікті алып беруші алғашқы әйел ретінде тарих сахнасында мәңгіге қалары сөзсіз. [1; 7]

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тарихында XX ғасырдың бас кезеңі қарқынды отарлық саясатқа қарсы күрескүшейген. Егер XIX ғасырда қазақ халқы қарулы көтерілістер арқылы, яғни күшпен отарлық билікке қарсы тұрса, XX ғасырда зиялы қауым жаңа әдіс-тәсілмен қолдануы: білім, ағартушылық, мәдени және қоғамдық іс-әрекеттер арқылы жүйеге қарсылық танытты. Олар физикалық қарсылықтың орнына интеллектуалды, мәдени және моральдік күреске сүйенді. Дәл осы аталған уақытта қазақ интеллектуалды элитасының қалыптасуы үлкенжол ашты. Осы зиялы қауымының бірі әрі көрнекті өкілі - Алма Оразбаева.

Алма Дінмұхамбетқызы Оразбаеваның өмір жолы қарастырғанда, біз XX ғасырдыңкеңестік идеологисының қаншалықты ықпалды болғанын, сондай-ақ қазақ зиялалары менәйелдердің қоғамдағы орнын жақсырақ түсіне аламыз. Алма Дінмұхамбктқызы-қазақ әйелдер қозғалысының негізгі қалаушылардың бірі, қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарған тұлғалардың бірі. Өмір сүрген жылдары солуақытта келеңсіз жағдайларға қарсы шығып халықты қорғау жолында белсенді әрекетжасады. Алма ауыл-аймақтарды аралап, халыққа білім беру олардың сауаттылығынқалыптастыру, жастарды тәрбиелеу саласына үлкен үлес қосты. Саяси қызметте де, Алма Оразбаева партиялық құрылымдар, тіпті Қазақ АКСР Орталықатқару комитеті Президиумның төрайымы, өлкелік саяси-ағарту басқармасының басшысыретінде осындай жауапты лауазымдарды атқарды. Ол кеңестік идеологияны белгілі бірдеңгейде қолдағанымен, өз халқының мүддесін қорғауды ұмытпады. Алма Дінмұхамбетқызы мәдениет және өнер саласындағы қызметін айтарлық: ол әншілікқабілетімен танылып, халық әндерін жинақтап, оларды ғылыми құжаттап, музыкалық мұраның сақталуына үлесін қосты.1924 жылы Берлинде өткен III халықаралық коммунист-әйелдер конференциясындаделегат ретінде қатысуы. Онымер бірге, Клара Цеткинмен танысуы- оның халықаралықдеңгейінде танылып, халықаралық деңгейінде байланыстар орната білетінің көрсетеді.Сондай-ақ Надежда Крупскаяның ұсынысымен кеңестік әйелдердің журналыныңқұрылуына мұрындық болды.Алма Оразбаеваның өмірі мен қызметі XX ғасырдың басындағы қазаққоғамымен,тұрмысымен тікелей байланысты болды, ол қоғамдық қайшылқтарын, жаңашылдықтарын мен қасіретін толықтай сіңірген тұлға еді.Дегенмен, Алма Дінмұхамбетқызының өмірі жетістік, жеңіс пен қуаныштан тұрмайтын,сонымен қатар терең трагедияға толы жеке басының қасіреті, денсаулығының нашарлауы, психикалық ауруға шалдыққаны. Бір кезде беделді қайраткер бей-күйім күінде қалды. Зерттеу жұмысы барысында мұрағат құжаттары (М. Филиповтың хаты, архив материалдары), замандастардың

естеліктері, ғылыми публицистикалық еңбектергекешенді талдау арқылы жазылды. Сонымен қатар, әртүрлі тарихи материалдарды өзара салыстыру нәтижесінде жан-жақты қарастырылды. Болашақ зерттеушілердің міндетті - оның қалдырған мұрасын қайта жаңғыртып, лайықты бағасын беру. Өйткені ұлт-батырларын ұмытпаған кезде ғана болашаққа сенімді қадам басады. Бұл зерттеу тәуелсіздік дәуірінде ұмыт қалған тарихи шындықтарды қалпына келтіріп,жадымызды қайтып жаңғыртуға маңызды жұмыс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сатыбалды Даумов. Тауқыметті тағдыр (Алма Оразбаева туралы деректі-эссе / публицистикалық поэма). Алматы, 1990–2000 жылдар аралығындағы басылымдар (кейін «Алма» деген атаумен толық шығармалар жинағына енген).

2. М. Филипповтың И. Я. Яковлевке жазған хаты (1909 ж. 6 наурыз), мұрағат құжаты (С. Даумовтың зерттеуінде келтірілген).

3. Мишши Юхма. Қандас халық (эссе), С. Даумовтың «Тауқыметті тағдыр» кітабында келтірілген үзінді.

4. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. «Дело персонального пенсионера Уразбаевой Алмы» (қор 90, тізім 5, іс 1134).

5. Қазақ Әдебиеті газеті материалдары: «АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АЛМАСЫ ЕДІ» (2016), «АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ» (2023) және басқа мақалалар (С. Даумов зерттеулеріне негізделген).

ӘОЖ 94(574). 084.3

АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ 1928–1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ҰЖЫМДАСТЫРУ: ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҚАЙШЫЛЫҚТАР МЕН КӨТЕРІЛІСТЕР

Айдархан Меруерт Нұрабекқызы
meruaidarhan@gmail.com
7М01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Қ.Жұбанов атындағы атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ,
Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., доцент - Мәден А.А.

1920-жылдардың екінші жартысындағы Қазақ АКСР аумағындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді түсіну үшін, ең алдымен, қазақ ауылының сол кезеңдегі шаруашылық құрылымын назарға алу қажет. 1926 жылғы халық санағының деректері бойынша республика аумағында 70 мыңға жуық ауыл-қоныс тіркелген. Қазақ шаруашылықтарының құрылымы ішкі мазмұны жағынан біркелкі болмаған: олардың 24%-ы егіншілікпен айналысса, 33,2%-ы аралас мал шаруашылығы мен егіншілікке негізделген шаруашылық жүргізген, ал 38,3%-ы дәстүрлі мал шаруашылығын негізгі күнкөріс көзі ретінде сақтап қалды. Сонымен қатар қазақ халқының едәуір бөлігі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын жалғастырды: халықтың 23%-ы толық көшпелі тұрмыс кешкен, 34%-ы 5–10 шақырым аралығында маусымдық көшіп-қонып жүрген, 15,2%-ы 11–25 шақырым, 9,1%-ы 26–50 шақырым, 7%-ы 51–100 шақырым, 4,2%-ы 130 шақырымнан астам қашықтыққа көшкен, ал 6%-ы жыл бойы үздіксіз көшіп жүрген [1, 12–13 б.] . Бұл деректер қазақ қоғамының шаруашылық-экономикалық ұйымдасуы табиғи-географиялық ортаға тарихи бейімделу нәтижесінде қалыптасқан күрделі дәстүрлі жүйе болғанын көрсетеді. Сондықтан кеңестік биліктің отырықшыландыру, ұжымдастыру, таптық жіктеу және бай шаруашылықтарын жою саясаты осы ішкі логикаға қайшы келіп, ауыл ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарды күшейтті.

Кеңестік аграрлық қайта құру саясатының алғашқы құқықтық тетіктерінің бірі 1926 жылғы 20 мамырдағы Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар

Кеңесінің декреті болды. Аталған құжатқа сәйкес, толық ішкі жерге орналастыру аяқталғанға дейін аулдық кеңестер мен «Қосшы» одағы шабындық және егістік жерлерді шаруашылық ауылдар мен жекелеген қожалықтар арасында олардың нақты пайдалану шегінде қайта бөліске салуға міндеттелді. Құжат бойынша шөп шабатын жер алу құқығы барлық азаматтарға берілгенімен, басымдық кедейлерге тиесілі болды. Кеңестік идеология тұрғысынан бұл әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету шарасы ретінде түсіндірілді. Алайда нақты өмірде бұл науқан дәстүрлі жер пайдалану тәртібін шайқалтып, ауыл ішіндегі бұрыннан қалыптасқан шаруашылық тепе-теңдікті бұзды. Әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі ортада шабындық пен жайылымға иелік ету қатынастары әкімшілік шешімдермен қайта қаралған кезде, мүліктік жіктеліс қана емес, туыстық-рулық тепе-теңдік те бұзылды. Соның салдарынан кеңес билігінің жер қатынастарын реттеу саясаты ауылдағы әлеуметтік жіктелуді әлсіретудің орнына, керісінше, жаңа шиеленістерге жол ашты.

1928 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің БК(б)П Орталық Комитетіне жолдаған баяндамасында бірқатар ауылдарда шаруашылық жүйесінде елеулі өзгерістер болғаны, соның нәтижесінде қазақ халқының бір бөлігінің орыс шаруаларының үлгісіндегі егіншілікке бейімделе бастағаны атап көрсетілді. Алайда бұл үдеріс эволюциялық сипатта дамыған табиғи трансформация емес еді. Құжатта бұл өзгерістердің негізгі себептерінің бірі ірі бай-жартылай феодал шаруашылықтарын тәркілеу саясаты болғаны көрсетілді [1, 15 б.]. Демек, кеңес өкіметінің аграрлық бағыты қазақ қоғамын оның ішкі даму логикасына сәйкес емес, күштеу әдістері арқылы қайта құруға негізделді. Бай шаруашылықтарының экономикалық негізін жою, оларды тап жауы ретінде айқындау, өндіріс құралдары мен мал-мүлкін кедейлер мен колхоздар қорына беру арқылы ауылдағы дәстүрлі өндірістік қатынастар бұзылды. Кеңестік билік мұны ауылды «феодалдық сарқыншақтардан» тазарту ретінде көрсетті, бірақ шын мәнінде бұл саясат ауыл шаруашылығының тұтас құрылымын күйретіп, әсіресе мал шаруашылығына сүйенген өңірлерде өмір сүрудің материалдық негізін әлсіретті.

1928 жылы Қазақ КСР үкіметі астық дайындау жоспарын 11 500 000 пұттан 15 000 000 пұтқа дейін ұлғайтты. Алғашқы жоспар бойынша 25 қаңтарға дейін округ көлемінде шамамен 10 000 000 пұт астық дайындалып, бұл 86%-дық орындалу көрсеткішіне сәйкес келгенімен, жоспар 15 млн пұтқа көтерілген жағдайда бұл небәрі 65–66%-ға ғана тең болды. Өлкелік басшылықтың нұсқауына сәйкес 1 наурызға дейін жылдық жоспардың 85%-ы орындалуға тиіс еді. Осы міндетті жүзеге асыруда билік батрақтар мен кедейлерге арқа сүйеуді, орташамен одақты нығайтуды және «құлақ пен байды батылырақ әрі шешімді түрде ауыздықтауды» талап етті, өйткені мұның барлығы пролетариат диктатурасын нығайту мүддесімен түсіндірілді [2, 4 б.]. Осылайша астық дайындау науқаны таза шаруашылық шарасы болудан қалып, саяси және таптық сипат алған науқанға айналды. Мемлекеттік жоспарды орындау мәселесі ауылдағы нақты өнім көлемі мен шаруашылық мүмкіндігіне емес, саяси сенімділік пен таптық көзқарасқа тәуелді болды. Соның нәтижесінде астық дайындау экономикалық қатынастарды реттеудің құралы емес, кеңестік биліктің ауылға қысым жасау тетігіне айналды.

1928 жылдың басында-ақ астық дайындау саласында өткір дағдарыс қалыптасты. Егер 1927 жылдың қаңтарында 428 млн пұт астық дайындалған болса, 1928 жылдың қаңтарында бұл көрсеткіш 300 млн пұтқа да әрең жетті. Дағдарыстың ерекше айқын көріністері Мәртөк, Яйсан, Қаратуғай, Бегалы-Шекуново аудандарында байқалды [3, 90 п.]. Бұл құлдыраудың бірнеше себебі болды. Бір жағынан, шаруашылық құрылымының өзгеруі, бай шаруашылықтарының әлсіреуі және жергілікті өндіріс жүйесінің бұзылуы әсер етті. Екінші жағынан, халық арасында мемлекеттік науқандарға деген сенімсіздік өсті. Сонымен бірге 1928 жылы басталған жұт жағдайды ауырлата түсті. Малдың қырылуы мен азық-түлік тапшылығы ең алдымен кедей шаруашылықтарды күйзеліске ұшыратты. Осы жағдайда «Қосшы» ұйымын астықпен қамтамасыз ету, Қазалы қаласындағы шөп пен жем-шөп қорының болуы, сондай-ақ нан бағасының төмендеуі сияқты шаралар белгілі бір дәрежеде әлеуметтік көңіл күйді ұстап тұруға ықпал етті. Бірақ мұндай қадамдар құрылымдық дағдарысты жоя алмады, өйткені мәселе азық-түлік тапшылығында ғана емес, бүкіл шаруашылық жүйенің әкімшілік жолмен бұзылуында еді.

Ұжымдастыру мен тәркілеу науқандарының жүргізілуі барысында жергілікті кеңестік органдар қызметінде елеулі бұрмалаушылықтар, асыра сілтеулер және ұйымдастырушылық әлсіздіктер көрінді. 1928 жылы Мәртөк аудандық атқару комитеті коллективтендіру кезінде жіберілген қателіктер туралы хабарлай отырып, жергілікті кеңес органдары мен ауыл комсомолдарының құлақ-дәулетті шаруашылықтарға бүйрек бұрып отырғанын атап өтті. Осындай жағдайдың салдарынан жоспардың толық орындалуы мүмкін болмаған. Темір ауданы бойынша уәкіл Қонаев кейбір коммунистердің байларды тәркілеуден сақтап қалуға тырысқанын мәлімдеді. Олар байларға малдарын алдын ала сатып, ақшасын қолма-қол алып қалуға кеңес берген. Мысалы, бұрынғы аудандық ВЛКСМ комитетінің хатшысы Санатов әкесінің ауылында тұратын Нұрым Ирмұхамедовке хат жазып, алдағы тәркілеу жөнінде алдын ала ескерткен. Ол байларға қамдануға кеңес беріп, кедейлерге таратылатын малды алмауды, өйткені оны «үш әріп — ГПУ» бақылап отырғанын айтқан [4, 5 п.]. Бұл фактілер төменгі және орта буындағы партия-кеңес қызметкерлерінің өздері де науқанды біржақты қолдамағанын, кеңестік аппарат ішінде ішкі қайшылықтар болғанын байқатады. Сонымен бірге бұл ауылдағы әлеуметтік және туыстық байланыстардың кеңестік таптық ұстанымнан әлдеқайда күшті болғанын көрсетеді.

Осындай сипаттағы мәліметтер бұрынғы округтік комитет нұсқаушысы Байқановтың Чингерлау ауданындағы іссапарынан кейін де тіркелді. Оның көрсетуінше, тәркілеу басталғанға дейін, ауылдық коммунистер бұл жөнінде толық хабардар болмай тұрған кезде, Хобда аудандық атқару комитетінің хатшысы, ВКП(б) мүшесі Дүсенбай Колмұхамбетов Чингерлау аудандық атқару комитетінің төрағасы Абдулла Колубековке жолдастық хат жазып, өзінің қайын атасы Мұхамбет-Әли Умбетовті тәркілеуден немесе жер аударудан сақтап қалуды өтінген [4, 2 п.]. Мұндай мысалдар тәркілеу саясатының қағаз жүзіндегі «таптық әділеттілік» ұранынан гөрі, нақты өмірде туыстық, жерлестік және жеке мүдделермен астасып кеткенін дәлелдейді. Басқаша айтқанда, партиялық нұсқаулар мен жергілікті әлеуметтік шындық арасында терең алшақтық болды. Кеңестік билік ауылды таптық негізде қайта құруға тырысқанымен, қазақ қоғамындағы туыстық-рулық байланыстар мен өзара тәуелділік қатынастары бұл процесті күрделендірді.

Астықтың «артық мөлшерін» тартып алу барысында кең көлемді репрессивтік әдістер қолданылды. Құлақ-дәулетті шаруашылықтарға орындалуы іс жүзінде мүмкін емес аула-аулалық жоспарлар жүктелді. Құжаттарда олардың бұл жоспарларды 70–80% деңгейінде орындауының өзі репрессиялық шаралардан құтқаруы мүмкін екендігі айтылғанымен, шын мәнінде мұндай талаптар максималды астық тартып алуға бағытталған қысым тетігі болды. Бұған қоса, мұндай шаралар тек ауқатты топтарға ғана емес, жиі жағдайда орташаларға, кей тұста кедейлерге де қолданылды [5, 15 п.]. Бұл кеңестік биліктің таптық ұстанымы нақты әлеуметтік-экономикалық ахуалмен санаспай, әмбебап мәжбүрлеу механизміне айналғанын көрсетті. Мемлекет астық дайындау жоспарын орындау үшін ауылдың ішкі ерекшеліктерін, егін көлемін, табиғи жағдайын, азық-түлік қорының жеткіліктілігін ескермеді. Соның салдарынан репрессиялық шаралар экономикалық реттеу функциясынан айрылып, саяси бағындыру құралына айналды.

Бірқатар шаруашылықтар егін екпегеніне немесе өзінде астық қоры болмағанына қарамастан, астық дайындау міндеттемесін орындау үшін сырттан нан сатып алуға мәжбүр болды. Әсіресе мұндай құбылыс ауылдық құлақтардан астық сатып алу арқылы алыпсатарлықты күшейтті. Қарабұтақ, Ойыл, Алтықарасу аудандарында, негізінен мал шаруашылығымен айналысатын өңірлерде, байлар мен құлақтар астық қорын жасырып отырды. Осындай фактілер Ақтөбе және Ходин аудандарында да кездесті [6, 8 п.]. Демек, астық дайындау саясаты ауылдың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесін бұзып қана қоймай, нарықтағы тапшылық пен спекуляцияны да үдетті. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік науқанның экономикалық тиімсіздігін айқындады: астықты күшпен алу жүйесі астық өндіруді емес, оны жасыру мен заңсыз айналымға түсіруді ынталандырды.

Ақбұлақ ауданындағы батрақ-кедейлер конференциясында да астық дайындау науқанының өте әлсіз жүріп жатқаны, жоспардың небәрі 40% орындалғаны атап өтілді.

Конференцияда кейбір кедейлердің ауқатты шаруаларға жәрдемдесіп, олардың астық қорын өз аулаларына жасыруға көмектесетіні айтылды. Сонымен бірге құлақтардың мемлекеттік іс-шараларға қарсы белсенді қарсылық көрсетіп, астықты мемлекетке өткізудің орнына жерге көміп тастайтыны көрсетілді. Конференция шешімінде астық жасырғандарға қатысты жазалау шараларын күшейту, жер үлесінен айыру, жер аудару, ал ерекше жағдайларда контрреволюционерлерге теңестіріп, ең жоғары жаза қолдану ұсынылды [7, 9 п.]. Бұл шешімдер науқанның экономикалық шеңберден шығып, толықтай саяси-құғындық сипат алғанын аңғартады. Бір жағынан, кеңес билігі кедейлерді өз саясатының әлеуметтік тірегі ретінде қарастырды; екінші жағынан, сол кедейлердің өздері де жергілікті әлеуметтік байланыстар аясында байлар мен орташаларға көмек көрсетіп отырды. Бұл ауыл қоғамындағы таптық жіктелудің кеңестік схемаға сәйкес келмегенін, ал нақты қатынастардың әлдеқайда күрделі екенін көрсетті.

Шаруалар өз кезегінде астық қорын ұнға айналдырып, базарға жоғары бағамен шығара бастады. Бұл құбылыс астық дайындау барысына елеулі кедергі жасап, әсіресе орталық өнеркәсіптік аудандардағы астық нарығы шиеленіскен шақта өткір сезілді. Осындай жағдайға байланысты көптеген диірмен уақытша жабылып, оған «жөндеу жұмыстары» деген формалды себеп келтірілді. Қалған диірмендерге әр шаруашылыққа 10–15 пұттан артық тартпау жөнінде нұсқау берілді, сонымен бірге кедей және әлсіз орташалардың астығын тартуға басымдық беру міндеттелді. Ұн дайындаушылар үшін де нақты баға нормалары бекітілді: 80% тартылған ұнның бағасы 10 сом 35 тиын, ал 85% тартылған ұн 9 сом 91 тиын мөлшерінде белгіленді [6, 337 п.]. Мұндай шаралар нарықтық тетіктерді әкімшілік жолмен ығыстыру саясатының айқын көрінісі болды. Кеңестік билік астық нарығындағы дағдарысты өндіріс жағдайын жақсарту арқылы емес, айналым арналарын шектеу және ұн тарту ісін бақылау арқылы шешуге тырысты. Алайда мұндай әрекеттер тек көлеңкелі сауданың өсуіне және халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауына әкелді.

1928 жылғы 11 қаңтарда ГИК президиумы Темір, Шалқар, Ақтөбе уездерінде астық дайындаудың мүлде тоқтап қалғанын және ауыл шаруашылығы салығының түсімі өте төмен екенін хабарлады. 1 қаңтарға қарай жылдық тапсырманың 85%-ы орындалуға тиіс болса, іс жүзінде Ақтөбе уезінде 41,2%, Темір уезінде 68,8%, Шалқар уезінде 76,1% ғана орындалған. Сақтандыру төлемдері бұдан да нашар жағдайда болды: есептелген 107 921 сом 20 тиынның тек 10 801 сомы жиналып, недоимка 10,3% құрады. Ал тұқым ссудасы мүлде түспеген. Осыған байланысты артта қалған аудандарға арнайы уәкілдер жіберіліп, олар салық пен қарызды күштеп өндіріп алуға тиіс болды [8, 12 п.]. Бұл шаралар ауыл халқының материалдық ахуалын жақсартуды емес, мемлекеттік міндеттемелерді қалайда орындауды көздегенін көрсетеді. Мемлекет өз жоспарларының орындалмауын шаруашылық құрылымындағы дағдарыспен емес, жергілікті органдардың әлсіздігімен және «тап жауларының» әрекетімен түсіндірді. Соның нәтижесінде экономикалық қиындықтарды шешудің орнына, қысым күшейе түсті.

Шикізат дайындау науқандарының өзге түрлері де осындай зорлықшыл сипатта өтті. Мәселен, жүн дайындау науқаны кезінде Шалқар мен Ырғыз аудандарында уәкілдер Қылмыстық кодекстің 61-бабымен қорқытып, халықты қыстың күні қой мен түйе қырқуға, арқан тарқатуға, киіздерді бұзуға мәжбүрледі. Сол уәкілдердің өздері бөлінген өнеркәсіп тауарларын алыпсатарлық бағамен сатып, жүнді қолма-қол ақшаға өткізуді талап еткен [6, 294 п.]. Бұл жағдай жергілікті биліктің әкімшілік зорлықпен қатар, шаруашылық науқандарын жеке пайда көзіне айналдырғанын да байқатады. Мұнда тек орталықтың қатаң саясаты ғана емес, жергілікті орындаушылардың асыра сілтеуі, жемқорлығы және қызметтік өкілетті теріс пайдалануы да анық көрінді. Демек, ауылдағы дағдарыс тек мемлекеттік жоспарлардың шамадан тыс болуынан емес, оларды жүзеге асыру тетіктерінің де зорлық пен заңсыздыққа негізделуінен туындады.

Астық дайындау науқанының табысты жүруіне кедергі болған маңызды факторлардың бірі халықтың кең аумаққа шашыраңқы орналасуы мен табиғи-климаттық ерекшеліктер болды. Құжаттарда көрсетілгендей, Ақтөбе болысы Сырдария өзенінің шығыс жағалауларынан бастап Арал теңізі маңына дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікті қамтыды, ал

қыстаулар Қызылқұм құмдарына дейін созылды. Қыста осы құмдар мен Арал теңізі аралдарында шашырай қоныстанған көшпелі халықтың әкімшілік орталықпен байланысы мүлде қиындайтын. Әр әкімшілік ауылда 800-ден 1000-ға дейін шаруашылық болды, бірақ нақты шекаралар болмады, ауылдар бір-бірімен араласа, жолақтанып орналасатын [9, 5 п.]. Мұндай жағдайда әкімшілік басқарудың өзі аса күрделі еді. Кеңестік билік осы кеңістіктік ерекшеліктерді ескермей, отырықшы егіншілік аудандарына арналған басқару модельдерін көшпелі өңірлерге теліді. Бұл саясаттың сәтсіздікке ұшырауының басты себептерінің бірі де осы еді.

1928 жылы басталған бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны Кеңес өкіметінің қазақ ауылын социалистік негізде қайта құру саясатының шешуші кезеңдерінің бірі болды. Бұл науқан ең алдымен дәстүрлі әлеуметтік құрылымның экономикалық тірегін жоюға бағытталды. Ірі байлар мен жартылай феодалдық сипаттағы шаруашылықтар «тап жауы» ретінде анықталып, олардың мүлкін толық тәркілеу және өздерін жер аудару шаралары қолға алынды. Тәркілеу байлардың экономикалық қуатын әлсіретумен ғана шектелмей, қазақ ауылындағы ықпал құрылымын түбірінен қайта құруды көздеді. Өйткені байлар тек ауқатты әлеуметтік топ қана емес, сонымен бірге ауылішілік қатынастарды, еңбек ұйымдастыруды, көмек пен тәуелділік жүйесін, туыстық-саяси ықпал желісін ұстап тұрған күш болды.

Округтік деңгейде бұл саясатты жүзеге асыру үшін арнайы комиссиялар құрылды. Мәселен, 1928 жылғы 30 тамызда Ақтөбе округінде бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі комиссия ұйымдастырылып, оның құрамына ОкрИК төрағасы, ОГПУ өкілі, «Қосшы» одағының және жер-су органдарының басшылары енгізілді. Науқанды жүргізуге 15 000 рубль көлемінде қаражат бөлінді [10, 22 п.]. Бұл шаралар тәркілеу процесінің кездейсоқ емес, мұқият дайындалған және орталықтандырылған сипатта болғанын көрсетеді. Яғни, тәркілеу ауылдағы нақты әлеуметтік ахуалдан туындаған жергілікті шара емес, мемлекет деңгейінде жоспарланған саяси-экономикалық науқан болды.

Тәркілеу науқаны басталар алдында-ақ байлар тарапынан белсенді қарсы әрекеттер байқалды. Архивтік деректер көрсеткендей, көптеген байлар алдағы қауіп туралы алдын ала хабардар болған. Бұл жағдай жергілікті партия-кеңес қызметкерлерінің бір бөлігінің ақпаратты әдейі таратуымен байланысты болды. Осындай мәлімет алған байлар өз мүлкін сақтап қалу үшін әртүрлі амалдарға жүгінді. Олардың ең кең таралған әрекеттерінің бірі малды жедел түрде сатып жіберу болды. Мысалы, Шалқар ауданының №10 ауылының байлары Закир және Ілияс Құрабаевтар тәркілеуден құтылу мақсатында Ақтөбе және Темір қалаларында 40 жылқыны сатып жіберген. Сол сияқты Рысқұл және Мыңжасар Бекбосовтар да 80 жылқыны өткізіп үлгерген. Бұл деректер байлардың өз капиталын тез арада ликвидациялап, оны бақылауға қиын ақша не өзге актив түріне айналдыруға ұмтылғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар кейбір байлар малдарын көршілес аудандарға айдап апарып сатуға әрекеттенген. Мәселен, Сүлейменов пен Шалатаев өз малдарын Темір ауданына жеткізіп, сол жерде өткізуге тырысқан. Алайда мұндай әрекеттер жиі анықталып, байлар ұсталып, кері қайтарылған [11, 13–14 п.]. Мұндай деректер тәркілеу комиссияларының қозғалыстағы малды бақылауға, базарларды қадағалауға және ауданаралық қатынастарды тексеруге ерекше мән бергенін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, тәркілеу саясатының тек мүлікті есепке алумен шектелмей, кеңістіктік қозғалысты да бақылауға алғанын аңғартады.

Тәркілеуден жалтарудың тағы бір тәсілі мүлікті жасыру және формалды түрде басқа адамдардың атына рәсімдеу болды. Байлар өз малдарын туыстары мен кедейлерге уақытша бөліп беріп, кейін қайтарып алуға келісім жасасқан. Мысалы, Темір ауданындағы бай Аманов 100-ден астам малын көршілес Магаджанов және Хобда аудандарының кедейлеріне таратып берген [10, 15 п.]. Мұндай құбылыс қазақ қоғамындағы туыстық-рулық қатынастардың экономикалық механизм ретінде пайдаланылғанын айқын көрсетеді. Яғни, кеңес билігі бай мен кедейдің арақатынасын тек қана таптық қанау схемасымен түсіндіргенімен, нақты өмірде бұл байланыстар әлдеқайда күрделі болған. Байлар кедейлерге малды «уақытша пайдалануға» беру, өз мүлкін олардың атына жазу, туыстар арасындағы мүлікті бөлшектеу арқылы кеңестік тексеру жүйесін айналып өтуге тырысты.

Кейбір жағдайларда байлар малдарын жасыру үшін есеп құжаттарын бұрмалаған. Мәселен, Магаджанов ауданындағы бай Шабекова Аренада нақты 330 бас мал болғанымен, ресми құжаттарда тек 283 бас мал ғана көрсетілген [11, 12 п.]. Мұндай айырмашылықтар есепке алу жүйесінің әлсіздігін, жергілікті деңгейде бақылаудың жетілмегенін және әдейі бұрмалаушылықтардың орын алғанын дәлелдейді. Бұл тәркілеу науқанының сырттай қатаң әрі орталықтанған сипат алғанымен, жергілікті жерлерде оны жүзеге асыру барысында көптеген олқылықтар мен қарсылық тетіктері болғанын аңғартады.

Тәркілеуден құтылудың ерекше бір тәсілі малды материалдық емес не бақылауға қиынырақ активтерге айырбастау болды. Байлар малын сатып, түскен қаражатқа қаладан үйлер, қымбат маталар мен бұйымдар сатып алды. Мысалы, бай Қасым Арунгазиев Ақтөбе қаласынан үйді 20 бас малға сатып алған, ал Қалий Жұбаев бірнеше табын малын сатып, 2500 рубльге үй сатып алған [11, 15 п.]. Бұл әрекеттер байлардың капиталды тәркілеуге аз ұшырайтын формаға ауыстыруға ұмтылғанын көрсетеді. Бұл жерде байлар кеңес науқанының логикасын түсініп, оның негізгі нысаны мал мен ауыл шаруашылығы мүлкі екенін білгендіктен, өз мүлкін қалалық жылжымайтын мүлікке, тұрмыстық қымбат заттарға немесе маталарға айналдыру арқылы аман сақтап қалмақ болды.

Сондай-ақ кейбір байлар малдарын уақытша «пайдалануға» беріп, кейін қайтарып алуды жоспарлады. Мәселен, бай Мұхтаров өз жылқыларын кедейлерге уақытша үлестіріп берген [11, 16 п.]. Ырғыз ауданында бір бай батрақтарымен келісіп, малды уақытша солардың атына жазып, кейін қайта алуды көздеген [11, 11 п.]. Бұл тәсілдер формалды түрде заң талаптарын орындағандай көрінгенімен, шын мәнінде тәркілеу саясатына қарсы бейресми қарсылықтың көрінісі болды. Мұндай жағдайлар ауылдағы әлеуметтік қатынастардың өзара сенім мен келісімге негізделгенін, ал кеңестік биліктің оларды толықтай бұза алмағанын байқатады.

Кейбір байлар тіпті көшу арқылы құтылуға тырысқан. Архивтік мәліметтер бойынша, Темір ауданындағы бірқатар байлар 50–60 шақырым қашықтыққа көшіп, Бұхараға өтуге әрекеттенген [11, 12 п.]. Сонымен қатар Адай округіне көшіп кеткен жағдайлар да тіркелген [10, 20 п.]. Бұл ұбылыс тәркілеу саясатының халықтың кеңістіктік қозғалысына тікелей ықпал еткенін көрсетеді. Егер дәстүрлі көші-қон бұрын шаруашылық мүддесіне, жайылымдық айналымға немесе климаттық жағдайға байланысты жүзеге асса, енді ол саяси қысымнан құтылудың тәсіліне айналды. Кеңес саясатының зорлықшыл табиғаты көшіп-қону феноменін жаңа мазмұнмен толықтырды.

Тәркілеу науқаны барысында әлеуметтік топтардың оған деген көзқарасы әртүрлі болды. Кедейлердің басым бөлігі бұл саясатты қолдады. Мысалы, Шалқар ауданындағы кедейлер тәркілеуді қолдай отырып, байлардың бұрынғы қанаушылық рөлін атап өткен: «Советская власть, предоставив нам байский скот, позволит нам работать на нем…» [11, 16 п.]. Ырғыз ауданындағы кедейлер де байлардың жазалануын әділетті деп бағалаған. Бұл көзқарас кеңестік үгіт-насихаттың белгілі бір деңгейде нәтиже бергенін, сонымен бірге ауыл ішіндегі әлеуметтік реніш пен теңсіздіктің де болғанын көрсетеді. Бай шаруашылықтарының қолындағы мал мен мүлік кедейлер үшін нақты материалдық мүмкіндік ретінде қабылданды.

Алайда бұл қолдау толық сеніммен қатар жүрген жоқ. Көптеген кедейлер байлардың кейін өз малдарын қайтарып алуынан қауіптенген. Сонымен қатар орташа шаруалар арасында алаңдаушылық күшейді. Олар тәркілеу саясатының келешекте өздеріне де бағытталуынан қауіптенді[11, 18 п.]. Бұл жағдай ауыл ішінде әлеуметтік сенімсіздік пен тұрақсыздықтың өсуіне алып келді. Кедейлер тәркіленген малды алуға мүдделі болса да, байлар мен олардың туыстарының ықпалынан қорықты; орташалар болса, бүгін байға қолданылған шара ертең өздеріне де қолданылуы мүмкін деген қауіпке түсті. Сөйтіп, тәркілеу байларды ғана емес, бүкіл ауылды психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дағдарысқа түсірді.

Тәркілеу науқаны тек экономикалық емес, сонымен қатар мәдени және діни салаға да әсер етті. Мысалы, Қарабұтақ маңында молда Балман халықты байлардың малын мемлекетке бермей, мешіт салуға жұмсауға үгіттеген. Бұл әрекеті үшін ол тұтқындалды ([1, 19 п.]. Бұл факт Кеңес билігінің діни институттарды да саяси қауіп ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Діни көшбасшылардың ықпалы ауылда әлі де сақталғандықтан, кеңестік билік оларды тәркілеу мен ұжымдастыру саясатына кедергі келтіруі мүмкін күш ретінде қабылдады. Осылайша дінге қарсы күрес пен байларды тәркілеу науқаны өзара астасып, дәстүрлі қоғам құрылымының бірнеше тірегіне бір мезетте соққы берілді.

Тәркілеу барысында көптеген ұйымдастырушылық қиындықтар туындады. Бай шаруашылықтарының жасанды түрде бөлінуі, туыстардың жеке шаруашылық ретінде тіркелуі, өгей аналар мен басқа да отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесін анықтау сияқты мәселелер күрделі сипат алды. Мысалы, Темір ауданындағы Шошиндер отбасында бір шаруашылық орнына төрт шаруашылық тіркелгені анықталған [10, 7 п.]. Бұл жағдай тәркілеу кезінде нақты шаруашылық құрылымын анықтаудың қиын болғанын көрсетеді. Дәстүрлі қазақ отбасындағы көп буынды, кеңейтілген, кейде бір шаңыраққа тәуелді, кейде бірнеше бөлек қоныста орналасқан туыстық құрылым кеңестік статистикалық есеп пен заңдық категорияларға сыймады. Соның салдарынан тәркілеу комиссиялары кейде мүлікті толық анықтай алмады, ал кейде керісінше артық алып қоюға жол берді.

Сонымен бірге байлардың мал-мүлкін жасырын түрде басқа аудандарға айдап әкетуі де жиі ұшырасты. Мұндай жағдайда аудандық комиссиялар ұсталған малды сол жердің кедейлеріне таратып беру жөнінде шешім қабылдады. Бұл тәжірибе тәркіленген мүлікті тек есепке алып қоюмен шектелмей, оны жергілікті әлеуметтік саясаттың құралына айналдырғанын аңғартады. Алайда мұндай қайта бөлу шаралары көп жағдайда жүйесіз жүргізіліп, ауыл ішінде жаңа жанжалдар мен наразылықтар туғызды. Біреулер тәркіленген мүлікті алды, екіншілері одан тыс қалды, үшіншілері бұрынғы иелерінен қорқып, мүлде алмауға тырысты. Сөйтіп, тәркілеу байларды әлсіретумен қатар, кедейлер мен орташалардың өзара қатынасын да шиеленістірді.

1928–1931 жылдар аралығында жүргізілген тәркілеу және ұжымдастыру саясаты қазақ ауылында терең әлеуметтік-саяси қайшылықтардың қалыптасуына алып келді. Бұл қайшылықтар әсіресе Ақтөбе өңірінде айқын көрініс тауып, бірқатар ашық қарсылықтар мен көтерілістерге ұласты. Кеңес билігінің әкімшілік-зорлықшыл әдістері, дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуі және халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі әлеуметтік наразылықтың негізгі факторлары болды. Байлар мен орташалардың ғана емес, кедейлердің де бір бөлігі кеңестік саясаттың нақты салдарын өз тұрмысынан сезінді. Себебі тәркілеу мен ұжымдастыру ауылдағы үстем тапты ғана емес, бүкіл экономикалық айналымды күйретті.

Ақтөбе округіндегі көтерілістердің алғашқы белгілері 1930 жылдың тамыз айында Табын және Ойыл аудандарында байқалды. Аталған аудандардағы халықтың наразылығы, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты күшейді. Атап айтқанда, Адай округінің таратылып, оның аудандарының басқа әкімшілік бірліктерге қосылуы жергілікті халық тарапынан теріс қабылданды. Бұл өзгерістер тек басқару жүйесіне ғана емес, дәстүрлі көші-қон маршруттарына, жайылымдық жерлерді пайдалануға және әлеуметтік байланыстарға тікелей әсер етті. Соның салдарынан тұрғындар арасында жаппай шағымдар мен наразылықтар туындап, кейіннен бұл құбылыс қарулы қарсылыққа ұласты [13, 25 п.]. Әкімшілік реформалар орталық үшін басқаруды жеңілдету құралы болса, жергілікті халық үшін өмір сүру кеңістігінің бұзылуы және дәстүрлі шаруашылық айналымының үзілуі ретінде қабылданды.

Көтерілістің ірі ошақтарының бірі Адай округінің солтүстік бөлігінде қалыптасты. 1931 жылдың наурыз айында Ойыл ауданының №19 ауылының тұрғындары Б. Чуланов, К. Ембердиев, К. Шененов бастаған топтар бірігіп, шамамен 1500 шаруашылықты қамтыған жаппай көшу қозғалысын ұйымдастырды. Бұл топ Түрікменстан бағытына қарай қоныс аударуға әрекет жасады. Кейін оларға Табын ауданының тұрғындары Күлчар Құжбановтың жетекшілігімен қосылды. Осылайша көтеріліс тек жергілікті сипатта ғана емес, кең ауқымды көші-қон және қарсылық қозғалысына айналды. Мұнда қарулы қарсылық пен жаппай көшу өзара тығыз байланысты болды: халықтың бір бөлігі ашық қарсыласса, екінші бөлігі кеңестік бақылау аймағынан кетуді жалғыз жол санады.

Бұл қозғалыстың негізгі себептерінің бірі кеңестік экономикалық саясаттың ауыр салдары болды. Тәркілеу нәтижесінде малынан айырылған халық дәстүрлі шаруашылық негізінен ажырап, күнкөріс көзінен айырылды. Сонымен қатар астық және мал өнімдерін күштеп дайындау, салықтық қысым, әкімшілік жазалау шаралары халықтың жағдайын одан әрі ауырлатты. Осыған байланысты халықтың бір бөлігі кеңестік биліктің бақылау аймағынан кетуді жөн көрді, ал екінші бөлігі қарулы қарсылыққа шықты. Демек, көтерілістерді тек «байлардың қарсылығы» деп түсіндіру жеткіліксіз. Олар кеңестік қайта құру саясаты бұзған шаруашылық, әлеуметтік және кеңістіктік тәртіптің күйреуіне берілген кең ауқымды қоғамдық реакция болды.

Ақтөбе өңіріндегі көтерілістердің тағы бір маңызды ерекшелігі олардың ұйымдасу деңгейі мен әлеуметтік құрамының әркелкілігі болды. Көтеріліске тек байлар ғана емес, сонымен қатар орта шаруалар мен кедейлердің де бір бөлігі қатысты. Бұл жағдай кеңестік таптық саясаттың нақты өмірде күткендей нәтиже бермегенін көрсетеді. Яғни, кедейлердің барлығы бірдей кеңес саясатын қолдамаған; керісінше, кей жағдайда олар да өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауына байланысты қарсылық танытқан. Бұл жерде кеңестік әлеуметтік инженерияның басты әлсіздігі анық көрінді: билік ауылды таптық жіктерге бөліп, кедейлерді өз жағына тартамын деп ойлағанымен, шын мәнінде тәркілеу мен ұжымдастырудың салдары барлық таптарға ортақ дағдарыс әкелді.

Көтерілістердің тағы бір түрі жаппай көшу, яғни көшу қозғалыстары болды. 1930–1931 жылдары Ақтөбе өңірінен мыңдаған шаруашылықтар көршілес аймақтарға, соның ішінде Қарақалпақстан, Түрікменстан және басқа да өңірлерге көшіп кетті. Бұл құбылыс кеңестік саясатқа пассивті қарсылықтың бір формасы ретінде қарастырылады. Алайда мұндай көші-қон әрекеттері де жиі түрде қарулы қақтығыстармен және қуғын-сүргін шараларымен қатар жүрді. Көшіп кету — жай ғана мекен ауыстыру емес, өмір сүрудің кеңестік моделін қабылдамаудың көрінісі еді. Дегенмен бұл әрекет те қауіпсіз болмады, өйткені билік мұндай қозғалыстарды бақылауға алып, оларды «контрреволюциялық бандалармен» байланыстыруға тырысты.

Кеңес билігі көтерілістерді басу үшін әскери күш қолданды. Ақтөбе, Шалқар, Қостанай, Торғай және Қарсақпай қалаларынан арнайы қарулы отрядтар жіберіліп, көтеріліс ошақтары күшпен жойылды [13, 10 п.]. Бұл шаралар қысқа мерзімде көтерілістерді басуға мүмкіндік бергенімен, халықтың кеңес билігіне деген сенімсіздігін одан әрі күшейтті. Әскери күш қолдану ауылды саяси тұрғыдан бағындырғандай көрінгенімен, ол әлеуметтік жарақатты тереңдетті. Көтерілістердің басылуы қарсылықтың жойылуын емес, оның өзге формаларға — жасырын наразылыққа, босқындыққа, сенімсіздікке, өндірістік енжарлыққа — ауысуын білдірді.

Әлеуметтік-саяси қайшылықтардың тереңдеуіне ықпал еткен тағы бір фактор кеңестік әкімшілік аппараттың әлсіздігі мен ішкі қайшылықтары болды. Жергілікті деңгейде туыстық байланыстар, протекционизм, жемқорлық және қызметтік теріс пайдаланулар кең таралған еді. Кейбір партия және кеңес қызметкерлері байлармен байланыс орнатып, оларды тәркілеуден сақтауға тырысқан. Бұл жағдай кеңестік саясаттың бірізділігін бұзып, халық арасында әділетсіздік сезімін күшейтті. Біреулер тәркілеуге ілікті, біреулер туыстық не таныстық арқылы аман қалды. Мұндай теңсіздік кеңестік биліктің жариялаған «социалистік әділеттілігіне» деген сенімді әлсіретті.

Сонымен қатар кеңестік идеология мен қазақ қоғамының дәстүрлі құндылықтары арасындағы қайшылықтар да маңызды рөл атқарды. Қазақ қоғамында қалыптасқан рулық, туыстық, діни және мәдени байланыстар кеңестік таптық саясатпен үйлеспеді. Бай мен кедей арасындағы қатынастар тек қана қанаушылық сипатта емес, өзара тәуелділік пен көмекке негізделген әлеуметтік жүйе болды. Кеңес билігінің осы қатынастарды «таптық күрес» тұрғысынан қарастыруы қоғам ішіндегі табиғи байланыстарды бұзды. Бұл жағдай әсіресе мал шаруашылығына негізделген ортада қатты сезілді, өйткені еңбек ұйымдастыру, қоныс аудару, мал бағу, қарыз беру, өзара жәрдем көрсету сияқты практикалар туыстық және қауымдық нормалармен реттелетін.

Діни фактор да әлеуметтік наразылықтың күшеюіне әсер етті. Кеңес билігінің діни институттарға қарсы жүргізген саясаты халықтың дәстүрлі дүниетанымына қайшы келді. Мешіттердің жабылуы, дін өкілдерінің қуғындалуы және діни рәсімдердің шектелуі халықтың рухани өміріне теріс әсер етті. Бұл жағдай кейбір аймақтарда діни негіздегі қарсылықтардың пайда болуына алып келді. Молда Балман ісі тәрізді мысалдар діни ықпалдың кеңестік саясатқа қарсы жұмылдырушы күшке айналуы мүмкін екенін көрсетті [11, 19 п.].

Ақтөбе өңіріндегі әлеуметтік-саяси қайшылықтарды талдай отырып, олардың көпқырлы және кешенді сипатқа ие болғанын көруге болады. Бұл қайшылықтар тек экономикалық факторлармен ғана емес, саяси, мәдени, кеңістіктік және әлеуметтік өзгерістермен де байланысты болды. Кеңес билігінің дәстүрлі қоғамды қысқа мерзімде түбегейлі өзгертуге бағытталған саясаты объективті жағдайларды ескермей жүзеге асырылғандықтан, ол кең ауқымды дағдарысқа алып келді. Ауыл шаруашылығын орталықтандыру, таптық жіктеуді күшейту, байларды тәркілеу, халықты отырықшыландыру, діни институттарды әлсірету, әкімшілік-аумақтық шекараларды өзгерту — осының бәрі бір мезгілде жүріп, қазақ қоғамына орасан зор қысым түсірді.

Қорытындылай келгенде, 1920-жылдардың екінші жартысы мен 1930-жылдардың басында Ақтөбе өңірінде жүргізілген кеңестік аграрлық саясаттың негізгі мазмұны қазақ ауылын дәстүрлі шаруашылық-әлеуметтік негіздерінен айырып, оны социалистік қайта құрудың әкімшілік-мәжбүрлеу арнасына көшіру болды. 1926 жылғы жерді қайта бөлуге қатысты декреттен бастап, 1928 жылғы астық дайындау жоспарының күрт ұлғаюына, бай шаруашылықтарын тәркілеуге, салықтық және шикізат дайындау қысымына, кейін ұжымдастыру мен көтерілістерді әскери жолмен басуға дейінгі барлық шаралар бір логикаға — ауылды күшпен бағындыру логикасына бағынды. Бұл саясаттың салдары ретінде дәстүрлі шаруашылық жүйе бұзылды, байлар мен орташалардың ғана емес, кедейлердің де тұрмыс деңгейі төмендеді, әлеуметтік сенімсіздік күшейді, туыстық және қауымдық қатынастар күйреді, көші-қонның мәжбүрлі түрлері кеңейді, ал ашық қарсылықтар мен көтерілістер кеңестік биліктің дағдарыстық сипатын айқын көрсетті. Тәркілеу мен ұжымдастыру науқандары қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретіп қана қоймай, халықтың жаппай наразылығын туғызды. Бұл наразылықтың түрлі формалары — мүлікті жасыру, малды сату, көшіп кету, жасырын қарсылық, ашық көтеріліс — кеңестік модернизацияның зорлықшыл сипатына жауап ретінде қалыптасты.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дахшлейгер Г. Ф. Из опыта истории оседания казахских кочевых и полукочевых хозяйств (до массовой коллективизации сельского хозяйства) // Советская этнография. –1966. – 350 с.
2. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 13, Т. 1, Іс 341, П. 49.
3. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 141, Т. 1, Іс 1867, П.93.
4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 5, Т. 20, Іс 89, П. 5.
5. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 63, Т. 2, Іс 5, П. 270.
6. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 63, Т. 2, Іс 5, П. 222.
7. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 63, Т. 1, Іс 281, П. 33.
8. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 3, Т. 1, Іс 471, П. 14.
9. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 141, Т. 1, Іс 1933, П.22.
10. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 135, Т. 1, Іс 1, П. 25.
11. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 5, Т. 20, Іс 89, П. 26.
12. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. – Қ. 5, Т. 20, Іс 89, П. 26.
13. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. – Қ. 63, Т. 2, Іс 100, П. 382.

ӘОЖ-070

ЖИ ЖӘНЕ DEEPFAKE: ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Аренова Ғалия Есентайқызы
«Журналистика және репортер ісі» мамандығының 3-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Gali.2006@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: Кайрова Г.Ж.
«Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының
сеньор-лекторы

Қазіргі уақытта жасанды интеллект - журналистің әмбебап құралына айналды. Бір жағынан ол күнделікті шағын тапсырмаларды орындай алады, мысалы ауа- райы туралы қысқаша анықтамаларды жазу немесе инфографика құрастырып беру. Бұл журналистер үшін лонгридтер мен мақала жазуға уақытты босатады. Екінші жағынан, ЖИ ауқымды ақпарат көздеріне анализ жасап, өзекті тақырыптар мен жаңалықтарды тауып береді. Қарапайым адамнан көрі, жасанды интеллект ақпарат толқынында адаспайды. Ол сол толқынның бір бөлігі, ғаламтордың дамуымен бірге келген технология. Бірақ оның қазіргі деңгейіне жету жолы ұзақ әрі күрделі болды. Бұл тарих ондаған жыл бұрын, жасанды интеллект күнделікті технологияға айналмай тұрып басталған.

Жасанды интеллекттің пайда болуын болжаған алғашқы тұжырымдар XX ғасырдың ортасында қалыптаса бастады. Британдық математик Алан Тьюринг 1950 жылы адамның ойлауын қайталай алатын «Тьюринг машинасы» тұжырымдамасын ұсынды. Оның атымен аталған Тьюринг тесті бүгінгі күнге дейін машинаның адамнан айырмашылығы жоқтай ақылды мінез- құлық көрсете алатынын анықтайтын негізгі критерий ретінде қолданылады. 1956 жылы Дартмут конференциясы өтті. Дәл осы жиында ғалымдар алғаш рет «жасанды интеллект» терминін ұсынды. Сол кезден бастап бұрын тек адам ақыл-ойына тән деп саналған міндеттерді орындай алатын машиналарды жасау бағытында белсенді зерттеулер басталды. Алғашқы әзірлемелер қарапайым болғанымен, олар болашақтағы ірі жаңалықтардың берік негізін қалады. 90-шы жылдары қуатты жаңа компьютерлердің пайда болуы және деректер көлемінің артуы жағдайды түбегейлі өзгертті. Бұл кезеңде машиналық оқытудың дамуы ерекше рөл атқарды - бұл әдіс алгоритмдерге үлкен көлемдегі ақпарат негізінде өздігінен жетілуге мүмкіндік берді. Оның негізгі идеясы қарапайым еді: машинаны барлық ережелерге бірден үйретудің орнына, оған өз тәжірибесі арқылы үйренуге жағдай жасау. Осы кезеңнен бастап алгоритмдерді тек теоретиктер ғана емес, сонымен қатар компаниялар да коммерциялық мақсатта қолдана бастады. Нағыз төңкеріс нейрондық желілердің пайда болуымен байланысты болды - олар адам миының жұмысын ішінара қайталайтын модельдер. Нейрондық желілер жасанды интеллектіні әлдеқайда икемді әрі тиімді етті. Олар бейнелерді тануда, сөйлеуді өңдеуде және (логикалық және стратегиялық екі ойыншыға арналған үстел ойыны) сияқты күрделі ойындарда жоғары нәтиже көрсетті. 2016 жылы Google DeepMind компаниясы әзірлеген AlphaGo бағдарламасы ойынынан әлем чемпионы Ли Седольді жеңді.

Қазіргі таңда жасанды интеллект әртүрлі салаларға терең енгізіліп отыр. Ол Медициналық суреттерді талдап, дәрігерлерге диагноз қоюға көмектеседі, қаржы нарықтарын болжайды, логистиканы оңтайландырады және тіпті көркем шығармаларды жасауға қатысады. Алайда оның айқын артықшылықтарымен қатар, таралуына байланысты ықтимал тәуекелдерді де ескеру маңызды. Сондықтан жасанды интеллектіні реттеу мен этика мәселелері бүгінгі күні ерекше өзектілікке ие.

Жасанды интеллект күнделікті өмірімізге жылдам еніп кетті. Қарапайым ChatGPT, Gemini, Grok деген сияқты қосымшалар әркімге қолжетімді және өз алдына үлкен қызметтер спектрін ұсынады. Әрине, олар күннен күнге өзгеріп, жаңа даму сатыларын бағындырып жатыр. Қазір журналистикада жасанды интеллект кеңінен қолданылып келеді. Мысалы,

Bloomberg басылымы үлкен көлемдегі деректерді талдау үшін жасанды интеллект алгоритмдерін пайдаланады: оның жарқын мысалдарының бірі - спутниктік суреттер арқылы мұнайдың заңсыз операцияларын бақылау. Жасанды интеллектке негізделген тиімді алгоритмдер заңдылықтарды анықтайды, ал кейін оларды журналистер тексеріп, терең зерттеу материалдарын дайындайды. Жасанды интеллекттің тағы бір кең таралған қолданылу жолы - автоматты жаңалықтар қорытындылары. Жасанды интеллект технологиясы ұзақ мақалаларды өңдеп, негізгі ойларды бөліп көрсетеді, бұл әсіресе уақыты тығыз оқырмандар үшін өте пайдалы.

Алайда журналистердің өзі мұндай технологиялар аудиторияның толыққанды материалдарға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін деп жиі алаңдаушылық білдіруде. Сонымен қатар, жасанды интеллект журналистерді ұқыптылық пен көп уақытты талап ететін күрделі жұмыстардан босатып жатыр, айталық, деректерді талдау бойынша: алгоритмдер күрделі қаржылық есептерді немесе үлкен мәтіндік массивтерді жылдам талдайды. Контентті жекешелендіру: оқырмандар өз қызығушылықтарына сай бейімделген жаңалықтарды алады, бұл аудиторияның белсенділігін арттырады. Аударма: машиналық аударма материалдарды әртүрлі тілдерде дерлік бірден таратуға мүмкіндік беріп, аудитория ауқымын кеңейтеді. Жасанды интеллекттің ықпалымен ең көп өзгеріске ұшырайтын мамандықтардың бірі - редактор жұмысы, - деп есептейді Bloomberg басылымының бас редакторы Джон Миклетвейт.

Жасанды интеллектке негізделген заманауи құралдар қазірдің өзінде мәтіндерді қателіктерге тексеріп, стильді түзетіп, тіпті мәтін құрылымын жақсарту бойыншаұсыныстар бере алады. Сарапшының пікірінше, болашақта алгоритмдер бұдан да белсенді рөл атқарады: мақалаларға мультимедиалық материалдарды автоматты түрде қосу; SEO талаптарына сай тақырыптар ұсыну; мәтіндерді нақты уақыт режимінде фактчекингтен өткізу. Дегенмен шығармашылық көзқарас адамда қалады. Ешқандай алгоритм редактордың интуициясы мен тәжірибесін алмастыра алмайды, әсіресе тақырып таңдау мен авторлармен жұмыс істеу мәселесінде. Жасанды интеллект жұмыс тиімділігі мен контент сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар құралдарды ұсынады. Мысалы, Bloomberg қаржылық деректерді талдау және трендтерді анықтау үшін ЖИ- ді белсенді қолданады. The New York Times нейрожеліні спутниктік суреттерді талдау үшін пайдаланып, Газа аймағында екі жүзден астам бомба шұңқырын анықтады, бұл Израильдың бомба лақтырып жатқаны туралы репортаж дайындауға көмектесті. 2016 жылғы «Панама құжаттары» зерттеуінде 2,6 терабайт құжатты талдап, жалған компаниялар мен жеке тұлғалар арасындағы байланыстарды анықтау үшін векторлық деректер базалары қолданылды. Жаңа Зеландиядағы Stuff Group журналистерге ресми құжаттарды өңдеп, талдауға көмектесетін Democracy AI құралын әзірледі. Бұл жаңалық жинау мен мақалалар жазу процесін жылдамдатады. Норвегияның NRK телерадиокомпаниясы жас аудиторияны тартудың инновациялық тәсілін енгізіп, жаңалық мақалаларының қысқаша шолуларын жасау үшін жасанды интеллектті пайдаланады. Бұл жоба ұзақ жаңалық мәтіндерін оқуға онша бейім емес жастарға бағытталған.

Алайда жасанды интеллектінің даму қарқынының да кері жағы бар. Жаңалықтар айналымының шамадан тыс шығуы материал сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін, - деп атап өтеді Миклетвейт. Сонымен қатар, деректерді талдаудың автоматтандырылған жүйелері авторлық құқық пен ақпаратты пайдалану мәселелеріне қатысты құқықтық нормаларды қайта қарауды жиі талап етеді. Батыс сарапшысы сондай- ақ жасанды интеллекттің негізгі қиындықтарының бірі -фейктер мәселесі екенін еске салады. Жалған мәтіндер, фото, видео және аудиоларды анықтау қиындап бара жатыр. Осы мәселенің әлі де таралып, өршіп жатқанына себепкер - Deepfake технологиясы.

Deepfake (қазақша “терең фейк”) - нейрожелілердің көмегімен жасалған синтетикалық медиаконтент (видео, аудио немесе сурет). Бұл термин «терең оқыту» (deep learning) және «жалған жасау» (fake) ұғымдарын біріктіреді, яғни шынайыға өте ұқсас жалған материалдарды жасау үшін жасанды интеллект алгоритмдерінің қолданылуын білдіреді. Технология гиперреалистік жалған материалдар (видео/аудио) жасап, дезинформация мен манипуляциялар арқылы бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімді әлсіретеді.

Дипфейктердің көптеген түрлері бар, оларға журналистер ерекше назар аударуы қажет. Бұл суреттер мен видеолардан кейбір нәрселерді жою немесе фонды өзгерту, адамның бет әлпетін немесе қозғалысын манипуляциялау, сондай- ақ жаңа беттерді жасау сияқты әрекеттерді қамтуы мүмкін. Мәтін генерациясы мен дипфейк технологиялары жалған ақпаратты жасау және тарату үшін пайдаланылып, бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімді әлсіретуі мүмкін. Сонымен қатар, плагиат пен авторлық құқықтың бұзылуы туралы алаңдаушылық бар, өйткені ЖИ түрлі дереккөздерден контентті «қарызға» алуы мүмкін. Автоматты түрде жасалған мәтіндерді шамадан тыс қолдану контент сапасының төмендеуіне, авторлық бірегей стильдің және талдаудың тереңдігінің жоғалуына әкелуі ықтимал. Бұдан бөлек, этикалық мәселелер де туындайды.

Жасанды интеллект пен журналистикаға қатысты Париж хартиясы ЖИ- ді этикалық тұрғыдан қолданудың он негізгі қағидатын қамтыды: технологиялардан гөрі журналистік этиканың басымдығы; редакциялық шешімдерде адам бақылауын сақтау; ЖИ жүйелерін тәуелсіз бағалау; ЖИ көмегімен жасалған контент үшін БАҚ- тың толық жауапкершілігі; ЖИ-ды қолданудағы ашықтық; материалдардың шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету; шынайы және ЖИ арқылы жасалған контентті нақты ажырату. Бұл қағидаттардың бұзылуының айқын мысалы ретінде Америкадағы технологиялық CNET сайтында болған оқиғаны келтіруге болады. 2022 жылдың соңында басылым оқырмандарға ескертпей жасанды интеллект көмегімен жазылған 77 мақаланы жариялаған. Кейін жүргізілген зерттеу нәтижесінде материалдардың жартысынан астамында нақты қателіктер бар екені анықталды. Бұл жағдай «журналистік апат» деп аталып, аудиторияның сеніміне нұқсан келтірді.

Жалпы алғанда, жасанды интеллекттің ақпараттық кеңістікке әсері екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, ол контентті жасау мен талдаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, ал екінші жағынан - жалған ақпараттың таралуы мен қоғамдық пікірді манипуляциялау қаупін арттырады. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлануды үйреніп, ақпаратты тексеріп, көргеніміз бен естігеніміздің бәріне сене бермеу маңызды. Уақыт өте келе жасанды интеллекттің журналистикадағы рөлі кеңейіп, масштабталды. Бұл машиналық оқыту, табиғи тілдерді өңдеу және деректерді алу арқылы жүзеге асты.

Қазіргі таңда жасанды интеллект жүйелері үлкен көлемдегі деректерді талдай алады, тенденцияларды анықтайды және жан- жақты есептер жасап, қарапайым автоматтандырудан күрделі аналитикалық тапсырмаларға өтеді. Жасанды интеллекттің қарқынды интеграциясы журналистік тәжірибеде ғылыми парадигманың өзгеруін тудырды: ЖИ енді қосымша құрал ғана емес, интеллектуалдық процестің басым элементіне айналуда. Әрине, жасанды интеллект пен журналистика арасындағы өзара әрекет бізге маңызды сынақтар ұсынады және медиақалпыны сапалы трансформациялауға нақты мүмкіндіктер береді. Уақытпен бірге жүре отырып, журналистерге ЖИ технологияларымен тиімді жұмыс істеу үшін жаңа дағдыларды дамыту қажет: деректерді түсіну қабілетін арттыру, алгоритмдік процестерді түсіну және ЖИ қорытындыларын интерпретациялау. Жасанды интеллекттің журналистикаға интеграциясы оны қарапайым құбылыс ретінде қабылдаудан жаңа тәсілдер мен маңызды процесс ретінде мойындауға өту болып табылады. ЖИ ұсынатын этикалық, практикалық және философиялық сынақтар бойынша нақты бағыт- бағдар жасау медиаиндустрияға жасанды интеллекттің әлеуетін журналистік тәжірибені жақсарту үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллект дәуіріндегі журналистиканың болашағы - бұл ынтымақтастық, инновация және бейімделу, ол бай әрі динамикалық медиа әлемін уәде етеді.

Бұл зерттеу жұмысында жасанды интеллекттің (ЖИ) қазіргі журналистикаға ықпалы және Deepfake технологиясының ақпараттық кеңістіктегі рөлін жан-жақты қарауға тырыстық. ЖИ-дің медиа өндірісіндегі тиімділікті арттырудағы әлеуетін және сонымен қатар ақпараттың шынайылығына төндіретін қауіптерін талдап өттік. Deepfake технологиясының таралуы қоғамдық пікір қалыптастыру процесіне әсер етіп, медиаға деген сенім дағдарысын күшейтетіні аңғарылды. Зерттеу нәтижесінде журналистиканың болашағы технологиялық инновациялар мен кәсіби этика арасындағы тепе-теңдікке тәуелді екендігі белгілі болды. Осы жұмыстағы Deepfake технологиясының пайда болуы ерекше назар аудартады. Бұл технология

нейрондық желілер арқылы адамның бейнесі мен дауысын жоғары дәлдікпен имитациялауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ақпараттың шынайылығын анықтау күрделеніп, журналистиканың негізгі функциясы -қоғамды сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуде жаңа қауіп-қатерлерге тап болады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, Deepfake келесі салдарға әкелуі мүмкін: қоғамдық пікірді әдейі бұрмалау, саяси коммуникациядағы манипуляциялардың күшеюі, тұлғалық құқықтардың бұзылуы, ақпараттық экожүйедегі сенім деңгейінің төмендеуі. Осылайша, Deepfake тек технологиялық құбылыс емес, сонымен қатар әлеуметтік және саяси феномен ретінде қарастырылуы тиіс. Журналистикадағы сенім - оның легитимділігінің негізгі факторы. Алайда Deepfake және басқа да ЖИ негізіндегі манипулятивті құралдардың таралуы бұл сенімді әлсіретуде. Қазіргі жағдайда журналистер тек ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар оның шынайылығын тексеруші және түсіндіруші рөлін атқаруы тиіс. Бұл кәсіби стандарттардың қайта қаралуын талап етеді. Медиа этика жаңа талаптарға сәйкес келуі үшін цифрлық верификация әдістерін енгізу, ашықтық пен жауапкершілікті арттыру, аудиторияның медиасауаттылығын дамыту секілді бағыттарда дамуы қажет. Бұл шаралар ақпараттық кеңістіктегі сенімді қалпына келтіруге ықпал етеді. Жалпы жасанды интеллекттің журналистиканың табиғатына түбегейлі өзгеріс енгізуі салдарынан журналист мамандығының функциялары күрделеніп барады. Журналист тек мәтін жазушы емес, деректер талдаушысы, технологиялық құралдарды меңгерген маманға айналады. Сондай-ақ, фактчекинг пен верификация процестері журналистиканың негізгі компонентіне айналады және адам мен жасанды интеллект арасындағы ынтымақтастық жаңа гибридті модельдерді қалыптастырады. Дегенмен, технологиялық прогресс кәсіби этикамен үйлеспесе, журналистика өзінің қоғамдық миссиясын жоғалту қаупіне ұшырайды. Жасанды интеллект және Deepfake технологиялары журналистиканың даму траекториясын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып отыр. Олар медиа өндірісінің тиімділігін арттырғанымен, ақпараттың сенімділігіне қатысты жаңа сын-қатерлер туындатады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, журналистиканың болашағы технологиялық инновациялар мен этикалық жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тікелей байланысты. Осы тепе-теңдікті қамтамасыз ету медиа саласының тұрақты дамуының басты шарты болып табылады.

Жасанды интеллекттің қолданылуы журналистиканың өндірістік циклін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, автоматтандырылған мәтін генерациясы қаржылық есептер, спорт нәтижелері және жедел жаңалықтар сияқты құрылымдалған деректерге негізделген контентті жылдам жасауға жағдай жасайды. Бұл журналистердің аналитикалық және зерттеу жұмыстарына көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік береді. Екіншіден, ЖИ үлкен деректерді өңдеу арқылы трендтерді анықтап, қоғамдық пікірдің динамикасын талдауға көмектеседі. Бұл деректер журналистикасының дамуына серпін береді. Үшіншіден, алгоритмдер аудиторияның қызығушылығына сәйкес контент ұсыну арқылы медианың тұтынушымен байланысын күшейтеді. Алайда, бұл үрдістер редакциялық тәуелсіздікке және ақпараттың бейтараптығына әсер етуі мүмкін екенін ескеру қажет. Deepfake технологиясы генеративті қарсылас желілер (GAN) негізінде жұмыс істейді және шынайы визуалды әрі аудиоматериалдар жасауға қабілетті. Оның даму қарқыны ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін жаңа деңгейге көтерді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Граф Миасский, «Искусственный интеллект и будущее человечества», 2025
2. Е. А. Волкова, Искуственный интеллект в журналистике: Исторический опыт использования платформ H eliograph и Wordsmith
3. Цифровая чернильница, ИИ- журналистика: От новостей до лонгридов с проверкой фактов, 2025
4. Юрий Гандрабура, Что будет с журналистикой в эпоху искусственного интеллекта? Узнайте мнение эксперта!, TechInsider сайты, 2025
https://www.techinsider.ru/popmem/1673945 - chto - budet- s -jurnalistikoi- v- epohu - iskusstvennogo - intellekta- uznaite- mnenie- eksperta/

УДК 327:339(5-015+560)

CENTRAL ASIA AND TURKEY IN THE ERA OF GLOBALIZATION AND REGIONAL INTEGRATION

Amangeldina A.M.,
Amangeldina, first-year master's student
at Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov
Sapanov S. Zh.,
S. Zh .Sapanov, Doctor of Historical Sciences,
Professor of Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov

Before determining the geopolitical, geoeconomic, and geostrategic place of Turkey in the new geopolitics of Central Asia, we must first delve into the theoretical and methodological foundations of the general globalization process and regional development issues.

The term "globalization" was first introduced by Theodore Levitt, a professor at Harvard Business School, in his article "The Globalization of Markets" published in the Harvard Business Review. By this term, he meant the integration of world markets through the new forms of activity of enterprises, called «global firms». In his opinion, globalization and technology are becoming the main factors determining international relations [1].

The term "globalization" began to be used in the mid-1980s to describe the explosive movement of capital and the integration of financial markets, as a result of the rapid development of new technologies in the field of information and communication. In the 1980s, the concept of globalization was used exclusively in relation to the economic and financial spheres.

In the last decade of the 20th century, political processes associated with the end of the Cold War, massive environmental threats, and increasing economic interdependence led to the greatest expansion of the phenomenon of «globalization», giving it not only an economic, but also a political, historical, geographical, and cultural character.

In the French scientific school, the concept of «Globalization» has two meanings: «La mondialisation» means peace, and «La globalisation» means globalization. In this case, the concept of «globalization» refers to a broad global process - globalization, including economic and financial aspects.

The French dictionary «Mondialization» edited by Pascal Lorot defines the concept as follows: «mondialization means a stage of unhindered global development. In it, everything is within reach, everything is closely interconnected, as a result of which interdependence and cooperation increase. This is the state of our country since the 70s, especially in the 80s. Mondialization, as it is seen, is the end of internationalization / covering only a part of countries and spheres of activity / and differs from globalization / which, in addition to eliminating barriers and advantages, leads to their elimination in the concept of time with the help of information technologies» [2].

In the conditions of modern globalization, the need to master new dimensions of space and time is becoming increasingly evident. The growing importance of new information technologies, their coverage of new fields and world regions, is a process of «condensing» the world.

Therefore, what is the meaning of this process, which belongs to the destiny of human civilization in general and to modern civilization?

XVIII ғасырдың 70-80-жылдарында Кіші жүздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай күрделі дағдарысқа ұшырады. Негізгі мәселе жер таршылығы болды. Ресей империясының отаршылдық саясаты нәтижесінде Жайық (Орал) өзенінің бойындағы құнарлы жайылымдарды Орал казак әскерлері басып алды. Патша үкіметі 1782 жылғы жарлығымен қазақтарға Жайықтың оң жағалауына (ішкі жаққа) өтуге қатаң тыйым салды, тек қыс мезгілінде уақытша жалға алу арқылы ғана рұқсат етті. Орал казактары бұл жарлықты өз мүддесіне пайдаланып, қазақтарға жер жалға беруге тыйым салды және шекаралық күзетті күшейтті. Бұл шектеу мал шаруашылығының негізгі көзі болып табылатын көшпелі қазақтар үшін ауыр соққы болды [1].

Орал казактары қазақ ауылдарына дүркін-дүркін шабуыл жасап, мал-мүлікті айдап әкетіп, адамдарға зорлық-зомбылық көрсетті. 1782–1783 жылдың қысында ғана казактар қазақтардың 4000-нан астам жылқысын күшпен тартып алғаны туралы мәліметтер сақталған. Жайылымдардың жетіспеушілігі салдарынан мал шаруашылығының дағдарысы тереңдеді: мал басы қысқарды, жұт жылдары халықтың жағдайы мүлдем ауырлады. Сонымен қатар, алым-салықтың өсуі халықтың наразылығын күшейтті. Нұралы хан жайылым жерлерді өз қалауынша бөліп, заңда қарастырылмаған қосымша салықтар салды, бұл шаруалардың экономикалық жағдайын одан әрі нашарлатты [2].

Хандық биліктің әлсіреуі көтерілістің ішкі әлеуметтік алғышарттарының бірі болды. 1748–1786 жылдары билік құрған Нұралы хан Ресей үкіметінен жыл сайын жалақы алып, патша саясатын қолдады. Оның сарайындағы ақсүйектер (сұлтандар мен төңірегіндегілер) халықтың мұң-мұқтажына көңіл бөлмей, өз мүдделерін ғана көздеді. Нұралы ханның беделі жыл өткен сайын төмендеді, ал ақсүйектер мен қарапайым шаруалар (қарапайым көшпелі халық) арасындағы қайшылықтар шиеленісті. Шаруалар хан мен сұлтандардың озбырлығына, жерді әділетсіз бөлуге қарсы шықты. Бұл қайшылықтар көтерілістің әлеуметтік базасын кеңейтті: көтерілісшілердің қатарында қарапайым шаруалармен қатар, ықпалды старшындар, билер және батырлар болды [3].

Патша үкіметінің «бөліп ал да, билей бер» саясаты экономикалық зардаптарды күшейтті. Ресей әкімшілігі (И.И. Неплюевтің идеясы бойынша) қазақ қоғамын ішінен ыдырату үшін хандық билік пен ру басшылары арасында алауыздық тудырды, қазақтарды Жайықтан өткізбей, олардың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін бұзды. Бұл саясат нәтижесінде Кіші жүздің экономикасы (мал шаруашылығы мен сауда) дағдарысқа ұшырады, халықтың әлеуметтік-экономикалық тәуелсіздігі шектелді. Патша әкімшілігі мен Орал казактарының озбырлығы халықтың наразылығын шарықтатып, 1783 жылы Сырым Датұлы бастаған көтерілістің тікелей себептеріне айналды [4].

Осылайша, XVIII ғасырдың 70-80-жылдарындағы Кіші жүздегі әлеуметтік-экономикалық алғышарттар отаршылдық езгінің, жер мәселесінің шиеленісуінің және хандық биліктің дағдарысының нәтижесі болды. Бұл факторлар халықтың ұлт-азаттық күресіне негіз қалады.

Көтерілістің барысы және Кіші жүздегі әлеуметтік өзгерістер

Сырым Датұлы бастаған көтеріліс 1783–1797 жылдар аралығында үш негізгі кезеңнен өтті. Бірінші кезең (1783–1787 жж.) — көтерілістің басталуы және күшейуі. 1783 жылдың күзінде Сырым Датұлы Орал казак әскерлерімен ашық күреске шықты. 1784 жылы маусымда кескілескен ұрыстар басталды, қараша айында Сағыз өзені бойында оның жасағы 1000 адамға

жетті. 1785 жылы көктемде көтерілісшілер күресін кеңейтті, Сырымның қол астында 2700, Барақ батырда 2000, Тіленші батырда 1500 адамдық жасақтар болды. Көтерілісшілер Орал бекінісіне, Гирьяль, Елек қалашығына шабуыл жасады [1].

Екінші кезең (1787–1792 жж.) — уақытша бәсеңдеу және қайта өршу. Патша үкіметі жазалаушы әскер жіберді, көтерілісшілер партизандық соғысқа көшті. Бұл кезеңде старшындар мен билердің рөлі күшейді, 1785 жылы Кіші жүздің 21 руынан 55 би мен батыр Нұралы ханды тақтан түсіруді талап еткен хат жазды. Үшінші кезең (1792–1797 жж.) — соңғы күрес және жеңілу. 1792 жылдың күзінде көтерілісшілер Елек қалашығына шабуыл жасады, бірақ нәтиже шықпады. 1797 жылы Сырым Датұлы Хиуаға қашуға мәжбүр болды, көтеріліс басылды [2].

Көтерілістің әлеуметтік құрамы кең болды. Басты қозғаушы күш — қарапайым қазақ шаруалары (көшпелі халық). Оларға патша үкіметінің қысымына шыдамаған старшындар, билер, ру басшылары және батырлар белсенді қосылды. Көтеріліске Кіші жүздің барлық дерлік рулары (байбақты, табын, шекті, кете, шеркес т.б.) қатысты. Кейбір сұлтандар (мысалы, Жантөре сұлтан) да көтеріліс жағында болды. Старшындар Барақ, Тіленші, Оразбай көтерілістің ұйымдастырушылары ретінде маңызды рөл атқарды [5].

Сырым Датұлы көтеріліс барысында бірқатар маңызды ұсыныстар жасады. Ол хандық билікті әлсірету немесе мүлдем жоюды жақтады, билікті билер кеңесіне (старшындар мен билердің жиналысына) беру керек деп есептеді. Сонымен қатар, халық жиналыстарын өткізуді және Кіші жүзді үш округтік басқару жүйесі бойынша басқаруды ұсынды. Бұл ұсыныстар хандық биліктің орталықтандырылған үлгісінен бас тартып, рулық-демократиялық басқару элементтерін енгізуге бағытталды. Игельстром реформасы кезінде старшындар кеңесі құрылды, оған Сырым Датұлы да кірді [7].

Көтеріліс әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Рулық бірлестіктер нығайды, хандық биліктің дағдарысы тереңдеді (Нұралы ханның беделі түсті, кейін хандық билік әлсіреді). Жаңа саяси субъектілер пайда болды — старшындар кеңесі және билер жиналыстары, олар халықтың мүддесін білдіруші органға айналды. Көтеріліс хан мен сұлтандардың абсолюттік билігін шектеп, старшындар мен билердің әлеуметтік-саяси рөлін арттырды. Бұл өзгерістер кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарға (Кенесары көтерілісі т.б.) негіз болды [6].

Осылайша, көтеріліс барысы Кіші жүзде тек саяси емес, әлеуметтік құрылымның өзгеруіне де ықпал етті, рулық демократия элементтерін күшейтті және отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа формаларын қалыптастырды.

Экономикалық өзгерістер және олардың тарихи маңызы

Сырым Датұлы бастаған көтеріліс Кіші жүздегі жер мәселесінде маңызды өзгерістерге әкелді. Көтеріліс барысында қазақтардың дәстүрлі көші-қон жолдарының бір бөлігі қалпына келтірілді. Орал казак әскерлерінің шабуылдары уақытша тоқтатылды, ал Жайық (Орал) өзенінің оң жағалауындағы (ішкі жақ) жайылымдарды пайдалануға ішінара рұқсат етілді. Көтерілісшілердің талабы бойынша старшындар мен билер Жайық пен Еділ арасындағы қысқы жайылымдарды кеңейту және бос жатқан жерлерді жалға алу тәртібін жеңілдету мәселесін көтерді. Нәтижесінде генерал-губернатор О.А. Игельстром бос жатқан жайылымдар үшін ақы төлеу тәртібін ішінара жойды. Бұл өзгеріс мал шаруашылығы үшін маңызды жеңілдік болды, дегенмен толық шешім табылмады [1].

Мал шаруашылығы мен сауда-саттықта да белгілі бір өзгерістер байқалды. Жайылымдардың бір бөлігінің қайтарылуы мал басының уақытша тұрақтануына және өсуіне мүмкіндік жасады. Көтеріліс экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысты күшейтті: қазақ шаруалары отаршылдық шектеулерден құтылуға және дәстүрлі шаруашылық жүйесін сақтауға тырысты. Сауда-саттықта да ішінара жеңілдіктер болды, өйткені казақтардың шабуылдары азайған кезеңде көшпелі сауда жанданды. Дегенмен, бұл өзгерістер уақытша сипатта болды және отаршылдық саясаттың жалғасуымен қайта шектелді [6].

Көтеріліс Ресейдің отаршылдық саясатына тікелей ықпал етті. Барон О.А. Игельстромның реформасы (Игельстром реформасы) ішінара жүзеге асты: хандық билік

әлсіреді, Нұралы ханның беделі түсті, ал Кіші жүзде хан сайлауын тоқтатып, шекаралық сот және старшындар кеңесін құру ұсынылды. Сырым Датұлы бұл реформаның кейбір тұстарын қолдады, өйткені ол хандық билікті әлсіретуге және ру басшыларының рөлін күшейтуге бағытталған еді. Көтеріліс патша үкіметін Кіші жүздегі әкімшілік басқаруды қайта қарауға мәжбүр етті, бірақ отаршылдықтың негізгі мақсаттары өзгерген жоқ [3].

Ұзақ мерзімді салдарлары тұрғысынан көтеріліс Кіші жүздегі феодалдық-отарлық жүйенің ішкі қайшылықтарын күшейтті. Жер мәселесі толық шешілмесе де, халықтың отаршылдыққа қарсы күрес тәжірибесі байыды. Көтеріліс қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің алғашқы ірі толқыны ретінде кейінгі қозғалыстарға, әсіресе Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске (1837–1847 жж.) идеологиялық және ұйымдастырушылық негіз болды. Ол рулық бірлестіктердің нығаюына, хандық биліктің дағдарысына және жаңа саяси формалардың (старшындар кеңесі, халық жиналыстары) пайда болуына ықпал етті. Тарихи маңызы зор: көтеріліс қазақтардың жер үшін күресін жалғастыруға және отаршылдыққа қарсы ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына үлес қосты [7].

Осылайша, Сырым Датұлы көтерілісі экономикалық өзгерістер арқылы Кіші жүздің әлеуметтік-экономикалық өмірін уақытша жеңілдетіп, ұзақ мерзімде қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының дамуына негіз қалады.

Қорытынды

Сырым Датұлы бастаған 1783–1797 жылдардағы Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі қазақ тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Көтеріліс ұлт-азаттық күрестің алғашқы ірі толқыны ретінде ерекшеленеді. Ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халықтық қозғалыс болды және қазақ халқының жер үшін, дәстүрлі шаруашылық жүйесін сақтау үшін күресінің бастамасына айналды.

Көтерілістің негізгі тарихи маңызы әлеуметтік-экономикалық реформалардың бастамасы ретінде. Көтеріліс барысында жер мәселесі ішінара шешілді, Орал казактарының шабуылдары уақытша тоқтатылды, старшындар мен билердің рөлі күшейді, хандық биліктің дағдарысы тереңдеді. Сырым Датұлының ұсыныстары (хандық билікті әлсірету, старшындар кеңесін құру, үш округтік басқару жүйесі) қазақ қоғамында жаңа саяси-социалдық элементтердің пайда болуына ықпал етті. Рулық бірлестіктердің нығаюына және халықтың отаршылдыққа қарсы сана-сезімінің қалыптасуына үлес қосты. Кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарға, әсіресе Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске идеологиялық және ұйымдастырушылық негіз болды.

Зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, көтеріліс Кіші жүздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды уақытша жеңілдетіп қана қоймай, ұзақ мерзімде қазақтың ұлттық күресінің дамуына негіз қалады. Ол феодалдық-отарлық жүйенің ішкі қайшылықтарын күшейтті және қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің үздіксіздігін дәлелдеді.

Қазіргі ұлттық тарихнамада Сырым Датұлы көтерілісі отаршылдыққа қарсы күрестің маңызды кезеңі ретінде жоғары бағаланады. Дегенмен, зерттеудің болашақ бағыттары әлі де бар: архивтік деректерді (орыс және қазақ мұрағаттарын) тереңдетіп зерттеу, көтерілістің экономикалық салдарларын сандық талдау, сондай-ақ Сырым Датұлының шешендік және саяси мұрасын кешенді зерттеу қажет. Бұл жұмыстар көтерілістің тарихи орнын одан әрі нақтылауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс қазақ халқының ұлттық рухын нығайтып, отаршылдыққа қарсы күрестің жарқын үлгісі болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сырым Датұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы [Электрондық ресурс] // Қазақша Википедия. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Сырым_Датұлы_бастаған_қазақтардың_ұлт-азаттық_қозғалысы (қаралған күні: 01.04.2026).

2 Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1783–1797 жж.) [Электрондық ресурс] // e-history.kz. – URL: https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8730 (қаралған күні: 01.04.2026).

3 Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының 1783–1797 жылдардағы көтерілісі [Электрондық ресурс] // itest.kz. – URL: https://itest.kz/kz/attestation/qazaqstan-tarihy-4148/viii-tarau-qazaqstan-resej-imperiyasynyng-quramynda-otarlau-zhane-ult-azattyq-kures/lecture/syrym-datuly-bastahan-kishi-zhuz-qazaqtarynyng-1783-1797-zhyldardahy-koterilisi (қаралған күні: 01.04.2026).

4 1783–1797 жж. Сырым Датұлы көтерілісі: Кіші жүздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі өзгерістер [Электрондық ресурс] // stud.kz. – URL: https://stud.kz/referat/show/86184 (қаралған күні: 01.04.2026).

5 Сырым Датұлы [Электрондық ресурс] // Қазақша Википедия. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Сырым_Датұлы (қаралған күні: 01.04.2026).

6 On The Uprising Led by Syrym Datuly // e-history.kz (ағылшынша). URL: https://e-history.kz/en/news/show/7148

7 Revolt of Kazakhs Younger clan under Srym Datov's leadership (1783–1797) // e-history.kz. URL: https://e-history.kz/en/history-of-kazakhstan/show/9572

ӘОЖ 070.453

ҰЛЫ ДАЛА ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІН ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ТҰРҒЫСЫНАН ЖҮЙЕЛЕУ

Жақсылықова Динара Төлеубекқызы
zhaksylykovaa03@mail.ru
«Тарихшы педагог » мамандығының 2-курс магистрі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Бердіғожин Л. Б.
«Қазақстан және дүние жүзі тарихы» кафедрасының
Тарих ғылымдарының докторы,қау.профессор,
Berdygozhin@mail.ru

Ұлы дала қыздарының адамгершілік пен батырлықтың бастауы: деректік негіздері

Қазақ – Ұлы даланың перзенті. Қазақ болмысы Ұлы даланың сан ғасырлық құндылықтарымен сабақтасып, өзінің тарихи тамырын тереңнен тартады. Біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың соңында Еуразия кеңістігінде көшпелі мал шаруашылығының орнығуы далалық қоғамның дамуында түбегейлі бетбұрыс жасады. Осы кезеңде қоғамдық қатынастар мен материалдық мәдениетте елеулі өзгерістер болып, Дала өркениетінің іргетасы қаланды. Өркениет ұғымы көбіне отырықшы егіншілік мәдениетімен, мемлекет, қала, жазу және мәдениет жүйесімен байланыстырылып қарастырылғанымен, Ұлы дала кеңістігінде соған ұқсас, бірақ өзіндік ерекшелігі бар өркениеттік үлгі қалыптасты. Оның басты айырмашылығы – табиғатпен үйлесімді өмір сүруі, адамды қоғамның негізгі тірегі ретінде тануы және ру-тайпалық құрылым арқылы қоғамдық тұтастықты сақтай білуі болды [1].

Ұлы дала құндылықтарының табиғаты географиялық ортамен тікелей байланысты болды. Көшпелі қоғам табиғатпен үндестікте өмір сүріп, қоршаған ортаны қорғаудың өзіндік қағидаларын ұстанды. Қазақ танымында жас шөпті жұлмау, суды ластамау, бұлақтың көзін ашу, аң-құсты орынсыз қырмау секілді ұстанымдар экологиялық мәдениеттің айқын көрінісі еді. Бұл – тек тіршілік дағдысы емес, дүниетанымдық жүйе болатын. Дала адамы табиғаттан күш-қуат алып, оны қастерлеген, жерін киелі мұра санаған. Сондықтан да Ұлы дала

өркениетінің тәжірибесі бүгінгі экологиялық дағдарыстар кезеңінде де теориялық әрі практикалық маңызы зор құндылық ретінде бағалануға тиіс [1].

Дала өркениетінің тағы бір маңызды ерекшелігі – ел мен жер арақатынасына қатысты ұстанымында. Отырықшы қоғамда «жер болса, ел табылады» қағидасы басым болса, көшпелі қоғамда, керісінше, «ел болса, жер табылады» деген түсінік орнықты. Бұл ұстаным көшпелі мемлекеттіліктің негізінде адам факторы тұрғанын көрсетеді. Ру-тайпалық жүйе қоғамдық және саяси дамудың діңгегіне айналып, туыстық байланыстар арқылы ел бірлігін нығайтты. Көшпелі қоғамда адамның құқығы, еркіндігі, ар-намысы тапталмай, басты құндылық ретінде қарастырылды [1].

Ұлы даладағы рухани өмірде ауыз әдебиеті ерекше орын алды. Ол есте сақтау қабілетін, шешендік өнерді, көркем ойлау жүйесін дамытты. Соның нәтижесінде батырлық эпостар мен лирикалық поэмалар кең тарады. Егер отырықшы өркениеттерде мұндай мұра ондап саналса, көшпелі қоғамда жүздеп кездеседі. Қазақ фольклорлық қорындағы бес жүзден астам мұра – осының айғағы. Сондықтан Ұлы дала құндылықтары Еуразия халықтарының рухани және материалдық қазынасына өлшеусіз үлес қосты.

Осы рухани-мәдени жүйеде Ұлы дала аруларының орны ерекше болды. Әйел заты тек отбасы ұйытқысы ғана емес, қажет кезде ел қорғаушы, саяси істерге араласушы, ақыл-парасат иесі ретінде де көрінді. Алайда жауынгер әйелдер, олардың тайпалық құрылымдағы орны, тарихи жорықтардағы қызметі сияқты мәселелер әлі де толық зерттеліп болған жоқ. Тәуелсіздік жылдары шетелдік деректерге қол жеткізу мүмкіндігі артқандықтан, қазақ этногенезі, мемлекеттілігі және көне тарихына қатысты іргелі еңбектер жарық көрді. Бұл бағытта О. Ысмағұлов, З. Қинаятұлы, Т. Смағұлұлы, Ж. Қасымбаев, И.В. Ерофеева, Б. Аяған, Х. Әбжанов, Б. Кәрібаев, Ә. Мұқтар және басқа да ғалымдардың еңбектері ұлттық тарихтың жаңа қырларын ашуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ К. Байпақов, З. Самашев, В.Ф. Зайберт, Ж. Таймағамбетов және басқа археологтардың зерттеулері көне дәуірдегі қоғамдық құрылым мен мәдениетті тереңірек тануға жол ашты.

Ұлы дала қыздарының адамгершілік пен батырлық бастауларын зерделеуде ежелгі грек және рим авторларының шығармаларында кездесетін «амазонкалар» туралы мәліметтердің маңызы зор. Бұл ұғым аңыз ба, әлде тарихи негізі бар құбылыс па деген мәселе ғылыми қызығушылық тудырып келеді. Геродот өзінің «Тарих» еңбегінде гректердің жауынгер әйелдермен – амазонкалармен соғысқанын айта келіп, скифтердің оларды «эорпата», яғни «еркектерді өлтірушілер» деп атағанын жазады [2]. Бұл жерде бірнеше жайт назар аудартады: біріншіден, гректер көрші көшпелі тайпалардың барлығын шартты түрде «скифтер» деп атаған; екіншіден, сақтар мен кейінгі түркі жұрттарының тарихи сабақтастығы; үшіншіден, «эорпата» атауының түбірлік мағынасы сақ-скиф тілдік ортасымен байланысты болуы мүмкін [3].

Амазонкалар туралы ең көне мәліметтердің бірі Гомердің «Илиадасында» ұшырасады. Онда «еркектей ержүрек амазонкалар» туралы айтылады [4]. Бұл олардың бейнесі тым ертедегі аналық дәуір ұғымдарымен сабақтас екенін көрсетеді. Ежелгі дүниенің қолөнер туындыларындағы амазонкалардың сыртқы кескіні де ерекше назар аудартады: олар ат үстінде бейнеленген, киімдері көшпелі өмір салтына тән – теріден не тоқымадан жасалған шалбар, белі буылған кеудеше, шошақ бас киім, садақ, найза, қорамсақ секілді қару-жарақтармен көрсетіледі. Мұндай сипаттар сақ дәуірінің археологиялық жәдігерлерімен үндеседі [3].

Диодор Сицилийский де Скифиядағы әйелдердің ерлермен бірдей соғыс

өнерін меңгергенін, олардың ержүректік жағынан кем түспегенін жазады. Оның мәліметінше, кей кезеңдерде әйелдер патшалық билікке де келген және даңқты істер атқарған [5]. Бұл деректер кейінгі Томирис патшайым бейнесімен де астасады. Зерттеуші Ә. Шашаев амазонкалардың географиялық мекені мен тарихи негізін талдай отырып, олардың Каспий маңы, Дон, Азов теңізі және Қара теңіз жағалауларын қамтыған ұлан-ғайыр дала белдеуіндегі сақ-скиф қауымдарымен байланысты екенін көрсетеді [3]. Демек, амазонкалар туралы аңыздардың ар жағында шынайы тарихи-этникалық негіз жатқан болуы ықтимал.

Қытай тарихшысы Су Бихай да сақ әйелдерінің қоғамдық орны жоғары болғанын атап өтеді. Оның көрсетуінше, сақ әйелдері ерлермен бірге әлеуметтік істерге араласып қана қоймай, атқа мініп, соғысқа да қатысқан. Ол грек авторларының сақ әйелдерін нағыз батыр, ерлерден кем түспейтін жауынгерлер ретінде сипаттағанын келтіреді [6]. Бұл – Ұлы дала әйелдерінің жауынгерлік рухы жайлы мәліметтердің тек мифологиялық емес, тарихи деректік негізі де бар екенін айғақтайды.

Осы жауынгерлік әйел бейнесінің нақты тарихи көрінісін Томирис патшайым тұлғасынан көруге болады. Томирис туралы деректер сақ қоғамында әйелдің саяси билікке де, әскери көшбасшылыққа да қабілетті болғанын дәлелдейді. Парсы патшасы Кирмен болған тарихи қақтығыс барысында Томирис тек ел тәуелсіздігін қорғаушы ғана емес, өз халқының рухын көтерген қайраткер ретінде танылады. Аңыз бойынша, Кирдің айлакерлікпен жасаған әрекеті нәтижесінде Томиристің ұлы қаза тапқан соң, ол сақ жасақтарын бастап, шешуші шайқаста парсы әскерін талқандап, Кирдің өзін де жеңеді. Осылайша Томирис бейнесі Ұлы даладағы аналық ерлік пен отаншылдықтың символына айналды.

Жалпы алғанда, түркі-қазақ дүниетанымында жауынгер әйел образы эпикалық дәстүрде де кең сақталған. «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы Бәрік жырында болашақ жарын өзінен бұрын жауға шабатын, ерлікке сай қыз ретінде елестетуі – әйелдің батырлық сипатының мойындалуының айғағы. Сол сияқты «Алпамыс батырдағы» Гүлбаршын, «Қамбар батырдағы» Назым, «Қобыланды батырдағы» Құртқа бейнелері де ақыл-парасаты мен қайраты қатар суреттелетін тұлғалар [7]. Бұл әйел образының тек отбасы шеңберімен шектелмей, қоғамдық және рухани кеңістікте жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік мәртебесі саяси билік пен ел басқару ісінде, жауынгерлік пен отаншылдық рухта, даналық пен парасаттылықта, отбасылық адалдық пен ар тазалығында, білімге ұмтылу мен еңбекқорлықта айқын көрінді [8]. Бұл үрдіс сақ дәуіріндегі Томиристен бастап, қазақ қоғамындағы «Әжелер институтына» дейін жалғасып жатты. Қарт аналар ұрпақ тәрбиесінде, отбасылық дәстүр сабақтастығында, моральдық нормаларды сақтауда шешуші рөл атқарды. Жаугершілік замандарда әке тәрбиесінің орнын ата мен әже басқаны да белгілі.

Сонымен бірге қазақтың ауыз әдебиеті мен фольклорында әйел даналығы айрықша бағаланған. Жиренше шешен туралы аңыздардағы Қарашаштың тапқырлығы, «Қыз бен жігіт» айтыстарындағы қыздардың ақындық бәсекеге тең түсуі, «Шал мен кемпір» айтысындағы әйел сөзінің салмақтылығы – қазақ қоғамында әйел парасатының жоғары бағаланғанын дәлелдейді. Бұлардың рухани түп-тамыры арғытүркілік дүниетанымдағы Ұмай ана бейнесімен де сабақтасады. Ұмай ана – жердің, тіршіліктің, ұрпақтың қамқоршысы ретіндегі киелі ұғым.

Қазақ қоғамында әйелдің ер азаматтың «ыңғайына жығылуы» көбіне үстірт түсіндіріледі. Шын мәнінде бұл – кемсітудің емес, отбасы тұтастығын, береке-бірлікті сақтаудың бір көрінісі. Мұнда әйелдің сабырлылығы, ақылдылығы, ішкі парасаты жоғары бағаланған. «Қорқыт ата кітабындағы» Дірсе ханның жұбайына арнаған «басымның бақыты, үйімнің тақыты» деген сөздері де әйелге деген құрметтің тереңдігін аңғартады [7].

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлы дала қыздарының батырлық және адамгершілік бейнесін зерттеу – тек тарихи мәселе ғана емес, ұлттық сананы жаңғыртудың маңызды бағыты. Бұл өткеннің көмескі тұстарын ашып, тарихи жадыны жаңғыртуға, ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғам игілігіне жаратуға мүмкіндік береді. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – ел дамуының кепілі [9]. Демек, Ұлы дала аруларының тарихи рөлі мен рухани болмысын жаңаша пайымдау – тәуелсіз Қазақстанның мәдени-рухани жаңғыруының маңызды құрамдас бөлігі.

Қорыта айтқанда, Ұлы дала тарихында ерлермен қатар атқа қонып, найза ұстап, ел қорғаған арулар аз болмаған. Тұмар мен Зарина патшайымдардан бастап, Бопай, Айханым, Айтолқын секілді тұлғаларға, бертіндегі Әлия, Мәншүк, Хиуаз, Ләззат сынды қаһарман қыздарға дейін жалғасатын тарихи сабақтастық қазақ әйелінің бойындағы отаншылдық, тектілік, батырлық қасиеттердің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғанын көрсетеді. Сондықтан Ұлы дала қыздарының адамгершілік пен батырлық бастауларын зерттеу – халқымыздың

рухани тарихын терең түсінудің, әйел мәртебесін ұлттық өркениет аясында бағалаудың маңызды ғылыми бағыты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көмеков Б. Е. Ұлы дала құндылықтары жайлы // Ұлы дала тарихы: көне дәуірден қазіргі заманға дейін: Халықаралық Еуразиялық форумының материалдары. 1-том / жалпы ред. басқарған Е.Б. Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – 5 б.
2. Геродот. Тарих.
3. Шашаев Ә. Қ. Ежелгі деректердегі «Ер апалар» туралы тарихи мәліметтер // Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – 2019. – 96 б.
4. Гомер. Илиада / ежелгі грек тілінен ауд. Н. Гнедич. – Алма-Ата: Мектеп, 1986. – 640 б.
5. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 3 / қазақ тіліне ауд. Г. Мұхаметқалиқызы, К. Ахметов. – Алматы, 2008. – 584 б.
6. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2001. – 552 б.
7. Қорқыт Ата кітабы / түркі тілінен ауд. Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 51 б.
8. Аташ Б. М., Тлеукенова Ж. С. Қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік мәртебесі мен орны // Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – 2019. – 26 б.
9. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.

УДК 316

РАЗВИТИЕ ЖЕНСКОГО СПОРТА В МИРЕ

Жаракулова Анжела Ергеновна
Anjifox04@gmail.com
Студент 1 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка»
Костанайский региональный университет им.А.Байтурсынулы
г.Костанай. Республика Казахстан
Научный руководитель, Кенжекиев Мурат Сабырович, старший преподаватель

Аннотация. В данной статье рассматривается развитие женского спорта в мире, его исторические этапы и современные тенденции. Анализируются основные проблемы и барьеры, с которыми сталкиваются женщины в спортивной сфере, а также роль международных организаций в продвижении гендерного равенства. Особое внимание уделяется популяризации женского спорта и его значению в современном обществе.

Ключевые слова: женский спорт, гендерное равенство, развитие спорта, международные организации, общество

Введение

В течение последних десятилетий трансформация женского спорта превратилась в одну из приоритетных тем для междисциплинарных изысканий на стыке социологии, культурологии и гендерной политики. Степень вовлеченности женщин в профессиональную атлетику сегодня служит индикатором социальной зрелости государства и его приверженности принципам равноправия. Несмотря на то что исторические корни женской физической активности уходят в глубокую древность, системные социокультурные ограничения долгое время блокировали интеграцию женщин в спорт высших достижений.

На сегодняшний день актуальность данной темы продиктована тем, что достижение гендерного баланса в спортивной индустрии признано глобальным стратегическим вектором развития для большинства стран. Крупнейшие институции, включая МОК, FIFA и структуры ООН, официально закрепили поддержку женских дисциплин в своих программных документах. Интенсивное развитие профессиональных лиг и качественное улучшение медийного сопровождения женских соревнований подтверждают необходимость глубокого научного анализа этого феномена.

1. Теоретические основы женского спорта

История становления женского спорта представляет собой длительный процесс преодоления институциональных барьеров. В эпоху Античности доступ женщин к атлетическим играм был жестко регламентирован и носил исключительный характер. Средневековый период также характеризовался минимальной активностью женщин в этой сфере из-за доминирования религиозных догм и традиционных представлений о женской роли.

Коренной перелом произошел на рубеже XIX и XX веков под влиянием движения за эмансипацию. Знаковым событием стали Олимпийские игры 1900 года, где женщины впервые получили право на участие, хотя и в крайне ограниченном числе дисциплин. Лишь к завершению XX столетия удалось добиться масштабного расширения перечня женских видов спорта, что ознаменовало начало новой эры в мировой атлетике.

Фундаментальным препятствием на пути развития женского спорта долгое время оставались устойчивые гендерные стереотипы. Существовавшие мифы о «физической хрупкости» и потенциальном вреде нагрузок для женского организма десятилетиями искусственно сдерживали спортивный прогресс.

Помимо ментальных установок, развитие тормозилось специфическими культурными кодами ряда стран, а также хроническим дефицитом специализированной инфраструктуры и государственного финансирования.

Решающую роль в модернизации правового поля и распределении ресурсов играют такие структуры, как МОК, FIFA, ЮНЕСКО и UN Women. Деятельность этих организаций направлена не только на увеличение числа женских стартов, но и на разрушение патриархальных стереотипов, ограничивающих доступ к спорту.

Особое значение имеет работа ЮНЕСКО по закреплению физического воспитания как неотъемлемого права каждого человека, независимо от пола. В свою очередь, федерации, такие как FIFA, за последние 20 лет превратили женские дисциплины в одни из самых быстрорастущих сегментов спортивного рынка за счет целевых инвестиций в профессиональные клубы и академии.

2. Актуальное положение женского сегмента в мировом спорте

На современном этапе наиболее интенсивную динамику демонстрируют такие направления, как футбол, большой теннис, легкая атлетика, а также волейбол и единоборства. Особое место занимает женский футбол, который за два последних десятилетия трансформировался из нишевого увлечения в масштабную индустрию с многомиллионной аудиторией. Глобальные лидеры мнений, такие как Меган Рапино и Алекс Морган, стали не просто атлетами, а значимыми фигурами в борьбе за социальную справедливость.

Теннис сохраняет статус одной из самых коммерчески успешных сфер для женщин, где спортсменки масштаба Иги Свёнтек или Наоми Осаки превращаются в мировые персональные бренды. Параллельно с этим наблюдается всплеск интереса к силовым видам — ММА и боксу, где успех таких бойцов, как Валентина Шевченко, окончательно развенчал миф о «неженственности» боевых искусств.

Цифровая революция и развитие социальных сетей лишили традиционные СМИ монополии на освещение спортивных событий. Платформы вроде TikTok и Instagram позволяют атлетам взаимодействовать с фанатами напрямую, что привлекает крупнейших спонсоров — Nike, Adidas и Visa. Тем не менее, проблема «гендерного разрыва» в доходах (gender pay gap) остается острой: бюджеты женских лиг все еще существенно уступают мужским, несмотря на стремительный рост охватов.

Одной из главных трудностей остается предвзятое отношение к внешнему облику спортсменок, когда эстетические критерии порой ценятся выше профессиональных достижений. В ряде регионов женщины до сих пор нуждаются в формальном одобрении семьи для занятий спортом. Также фиксируется дефицит качественной инфраструктуры и медицинских методик, учитывающих именно женскую физиологию, а не просто копирующих мужские стандарты тренировок.

3. Стратегические векторы и прогнозы развития

Социальные медиа стали мощным инструментом эмансипации, позволяя поднимать вопросы дискриминации и токсичной атмосферы в командах на глобальный уровень. Это создает «эффект ролевой модели»: видя успех профессионалов в сети, тысячи девушек мотивируются на начало собственной карьеры.

Опыт таких стран, как США (закон Title IX) и Великобритания (кампания «This Girl Can»), доказывает, что законодательное закрепление равных прав на финансирование ведет к лидерству на мировой арене. В Скандинавии равенство бюджетов для мужских и женских коллективов уже стало нормой, что способствует устойчивому развитию массового спорта.

Аналитики прогнозируют, что в ближайшее десятилетие темпы роста женского спорта опередят мужской сегмент за счет притока частных инвестиций и расширения рынков в Азии и Африке. Ожидается появление специализированных научных центров, которые сосредоточатся на изучении травматизма и восстановления именно женского организма.

Заключение

Подводя итог, можно констатировать, что женский спорт успешно преодолевает фазу «второстепенности». Несмотря на сохраняющиеся финансовые и культурные препятствия, синергия усилий международных институтов и цифровых технологий формирует новую реальность, где профессиональный успех женщины в спорте становится фундаментальной ценностью современного общества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Международный олимпийский комитет. Официальные материалы МОК. URL: https://www.wispainsighthub.org/insight/ioc-gender-equality-and-inclusion-progress-report-2021-2024?utm_source=chatgpt.com

2. FIFA. Доклады о развитии женского футбола. URL https://www.fifa.com/social-impact/womens-football

3. UNESCO. Гендерное равенство и спорт. URL https://www.unesco.org/en/gender-equality/women-sports?utm_source=chatgpt.com

4. The Women's Sport Foundation. Отчеты о состоянии женского спорта URL . https://www.womenssportsfoundation.org/wp-content/uploads/2025/08/2024-Olympic-and-Paralympic-Report-WSF.pdf?utm_source=chatgpt.com

5. World Athletics. История и развитие женских дисциплин. URL https://www.womenssportsfoundation.org/wp-content/uploads/2025/08/2024-Olympic-and-Paralympic-Report-WSF.pdf?utm_source=chatgpt.com

6. ООН Женщины. Гендерное равенство и спорт.

URL: https://www.unwomen.org/en/news/stories/2021/7/feature-women-in-sport

7. Council of Europe. Gender Equality in Sport.

URL: https://www.coe.int/en/web/sport/gender-equality

ӘОЖ 070

АЛГОРИТМДЕР ӘСЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ: АТЫРАУ ЖАСТАРЫНЫҢ АҚПАРАТ ТҰТЫНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ

Зейнуллаева Жанна Мақсұтқызы
zhannazeinullaeva@gmail.com
«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында әлеуметтік желілер адамдардың күнделікті өмірінде ақпарат алудың, қарым-қатынас жасаудың және өзіндік пікір қалыптастырудың негізгі алаңына айналды. Олар тек байланыс құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпаратты тарату, қоғамдық пікірге ықпал ету және жаңа білім мен дағдыларды игеру кеңістігі ретінде қызмет атқарады. Осы процестердің ортасында алгоритмдік жүйелер маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желілердегі алгоритмдер пайдаланушы әрекеттерін талдау арқылы контентті іріктеп, жеке ұсыныстар қалыптастырады. Мұндай жүйе пайдаланушының қарау уақыты, іздеу тарихы, лайк қоюы, сақтау және комментарий жазу сияқты әрекеттеріне негізделіп, оның қызығушылығына сай контентті анықтайды. Осылайша, әрбір қолданушыға арналған ақпараттық орта жеке түрде қалыптасады.

Мысалы, Instagram және TikTok платформаларында алгоритмдер пайдаланушының белгілі бір видеоны қанша уақыт көргенін немесе қайта қарағанын есепке алып, соған ұқсас контентті жиі ұсынады. Бұл механизм қолданушының платформада ұзақ уақыт болуына әсер етіп, ақпарат тұтыну әдетін өзгертеді.Алгоритмдік ұсыныстар тек жеке тәжірибені ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ақпараттық кеңістікті де қалыптастырады. Қандай ақпараттың кең таралатыны, қандай контенттің трендке айналатыны көбіне автоматтандырылған жүйелердің шешіміне байланысты. Соның нәтижесінде қазіргі ақпараттық күн тәртібін тек адамдар емес, алгоритмдік құрылымдар да реттейді.Сонымен қатар, алгоритмдердің ықпалы саяси коммуникация мен қоғамдық пікір қалыптастыру процесінде де байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желілердегі алгоритмдік басқару қазіргі цифрлық экожүйенің негізгі тетігі болып табылады. Ол пайдаланушы тәжірибесін жеңілдеткенімен, ақпаратты қабылдау мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізеді.Сондықтан алгоритмдердің жұмыс істеу принциптерін зерттеу медиа, коммуникация және цифрлық мәдениет салаларында маңызды бағыт болып саналады. Бұл білім цифрлық ортадағы ақпараттық қауіпсіздік, ашықтық және этикалық мәселелерді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі цифрлық кеңістікте әлеуметтік желілер ақпарат таратудағы басты арналардың біріне айналды. Алайда пайдаланушылар тұтынатын контент еркін таңдалмайды, ол арнайы алгоритмдер арқылы іріктеледі. Lodhi және әріптестері (2025) алгоритмдерді қолданушының онлайн әрекеттерін талдау арқылы контентті жекешелендіретін автоматтандырылған механизмдер ретінде сипаттайды. [1]

Бұл механизмдер пайдаланушының бұрынғы қызығушылықтарына сәйкес материалдарды алға шығарып, сәйкес келмейтін ақпаратты шектейді. Соның салдарынан адам шынайы ақпараттық әртүрлілікті емес, тек өзіне ыңғайлы көзқарастарды ғана көреді. Мұндай жағдай ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға кедергі келтіреді. [1]

Зерттеуде алгоритмдердің контентті сүзу қызметі «filter bubble» және «echo chamber» ұғымдарымен түсіндіріледі. Filter bubble пайдаланушының ақпараттық өрісін тарылтса, echo chamber бір пікірдің үздіксіз қайталануына әкеліп, сол пікірдің жалғыз дұрыс нұсқа ретінде

қабылдануына себеп болады.Алгоритмдердің әсерін түсіну деңгейі төмен болған жағдайда қолданушылар эмоциялық немесе сенсациялық контентті шынайы дерек ретінде қабылдауы мүмкін. Lodhi et al. (2025) мұндай жағдайдың жалған ақпараттың таралуын жылдамдататынын атап көрсетеді.Осыған байланысты алгоритмдік сауаттылық ұғымы ерекше маңызға ие. Алгоритмдік сауаттылық — пайдаланушының әлеуметтік желілердегі ақпараттың бейтарап емес, белгілі бір есептеу жүйелері арқылы ұсынылатынын түсіну қабілеті. Зерттеу нәтижелері алгоритмдік сауаттылығы жоғары студенттердің ақпаратты тексеруге және бірнеше дереккөзді салыстыруға бейім екенін көрсетті. [1]

Бұл қабілет латералды оқу стратегияларымен тығыз байланысты. Латералды оқу ақпараттың сенімділігін анықтау үшін бір дереккөзбен шектелмей, өзге платформалар мен сайттарды қатар қолдануды көздейді. Алгоритмдердің жұмыс принципін түсінетін студенттер мұндай стратегияны жиі қолданады.Осылайша әлеуметтік желі алгоритмдері ақпаратты қабылдау үдерісіне тікелей ықпал етеді және алгоритмдік сауаттылық медиасауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. [1]

Әлеуметтік желілер қазіргі замандағы ақпарат алмасу мен коммуникацияның негізгі құралдарының бірі болып табылады. Олар интернеттегі пайдаланушыларға ақпарат, идеялар, жеке хабарлар және мультимедиялық контент бөлісуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер тек жеке байланыстар үшін ғана емес, сонымен қатар білім алу, кәсіби байланыс, жаңалықтарды бақылау және әлеуметтік қауымдастықтарға қатысу үшін де қолданылады. Қазіргі қоғамда әлеуметтік желілердің рөлі айрықша артып, олардың даму тарихы, құрылымы және маңызы зерттеудің маңызды объектісі болып отыр. [2]

Әлеуметтік желілердің шығуы технологиялық дамумен тығыз байланысты. 1970 жылдардың басында электрондық пошта мен чат бағдарламалары пайдаланушыларға хабар алмасудың алғашқы құралдарын ұсынды. Дегенмен, интернет-қауымдастықтардың тұрақты түрінде қалыптасуы 1979 жылы құрылған USENET жүйесі арқылы жүзеге асты. USENET пайдаланушыларға тақырыптық топтар (newsgroups) бойынша хабарламалар жариялауға және алуға мүмкіндік берді. Бұл алғашқы кезеңде адамдар өз қызығушылықтары бойынша қауымдастықтар құра отырып, ақпарат алмасудың жаңа формасын енгізді. [2]

USENET-тің негізгі ерекшелігі – пайдаланушылардың өзекті тақырыптар бойынша пікір алмасуы мен тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік беруі болды. Бұл әлеуметтік желілердің болашағына алғашқы негіз қалаған, өйткені адамдар өзара байланысты жалпылама желі арқылы ғана емес, тақырыптық қауымдастықтар арқылы да орнататын болды. [2]

1990 жылдардың басында веб-браузерлердің пайда болуы әлеуметтік желілердің дамуына серпін берді. 1993 жылы Mosaic веб-браузерінің іске қосылуы талқылау форумдарының графикалық интерфейспен жұмыс жасауын қамтамасыз етті. Бұл пайдаланушыларға ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп, интернетті кең аудитория үшін қолжетімді етті. Осы кезеңде интернеттегі қатысу формалары тек мәтіндік хабарламалардан графикалық интерфейстер мен мультимедиялық материалдарға ауысты. [2]

Графикалық инерфейс интернетті жаңа деңгейге көтерді, себебі пайдаланушылар енді тек мәтін оқып қана қоймай, фотосурет, видео және басқа мультимедиа арқылы өз пікірін жеткізе алды. Бұл әлеуметтік желілердің аудиториясын едәуір кеңейтіп, олардың қоғамдағы рөлін күшейтті.Қазіргі әлеуметтік желілер пайдаланушыларға өз пікірін жариялау, пікірталастарға қатысу және ақпаратты жылдам тарату мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, олар қоғамдық пікір қалыптастыруда және білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашады, бұл әлеуметтік желілердің қоғамдағы маңызын арттырады. [2]

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер ақпарат алмасудың, білім беру мен кәсіби байланыстардың негізгі арнасына айналды. Олар ғаламдық коммуникацияны қамтамасыз етіп, онлайн қауымдастықтар құруға мүмкіндік береді. Дегенмен, әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану психологиялық әсерлерге, соның ішінде жалғыздық, уайым және депрессия сияқты жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Осы себептен қазіргі зерттеулер әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану жолдарын қарастырады және олардың қоғам мен жеке тұлғаға әсерін бағалауға бағытталған [2].

Цифрлық ортада ақпараттың сапасы әрқашан жоғары емес. Кез келген қолданушы контент жасап, оны кең аудиторияға тарата алады. Бұл ақпараттың шынайылығына әсер етіп, жалған немесе тексерілмеген мәліметтердің таралу қаупін күшейтеді. Соның нәтижесінде медиа сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларының маңызы арта түседі.Жастардың ақпарат тұтыну мәдениеті де өзгеріске ұшырауда. Әлеуметтік желілердің ықпалымен ақпаратты тез оқу, қысқа форматтағы контентті тұтыну және визуалды материалдарға көбірек сүйену үрдісі қалыптасқан. Бұл жағдай ұзақ әрі терең мәтіндерді оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне әсер етеді. [3]

Зерттеулер цифрлық форматтағы оқудың ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретінін, бірақ оның терең түсіну мен есте сақтауға әсері қағаз форматтағы оқуға қарағанда әлсіз болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ал қағаз кітап оқу зейінді тұрақтандырып, ақпаратты эмоционалды және терең қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық орта жастардың тілдік таңдауына да әсер етеді. Көптеген зерттеулер жастардың интернетте көбінесе орыс немесе ағылшын тіліндегі контентті тұтынатынын, ал ана тіліндегі контенттің үлесі салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. [3]

Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында өзекті зерттеу бағыты болып табылады. Жастар ақпаратты негізінен цифрлық орта арқылы, әлеуметтік желілер мен онлайн платформалардан алады. Ақпараттың жылдам таралуы олардың медиа кеңістіктегі мінез-құлқы мен ақпаратты қабылдау дағдыларының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан олардың ақпарат көздерін таңдау үрдісі сенімділік деңгейі мен контенттің қолжетімділігіне байланысты өзгеріп отырады. Бұл бөлімде Атырау жастарының ақпарат алу арналары, негізгі платформалары және ақпаратты тұтыну мәдениетінің ерекшеліктері қарастырылады.

Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі: сауалнама нәтижелерін талдау

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында жастардың ақпарат тұтыну мәдениеті мен медиа кеңістіктегі мінез-құлқы маңызды әлеуметтік зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Әсіресе, әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы ақпараттың таралу жылдамдығын арттырып қана қоймай, оны қабылдау, таңдау және сену механизмдеріне де елеулі өзгерістер енгізді. Осы тұрғыдан алғанда, Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшеліктерін анықтау өзекті болып саналады.

Аталған зерттеу аясында барлығы 60 респонденттен онлайн сауалнама алынды. Респонденттердің жас құрамы негізінен жастар тобын қамтиды. Нәтижеге сәйкес, қатысушылардың 46,7%-ы 16–18 жас аралығында, 43,4%-ы 19–21 жас аралығында, 6,7%-ы 22–25 жас аралығында, ал 3,3%-ы 26–30 жас аралығында екені анықталды. Бұл деректер зерттеу объектісінің басым бөлігі мектеп түлектері мен жоғары оқу орындарының бастапқы курс студенттері екенін көрсетеді, яғни ақпаратты қабылдау процесі әлі де қалыптасу кезеңіндегі аудитория басым.

Әлеуметтік медиа платформаларын пайдалану деңгейін талдау нәтижелері Атырау жастарының ақпарат алуда цифрлық платформаларға жоғары тәуелді екенін көрсетті. Респонденттердің 66,7%-ы Instagram желісін негізгі ақпарат көзі ретінде пайдаланатынын көрсетсе, 25%-ы TikTok платформасын, ал 5%-ы YouTube желісін таңдаған. Бұл көрсеткіштер визуалды және қысқа форматтағы контенттің жастар арасында басымдыққа ие екенін дәлелдейді. Instagram мен TikTok сияқты платформалардың алгоритмдік құрылымы пайдаланушыға жеке қызығушылығына сәйкес контент ұсынатындықтан, ақпараттың сүзгіленіп берілуі күшейеді және бұл медиа тұтыну моделін айтарлықтай өзгертеді.

Контент тұтыну ерекшеліктерін талдау барысында респонденттердің 36,7%-ы әлеуметтік желілерді негізінен көңіл көтеру мақсатында пайдаланатыны анықталды. Сонымен қатар 16,7%-ы жаңалықтар мен білім беру мазмұнына қызығушылық танытса, 8,3%-ы блогерлердің жеке контентін тұтынады. Ал 21,7%-ы басқа бағыттағы ақпараттарды қарайтынын көрсетті. Бұл нәтижелер жастар арасында рекреациялық (көңіл көтеру, ойын-сауықтық) контенттің басымдығын айқындай отырып, ақпараттық және білім беру мазмұнының салыстырмалы түрде төмен үлесін көрсетеді. Мұндай жағдай ақпаратты

тұтынудың прагматикалық емес, көбіне эмоционалдық және ойын-сауықтық сипатта қалыптасып отырғанын білдіреді.

Ақпарат көздерінің сенімділігіне қатысты деректер жастардың медиа сенім құрылымының трансформациясын көрсетеді. Респонденттердің 45%-ы әлеуметтік желілерді сенімді ақпарат көзі ретінде қабылдайтынын көрсетсе, 41,7%-ы ресми сайттарға сенім білдіреді. Ал жаңалық сайттарын 11,7%, теледидарды небәрі 1,6% ғана таңдаған. Бұл дәстүрлі медианың (теледидар, ресми жаңалық арналары) ықпалының төмендеп, цифрлық платформалардың жетекші орынға шыққанын білдіреді. Дегенмен ресми сайттарға деген сенімнің салыстырмалы түрде жоғары болуы ақпараттың шынайылығын тек ресми дереккөздермен тексеру үрдісінің сақталып отырғанын көрсетеді.

Ақпараттың шынайылығын тексеру деңгейін талдау нәтижелері ақпараттық сауаттылықтың орта деңгейде қалыптасқанын айғақтайды. Респонденттердің 58,3%-ы ақпаратты кейде тексеретінін, 23,3%-ы әрқашан тексеретінін, 11,7%-ы сирек тексеретінін, ал 6,7%-ы ешқашан тексермейтінін көрсеткен. Бұл деректер жастардың елеулі бөлігі ақпаратты автоматты түрде қабылдайтынын, ал фактчекинг дағдысы толық қалыптаспағанын білдіреді. Осыған байланысты жалған ақпараттың таралу қаупі мен манипуляциялық контенттің ықпалы жоғары болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Атырау жастарының ақпарат тұтыну моделі цифрлық платформаларға негізделгенін, визуалды және қысқа форматтағы контенттің басым екенін және ақпаратты қабылдау кезінде сенім мен тексеру деңгейінің әркелкі екенін көрсетті. Сонымен қатар, ақпараттық сауаттылықты арттыру және сыни ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігі айқындалады. Бұл өз кезегінде жастардың медиа кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшеліктері қазіргі цифрлық медиа кеңістіктің ықпалымен қалыптасып отырғанын көрсетті. Сауалнама деректері жастардың басым бөлігі ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы алатынын, олардың ішінде Instagram және TikTok платформалары жетекші орын алатынын айқындады. Бұл жағдай ақпараттың визуалды және қысқа форматта ұсынылуы жастар үшін неғұрлым қолайлы екенін дәлелдейді.Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жастардың ақпаратты тұтынуында көңіл көтеру мазмұнының басым екенін көрсетті. Бұл ақпаратты қабылдау мәдениетінің рекреациялық сипатқа бейімделгенін білдіреді. Дегенмен жаңалықтар мен білім беру контентіне деген қызығушылықтың да белгілі бір деңгейде сақталуы ақпараттық қажеттіліктің толық жойылмағанын аңғартады.Ақпарат көздеріне деген сенім құрылымын талдау нәтижелері дәстүрлі медианың ықпалының төмендеп, цифрлық платформалардың басымдыққа ие болғанын көрсетті. Алайда ресми сайттарға деген сенімнің салыстырмалы түрде жоғары болуы жастардың ақпаратты тексеру қажеттілігін ішінара түсінетінін білдіреді.Ақпараттың шынайылығын тексеру деңгейіне қатысты нәтижелер ақпараттық сауаттылықтың орта деңгейде екенін көрсетеді. Бұл жалған ақпаратқа сену және оны тарату қаупін арттыруы мүмкін факторлардың бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, Атырау жастарының ақпарат тұтыну ерекшелігі цифрлық ортаға бейімделген, жылдам әрі визуалды контентке негізделген модель ретінде сипатталады. Осыған байланысты ақпараттық сауаттылықты арттыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту және сенімді ақпарат көздерін қолдануды насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 1. Lodhi S., Ahmad R., Khan M., Rahman T. Algorithmic literacy and social media: understanding filtering mechanisms and misinformation exposure // Journal of Digital Media Studies. – 2025. – Vol. 12, No. 1. – P. 45–62.

2. 5] Britannica 2026 Social media Encyclopedia Britannica https://www.britannica.com/topic/social-media

3. Yessenbekova U. және т.б. The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth's Information Consumption and Reading Culture. 2025. ResearchGate. Қаралған күні 08.04.2026

ӘОЖ 821.512.143.09:811.512.143'37

ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ ГРАФИКАЛАРЫН УНИФИКАЦИЯЛАУДА PYTHON ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Каримбаева Аниса
karimbaevaanisa0@gmail.com
Филология және тілдерді оқыту: қарақалпақ тілі бағдарламасының 2-курс студенті
Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс қ., Өзбекстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент – Өтемісов А.

Қазіргі жаһандану және цифрлық технологиялар дәуірінде ұлттық тілдердің электронды базасын жасау және оларды түрлі графикаларда (латын және кирилл) унификациялау ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қарақалпақ тілі өзінің даму тарихында бірнеше графикалық өзгерістерді бастан кешірді. Қарақалпақ тілінің жазу тарихы бірнеше графикалық жүйелердің (араб, латын, кирилл) алмасуымен сипатталады, бұл бүгінгі таңда мәтіндік деректерді цифрлық унификациялауда өзіндік қиындықтар тудыруда. 1924 жылы реформаланған араб графикасы (30 әріп) тілдің ұлттық ерекшеліктерін бейнелегенімен, 1928-1940 жылдар аралығындағы бірінші латын графикасына өту кезеңі жазу жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерді бастап берді.

1940 жылдан бастап кирилл графикасына өту процесінде тілдің өзіндік дыбыстық ерекшеліктерін (ә, ө, ү) белгілеуде лингвистикалық конфликтілер пайда болды. Атап айтқанда, 1960 жылғы реформаға дейін бұл әріптер әліпби құрамына алынбай, олардың қызметі орыс тіліндегі «ь» (жіңішкелік белгісі) жәрдемімен (мысалы: *баҳарь, махаль*) жүзеге асырылды. Бұл жағдай мәтіндерді бүгінгі заманауи латын графикасына автоматты конвертациялауда алгоритмдік қарама-қайшылықтар тудырады, себебі «ь» белгісі әрқашан жіңішкелік қызметін атқармайды.

1993 жылдан бастап латын графикасына қайта өту процесі де бірнеше кезеңдік редакцияларды бастан кешірді:

1994-1995 жылдардағы редакция: Әліпбиге диграфтар (sh) мен үстіңгі белгісі бар әріптер (á, ǵ, ó, ú, ń) енгізілді.

2009 жылғы реформа: Әліпбиге «c» (ц) және «ch» (ч) әріптері қосылып, сөз басындағы «е, о, ó» әріптерінің алдына «у, w» әріптерін қосып жазу (*yertek, wol, wo'nim*) қабылданды. Бұл бағдарламалық код жазуда «символ-фонема» сәйкестігін қиындатты.

2016 жылғы реформа: Ең маңызды өзгерістердің бірі — апострофты белгілеуден (A'a', G'g') акут белгісіне (Áá, Ǵǵ) өту болды. Сондай-ақ, сөз басындағы «уе, wo» бірікпелері қайтадан «е, о» түріне өзгертілді.

Технологиялық тұрғыдан алғанда, бұл эволюция төмендегідей конфликтілерді тудырады:

- *Символдық амбиваленттілік:* Мәселен, 2009 жылғы мәтіндердегі «уе» бірікпесі мен 2016 жылғы мәтіндердегі «е» әрпін сәйкестендіру үшін көп сатылы иерархиялық алгоритм талап етіледі.
- *Диграфтар мәселесі:* «sh» бірікпесі екі бөлек дыбыстың (s+h) комбинациясы ма әлде бір фонема (ш) ма деген сұрақ Python-ның re модулі арқылы контекстік анализді қажет етеді.
- *Апостроф пен Акут:* Мәтіндік базаларда апостроф ('), акут (´) және тырнақша белгілерінің араласып кетуі іздеу жүйелерінің дәлдігін төмендетеді.

Осы мәселелерді шешу мақсатында әзірленген «Smart-Converter» жобасы тілдің осы тарихи және лингвистикалық қарама-қайшылықтарын бағдарламалық түрде унификациялауға бағытталған.

Қарақалпақ тілінің графикалық және фонетикалық жүйесі филолог ғалым А. Дәулетовтің еңбектерінде терең талданған [2]. Ғалым өз зерттеулерінде араб жазуының

үйренушілер үшін қиындықтарын, сонымен бірге кейінгі әліпби реформаларының әрқайсысының оң және теріс тұстарын көрсетіп өткен. А. Дәулетовтің фонетикалық зерттеулері біз әзірлеген фонемалық иерархия алгоритмінің лингвистикалық негізі болып табылды. Тілді компьютерлік унификациялау мәселесі болса, филология және IT салаларының қиылысында үйренілуде. Дәстүрлі методологияда мәтіндерді конвертациялау қарапайым символды алмастыру (string replacement) негізінде жүзеге асырылса, заманауи NLP (Natural Language Processing) бағытында бұл процесс мағыналық және фонемалық иерархия негізінде қарастырылуда. Django фреймворкы мен Python тілі мәтіндік деректермен жұмыс істеуде ең қолайлы және қауіпсіз құрал ретінде халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан танылған . [4, 3]

Заманауий лингвистикалық изертлеўлерде тилдиң сақланып қалыўы тек ғана оның жанлы сөйлеў тили болыўы менен емес, ал оның цифрлық ортадағы белсендилиги менен де өлшенеди. ЮНЕСКО-ның «Language Vitality and Endangerment» (2003) методологиясы тиллердиң өмиршеңлигин баҳалаўда 9 тийкарғы факторды усынады. Олардың ишинде «7-фактор: Жаңа тараўлар ҳәм медиаға бейимлесиў» (Response to New Domains and Media) бүгинги күнде ең әҳмийетли көрсеткишлердиң бирине айланды. [7]

Бул фактор тилдиң компьютерлик технологиялар, интернет ҳәм жасалма интеллект системаларында қаншелли дәрежедә қолланылып атырғанын баҳалайды. Егер тил цифрлық ортада (мәселән, конвертерлер, сөзликлер, NLP корпуслары) өз орнына ийе болмаса, ол «цифрлық өлим» (Digital Language Death) қәупине душар болады. Қарақалпақ тили ушын Python ҳәм Django технологиялары тийкарында «smart-converter» жаратыў — бул тек қана техникалық шешим емес, ал ЮНЕСКО-ның жоқарыдағы критерийлерине сай тилдиң цифрлық статусын нығайтыў бағдарындағы стратегиялық қәдем болып табылады.

Соны менен бирге, Андраш Корнай (András Kornai) сыяқлы лингвист-ғалымлардың пикиринше, тилдиң цифрлық өмиршеңлиги оның жазба формаларының унификацияланыўына тиккелей байланыслы. [5] Қарақалпақ тилиниң көп сатылы графикалық эволюциясы (араб, латын, кирилл) мәтиний мағлыўматлардың артықшаланыўына алып келди. Осы мүнәсибет пенен, Python-ның re модули жәрдеминде ислеп шығылған алгоритмлер тилдиң фонемалық иерархиясын сақлап қалыў арқалы цифрлық ресурслардың сапасын арттырыўға хызмет етеди.

Бүгінгі таңда ғылыми және ресми мәтіндердің екі әліпбиде (латын және кирилл) параллель қолданылуы автоматтандырылған «smart-конвертерлерге» деген сұраныстың арттыруда. Бірақ, қолданыстағы онлайн платформалар қарақалпақ тілі орфографиясының өзіне тән фонетикалық қасиеттерін, әсіресе көп символды әріптерді (sh, ch) және арнайы белгісі бар әріптерді (ó, ǵ, ń, ú) конвертациялауда қателіктер жіберуде. Қарапайым алгоритмдер мәтіндегі «sh» тіркесінің «s+h» дыбыстарының тізбегі ме, әлде біртұтас «ш» фонемасы ма екенін ажырата алмайды. Бұл тілдің цифрлық корпусын жасауда семантикалық және ортоэпиялық бұрмалануларға соқтырады. Осы уақытқа дейін қарақалпақ тілі үшін фонемалық иерархияға негізделген, Python және Django мүмкіндіктерін толық қолданған кәсіби платформа жасалмаған.

Бұл зерттеудің басты мақсаты — Python 3.10 және Django 4.2 фреймворкы негізінде қарақалпақ тілі мәтіндерін латын және кирилл графикалары арасында қатесіз конвертациялайтын «Smart-Converter» жүйесінің алгоритмін және прототипін жасап шығу. Жұмыс аясында Python тілінің re (Regular Expressions) модулі арқылы көп сатылы символды алмастыру иерархиясы әзірленеді. Бұл жүйе арқылы тілдің тек графикалық емес, сонымен қатар фонемалық унификациясын қамтамасыз ету, сондай-ақ BootstrapMade дизайн шешімдерін интеграциялау арқылы филологтар мен кең жұртшылық үшін қолайлы цифрлық орта қалыптастыру көзделген.

Зерттеудің практикалық бөлімі қарақалпақ тілі графикаларын унификациялау мақсатында Python 3.10 бағдарламалау тілі және Django 4.2 веб-фреймворкы негізінде жобаланды. Жүйенің бағдарламалық архитектурасы лингвистикалық деректерді өңдеу жылдамдығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заманауи NLP талаптарына сай құрылған.

Жобаны іске асыруда төмендегі арнайы кітапханалар мен платформалар қолданылды:

- *re (Regular Expressions):* Бұл модуль қарақалпақ тіліндегі күрделі символдық комбинацияларды (мысалы, "sh", "ch") мәтін ішінен іздеу және оларды тиісті фонемалық иерархия бойынша алмастыру үшін негізгі құрал болып табылады.
- *json модулі:* Қарақалпақ тілінің емле ережелеріне бағынбайтын ерекше жағдайларды (exceptions list) динамикалық түрде жүктеу және басқару үшін пайдаланылды. Бұл жүйенің икемділігін арттырып, алгоритмді кодты өзгертпей-ақ жаңартуға мүмкіндік береді.
- *django-crispy-forms:* Пайдаланушы интерфейсіндегі формаларды Bootstrap стандарттарына сай кәсіби деңгейде визуалды көрсету үшін қолданылды.
- *json:* Мәлім қателіктерді басқару тізімін (exceptions list) сақтау және динамикалық жүктеу үшін.
- *BootstrapMade "Arsha" шаблоны:* Жүйе интерфейсінің респонсивті (responsive) дизайны мен пайдаланушыға ыңғайлы (UI/UX) болуын қамтамасыз ету үшін негіз етіп алынды.

Қарапайым конвертерлерден айырмашылығы, бұл жүйенің негізгі әрекеті мәліметтер базасына емес, тікелей logic.py модуліндегі фонетикалық иерархия алгоритміне негізделген. Мәліметтер базасы тек статистикалық талдау мен конвертация тарихын сақтау үшін models.py файлында төмендегідей құрылымда іске асырылды:models.py:

```
from django.db import models
class ConversionHistory(models.Model):
original_text = models.TextField()
converted_text = models.TextField()
direction = models.CharField(max_length=20) # 'lat_to_cyr' or 'cyr_to_lat'
created_at = models.DateTimeField(auto_now_add=True)
```

Жүйенің «интеллектуалды» бөлімі — karakalpak_smart_converter функциясы. Ондағы ең маңызды лингвистикалық қадам — диграфтарды бірінші кезекте өңдеу. Егер алгоритм алдымен жеке әріптерді өңдесе, "sh" сияқты бірікпелер "с" және "х" болып бөлшектеніп кетер еді. Сондықтан rules сөздігінде иерархиялық реттілік сақталған:

```
logic.py:
import re
def karakalpak_smart_converter(text, direction):
rules = {
'sh': 'ш', 'ch': 'ч', 'ya': 'я', 'yu': 'ю', 'c': 'ц',
'ó': 'ө', 'ǵ': 'ғ', 'ń': 'ң', 'ú': 'ү'
}
if direction == 'to_cyrillic':
# Бірінші кезекте күрделі комбинациялар (sh, ch...) алмастырылады.
for lat, cyr in rules.items():
text = re.sub(lat, cyr, text, flags=re.IGNORECAS
return text
```

Пайдаланушыдан алынған мәтінді өңдеу және нәтижені кері қайтару процесі Django-ның MVT (Model-View-Template) архитектурасы негізінде views.py модулі арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы негізгі міндет — фронтендтен келген POST сұранысын өңдеп, логикалық модульмен байланыстыру:

```
views.py:
from django.shortcuts import render
from .logic import karakalpak_smart_converter

def converter_view(request):
context = {}
if request.method == "POST":
input_text = request.POST.get('input_text')
```

```
    mode = request.POST.get('mode') # Lat2Cyr yamasa Cyr2Lat
    output_text = karakalpak_smart_converter(input_text, mode)
    context = {'input': input_text, 'output': output_text}

    # BootstrapMade (index.html)
    return render(request, 'converter/index.html', context);
```

BootstrapMade шаблонын қолдану барысында статикалық файлдарды (CSS, JS) Django-ның static жүйесіне интеграциялау арқылы жүйенің жылдам жүктелуі мен кез келген құрылғыда (смартфон, планшет) дұрыс көрінуі қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижесінде қарақалпақ тілі графикаларын унификациялауға арналған «Smart-converter» жүйесінің функционалды прототипі әзірленді. Жобаны тестілеу және лингвистикалық сараптамадан өткізу барысында төмендегідей нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

1. *Алгоритмдік дәлдік және қателіктерді азайту.* Python тілінің re (Regular Expressions) мүмкіндіктерін пайдаланып жасалған көп сатылы иерархиялық алгоритм қарақалпақ тілі мәтіндерін конвертациялауда жоғары дәлдікті көрсетті. Түрлі графикадағы (кирилл және латын) 1000-нан астам сөзден тұратын мәтіндік базаны өңдеу барысында қателіктер деңгейі 2-3%-дан аспайтындығы анықталды. Бұл көрсеткішке ең алдымен «sh», «ch», «уа» сияқты диграфтарды бірінші кезекте өңдеу және exceptions.json файлы арқылы ерекше жағдайларды басқару есебінен қол жеткізілді. Нәтижесінде, латын және кирилл графикалары арасындағы жай ғана «символдық» алмасу емес, тілдің дыбыстық жүйесін сақтайтын «фонемалық» сәйкестік толық қамтамасыз етілді.

2. *Жүйенің техникалық тиімділігі мен UI/UX анализі.* Django фреймворкы мен BootstrapMade «Arsha» шаблоны негізінде жасалған интерфейс пайдаланушылар үшін төмендегідей артықшылықтарды берді:

- *Ресурс үнемділігі:* Жүйенің фронтенд бөлімі оңтайландырылған CSS және JS файлдарынан тұратындықтан, платформа төмен жылдамдықтағы интернет ортасында да (мысалы, шалғай аудандардағы мобильді интернет) тұрақты жұмыс істейді.
- *Cross-platform мүмкіндігі:* Bootstrap технологиясының арқасында жүйе кез келген құрылғыда (смартфон, планшет, компьютер) бірдей сапалы көрінеді, бұл филолог-студенттердің оқу процесінде кез келген жерде пайдалануына жол ашады

3. *Лингвистикалық және педагогикалық маңызы.* Зерттеу барысында әзірленген бұл жүйе тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар қарақалпақ тілінің цифрлық корпусын (NLP Corpus) құрудың алғашқы базалық модулі болып табылады.

Зерттеу барысында әзірленген бұл жүйе тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар қарақалпақ тілінің цифрлық корпусын (NLP Corpus) құрудың алғашқы базалық модулі болып табылады.

Унификация: Жүйе түрлі жылдардағы емле реформаларында жазылған мәтіндерді бір стандартқа келтіруге мүмкіндік береді.

Білім берудегі рөлі: Қарақалпақ мемлекеттік университетінің филология факультеті студенттері үшін «Компьютерлік лингвистика» курсында практикалық лабораториялық құрал ретінде қолдану мүмкіндігі дәлелденді.

Зерттеуде ұсынылып отырған Python тілінің re (Regular Expressions**)** модулі қарақалпақ тілі графикаларын унификациялауда ең оңтайлы құрал ретінде бағаланады. Оның негізгі артықшылығы — мәтіндік деректерді өңдеуде күрделі символдық иерархияларды құруға және таңбаларды жоғары дәлдікпен алмастыруға мүмкіндік беруінде [6]. Қарапайым символдық алмастыру әдістері (мысалы, PHP немесе JavaScript-тегі стандартты replace функциялары) контекстік фонемаларды (мысалы, "sh" диграфы мен "s+h" әріптерінің тізбегін) ажырата алмайды. Ал біздің жобадағы көп сатылы иерархиялық алгоритм алдымен күрделі тіркестерді, содан кейін жеке таңбаларды өңдеу арқылы мәтіннің семантикалық деформациялануының алдын алады.

Жобаның *backend* бөлімі үшін *Django* фреймворкының таңдалуы оның болашақтағы ауқымдылық (scalability) мүмкіндігімен түсіндіріледі.

- *Мәліметтер қауіпсіздігі:* Django-ның ішкі қауіпсіздік жүйесі мәтіндік деректерді өңдеуде тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Django фреймворкының таңдалуы оның MVT (Model-View-Template) архитектурасының икемділігімен түсіндіріледі. Бұл құрылым мәліметтерді өңдеу логикасын (View) пайдаланушы интерфейсінен (Template) толық ажыратуға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде, қарақалпақ тілінің грамматикалық ережелеріне негізделген logic.py модулін жүйенің сыртқы дизайнына әсер етпестен дербес дамытуға жағдай жасалған [4, 45-б.].
- *BootstrapMade интеграциясы:* Жүйе интерфейсін жобалауда заманауи UI/UX дизайн принциптеріне негізделген BootstrapMade платформасының ашық кодты шаблондары пайдаланылды [1]. Бұл шешім пайдаланушылар үшін интерфейстің бейімделгіштігін (responsiveness) және визуалды эстетикасын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Дайын кәсіби шаблондарды Django-ның *static* және *template* жүйесіне интеграциялау, жүйенің UI/UX (пайдаланушы тәжірибесі) сапасын жоғарылатады. Бұл филологтар мен пайдаланушылар үшін ыңғайлы орта қалыптастырады. Жүйенің интерфейсі пайдаланушыға барынша ыңғайлы етіп жасалған. Басты бетте (index.html) мәтін енгізуге арналған екі терезе орналасқан: сол жақта түпнұсқа мәтін, оң жақта конвертацияланған нәтиже. Django-ның crispy_forms кітапханасы формалардың жылдам өңделуін қамтамасыз етсе, Bootstrap-тың респонсивті торлары (grid system) интерфейстің кез келген экран өлшеміне бейімделуіне мүмкіндік береді.

Бұл жоба тек ғана конвертер емес, бәлкім қарақалпақ тілі үшін болашақта жасалатын үлкен NLP (Natural Language Processing) корпусының бастапқы модулі ретінде қарастырылады. Табиғи тілді өңдеу — бұл сөйлеу немесе мәтін арқылы табиғи тілді үйрену және оны бағдарламалық қамтамасыз ету мен алгоритмдер көмегімен қалай басқаруды тереңірек түсіну процесі болып табылады [3, 42]. Зерттеу барысында әзірленген «Smart-converter» прототипі қарақалпақ тілінің цифрлық инфрақұрылымын қалыптастырудағы алғашқы қадам болып табылады. Жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту және оны толыққанды лингвистикалық платформаға айналдыру үшін төмендегі бағыттарды іске асыру стратегиялық маңызға ие:

Лексикалық база және морфологиялық анализатор: Қазіргі алгоритм символдарды алмастыруға негізделгенімен, тілдің ішкі грамматикалық заңдылықтарын толық қамту үшін жүйеге морфологиялық анализаторды біріктіру қажет. Бұл модуль мәтіндегі әрбір сөздің түбірі мен қосымшасын (аффикстерін) ажыратуға мүмкіндік береді. Мұндай лексикалық базаның болуы конвертация кезіндегі күрделі дыбыстық өзгерулерді (мысалы, түбір мен қосымшаның түйіскен жеріндегі фонетикалық құбылыстарды) дәл анықтауға жағдай жасайды. Бұл қарақалпақ тілінің автоматтандырылған сөздік қорын жасауға және болашақта емле қателерін тексеретін (spell-checker) жүйелерді құруға негіз болады.

API қызметі және цифрлық экожүйемен интеграция: Жобаның практикалық ауқымын кеңейтудің тиімді жолы — ашық бағдарламалық интерфейсті (REST API) әзірлеу. API қызметі арқылы кез келген үшінші тарап веб-ресурстары (онлайн газеттер, мемлекеттік органдардың сайттары, білім беру порталдары) өз контентін бір мезетте кирилл және латын графикаларында ұсына алады. Бұл — қарақалпақ тілді интернет сегментінің (KarNet) біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, API арқылы онлайн басылымдардың базалық мәтінін автоматты түрде транслитерациялау, ақпараттың таралу жылдамдығын арттырып, редакциялық шығындарды азайтады.

Кіші тіл модельдерімен (SLM) интеграциялау және жасанды интеллект: Заманауи жасанды интеллект технологиялары, атап айтқанда, Microsoft Phi-3 немесе Google Gemma сияқты кіші тіл модельдері (Small Language Models — SLM) ресурстарды аз талап ете отырып, контексті жоғары деңгейде түсінуге қабілетті. Біздің алгоритмдік шешімдерді осындай модельдермен ұштастыру, конвертация процесін жай ғана техникалық ауыстырудан «мағыналық бейімдеу» деңгейіне көтереді. Бұл әдіс, әсіресе, көркем әдебиет пен ғылыми

мәтіндерді конвертациялауда маңызды, себебі SLM модельдері сөздің контекстке байланысты мағыналық реңктерін танып, конвертация сапасын адам деңгейіне барынша жақындатады.

Жоба қазіргі уақытта жоспарлау және прототип жасау кезеңінде болғанына қарамастан, оның теориялық және алгоритмдік негіздері қарақалпақ тілі цифрлық лингвистикасының болашақтағы стандарттарын белгілеуге қызмет етеді.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде қарақалпақ тілі графикаларын унификациялау мәселесінде заманауи ақпараттық технологиялар мен лингвистикалық заңдылықтарды ұштастырудың тиімділігі дәлелденді. Python бағдарламалау тілі мен Django фреймворкы негізінде әзірленген «Smart-converter» жүйесі тіліміздің цифрлық ортадағы өміршеңдігін (Digital Language Vitality) арттыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу барысында алынған негізгі түйіндер төмендегідей қорытындыланды:

Технологиялық оңтайлылық: Python тілінің re модулі қарақалпақ тілінің күрделі графикалық эволюциясын (араб, кирилл, латын) унификациялауда ең қолайлы құрал екендігі анықталды. Әсіресе, фонемалық иерархия алгоритмі мәтіндердің мағыналық және семантикалық тұтастығын 97-98% дәлдікпен сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Практикалық құндылық: Әзірленген прототип филолог-ғалымдар мен редакторлар үшін қолмен атқарылатын механикалық жұмысты автоматтандырады. Бұл тек уақытты үнемдеп қана қоймай, транслитерация кезінде адам факторынан болатын қателіктерді айтарлықтай азайтады.

Перспективалық бағыттар: Жобаның болашақтағы даму әлеуеті зор. Бұл алгоритмді мобильді қосымшаларға, Telegram боттарға және мемлекеттік қызмет көрсету порталдарына интеграциялау арқылы қарақалпақ тіліндегі цифрлық контенттің сапасын арттыруға болады. Сонымен қатар, бұл жүйе болашақта қарақалпақ тілі үшін толыққанды Табиғи тілді өңдеу (NLP) корпусын құрудың іргетасы болып қызмет етеді.

Түйіндей келе, «Smart-converter» жобасы — бұл тек техникалық конвертация құралы емес, сонымен қатар қарақалпақ тілінің ғасырлар бойғы графикалық мұрасын цифрлық форматта сақтап, болашақ ұрпаққа жүйелі түрде жеткізудің заманауи тетігі. Зерттеу нәтижелерін білім беру жүйесінде, атап айтқанда «Компьютерлік лингвистика» курстарының практикалық бөлімінде пайдалану ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. BootstrapMade ресми сайты. Заманауи веб-интерфейстер және UI/UX дизайн принциптері (Open Source Templates) // BootstrapMade. – URL: https://bootstrapmade.com (Мүрәжәәт етилген сәне: 28.03.2026).
2. Dawletov A. Til bilimi tiykarları. – Nókis: Bilim, 2007. – 168 b.
3. Elov B. Tabiiy tilni qayta ishlash (NLP)da SpaCy modulidan foydalanish. – Toshkent: ToshDO‘TAU, 2023.
4. Forcier J., Bisset P., Chun W. Python Web Development with Django. – Addison-Wesley Professional, 2008. – 432 p.
5. Kornai A. Digital Language Death // PLoS ONE. – 2013. – Vol. 8, №10. – P. e77056.
6. Lutz M. Python Pocket Reference: Python In Your Pocket. – O'Reilly Media, 2022. – 320 p.
7. UNESCO. Language Vitality and Endangerment: Document adopted by the International Expert Meeting on UNESCO Programme Safeguarding of Endangered Languages. – Paris: UNESCO Publishing, 2003. – 28 p.

ӘОЖ 070

ЖАҢАБАЙ ТӨЛЕГЕНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Зинелова Нұрай
nurai.zeinelova@gmail.com
Журналистика және ақпарат білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, г.ғ.м., сеньор-лектор – Исмурзина Г.Б.

Публицистиканың қоғам мен адам өмірінде маңыздылығы зор. Публицистика жанрының ерекшелігі ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады, әлеуметтік мәселелерді көтереді, оқырманына ықпал етеді. Публицистикалық шығармаларда қоғамның қай саласы болса өзекті тақырыптар жазылады.

Жаңабай Төлегенұлы ауылдық ортада тәрбиеленіп, туған жерінің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне ерте жастан қызығушылық танытқан жан. Бұл қызығушылық оның кейінгі шығармашылығында айқын көрініс тапқан, яғни әдеби және публицистикалық еңбектерінде жергілікті салт-дәстүр, тарихи оқиғалар мен халықтың тұрмыс-тіршілігі маңызды орын алған.

Жаңабай Төлегенұлы институт қабырғасында жүрген кезінен әдебиетке, журналистикаға және ғылыми зерттеу жұмыстарға қызығушылық танытты, көптеген мақалалар мен эсселер жазды.

Еңбек жолын ол Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде бастаған. Мұнда әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы және редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Кейін облыстық «Атырау» газетінде меншікті тілші болып жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы, еңбекші хаттары және бұқаралық жұмыстар бөлімдерін басқарды. Осы кезеңде ол қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, тарихи мәселелерді көтеріп, көптеген публицистикалық мақалалар жариялады. Сонымен қатар, ол журналистік тәжірибесін кеңейтіп, редакторлық және ғылыми тұрғыдағы ізденістерді де жүргізді.

1991–1997 жылдары Жаңабай Төлегенұлы Қазақстан телерадио корпорациясының Атырау облыстық филиалында бас редактор және төрағаның орынбасары қызметтерін атқарды. Бұл кезеңде оның журналистік көзқарасы мен публицистикалық стилі қалыптасып, қоғамдағы түрлі мәселелерді ашық көтеру қабілеті арта түсті. 1997–2007 жылдары облыстық «Қайсар» қоғамдық-құқық қорғау газетінің бас редакторы болып, журналистикадағы тәжірибесін тереңдетіп, көптеген жас мамандарды тәрбиелеуге үлес қосты.

2004 жылдан бастап Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент болып қызмет етті. Университетте ол жас журналистерді дайындауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға ерекше көңіл бөлді, сонымен қатар кафедраның ғылыми жобалары мен баспа жұмыстарын үйлестірді.

Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық мұрасы айтарлықтай мол. Оның баспадан шыққан еңбектері арасында «Іңкәр сезім», «Сырбаз сырлар», «Кәусар», «Шіркін, шындық», «Қыран қияға қонады», «Халқымен етене Халел хакім», «Атырау көсемсөзшілері», «Есте ғой, есте, сұрапыл соғыс», «Малды ауылдың өрендері», «Шалдығып жеткен шындық», «Зілдей сөзді Зімбіл», «Қырық қырлы, бір сырлы», «Өткен жолда – өмір іздері» және бес томдық шығармалар жинағы бар. Сонымен қатар, ол бірнеше кітапты құрастырып, ғылыми түсініктер мен алғысөздер жазды. Оның шығармалары ондағы жинақтарға, сондай-ақ қазақ поэзиясының антологияларына енгізілген.

Қаламгердің еңбектері публицистикалық стильде жазылған. Ол өз мақалаларында нақты фактілерге сүйеніп, деректі материалдарды талдап, тарихи оқиғалар мен қазіргі қоғам мәселелерін жан-жақты сипаттайды. Бұл оның шығармашылығын ғылыми-танымдық деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының қоғамдық қызметі де белсенді болды. Ол «Атырау ақын-

жазушылары кітапханасы» сериясымен шыққан 100 кітапқа, «Атырау қаламгерлерінің туындылары» мен «Тұлға» сериялармен шыққан шығармаларға редакторлық жасады. Сонымен қатар, Атырау облысы мен Қызылқоға, Мақат аудандарының энциклопедиялары мен «Жеңісті жақындатқан жандар» атты кітаптардың авторы. Ол аудандық, облыстық комсомол, кәсіподақ комитеттерінде және партия ұйымдарында әртүрлі лауазымдарда қызмет еткен. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәдениет комитетіне қарасты «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК-ның ғылыми кеңесінің мүшесі.

Жаңабай Төлегенұлы Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, облыстық «Атырау» газетінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, Қазақстан телерадио корпорациясы Атырау облыстық филиалында бас редактор, төрағаның орынбасары, облыстық «Қайсар» қоғамдық-құқық қорғау газетінің бас редакторы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент бола жүріп, шығармашылығын қазақ журналистикасы мен әдебиетінде ерекше орын алатынын көрсетті. Оның публицистикалық еңбектері нақты деректер мен ғылыми тұрғыдағы зерттеулерге негізделген, бұл шығармаларын кәсіби зерттеулер мен білім беру процесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының шығармашылығының маңызды қырларының бірі – оның публицистикалық еңбектерінің жанрлық тұрғыдан алуан түрлі болуы. Қаламгер әртүрлі жанрларда қалам тербеп, қоғам өмірінің өзекті мәселелерін көтерген. Оның шығармаларында көркемдік баяндау мен нақты деректер қатар қолданылады, бұл оқырманға шынайы өмір шындығын жеткізеді және қоғамдық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Жазушының шығармаларында кездесетін жанрлар әртүрлі: әңгіме, очерк, эссе, деректі хикаят, публицистикалық мақала, ғылыми зерттеу, шежіре, фельетон, памфлет. Бұл жанрлық алуан түрлілік автордың шығармашылық мүмкіндіктерінің кеңдігін және қоғамға бағытталған хабарларды жеткізу тәсілдерінің әрқилылығын көрсетеді.

Мысалы, «Іңкәр сезім» жинағында әңгімелер, деректі хикаяттар және очерктер берілген. Мұнда автор өмір шындығын көркем тілмен бейнелей отырып, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени мәселелерге өз көзқарасын білдіреді. Ал «Шіркін, шындық» кітабында әңгімелер мен фельетондар арқылы әлеуметтік құбылыстар, адам мінезіндегі ерекшеліктер мен қоғамның сын-қатерлері көрсетіледі. Бұл еңбектерде публицистикалық ой көркем баяндаумен ұштасып, оқырманға нақты өмір дерегін жеткізуге мүмкіндік береді.

Очерк жанры Жаңабай Төлегенұлы шығармашылығында ерекше орын алады. Очерктер арқылы автор нақты өмірдегі адамдардың тағдырын, өңірдегі тарихи және әлеуметтік оқиғаларды баяндаған. «Атырау көсемсөзшілері» еңбегінде өңір журналистикасының дамуына үлес қосқан тұлғалар туралы очерктер мен эсселер ұсынылған. Мұнда автордың басты мақсаты – оқырманға қоғамдық және мәдени құндылықтарды жеткізу, журналистика саласының тарихын көрсету.

Сонымен қатар қаламгер деректі хикаят жанрында да бірқатар еңбектер жазған. «Қыран қияға қонады» және «Малды ауылдың өрендері» шығармалары нақты оқиғалар мен адамдар тағдырына негізделген. Бұл еңбектерде деректілік пен көркемдік баяндау қатар қолданылып, тарихи шындықты оқырманға жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектері де ерекше назар аудартады. «Шалдығып жеткен шындық» және «Зілдей сөзді Зімбіл» кітаптарында автор тарихи деректерге сүйене отырып, қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді жан-жақты талдайды. Сонымен қатар «Жайық Беріштің Тумаш тармағы» атты шежірелік еңбегінде белгілі бір әулеттің тарихы мен шежіресі баяндалады, бұл жанрдағы шығармалар автордың зерттеушілік қабілетін айқын көрсетеді.

Жанрлық ауқымды кеңейту арқылы Жаңабай Төлегенұлы публицистикалық шығармаларында көркемдік, деректілік және ғылыми талдауды біртұтас жүйеде ұштастырады. Әр жанр авторға қоғамдағы маңызды құбылыстарды әр қырынан көрсетуге

мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қоғамдық мәселелерді жариялау, адам тағдырын зерттеу және тарихи деректерді жеткізу тұрғысынан маңызды.

Сонымен қатар қаламгердің шығармалары әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстпен тығыз байланыста жазылған. Атырау өңірінің тарихы мен мәдени дамуы, мұнай-газ саласының өрлеуі, ауыл мен қаланың қоғамдық өмірі оның еңбектерінде көрініс тапқан. Жаңабай Төлегенұлы шығармалары арқылы оқырман әлеуметтік шынайылыққа жақындайды, қоғамдағы өзекті мәселелерді таниды және бағалайды.

Стильдік ерекшеліктер де оның публицистикалық шығармашылығында айқын байқалады. Автор көркемдік бейнелерді, метафораларды, сарказм мен ирониияны, публицистикалық апелляцияны шебер қолданады. Мысалы, фельетондарда өткір сын мен ирония арқылы қоғамдағы кемшіліктерді көрсетуге ұмтылған, ал деректі хикаяттарда нақты өмір деректері мен кейіпкерлердің тағдырын сипаттаған. Эсселерінде субъективті ой мен философиялық пайымдар жиі кездеседі.

Қаламгердің публицистикалық еңбектері жанрлық тұрғыдан салыстырмалы түрде кең және бай мазмұнды. Әдебиеттану және журналистика зерттеушілері үшін бұл еңбектер әлеуметтік зерттеулердің, әдеби талдаулардың, сондай-ақ журналистикалық сабақтар мен әдістемелердің маңызды материалдары болып табылады. Сонымен қатар, оның шығармалары қазіргі кезеңде студенттерге ғылыми және практикалық бағытта қолдануға ыңғайлы, өйткені олар нақты дерек пен көркемдік ойды ұштастыру арқылы ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық мұрасы жанрлық ауқымымен, стильдік ерекшелігімен және қоғамдық мәнімен ерекшеленеді. Әрбір жанр авторға қоғам өмірінің түрлі қырларын көрсетуге, оқырманға ой салуға және тарихи шындықты жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қасиеттер оның шығармашылығын тек әдебиет пен журналистика саласында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар мен мәдени зерттеулер үшін де маңызды етеді..

Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығын зерттегенде, оның еңбек жолы мен шығармашылық дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бұл кезеңдер қаламгердің кәсіби қызметімен, шығармашылық тәжірибесімен және қоғамдық өмірге қатысуымен тығыз байланысты.

Алғашқы кезең – журналистік бастамалар (1966–1973 жж.). Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық жолы Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған кезінен басталады. Бұл кезеңде жас қаламгер алғашқы публицистикалық материалдарын жариялап, журналистік тәжірибе жинақтаған. Оның мақалалары мен очерктері негізінен ауыл өмірі, еңбек адамдары, ауыл шаруашылығы және қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге арналған. Жас журналист үшін бұл кезең маңызды болды, өйткені онда ол материалдарды жинау, оларды объективті және көркем тілмен баяндау, оқырманға жеткізу дағдыларын меңгерді.

Сонымен қатар, алғашқы жылдарда автор деректерді жинау барысында әртүрлі жанрларды байқап көрді: әңгімелер, очерктер, қысқаметражды мақала форматтары. Бұл оның жанрлық тәжірибесін кеңейтті және кейінгі шығармашылық дамуының негізін қалады. Сол кезеңде жарияланған мақалалары ауыл мен аудан өмірінің нақты көрінісін береді, автордың қоғамдық мәселелерге деген сезімталдығы айқын көрінеді.

Екінші кезең – облыстық баспасөзде жариялану (1973–1990 жж.). Бұл кезеңде Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық мүмкіндігі кеңейіп, оның публицистикалық еңбектері облыстық баспасөзде жиі жариялана бастады. «Атырау» газетінде меншікті тілші, ауыл шаруашылығы және бұқаралық жұмыстар бөлімдерінің меңгерушісі болып қызмет атқарған жылдары автор қоғамдағы өзекті мәселелерді кеңінен көтерді.

Бұл кезеңде жазушының мақалалары тарихи тұлғалар, мәдени мұра, өлкенің рухани өмірі мен дамуы тақырыптарына арналып, публицистика мен зерттеу жанрын үйлестіріп жазылды. Мысалы, туған жердің тарихы мен белгілі адамдардың өмір жолын талдайтын мақалалар кеңінен таралды. Осылайша, Жаңабай Төлегенұлының шығармаларының қоғамдық

маңызы арта түсті, олар оқырманды тәрбиелеп, ұлттық сана мен тарихи ұмытылмас құндылықтарды дәріптеді.

Сонымен қатар, бұл кезеңде қаламгер бірнеше кітап жазып, олардың кейбірі деректі хикаят, очерк және эссе жанрында болды. «Малды ауылдың өрендері» және «Қыран қияға қонады» еңбектері нақты оқиғалар мен адамдар тағдырын көрсететін деректі материалдарға негізделді. Мұндай шығармаларда автор оқырманға қоғамдағы маңызды құбылыстарды жеткізіп қана қоймай, оларды тарихи шындық ретінде ұсына білді.

Үшінші кезең – шығармашылық кемелдену (1990–2004 жж.). 1990 жылдардан бастап Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығы жаңа белеске көтерілді. Қазақстан телерадио корпорациясының Атырау облыстық филиалында бас редактор және төрағаның орынбасары болып жұмыс істеп, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін кең ауқымда қарастырды. Кейін облыстық «Қайсар» газетінің бас редакторы ретінде қызмет атқарған жылдары оның публицистикалық еңбектері айқын көрінді.

Бұл кезеңде қаламгердің шығармалары тек журналистік сипатта ғана емес, ғылыми-зерттеу және тарихи талдау сипатымен ерекшеленді. «Шалдығып жеткен шындық» және «Зілдей сөзді Зімбіл» сияқты еңбектерінде автор тарихи деректерді пайдаланып, қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді жан-жақты талдады. Сондай-ақ, «Жайық Беріштің Тумаш тармағы» атты шежірелік еңбегінде белгілі бір әулеттің тарихын және оның қоғамдағы рөлін жан-жақты баяндады.

Осы кезеңде Жаңабай Төлегенұлының шығармалары жанрлық тұрғыдан байи түсті. Әңгімелер, очерктер, эсселер, деректі хикаяттар, публицистикалық мақалалар, ғылыми зерттеулер, шежірелер мен фельетондар – барлығы біртұтас шығармашылық портрет қалыптастырды. Оның еңбектерінде көркемдік баяндау мен нақты деректер үйлесіп, оқырманға қоғам өмірінің барлық қырларын көрсетуге мүмкіндік берді.

Төртінші кезең – университеттік және ғылыми қызмет (2004 жылдан қазіргі уақытқа дейін). 2004 жылдан бастап Жаңабай Төлегенұлы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент болып қызмет етті. Университетте ол жас журналистерді тәрбиелеуге, ғылыми зерттеулерге жетекшілік жасауға ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, осы кезеңде қаламгер өз шығармашылығын жинақтап, бірнеше кітаптарын толық жариялап, бес томдық шығармалар жинағын баспадан шығарды.

Бұл кезеңде шығармаларында тарихи тақырыптар, мәдени мұра, белгілі тұлғалардың өмір жолы, әлеуметтік мәселелер кеңінен қамтылды. Автор деректі материалдармен жұмыс істей отырып, оқырманға тек фактіні беріп қана қоймай, оның мәнін талдап, қоғам өміріндегі маңызды құндылықтарды көрсетуге ұмтылды.

Жалпы алғанда, Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығы уақыт өте келе дамып, жанрлық, тақырыптық және мазмұндық тұрғыдан байи түсті. Алғашқы кезеңде журналистік мақалалар мен очерктер басым болса, кейінгі кезеңдерде тарихи-публицистикалық және ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектер көбейе түсті. Бұл оның шығармашылық жолының біртіндеп қалыптасып, дамып, кемелденгенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңабай Төлегенұлы. Іңкәр сезім. Атырау, 2001.
2. Жаңабай Төлегенұлы. Шіркін, шындық. Атырау, 2005.
3. Жаңабай Төлегенұлы. Қыран қияға қонады. Атырау, 2003.
4. Жаңабай Төлегенұлы. Малды ауылдың өрендері. Атырау, 2004.
5. Жаңабай Төлегенұлы. Жайық Беріштің Тумаш тармағы. Атырау, 2006.
6. Жаңабай Төлегенұлы. Зілдей сөзді Зімбіл. Атырау, 2007.
7. Атырау облысы журналистикасы. Өлкетану және публицистика. Атырау, 2010.
8. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақ журналистикасының дамуы. Атырау, 2012.

ӘОЖ 94(574)

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӨЛШЕМІ: «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ МҰРАНЫ ОНЛАЙН-САҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Куандыков Даурен Туребекович
dauren3228q@gmail.com
«Тарихшы зерттеуші» білім беру бағдарламасының 1 курс докторантты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми кеңесші, т.ғ.д., профессор У.Т. Ахметова

Мақалада жаһандану және цифрландыру үдерістері жағдайында ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясының цифрлық өлшемі зерттеледі. Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтау тәжірибесі. Мақсаты – «Бабалар сөзі» 100 томдық қазақ фольклоры жинағының электрондық нұсқалары, Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Алтын қор» цифрлық кітапханасы, виртуалды музейлер мен 3D-турлар (Таңбалы, Отырар, Ұлытау қорық-музейлері), Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана (kazneb.kz) сияқты платформалар арқылы ұлттық идентификацияның гуманитарлық аспектілерін (тарихи жады, мәдени философия, салт-сана) талдау.

Зерттеу әдістері: нормативтік-құқықтық құжаттарды (2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасы), архивтік материалдарды және цифрлық ресурстарды талдау, салыстырмалы әдіс. Нәтижелер көрсеткендей, «Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық трансформациясы (13 657 экспонаттың 3D-форматқа көшірілуі, 29 киелі объектінің виртуалды туры, Қожанасыр фольклорының ЮНЕСКО тізіміне енуі) материалдық емес мұраны кең ауқымда қолжетімді етеді, жас ұрпақтың гуманитарлық интерпретациясын қамтамасыз етеді және мәдени біртектілену қаупіне қарсы тиімді құрал болып табылады.

Негізгі сөздер: ұлттық бірегейлік, гуманитарлық интерпретация, цифрландыру, «Мәдени мұра», фольклор, онлайн-сақтау, виртуалды мұра.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану және цифрландыру үдерістері әлемдік мәдениеттің біртектілену қаупін туғызып, ұлттық бірегейліктің сақталуына елеулі қатер төндіруде. Бұл үдерістер бір жағынан дәстүрлі мәдени құндылықтардың жойылуына, екінші жағынан – оларды цифрлық форматта сақтау және жаңа буынға қолжетімді ету арқылы қайта жаңғырту мүмкіндігін ашады. Қазақстан Республикасы үшін ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясы – тарихи жады, фольклорлық мұра және мәдени-философиялық дәстүрлердің адамгершілік өлшемі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында 13 657 музей экспонаты цифрлық форматқа көшірілгені, 29 киелі объектінің 3D-турлары жасалғаны және виртуалды музейлердің (4 республикалық және 11 облыстық) қолжетімділігі атап көрсетілген [1]. Бұл цифрландыру нәтижесінде фольклорлық және тарихи мұра (Қожанасырдың ауызша фольклоры, «Ортеке» элементі) ЮНЕСКО тізіміне енгізіліп, халықаралық деңгейде сақталуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде басталған «Мәдени мұра» жобасы ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған [11]. Ал «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мәдени жәдігерлерді онлайн-сақтаудың инфрақұрылымын қалыптастырды, бұл ұлттық бірегейліктің сақталуына жаңа мүмкіндіктер ашты [12].

Осылайша, тақырыптың өзектілігі жаһандану жағдайындағы мәдени біртектілену қаупі мен цифрлық технологиялардың сақтау және интерпретациялау мүмкіндіктерінің қарама-қайшылығында жатыр.

Зерттеу мақсаты: «Мәдени мұра» бағдарламасының фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтау тәжірибесін («Бабалар сөзі» 100 томдығының электрондық нұсқалары, Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Алтын қор» цифрлық кітапханасы, kazneb.kz платформасы, виртуалды 3D-турлар) гуманитарлық интерпретация тұрғысынан кешенді талдау.

Зерттеу міндеттері:

- Ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясының теориялық негіздерін және оның цифрлық өлшемін анықтау;
- «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы фольклорлық мұраны («Бабалар сөзі», Қожанасыр фольклоры) онлайн-сақтау тәжірибесін зерделеу;
- Тарихи мұраның цифрлық платформалардағы (виртуалды музейлер, 3D-объектілер) сақталу механизмдерін талдау;
- Цифрлық трансформацияның ұлттық бірегейлікті нығайтудағы мүмкіндіктері мен қиындықтарын (мәдени контексттің жоғалуы, цифрлық теңсіздік) анықтау;
- Ұсыныстар әзірлеу және «Мәдени мұра» бағдарламасының келесі кезеңіне арналған перспективасын көрсету.

Зерттеу әдістері: нормативтік-құқықтық құжаттарды (мәдени саясат тұжырымдамасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы) құжаттық талдау, цифрлық ресурстарды (litart.kz, kazneb.kz) салыстырмалы әдіспен зерттеу, теориялық синтез және эмпирикалық материалдарды жалпылау.

Зерттеудің жаңашылдығы – ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын цифрлық өлшемде («Алтын қор», 3D-турлар, фольклордың онлайн-нұсқалары) алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасының нақты тәжірибесі арқылы кешенді талдау.

Практикалық маңызы – зерттеу нәтижелері мәдени мекемелерге (музейлер, кітапханалар), білім беру жүйесіне және мемлекеттік органдарға ұлттық мұраны виртуалды сақтаудың тиімді моделін ұсынады, жас ұрпақтың гуманитарлық білімін дамытуға және мәдени туризмді цифрландыруға септігін тигізеді.

Осылайша, зерттеу ұлттық бірегейліктің болашағын цифрлық гуманитарлық кеңістікте сақтаудың ғылыми негізін қалайды.

1. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ӨЛШЕМІ

Ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясы – бұл адамның мәдени болмысы мен әлеуметтік қатынастарының философиялық негізі. Ол этностық сана-сезім, тарихи жады және моральдық құндылықтар арқылы жүзеге асады. Гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан бұл интерпретация ұлттық идентификацияны тек саяси немесе экономикалық емес, адамгершілік және рухани өлшемде қарастырады, өйткені ол адамның өзіндік «Менін» мәдени контексте қайта түсіну және байыту процесі болып табылады.

Жалелова Г.М. және әріптестерінің мәдени-философиялық талдауы бойынша, ұлттық идентификацияны динамикалық жүйе деп анықтама берген, ол Л.Н. Гумилевтің «этнос» ұғымына сәйкес өзге қауымдастықтардан ерекшеленетін ішкі құрылымы мен стереотиптері бар адамдардың ұжымы ретінде қарастырылған [10]. Бұл динамикалық жүйе жаһандану жағдайында үздіксіз өзгеріске ұшырайды, бірақ өзегін сақтайды.

Бұл интерпретацияда адамгершілік өлшемі – «ұлттық өзіндік ерекшелік» пен «ұлттық кодтың» сақталуы арқылы көрінеді, себебі ұлтаралық қарым-қатынас болмаса, ұлттық ерекшелік өз мәнін жоғалтады [10]. Адамгершілік аспект ұлттық идентификацияны тек сыртқы белгілермен (тіл, дәстүр) шектемей, ішкі рухани байланысқа айналдырады.

Музафаров Р.Р. атап көрсеткендей, жаһандану жағдайында Қазақстан жастарының идентификациясында тіл мен моральдық құндылықтар шешуші рөл атқарады; олар жастардың өзіндік тиесілігін қалыптастырады және дәстүрлі білімнің ауызша дәстүрлерімен тығыз байланысты етеді[7].

Сауалнама деректері бойынша (Kuzembayeva et al., 2014), қазақ жастары үшін тіл – шамамен 55% маңызды идентификация факторы болып табылады, ал дәстүрлерді білу – әлеуметтік мәртебенің негізі болып табылады [7].

Осылайша, «нағыз қазақ» ұғымы – дәстүрлі құндылықтарды ұстану арқылы глобализацияланған әлемде этностық қауымдастықпен өзін-өзі идентификациялаудың гуманитарлық механизмі [7].

Гуманитарлық интерпретацияның әлеуметтік мәні – жастарды моральдық тәрбиелеу және «отбасына деген махаббат – туған жерге деген махаббат – Отанға деген махаббат» ұранымен фольклорлық мәдениетті білім беру процесіне енгізу арқылы жүзеге асады [7].

Бұл процесс Қазақстанның Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеті бастамашылық еткен жобаларда нақты көрініс табады: дәстүрлі халық мәдениетін мектеп оқушыларына (10–14 жас) енгізу арқылы азаматтық және моральдық құндылықтарды қалыптастыру [7]. Сонымен қатар, гуманитарлық интерпретация фольклорлық мұраны (ауызша дәстүрлер, эпостар) қайта түсіну арқылы ұлттық бірегейлікті тек сақтап қана қоймай, оны жаңа буынның рухани тәжірибесіне айналдырады. Бұл тәсіл жаһандану қысымына қарсы тұратын ішкі моральдық иммунитет қалыптастырады. Осылайша, ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясы – динамикалық, адамгершілікке негізделген процесс, ол философиялық (этнос ұғымы) және әлеуметтік (моральдық тәрбие) деңгейлерде ұлттық кодты сақтайды және цифрлық трансформация үшін теориялық негіз болады.

Цифрлық трансформация ұлттық бірегейлікке қосарлы әсер етеді: бір жағынан мәдени біртектілену қаупін күшейтсе, екінші жағынан сақтау мен қайта жаңғырту мүмкіндігін ашады.

Жаһандану үдерісі мәдениеттердің жақындасуына әкеледі, бірақ ұлттық ерекшеліктерді бедерсіздендіруге итермелейді [10].

Жалелова Г.М. және әріптестері атап өткендей, ақпараттану қоғамында цифрлық ақпарат ағындары ұлттық келбеттің жоғалу қаупін тудырады, сондықтан «ұлттық кодты» сақтау үшін белсенді шаралар қажет [10]. Бұл қауіп әсіресе жас ұрпақ арасында байқалады, өйткені глобалдық медиа мен интернет контенті дәстүрлі құндылықтарды маргиналдандырып, біртекті мәдени үлгіге бағыттайды. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар материалдық емес мұраны сақтаудың тиімді құралы бола алады.

Рамаданова Ж. (Жанна Р.) зерттеуінде қазақ халық биінің хореографиялық мәтіндерін цифрландыру (видеоформатқа көшіру және интернет арқылы қолжетімді ету) оны болашақ ұрпақ үшін сақтап, қазіргі хореографияда актуализациялауға мүмкіндік беретіні көрсетілген [6]. Автор Ш. Жиенқұлова, Д. Әбіров, Ә. Исмайылов сияқты қазақ халық биінің шеберлерінің хореографиялық мәтіндерінен алынған үздік үлгілердің визуалды реконструкциясын ұсынады. Бұл үлгілерді видеоформатқа көшіру және интернет арқылы еркін қолжетімді ету арқылы дәстүрлі халық биі ұрпақтар арасында сақталып қана қоймай, қазіргі сахналық хореографияда жаңаша бейімделуін атап өткен [6]. Осылайша, цифрлық трансформация мәдени біртектілену қаупіне қарсы тұрып, ұлттық идентификацияның гуманитарлық өлшемін (тарихи жады мен моральдық құндылықтарды) виртуалды кеңістікте нығайтуды көздейді [6], [10].

Цифрлық платформалар (виртуалды музейлер, 3D-визуализация, онлайн-архивтер) арқылы фольклорлық элементтердің қолжетімділігі артады, бұл ұлттық бірегейлікті тек сақтап қана қоймай, оны жаңа буынның рухани тәжірибесіне айналдырады. Мысалы, халық биінің цифрлық нұсқалары жас хореографтарға дәстүрді қайта интерпретациялауға мүмкіндік береді, осылайша моральдық құндылықтар (салт-дәстүр, ұлттық намыс) виртуалды форматта ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

Дегенмен, бұл мүмкіндіктермен қатар қауіптер де бар: цифрлық контекстте мәдени элементтердің түпнұсқалық мағынасы жоғалуы мүмкін, сондықтан цифрландыру процесі гуманитарлық интерпретациямен (контексттік түсіндірме, тарихи сілтемелер) қатар жүруі тиіс.

Осылайша, цифрлық трансформация ұлттық бірегейліктің гуманитарлық өлшемі үшін қосарлы рөл атқарады: бір жағынан қауіп тудырады, екінші жағынан – сақтау мен қайта

жаңғыртудың тиімді механизміне айналады. Бұл қосарлылық «Мәдени мұра» бағдарламасының онлайн-сақтау тәжірибесінде нақты көрініс табады және келесі бөлімдерде талданатын болады.

UNESCO-ның 2003 жылғы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясы ұлттық бірегейліктің цифрлық өлшемін заңды негізге айналдырады. Конвенция материалдық емес мұраны сақтау, беру және қорғаудың халықаралық стандарттарын белгілейді, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы мұраны ұрпақтар арасында таратуды және жаһандық деңгейде актуализациялауды тікелей қолдайды.

Қазақстанның 2018–2023 жылдарға арналған ұлттық есебінде (Музафаров Р.Р. редакциясымен) конвенцияның іске асырылуы материалдық емес мұраның (фольклор, дәстүрлер) сақталуы мен халықаралық тануына бағытталғаны атап көрсетілген [9]. Есепте «Ортеке» дәстүрлі өнерінің (би, қуыршақ театры және музыка) 2022 жылы ЮНЕСКО-ның Өкілдік тізіміне енгізілуі, сондай-ақ Қожанасыр ауызша фольклорының сақталу және тарату шаралары сипатталған. Бұл элементтердің халықаралық тануы ұлттық идентификацияны нығайтуға және мәдени мұраны болашақ ұрпаққа беру процесіне тікелей ықпал етеді.

Бұл контексте цифрлық өлшем – фольклорлық элементтердің (Қожанасыр ауызша фольклоры, «Ортеке») онлайн-платформалар арқылы қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Онлайн-архивтер, виртуалды музейлер және цифрлық платформалар (litart.kz, kazneb.kz) мұраны кең аудиторияға, әсіресе жас ұрпаққа жеткізіп, конвенцияның «беру және қорғау» принциптерін цифрлық форматта тиімді іске асырады. Цифрлық қолжетімділік материалдық емес мұраның түпнұсқалық мағынасын сақтай отырып, оны жаһандану қысымынан қорғайды.

Рамаданова Ж. зерттеуі бойынша, қазақ халық биінің цифрлық визуализациясы (3D немесе видео формат) конвенцияның мақсаттарына сәйкес келеді және мұраны интернет арқылы жаһандық деңгейде актуализациялайды [6]. Автор Ш. Жиенқұлова, Д. Әбіров, Ә. Исмайылов сияқты шеберлердің хореографиялық мәтіндерінен алынған үлгілердің визуалды реконструкциясын ұсынып, цифрлық форматтың мұраны сақтаумен қатар қазіргі сахналық өнерде қайта интерпретациялауға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Бұл тәсіл конвенцияның қоғамдық қатысу және тұрақты даму принциптерін цифрлық кеңістікте жүзеге асырады.

Музафаров Р.Р. атап өткендей, дәстүрлі халық мәдениетін цифрлық құралдармен (ICT) моральдық тәрбие процесіне енгізу жастардың ұлттық идентификациясын нығайтады [7]. Автордың пікірінше, цифрлық технологиялар фольклорлық элементтерді (ауызша дәстүрлер, халық биі) мектеп және жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы «отбасы – туған жер – Отан» ұранын іске асырады және жас ұрпақтың моральдық құндылықтарын қалыптастырады.

Осылайша, UNESCO 2003 Конвенциясы контекстінде материалдық емес мұраның цифрлық өлшемі ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын (моральдық құндылықтар мен тарихи жады) жаһандану қаупінен қорғап, виртуалды мұраға айналдырады [9], [6], [7].

Цифрлық өлшем конвенцияның негізгі мақсаттарын (сақтау, беру, қорғау) жаңа технологиялар арқылы тиімдірек етеді және «Мәдени мұра» бағдарламасының фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтау тәжірибесін құқықтық, теориялық және практикалық тұрғыдан толық негіздейді. Бұл өлшем ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын тек қорғап қана қоймай, оны цифрлық кеңістікте жаңа мағынаға толтырады.

2. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ МҰРАНЫ ОНЛАЙН-САҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның ұлттық мәдениетін сақтау мен жаңғыртудың негізгі стратегиялық құжаты ретінде 2003–2004 жылдары басталды және кейіннен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құрамдас бөлігіне айналды [11]. Бағдарламаның басты мақсаты – қазақ халқының материалдық және материалдық емес мұрасын жүйелі түрде жинақтау, зерттеу және ұрпақтарға беру болды. Осы аясында фольклорлық мұраның цифрландыруы ерекше орын алды, себебі ауызша дәстүр мен

фольклорлық шығармалар ұлттық бірегейліктің гуманитарлық негізін – тарихи жады мен моральдық құндылықтарды құрайды.

Бұл негізде «Бабалар сөзі» 100 томдық ғылыми басылымы – бағдарламаның ең ірі жобаларының бірі болды. 2004–2013 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының басшылығымен жарық көрген бұл жинақ қазақ фольклорының барлық жанрларын қамтиды: 20 томы батырлар жырына, 13 томы тарихи жырларға, 7 томы діни дастандарға, 13 томы хикаялық дастандарға, 8 томы ғашықтық дастандарға және 5 томы ертегілерге арналған [2], [3]. Жинақтың жалпы көлемі – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған ауыз әдебиеті, тарихы, салт-санасы мен философиясының энциклопедиясы. Бұл басылым ұлттық идентификацияның гуманитарлық интерпретациясы үшін негізгі дереккөз болды, өйткені әр томда фольклорлық мәтіндердің ғылыми талдауы, варианттары және мәдени контексті берілген.

Бүгінде «Бабалар сөзі» томдарының электрондық нұсқалары Әуезов институтының «Алтын қор» цифрлық кітапханасында қолжетімді. «Алтын қор» – институттың қолжазба қорының электрондық архиві, мұнда 1000-нан астам қолжазба, музыкалық мұраның CD-нұсқалары және академиялық басылымдардың (Абайдың, Жамбылдың, Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары) толық электрондық көшірмелері сақталған. Сонымен қатар, «Абай жолы» эпопеясының 45 сағаттық аудиокітабы да онлайн режимде ұсынылады [4]. Цифрлық форматқа көшіру процесі фольклорлық мұраны физикалық тозудан қорғап қана қоймай, оны әлемнің кез келген нүктесінен қолжетімді етті. Жас ұрпақ енді смартфон немесе компьютер арқылы батырлар жырын тыңдап, мәтінді оқып, оны өзіндік гуманитарлық интерпретация арқылы түсіне алады.

Осы цифрландыру процесі «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы ретінде 2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасында жалғасын тапты. Тұжырымдамада фольклорлық мұраны онлайн-сақтаудың инфрақұрылымы кеңейтілетіні, оның ішінде kazneb.kz платформасы арқылы 60 мыңнан астам электрондық көшірменің қолжетімділігі қамтамасыз етілетіні атап көрсетілген [1]. Бұл инфрақұрылым фольклорды тек сақтаумен шектелмей, оны білім беру жүйесіне және мәдени туризмге интеграциялауды көздейді.

Осылайша, «Бабалар сөзі» және «Алтын қор» жобалары фольклорлық мұраны физикалық басылымнан цифрлық форматқа көшіру арқылы ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын кең ауқымды аудиторияға жеткізудің нақты тәжірибесіне айналды. Цифрлық платформалар ауызша дәстүрдің рухани мәнін сақтап, оны жаһандану жағдайында жаңа буынның моральдық және мәдени тәрбиесінің құралына айналдырды. Бұл тәжірибе «Мәдени мұра» бағдарламасының тарихи негізін цифрлық өлшемге ауыстырып, ұлттық кодтың болашақ ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық кезеңі тарихи мұраны онлайн-платформалар арқылы сақтаудың кешенді жүйесін құрды. Бұл жүйе ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын (тарихи жады мен мәдени философияны) жаңа буынға қолжетімді ету үшін арнайы жасалған. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында 13 657 музей экспонатының 3D модельдері жасалғаны және 29 киелі объектінің (Таңбалы, Отырар, Ұлытау, Сарайшық т.б.) 3D-турлары дайындалғаны нақты көрсетілген [1].

Бұл турлар 4 республикалық және 11 облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің ресми сайттарында орналастырылған. Виртуалды экспозициялар арқылы келушілер музей залдарын интерактивті түрде аралап, экспонаттарды 360° бұрышпен көре алады. 2018–2020 жылдары жасалған жалпыұлттық киелі объектілердің виртуалды картасы мен өңірлік интерактивті карталар мәдени туризмді цифрландырудың үлгісіне айналды [1], [12]. Мысалы, Таңбалы петроглифтерінің 3D-туры арқылы пайдаланушылар ежелгі қазақ мәдениетінің символдарын жақыннан зерттеп, олардың гуманитарлық мәнін (тарихи жады, салт-дәстүр) өз бетінше интерпретациялай алады. Ұлытау мен Сарайшықтың виртуалды турлары да тарихи оқиғаларды визуалды реконструкциялау арқылы ұлттық сананы нығайтады.

Тарихи мұраның тағы бір маңызды платформасы – Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана (kazneb.kz). Мұнда 60 мыңнан астам құжаттың электрондық көшірмесі орналастырылған, оның ішінде тарихи жырлар, шежірелер және материалдық емес мұраның сипаттамалары бар. Кітапхананың мобильді қосымшасы арқылы қолжетімділік одан әрі кеңейтілген [1]. kazneb.kz платформасы арқылы жас ұрпақ шежіре деректерін немесе тарихи жырларды кез келген уақытта оқып, оларды өз гуманитарлық тұрғысынан түсіне алады. Бұл электрондық кітапхана фольклорлық және тарихи мұраны біртұтас цифрлық кеңістікке біріктіріп, ұлттық идентификацияның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының қолдауымен музейлердің электрондық каталогтары мемлекеттік каталогқа (115 музейден 137 432 сақтау бірлігі) енгізілді [12]. Бұл каталог музей қызметкерлері мен зерттеушілерге ғана емес, жалпы жұртшылыққа ашық, сондықтан тарихи мұраның интерпретациясы демократияландырылған.

Бұл платформалар тарихи мұраны тек сақтап қана қоймай, оны жаһандық деңгейде таратуға мүмкіндік береді және жас ұрпақтың гуманитарлық интерпретациясын қалыптастырады. Виртуалды турлар мен 3D-объектілер тарихи контексті визуалды және интерактивті түрде ұсынып, мәдени біртектілену қаупіне қарсы тиімді қорғаныс құралына айналады. Осылайша, онлайн-платформалар «Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық трансформациясын ұлттық бірегейліктің гуманитарлық өлшемін нығайтудың нақты механизмдеріне айналдырды.

Әуезов институтының «Алтын қор» цифрлық ресурстары – фольклорлық мұраны онлайн-сақтаудың ең жарқын мысалы. Институттың цифрлық кітапханасы (litart.kz) арқылы кез келген пайдаланушы батырлар жырларын, хикаялық дастандарды және ертегілерді тегін оқи немесе тыңдай алады [4], [3]. Бұл ресурс жас ұрпаққа фольклорды тек оқу ғана емес, гуманитарлық интерпретациялауға мүмкіндік береді: мысалы, «Қобыланды батыр» жырын оқып, оның моральдық құндылықтарын (ерлік, адалдық, Отанға деген махаббат) өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыруға болады. «Алтын қордың» мобильді нұсқасы мен аудиокітаптары (Абай жолының 45 сағаттық нұсқасы) фольклорлық мұраны күнделікті өмірге интеграциялап, ұлттық бірегейліктің гуманитарлық өлшемін (тарихи жады мен рухани құндылықтарды) нығайтады.

Қожанасыр ауызша фольклоры – материалдық емес мұраның онлайн-сақталуының тағы бір нақты мысалы. 2022 жылы ЮНЕСКО-ның Өкілдік тізіміне енгізілген бұл элемент «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында цифрлық платформаларда (kazneb.kz, Алтын қор) толық архивтелген. Ауызша әңгімелердің видео- және аудиожазбалары, ғылыми сипаттамалары және интерпретациялық материалдары онлайн режимде қолжетімді [1]. Қожанасырдың ақылдылыққа, әділдікке және юморға толы әңгімелері цифрлық форматта жас ұрпаққа қолжетімді болып, олардың моральдық тәрбиесіне тікелей ықпал етеді. Мысалы, «Қожанасырдың әділ соты» хикаясын видео арқылы тыңдаған оқушы өзіндік гуманитарлық интерпретация жасап, қазіргі қоғамдағы әділеттілік мәселесін талдай алады. Бұл фольклордың онлайн-сақталуы ЮНЕСКО конвенциясының талаптарын толық орындап, ұлттық бірегейліктің адамгершілік өлшемін жаһандану жағдайында сақтайды.

Осы нақты мысалдар «Мәдени мұра» бағдарламасының фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтау тәжірибесінің тиімділігін дәлелдейді. Цифрлық платформалар ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын (тарихи жады, моральдық құндылықтар) жаңа буынға тікелей жеткізіп, мәдени біртектілену қаупіне қарсы тиімді қорғаныс құралына айналды. «Алтын қор», 3D-музейлер және Қожанасыр фольклорының онлайн-архиві – ұлттық кодты цифрлық кеңістікте мәңгілікке сақтаудың және ұрпақтар арасында гуманитарлық сабақтастықты қамтамасыз етудің нақты механизмдері. Бұл тәжірибе «Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық трансформациясын ұлттық бірегейліктің болашағын қалыптастырудың стратегиялық құралына айналдырды.

3-БӨЛІМ. ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚИЫНДЫҚТАР

Виртуалды музейлер мен AR (Augmented Reality) технологиялары ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын жас ұрпаққа қолжетімді етудің ең тиімді құралына айналды. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында 29 киелі объектінің 3D-турлары мен 13 657 экспонаттың цифрлық модельдері жас ұрпақтың мәдени білімін кеңейту үшін арнайы енгізілгені атап көрсетілген [1].

Бекзатқызы И. зерттеуінде цифрлық трансформацияның жас ұрпаққа қолжетімділігіне ерекше назар аударылады: виртуалды музейлер физикалық келу мүмкіндігі шектеулі оқушылар мен студенттер үшін тарихи-мәдени мұраны интерактивті түрде зерттеуге мүмкіндік береді [5]. Бұл технологиялар ауылдық аймақтардағы немесе шетелде тұратын қазақ жастарына Таңбалы петроглифтерін, Сарайшық қалашығын немесе Ұлытау киелі орындарын 360° бұрышпен зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, litart.kz платформасындағы «Алтын қор» AR-элементтері арқылы пайдаланушылар смартфон камерасына батырлар жырын немесе Қожанасыр әңгімелерін «тірілтіп», олардың моральдық құндылықтарын (ерлік, әділдік, Отанға деген махаббат) өз өмірлік контекстінде интерпретациялай алады [4].

Рамаданова Ж. (Жанна Р.) қазақ халық биінің цифрлық визуализациясын зерттей отырып, AR-технологиялардың хореографиялық мәтіндерді 3D-форматта көрсету арқылы жас хореографтарға дәстүрді қайта түсінуге мүмкіндік беретінін дәлелдейді [6]. Ш. Жиенқұлова мен Д. Әбіровтің хореографиялық үлгілерін AR арқылы «тірілту» арқылы жас бишілер дәстүрлі қимылдарды өз заманының стилімен біріктіріп, ұлттық салт-дәстүрді жаңаша интерпретациялай алады.

Бұл технологиялар жас ұрпақтың гуманитарлық интерпретациясын (тарихи жады мен салт-дәстүрді) пассивті қабылдаудан белсенді қатысуға ауыстырып, ұлттық бірегейлікті күнделікті цифрлық өмірге енгізеді. AR және виртуалды музейлер арқылы жастар фольклорлық мұраны тек оқып қана қоймай, оны өзінің рухани тәжірибесіне айналдырады. Мысалы, Қожанасырдың әңгімелерін AR-арқылы «ойнап» көру арқылы оқушылар әділдік пен ақылдылықтың мәнін өз өмірінен байланыстырып, моральдық құндылықтарды ішкі қабылдауға қол жеткізеді.

Осылайша, виртуалды музейлер мен AR-технологиялар цифрлық трансформациясын жас ұрпақтың ұлттық бірегейлікті гуманитарлық тұрғыдан түсінуінің негізгі механизміне айналдырып, мәдени мұраны физикалық шектеулерден босатып, оны күнделікті цифрлық өмірдің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Цифрлық сақтау ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясына бірқатар артықшылықтар береді.

Біріншіден, интерпретация мүмкіндігі кеңейеді: цифрлық платформалар (kazneb.kz, litart.kz) фольклорлық мәтіндерге қосымша ғылыми түсіндірмелер, аудио-визуалды материалдар қосып, пайдаланушыға өзіндік гуманитарлық талдау жасауға мүмкіндік береді [4], [8]. Мысалы, «Алтын қор» платформасында «Бабалар сөзі» томдарының электрондық нұсқаларына қосымша тарихи контекст, варианттар салыстырмасы және моральдық құндылықтардың түсіндірмесі қосылған. Осының арқасында жас оқушы немесе студент «Қобыланды батыр» жырын оқып қана қоймай, оның ерлік пен адалдық идеясын қазіргі қоғамдық мәселелермен байланыстырып, өзіндік гуманитарлық интерпретация жасай алады. Бұл процесс пассивті оқудан белсенді рухани қатысуға ауысады.

Екіншіден, қайта құрылымдау процесі жүзеге асады. Рамаданова Ж. зерттеуінде қазақ халық биінің хореографиялық мәтіндерін цифрландыру оларды қазіргі сахналық өнерде қайта интерпретациялауға және жаңа буынға бейімдеуге мүмкіндік беретіні көрсетілген [6]. Автор Ш. Жиенқұлова, Д. Әбіров, Ә. Исмайылов сияқты шеберлердің хореографиялық үлгілерін 3D-визуализация арқылы қайта құрылымдау арқылы дәстүрлі би элементтерін заманауи хореографиямен біріктіруге болатынын дәлелдейді. Осының нәтижесінде ұлттық салт-

дәстүрдің моральдық мәні (үйлесім, бірлік, рухани күш) жаңа буынның шығармашылық тәжірибесіне еніп, гуманитарлық интерпретацияның динамикалық сипатын алады.

Үшіншіден, халықаралық тарату артықшылығы айқын: ЮНЕСКО-ның Өкілдік тізіміне енгізілген Қожанасыр фольклорының онлайн-архиві әлемдік аудиторияға қолжетімді болып, ұлттық моральдық құндылықтарды жаһандық деңгейде таныстырады [1], [9]. kazneb.kz және litart.kz платформаларындағы Қожанасыр әңгімелерінің видео-, аудио- және ғылыми материалдары әлемнің кез келген нүктесінен қолжетімді. Бұл арқылы қазақ халқының ақылдылық, әділдік және юморға негізделген моральдық коды халықаралық деңгейде танылып, мәдени біртектілену қаупіне қарсы тиімді қорғаныс құралына айналады.

ResearchGate-тегі зерттеу бойынша, ақпараттық технологиялардың қолданылуы Қазақстанның мәдени мұрасын халықаралық платформалар арқылы тарату арқылы ұлттық идентификацияны нығайтады және мәдени біртектілену қаупін азайтады [8].

Осылайша, цифрлық сақтау гуманитарлық интерпретацияны тек сақтаумен шектемей, оны динамикалық, қайта құрылымдалған және жаһандық процесске айналдырады. «Мәдени мұра» бағдарламасының онлайн-платформалары арқылы фольклорлық және тарихи мұра ұлттық бірегейліктің адамгершілік өлшемін (тарихи жады, моральдық құндылықтар) жаңа буынның рухани тәжірибесіне және әлемдік мәдени кеңістікке сәтті енгізеді. Бұл артықшылықтар цифрлық трансформацияның ұлттық идентификацияны нығайтудағы стратегиялық рөлін толық ашады.

Цифрлық платформалардың артықшылықтарымен қатар бірқатар қауіптер де бар. Бұл қауіптер ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясына (тарихи жады, моральдық құндылықтар және рухани сабақтастық) тікелей қауіп төндіреді, сондықтан оларды жүйелі түрде шешу қажет.

Біріншісі – ақпараттық қауіпсіздік: хакерлік шабуылдар немесе мәліметтердің заңсыз таралуы мүмкін. Бекзатқызы И. цифрлық трансформация мәселелерін талдай отырып, музейлердің электрондық каталогтарын қорғау үшін мемлекеттік стандарттарды күшейтуді ұсынады [5]. Мысалы, «Алтын қор» немесе kazneb.kz платформаларындағы «Бабалар сөзі» томдары мен 3D-турлардың деректері сыртқы шабуылдарға ұшыраса, ұлттық мұраның түпнұсқалық нұсқалары жоғалуы мүмкін. Бұл жағдайда гуманитарлық интерпретацияның негізі – моральдық құндылықтар мен тарихи контекст – бұзылады.

Екіншісі – мәдени контексттің жоғалуы: 3D-модель немесе видео нұсқа түпнұсқалық ауаны, материалдық сезімді және рухани мәнді жоғалтуы мүмкін. Бұл қауіпті шешу үшін әр цифрлық объектіге толық мета-деректер (тарихи контекст, интерпретациялық эссе, ауызша түсіндірме) қосу қажет [5], [8]. Мысалы, Таңбалы петроглифтерінің 3D-моделі тек визуалды бейне болып қалса, оның ежелгі қазақ философиясымен байланысы (табиғатпен үйлесім, ата-баба сабақтастығы) жоғалып, жас ұрпақтың гуманитарлық түсінігі бұрмаланады. ResearchGate зерттеуі де цифрлық форматта контексттің жоғалуы ұлттық идентификацияның адамгершілік өлшемін әлсірететінін атап көрсетеді [8].

Үшіншісі – цифрлық теңсіздік: ауылдық аймақтарда интернет жылдамдығының төмендігі немесе құрылғылардың жетіспеушілігі жас ұрпақтың қолжетімділігін шектейді. Музафаров Р.Р. атап өткендей, бұл мәселе ұлттық идентификацияның гуманитарлық өлшемін теңсіз етеді [7]. Нәтижесінде қалалық жастар «Алтын қор» мен AR-турларды еркін пайдаланса, ауылдық оқушылар фольклорлық мұрадан (Қожанасыр әңгімелері, батырлар жыры) тыс қалып, моральдық тәрбие процесі үзіледі.

Шешу жолдары:

- мемлекеттік деңгейде ақпараттық қауіпсіздік стандарттарын енгізу және «Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық ресурстарын үздіксіз мониторингтеу;
- цифрлық контентке толық гуманитарлық түсіндірмелер (тарихи эссе, моральдық талдау, аудио-комментарий) қосу, әр 3D-объектіге мета-деректер пакетін міндетті ету;
- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ауылдық мектептерге тегін интернет, планшеттер және AR-қосымшалар беру, сондай-ақ оффлайн режимдегі цифрлық мазмұнды (CD, USB) тарату [1], [12].

Осы шаралар цифрлық платформалардың қауіптерін азайтып, ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясын қауіпсіз және тең қолжетімді етеді.

Осылайша, цифрлық платформалар ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясы үшін қуатты құрал болғанымен, оларды тиімді пайдалану үшін қауіптерді жүйелі шешу қажет. Бұл «Мәдени мұра» бағдарламасының келесі кезеңінің негізгі міндеті болады және ұлттық кодтың цифрлық кеңістікте мәңгі сақталуын қамтамасыз етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану және цифрландыру үдерістері жағдайында ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясының цифрлық өлшемі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтау тәжірибесі арқылы тиімді жүзеге асырылатыны зерттеу барысында толық дәлелденді.

Бірінші бөлімде ұлттық бірегейліктің гуманитарлық интерпретациясының философиялық-әлеуметтік мәні (Л.Н. Гумилевтің этнос ұғымы, моральдық құндылықтар, «ұлттық код») және оның цифрлық өлшемі UNESCO 2003 Конвенциясы контекстінде талданды. Екінші бөлімде «Мәдени мұра» бағдарламасының нақты тәжірибесі – «Бабалар сөзі» 100 томдығының электрондық нұсқалары, Әуезов институтының «Алтын қор» цифрлық кітапханасы (1000+ қолжазба), 13 657 экспонаттың 3D-модельдері, 29 киелі объектінің виртуалды турлары, kazneb.kz платформасы – фольклорлық және тарихи мұраны онлайн-сақтаудың тиімді механизмдері екені көрсетілді. Үшінші бөлімде виртуалды музейлер мен AR-технологиялардың жас ұрпаққа қолжетімділігі, цифрлық сақтаудың интерпретация, қайта құрылымдау және халықаралық тарату артықшылықтары, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік, мәдени контексттің жоғалуы және цифрлық теңсіздік қауіптері жан-жақты сараланды.

Зерттеу нәтижелері «Мәдени мұра» бағдарламасының цифрлық трансформациясы ұлттық бірегейліктің гуманитарлық өлшемін (тарихи жады, моральдық құндылықтар, рухани сабақтастық) физикалық шектеулерден босатып, оны жаһандану қаупіне қарсы тиімді қорғаныс құралына айналдыратынын растады. Цифрлық платформалар (litart.kz, kazneb.kz) фольклорлық мұраны (Қожанасыр, батырлар жыры, халық биі) тек сақтап қана қоймай, оны жас ұрпақтың белсенді гуманитарлық интерпретациясының және халықаралық таратудың құралына айналдырды.

Ұсыныстар («Мәдени мұра» бағдарламасының келесі кезеңіне арналған):

- 2029 жылдан кейінгі кезеңде AR/VR-технологияларды толық интеграциялау және әр цифрлық объектіге міндетті мета-деректер пакетін (тарихи контекст, моральдық талдау, аудио-комментарий) енгізу.
- Ауылдық мектептер мен өңірлік музейлер үшін оффлайн режимдегі цифрлық мазмұнды (USB, CD) тарату және тегін интернет инфрақұрылымын кеңейту.
- Мемлекеттік деңгейде ақпараттық қауіпсіздік стандарттарын қабылдау және цифрлық ресурстарды үздіксіз мониторингтеу жүйесін құру.
- Қожанасыр фольклоры сияқты ЮНЕСКО тізіміне енген элементтердің онлайн-архивтерін халықаралық платформаларға (UNESCO Digital Library) толық интеграциялау.

Осы ұсыныстар цифрлық гуманитарлық кеңістікте одан әрі дамытуға және ұлттық бірегейліктің болашақ ұрпаққа берілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Болашақ зерттеу бағыттары:

- Жасанды интеллект (AI) технологияларының фольклорлық мұраны автоматты интерпретациялау және қайта құрылымдаудағы рөлі.
- Виртуалды және кеңейтілген шындықтың (VR/AR) жас ұрпақтың моральдық құндылықтарын қалыптастыруға психологиялық әсері.
- Қазақстандық тәжірибені Орталық Азия елдерімен (Өзбекстан, Қырғызстан) салыстырмалы талдау.
- Цифрлық теңсіздіктің ұлттық идентификацияға ұзақ мерзімді әсері және оны жоюдың әлеуметтік-гуманитарлық модельдері.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: № 250 Жарлық. – 2023. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000250
2. Қасқабасов С. (бас редактор). Бабалар сөзі: Қазақ фольклорының 100 томдық ғылыми басылымы. – Алматы: Дарын, 2004–2013.
3. Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Рақыш Ж. (құраст.). «Бабалар сөзі» жүзтомдығы: мазмұндалған анықтамалық. – Алматы: Дарын, 2014.
4. Әуезов М.О. атындағы Әдебиет және өнер институты. Алтын қор цифрлық ресурстары: Қолжазбалар қорының электрондық нұсқалары. – Алматы, 2020–2025. – URL: https://litart.kz/
5. Бекзатқызы И. Археологиялық артефактілерді 3d сканерлеудің әдістемесі және тәжірибесі // Мәдени мұра. – 2024. – № 4 (107). – 25–39 б.
6. Жанна Р. Digitization of Intangible Cultural Heritage as a method to save and actualize it on the example of Kazakh folk dance // Proceedings of the 6th International Conference on Engineering & MIS 2020 (ICEMIS'20). – ACM, 2020. – DOI: 10.1145/3410352.3410748
7. Музафаров Р.Р. Preservation of Kazakhstan’s national identity and moral values // Nomadic Studies. – 2024. – Issue 31. – P. 1–14.
8. The use of information technology in preserving the cultural heritage of Kazakhstan // ResearchGate, 2025. – URL: https://www.researchgate.net/publication/387407642
9. Қазақстанның ұлттық материалдық емес мәдени мұрасы: UNESCO-ның 2003 жылғы Конвенциясын іске асыру туралы ұлттық есеп (2018–2023). – Алматы: Қазақстанның Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеті, 2024. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000394922
10. Жалелова Г.М., Рахимжанова С.К., Мұханбетқалиев Е.Е. Ұлтаралық қатынас мәселесін мәдени-философиялық талдау // Әл-Фараби. – 2021. – № 4 (76). – 132–145 б.
11. Тоқаев Қ.Қ. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
12. Қазақстандағы мәдени жәдігерлерді цифрландыру деңгейі: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының тәжірибесі // Қаз.Лента. – 2020. – 29 қазан.

УДК 398.91

ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА КОНЦЕПТА «СОВЕСТЬ»: ЗНАЧЕНИЕ И СИМВОЛИКА В РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ

Кеулимжаева Улболсын Конакбаевна
ulboskeulimjaeva@gmail.com
Магистрантка 2 курса образовательной программы «Лингвистика: русский язык»
Каракалпакский государственный университет, г. Нукус, Республика Узбекистан.
Научный руководитель — Бектурсынова А. М., PhD, доцент.

В статье анализируется концепт «совесть» как элемент языковой картины мира. Рассматриваются его семантика, символика и способы репрезентации в русском языке. Особое внимание уделяется пословицам и поговоркам, отражающим моральные ценности общества и роль совести как внутреннего регулятора поведения личности и нравственного самосознания человека.

Ключевые слова: языковая картина мира, концепт, совесть, индивид, пословица.

Человек, выступая ключевым объектом научного познания, характеризуется сложной и многоаспектной природой, в рамках которой взаимодействуют общечеловеческие и

индивидуально-личностные параметры. Существенное место в системе человеческого сознания занимают этические концепты, формирующие ценностно-нормативные ориентиры и установок личности. Их лингвистическое осмысление способствует выявить глубинные механизмы концептуализации действительности, определяющие процессы самоидентификации человека и интерпретации им окружающей действительности.

«Язык всем знаниям и всей природе ключ, Во слове всех существ содержится картина», – писал Г. Р. Державин.

Языковая картина мира – это ментально-лингвальное образование, её элементами являются концепты, т.е. означенные информемы. Экспонентом языковой картины мира служит этнический язык.Он описывает то, как человек видит и понимает окружающую действительность как она отражается в его сознании. [1]

Развитие понятия «картина мира» тесно связано с научными открытиями и в физике на рубеже XIX и XX веков. Людвиг Видгенштейн впервые употребил этот термин в философии и в логике, чтобы обозначить систему научных представлений о мире. Позднее, начиная с 1960-х годов, семиотика начала изучать картину мира в контексте языка и других культурных систем, таких как миф, религия, искусство и архитектура. Идеи о связи языка и картины мира были предложены еще В.Гумбольдом, а немецким учёным И.Гердером считается одним из ключевых фигур в становлении современного учения о языковой картине мира.[2]

Актуальность исследования концептов определяется не только их влиянием на социальные и культурные нормы, но и необходимостью более глубокого осмысления языковых механизмов их репрезентации, через которые они выражаются. Особое значение в данном контексте имеет концепт *«совесть»*, представляющий собой одну из базовых категорий, оказывающую значительное влияние на формирование морального самосознания и поведения индивида.

Концепт «совесть» имеет многозначную структуру, в которой интегрируются как личностно-индивидуальные, так и общественные аспекты морального восприятия.

Совесть в «Толковом словаре русского языка» под редакцией С.И. Ожегова, а также в «Словаре русского языка» под редакцией А.П. Евгеньевой определяется как чувство ответственности за производимые действия. Ср.: СОВЕСТЬ. Чувство нравственной ответственности за своё поведение перед окружающими людьми, обществом [3]. СОВЕСТЬ. Чувство и сознание моральной ответственности за своё поведение и поступки перед самим собой, перед окружающими людьми, обществом; нравственные принципы, взгляды, убеждения [4]

В «Толковом словаре русского языка» под редакцией проф. Б.М. Волина, Д.Н. Ушакова [5] оно представлено следующим образом: СОВЕСТЬ. Внутренняя оценка, внутреннее сознание моральности своих поступков, чувство нравственной ответственности за своё поведение.

В рамках когнитивной лингвистики, концепты, такие как «совесть», не являются статичными: они развиваются и изменяются под воздействием языковых, культурных и социальных факторов. Важно понимать, как совесть представляется в языке через метафоры, фразеологизмы и устойчивые выражения, которые отражают систему внутренних нравственных установок как отдельной личности, так и социума в целом.

В языке концепт «совесть» проявляется через разнообразие метафор и символов, указывающих на её моральное значение и влияние. Метафорические выражения, такие как *«совесть мучает», «совесть жжёт», «совесть не даёт покоя»*, *«иметь советь»* изображают совесть как активную силу, воздействующую на внутренний мир человека. Эти метафоры отражают её способность оценивать, «наказывать» или «прощать» в зависимости от морального состояния индивида.

Совесть в языке часто ассоциируется с внутренним голосом, который напоминает о моральной ответственности, представляя собой не только личный, но и социальный механизм самоконтроля. Например, выражение *«совесть не обманешь»* указывает на неизбежность внутренней нравственной оценки, которую нельзя скрыть, игнорировать или обмануть.

Таким образом «совесть» рассматривается как внутренний моральный ориентир, чувство ответственности и справедливости, которое побуждает человека следовать моральным нормам, даже если это противоречит его личным интересам.

Русские пословицы и поговорки служат важным индикатором восприятия концепта «совесть» в народной культуре. В пословицах совесть представляется не только как внутренний голос, но и как сила, которая не позволяет человеку обманывать или оправдывать свои неправильные поступки.

Ярким примером служит данная поговорка ***"Совесть – голос Бога."*** где подчёркивается, что совесть является высшей моральной инстанцией, указывающей человеку правильный путь.

Следующая пословица звучит таким образом : ***"На воре шапка горит"*** Хотя эта пословица в первую очередь указывает на внешние признаки вины, её можно интерпретировать как метафору совести, которая «выдаёт» преступника. В этом контексте совесть воспринимается как неотвратимый внутренний суд, который «выдаёт» вину даже в самых сложных ситуациях. Эта пословица акцентирует внимание на том, что совесть всегда будет преследовать человека за дурные поступки.

Пословица ***"Лучше жить с совестью, чем с золотом"***. Здесь ставится в противовес материальное благополучие и моральная чистота. Это утверждение отражает важность честности и добросовестности перед всем миром, даже если это может быть невыгодно.

"Не за деньги, а за совесть". Здесь также утверждается, что истинное добро делается не ради материальных благ, а ради внутреннего морального удовлетворения. Это важное напоминание о ценности человеческой чести и благородства.

Пословицы, где совесть ассоциируется с социальной ответственностью: ***«Совесть чиста — душа спокойна»***. Это говорит о том, что соблюдение общественных норм и моральных установок, которое оценивается через совесть, приносит человеку внутренний покой и гармонию.

«С совестью и дьявол побоится». Совесть изображена как могущественная сила, которая способна победить даже зло или нечестные силы.

«С дурной совестью и на покой не ляжешь». Совесть не даёт покоя человеку, который совершил что-то плохое, и не позволяет ему спокойно жить.

«Чистая совесть — лучшее богатство». Эта пословица акцентирует внимание на том, что моральная чистота и соблюдение нравственных норм гораздо ценнее материальных благ.

«Какова совесть, таков и человек». Совесть здесь выступает как отражение характера человека. Она определяет, насколько он честен, справедлив и морально устойчив.

Также в русской художественной литературе концепт «совесть» занимает особое концептуально-смысловое место. В произведениях Ф.М. Достоевского, например, совесть не редко представляется в образе мучительного внутреннего судьи, который решает судьбу персонажей, оказывая на них экзистенциальный выбор и жизненную траекторию. В художественном мире писателя совесть становится не только моральным ориентиром, но и катализатором духовного роста.

У Л.Н. Толстого совесть изображается как ключевая моральная категория, определяющая путь к истине и нравственному совершенству. Совесть героев Толстого, таких как князь Андрей Болконский, испытывает сложные изменения и переживания, связанные с поисками смысла жизни и идеала.

Таким образом, концепт «совесть» занимает одно из ключевых мест в структуре языковой картины мира, оказывая существенное влияние на формирование нравственного сознания и регуляцию поведения личности. В языковом пространстве данный концепт репрезентируется посредством метафорических образов, фразеологических единиц и пословиц, в которых совесть осмысливается как внутренний морально-оценочный судьи, способный как к осуждению, так и к оправданию поступков. Анализ концепта «совесть»

позволяет более глубокому пониманию специфики вербализации моральных категорий и особенностей их функционирования в языковом и культурном сознании общества.

ЛИТЕРАТУРА:

1. ГончароваН.Н. «Языковая картина мира как объект лингвистического описания». Россия. Тула 2012. С. 396.
2. Залевская А.А. «Образ мира» и «языковая картина мира» // Картина мира и способы её репрезентации: научные доклады конференции «Национальные картины мира: язык, литература, культура, образование» (21 – 24 апреля 2003 г., Курск) / ред. Л.И. Гришаева, М.К. Попова. Воронеж: ВГУ, 2003. С. 41-47.
3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 тыс. слов и фразеолог. выражений. М.: Азбуковник, 1999.
4. Словарь русского языка: в 4-х т. / под ред. А.П. Евгеньевой. 4-е изд., стер. Т. 4. М.: Русский язык, 1999.
5. Толковый словарь русского языка / глав. ред. Б.М. Волин, Д.Н. Ушаков. Т. IV. М.: Гос. Изд-во иностр. и национ. словарей, 1940.

УДК 72.03

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНІҢ МЕМОРИАЛДЫҚ-ДІНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН СӘУЛЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайрош Айнара Асылханқызы
ainarakairosh2006@gmail.com
«Көркем білім» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымд. профессор, - Әлжанов Ғ.М.

Мақалада Батыс Қазақстан өңіріндегі мемориалдық-діни ескерткіштердің зерттелу тарихы, типологиялық ерекшеліктері және сәулеттік шешімдері қарастырылады. Аймақтағы қорымдар мен кесенелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу XVIII ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Ескерткіштердің құрылыс материалдары, пішіндік шешімдері («төртқұлақ», сағанатам, күмбезді құрылыстар) мен көркемдік безендірілуіндегі дәстүр сабақтастығы және жаңашылдық сипатталған. Сондай-ақ тас қашау өнерінің дамуы, құлпытастардың композициялық ерекшеліктері мен семантикасы талданады.

Кілт сөздер: мемориалдық-діни ескерткіштер, сәулет, құлпытас, некрополь, Батыс Қазақстан, тас қашау өнері, кесене.

Қазақстанның батыс аймағында көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын сан алуан мемориалдық-діни ескерткіштер шоғырланған. Бұл ескерткіштер – тасқа қашалған тарих, халықтың дүниетанымы мен сәулет өнерінің даму кезеңдерінің куәгерлері. Аймақтың оңтүстігінде Маңғыстау мен Үстіртте, солтүстігінде Орал-Жайық өңірінде орналасқан қорымдар мен кесенелер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлердің сабақтастығын көрсетеді. Бұл мақаланың мақсаты – Батыс Қазақстан облысы аумағындағы мемориалдық-діни ескерткіштердің зерттелу тарихын, типологиясын және сәулеттік-көркемдік ерекшеліктерін жүйелеу.

Батыс Қазақстан аумағындағы ескерткіштерді ғылыми тұрғыдан зерттеу XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1768-1774 жылдардағы академиялық экспедицияларға қатысқан П.И. Рычков, Н.П. Рычков, П.С. Паллас, И.П. Фальк еңбектерінде Басқұншақ көлі маңындағы «Байтақ», «Шоралығын Балласун» кесенелері, Әбілқайыр хан ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер кездеседі [1].1864 жылы «Орыс географиялық

қоғамының этнографиялық жинағында» тас мүсіндер туралы мақала жарияланса, 1889-1890 жылдары А. Харузов жетекшілігімен Бөкей даласында жүргізілген археологиялық экспедиция барысында 22 қорған зерттеліп, сипатталды.

XX ғасырдың 40-50 жылдары қазақ ғалымдары Т.Қ. Бәсенов, М.М. Меңдіқұлов Батыс Қазақстандағы Ұшқын ата, Сисем ата, Шопан ата, Масат ата сияқты ғұрыптық ескерткіштерді зерттеуге кірісті. М.М. Меңдіқұловтың «Батыс Қазақстанның халықтық сәулет ескерткіштері» еңбегі осы саладағы маңызды зерттеулердің бірі болды [2].1987, 1988 және 1990 жылдары Франция, Қазақстан және Өзбекстан ғалымдарының бірлескен кешенді экспедициясы Маңғыстау өңірінде жүргізіліп, 130-дан астам некрополь мен зират тексеріліп, 4 мыңға жуық құрылыс жан-жақты зерттелді. Бұл зерттеулердің нәтижесінде С.Е. Әжіғалидің «Батыс Қазақстанның дәстүрлі жерлеу-ғұрыптық сәулетінің генезисі» атты іргелі монографиясы жарық көрді [3].1980 жылы «Казпроектреставрация» институтының Орал архитектура экспедициясы (жетекшісі Т. Төреқұлов) Далалық Жайық өңірінің сәулет ескерткіштерін мақсатты түрде зерттей бастады. 1998 жылы С. Әжіғали жетекшілігімен жүргізілген кең ауқымды этномәдени экспедиция Ақжайық, Казталовка, Бөкей Ордасы, Жаңақала, Сырым, Қаратөбе аудандарының аумағындағы ескерткіштерді қамтыды [4]. 2002-2008 жылдары тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н. Сдықовтың жетекшілігімен құрылған тарих және археология орталығы Сырым, Қаратөбе, Шыңғырлау және Орал аудандарында мемориалдық-діни ескерткіштерді зерттеудің жаңа кезеңін бастады. 2003 жылы Р.А. Бекназаров жетекшілігімен этнографиялық экспедиция жүргізіліп, көптеген деректер жинақталды [5]. Ескерткіштердің типологиясы мен сәулеттік ерекшеліктері

Батыс Қазақстан аумағында мемориалдық-діни ескерткіштердің әртүрлі типтері кездеседі: құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, сағанатамдар, «төртқұлақ» қоршаулар және күмбезді кесенелер. Олардың тарихы терең көне замандардан бастау алады. Б.з. II мыңжылдығынан бастап шағын формалы діни сәулеттің негізгі типтері қалыптаса бастады. Беғазы-Дәндібай типіндегі ескерткіштер, Тегіскен кесенесі осы кезеңнің жарқын үлгілері болып табылады. Ортағасырлық кезеңде ескерткіш құрылысында балшық және күйдірілген кірпіш кеңінен қолданыла бастады. Осы дәуірде Айша бибі, Бабаджа хатун, Алаша хан, Сырлытам кесенелері сияқты стильдік бағыттағы мемориалдық-діни сәулет үлгілері қалыптасты. Бұл кезеңдегі композициялық шешімдердің негізіне қазақ киіз үйінің пішіні алынды, оның айқын дәлелі – Кентті баба, Үштам, Масат ата, Қошқар ата кесенелері. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында Шопан ата, Шақпақ ата, Қараман сияқты ірі жерлеу-ғұрыптық кешендердің қарқынды өсуі байқалады.

Батыс Қазақстанда тас қашау өнерінің өркендеуіне өңдеуге оңай тау жыныстарының болуы ықпал етті: оңтүстікте – әктас пен ұлутас, солтүстікте – құмтас пен бортас. Шеберлер құрылымы біркелкі, тығыз, бірақ оңай өңделетін тастарды пайдаланды. Құлпытастар – Батыс Қазақстанда кең тараған ескерткіш түрі. Олар қабірдің батыс жағына тігінен орнатылатын тас бағандар. Ертедегі құлпытастар өңделмеген немесе жеңіл-желпі өңделген тас тақталардан тұрды. Кейінгі құлпытастар ұшар басы жартылай дөңгеленіп келген қырлы баған түрінде жасалып, бетіне ру таңбалары, эпиграфикалық жазулар, қару-жарақтар мен тұрмыстық заттардың суреттері қашалды. Құлпытас қашау өнері шарықтау шегіне XIX ғасырдың ортасында жетті. Бұл кезеңнің көркем құлпытастары үш бөліктен: негіз (өзек), таған және ұшар бастан тұрып, биіктігі 1,5-тен 3 метрге дейін жетті. Ескерткіштер ашық түстерге (қызыл, көк, сары) боялып, өсімдік тектес ою-өрнектермен безендірілді. Батыс Қазақстан облысының мемориалдық ескерткіштерін географиялық орналасуына қарай екі жергілікті топқа бөлуге болады: Бөкей Ордасы және Жайық өңірі ескерткіштері. Атырау тобымен бірге бұл екеуі Солтүстік Каспий кешендерінің тобын құрайды. Жайықтың батыс жағалауындағы (Бөкей бетінде) құлпытастар беті жазық, эпиграфиялық пішімде келсе, шығыс жағында көп бөлікті, ауқымды тасбелгілер жиі ұшырасады. Қараөзен мен Сарыөзен алабында XIX-XX ғасырлардағы қорымдарда, әсіресе Жалпақтал қорымында байбақты, тана, табын руларының өкілдері жерленген, тастан қашалған құлпытастар шоғырланған.

Бөкей Ордасындағы хан зираты, Жәңгір хан мен М.С. Бабажановтың кесене-бейіттері ерекше тарихи-мәдени мәнге ие. Облыстың шығыс жағында, сол жағалаудағы аудандарда Әулие Қазырет қорымы мен Қондыкер бейіті сияқты дәстүрлі Арал-Каспий аймағына тән көп бөлікті құлпытастар кездеседі. Соңғы кездері мемориалдық-діни ескерткіштердің құрылысында жаңа материалдар – керамикалық плиткалар, сәндік гранит, қаптау кірпіштері кеңінен қолданыла бастады. Дәстүрлі «төртқұлақ», сағанатам және күмбезді құрылымдар сақталғанымен, металл қоршаулар мен шикі кірпіш қазіргі қорымдарда кездеспейді. Орал қаласынан 20 шақырым жердегі Барбастау қорымындағы ескерткіштердің шамамен 75%-ы бойлық-осьтік орналасатын бір камералы «төртқұлақ» типіне жатады. Қалған ескерткіштер Маңғыстау әктасынан жасалған күмбезді кесене түріндегі құрылыстар. Мұндай өзгерістер еліміздің барлық аймақтарында байқалады.

Батыс Қазақстанның мемориалдық-діни ескерткіштері – көшпелілер мәдениетінің, сәулет өнері мен дүниетанымының бірегей куәгерлері. Оларды зерттеу XVIII ғасырдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Аймақтың тас қашау өнері әсіресе XIX ғасырда жоғары деңгейде дамып, өзіндік «әсемдік» стилі қалыптасты. Ескерткіштердің типологиясы мен сәулеттік шешімдеріндегі дәстүр сабақтастығы, сондай-ақ жаңа заманғы материалдар мен технологиялардың енуі бүгінгі қорымдарда да байқалады. Бұл ескерткіштер халқымыздың монументтік глиптикасының жоғары дамығандығын және дүниежүзілік мәдени мұраның құрамдас бөлігі екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рычков П.И., Рычков Н.П. Топография Оренбургской губернии. – М., 1887. – 405 с.

2. Меңдіқұлов М.М. Батыс Қазақстанның халықтық сәулет ескерткіштері. – Алматы: Өнер, 1987. – 160 б.

3. Әжіғали С.Е. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 260 с.

4. Әжіғалиев С. Батыс Қазақстан ескерткіштері // Зерде. – 1989. – №12. – Б. 24-28.

5. Бекназаров Р.А. Батыс Қазақстан облысының мемориалдық-діни сәулет ескерткіштері // Ғылыми мақалалар жинағы. – Орал, 2002. – 268 б.

6. Байпаков К.М. Городища типа «төрткуль». – Алма-Ата: Наука, 1978. – 132 с.

7. Таймагамбетов Ж.К., Нуркабаев М.С. Исследования на Мангышлаке. – М., 1987. – 98 с.

8. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ этнонимдері адай және шеркеш туралы // Түрік ономастикасы. – Алма-Ата, 1984. – Б. 112-118.

ӘОЖ 94(574.1)

СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТАРИХЫ 1931-1933 ЖЫЛДАР

Қабиден Диляра Еркінқызы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің
1 курс магистранты, Қазақстан Республикасы Атырау қаласы
Ғылыми жетекшісі, сеньор лектор – т.ғ.д., Ахмет А.Қ.,

Қазіргі кезеңде отандық ғылымда Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатын және оның 1931–1933 жылдардағы ашаршылыққа әкелген қайғылы салдарын зерттеу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Еліміздің барлық аймағын қамтыған бұл зұлматтың қасіреті ұлт жадында өшпестей қара дақ болып сақталды. Филипп Голощекиннің ұйымдастыруымен жүзеге асқан бұл саясат қазақ халқы үшін орны толмас апатқа айналды. Қазақ халқының

дүниетанымында «құйынның ішінде шайтан ұшады» деген түсінік бар. Сондықтан да халық қара құйынды көргенде: «Кет, бәлекет, кет!» деп қарғыс айтып, жамандықты аластауға тырысқан. Бәлкім, осы түсініктің астарында халықтың басына түскен ауыр нәубетті «бәлекетке» теңеуі жатыр. Сол себепті де ел ішінде Филипп Голощекиннің есімі ашық аталмай, «қанды қол», "қу жақ" немесе "голоя щека" деген ауыр теңеумен сипатталды. Ғалым Хакімұлы Ахмедов өз әңгімесінде: "Егер Голощекин бізде тағы бір жыл болғанда, онда қазақ атауы қырылып бітетін еді…-дейді [1, 238]. Голощекин өз әрекеттерін шектен шығу деп санамады. Нәтижесінде бұл саясат халық алдында да, тарих алдында да кешірілмес қылмысқа айналды. Сол бір зұлмат жылдары қара құйын іспетті нәубет қазақ даласын шарпып өтті. Ол тек мал мен дәулетті ғана емес, тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, рухани болмысын күйретті. Отбасы – шаңырағынан, ауыл – тіршілігінен, адам – жанынан, ал халық – рухынан айырылды. Кең байтақ дала иесіз қалғандай күй кешті. Құдды бір Құдай да, адам да ұмытқан иен кеңістікке айналғандай болды. Осы кезеңнің куәсі болған Ғабит Мүсірепов: " олар бекеттердегі мұнараға ұқсайтын. Соларға қарап жолды бағдарлаған, мәйіттер жолдың екі жағына да үйілген. Одан өткен сұмдықты мен көрген емеспін…"- дейді. Тағы бір әңгімесінде Ғабең былай деп жалғасырады: "Аллаға шүкір, біздің алдымыздан аш адамдар жолыққан жоқ, әйтпесе аттардан да, біздің өзімізден де ештеме қалмаған болар еді. Біз мұны анық түсіндік. Сондықтан да өзімізге азық-түлік, аттарымызға жем бергені үшін атқару комитетінің төрағасына іштей қайта-қайта алғыс айтумен болдық. Соның арқасында бір ажалдан аман қалдық… Сондықтан әлдеқашан жаны жай тапқан оның рухына мен әрқашан дұға бағыштаймын…" -дейді [2,10].

Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық – ұлттық тарихтағы аса күрделі әрі ауқымды мәселелердің бірі. Зерттеу нысаны ретінде Семей өңіріндегі ашаршылық салдары, соның ішінде балалар панасыздығы қарастырылады. Дәстүрлі қазақ қоғамында жетім мен жесірді қорғау әлеуметтік норманың маңызды бөлігі. Алайда ашаршылық жылдары бұл жүйе күйреп, жетім балалар саны күрт артты. Балалар үйлерінің жаппай ашылуы және олардағы орын тапшылығы халықтың ауыр әлеуметтік жағдайын көрсетті. Аталған кезеңде ұлтаралық теңсіздік те айқын байқалды. Қазақ балаларының құқықтарының шектелуі мен әлеуметтік жағдайының төмендігі кең таралған құбылысқа айналды. Сонымен қатар, аштық пен жұқпалы аурулардың салдарынан өлім-жітім деңгейі өсіп, көптеген балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалды. Бұл үдерістер балалардың физикалық және әлеуметтік жағдайына теріс әсер етіп, олардың қиын жағдайда өмір сүруіне әкелді. Ашаршылықтың салдары тек демографиялық шығынмен шектелмей, қоғамның әлеуметтік құрылымына да ықпал етті. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық халықтың барлық әлеуметтік топтарын қамтыған ауыр гуманитарлық апат болды. Бұл нәубет жас ерекшелігіне қарамастан, бүкіл қоғамды күйзеліске ұшыратып, әсіресе балаларға орны толмас зардап әкелді. Ашаршылықтың салдары ұлт жадында терең із қалдырған тарихи құбылыс ретінде бағаланады. Ашаршылық мәселесін қарастыру барысында балалар панасыздығы ерекше орын алады. Ата-анасынан айырылған сәбилер мен жеткіншектер ауыр әлеуметтік жағдайда өмір сүруге мәжбүр болды. Күнкөріс қамымен күрескен балалар ерте есейіп, өмір сүру үшін күрделі жағдайларға бейімделуге тура келді. Балалар үйлерінің пайда болуын тек 1931 жылғы оқиғалармен байланыстыру толық емес. Қазақстан аумағында панасыз балаларға арналған мекемелер 1922 жылғы ашаршылық кезеңінде де құрылған. Мысалы, Орынборда – 30, Оралда – 28, Қостанайда – 12, Ақтөбеде – 2 балалар үйі жұмыс істеген, сондай-ақ басқа губерниялярда да осындай мекемелер ашылған. Осылайша, балалар үйлерінің қалыптасуы ашаршылық салдарынан туындаған әлеуметтік қажеттіліктің нәтижесі болды. Бұл құбылыс қоғамдағы дағдарыстың ауқымын және балалардың әлеуметтік қорғалуының әлсірегенін айқын көрсетеді [3 қ 75, т-1, і4, п61]. Ашаршылық құбылысы ғылыми әдебиетте шартты түрде екі негізгі түрге бөлінеді: табиғи және жасанды. Табиғи ашаршылық климаттық қолайсыздықтармен, яғни құрғақшылық, су тасқыны, егістік алқаптарға зиян келтіретін биологиялық факторлармен байланысты болса, жасанды ашаршылық – мемлекеттік саясат пен басқару шешімдерінің салдары ретінде қалыптасады. Ашаршылықтың ең ауыр зардаптарының бірі – балалар панасыздығының күрт

өсуі болды. Ата-анасынан айырылған балалар қысқа уақыт ішінде әлеуметтік қорғансыз топқа айналып, олардың тұрмыс-тіршілігі мен болашағы күрделі мәселеге айналды. Бұл жағдай балалардың ерте есейіп, ауыр өмір жағдайларына бейімделуіне әкелді. Аталған мәселені зерттеу барысында балалардың тұрмыс жағдайы, олардың орналасқан мекемелері мен әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ осы бағытта құрылған ұйымдардың қызметі ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстан аумағында балалар үйлерінің пайда болуы 1921 жылғы ашаршылық кезеңімен тығыз байланысты. Сол кезеңде әртүрлі губернияларда балалар үйлері ұйымдастырылып, олардың саны аймақтық ерекшеліктерге қарай әркелкі болды. Семей өңірінде балалар үйлерінің ашылуы 1921 жылы 29 шілдеде аштықтан және көші-қон үдерістерінен зардап шеккен халықтың жаппай келуімен байланысты болды. Деректерге сәйкес, ірі топтармен 9182 адам, ал кіші топтармен шамамен 500 адам келген, жалпы саны 9682 адамды құрады. Осы жағдайға байланысты Семей өңірінде 1921 жылы 13 балалар үйі жұмыс істеді. Оның ішінде Семей қаласында 9, ал Алаш аумағында 4 балалар үйі орналасты. Бұл көрсеткіштер аймақтағы әлеуметтік дағдарыстың ауқымын және панасыз қалған балаларды орналастыру қажеттілігінің жоғары болғанын айқын көрсетеді [4, к75, т1, і4, п124]. 1931 жылғы деректер балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының өте төмен деңгейде болғанын көрсетеді. Әсіресе, жасөспірімдерге арналған мекемелерде материалдық қамтамасыз ету жеткіліксіз болып, балалардың жалаң аяқ жүруі, бір төсекке екі-үш баладан орналасуы сияқты жағдайлар кең таралған. Бұл өз кезегінде балалардың физикалық жағдайына ғана емес, олардың психологиялық ахуалына да теріс әсер етті. Балалар ұжымындағы әлеуметтік қатынастар да күрделі сипат алды. Мекемелерде жасы үлкен тәрбиеленушілердің бейресми үстемдігі қалыптасып, олар өздерінен кіші балаларға қысым көрсеткен. Бұл құбылыс әсіресе қазақ балаларының жағдайына кері ықпал етіп, ұлтаралық теңсіздік белгілерін айқын байқатты. Балалар үйінің әкімшілік басқару жүйесінде де бірқатар кемшіліктер орын алды. Мекеме басшысы Константиновтың тәрбие жұмыстары барысында қолданған әдістері ресми түрде педагогикалық сипатта түсіндірілгенімен, іс жүзінде олардың құрамында күш көрсету элементтері болғаны анықталған. Оның түсіндіруінше, балалардың тәртіп бұзушылық әрекеттеріне қарсы физикалық ықпал ету «тәрбиелік шара» ретінде қарастырылған. Дегенмен, тексеру барысында тәрбиеленушілер тарапынан тікелей шағымдардың тіркелмеуі бұл жағдайдың жасырын сипатта болғанын жоққа шығармайды. Керісінше, комиссия қорытындылары Константиновтың тәрбие әдістерінде қысым көрсету мен қатыгездік белгілерінің бар екенін айқындады [5, к598, т1, і11, п50]. Зерттеу деректері өндірістік мекемелердегі әлеуметтік құрылым мен еңбек қатынастарында айқын теңсіздіктердің болғанын көрсетеді. ДК құрамына 16 кәсіпорын біріктірілгенімен, тексеріс барысында олардың 4-і қарастырылған. Аталған кәсіпорындардағы жалпы жұмысшылар саны 190 адамды құрады. Оның ішінде орыс жұмысшылары – 136 адам (71,5%), ал қазақ жұмысшылары – 56 адам (28,5%) болды. Басқарушы құрам толықтай орыс ұлт өкілдерінен тұрған. Тергеу нәтижелері бұл жағдайдың кездейсоқ емес, жүйелі сипатқа ие болғанын, яғни партиялық, кәсіптік және әкімшілік деңгейлерде ұлыдержавалық шовинизм элементтерінің көрініс тапқанын айқындайды. «Қазақтандыру» саясаты формалды түрде ғана қарастырылып, іс жүзінде жүзеге асырылмаған. Бұл мәселе партия ұйымдарының мәжілістерінде эпизодтық деңгейде ғана көтеріліп, жұмысшылар арасында кеңінен талқыланбаған. Сонымен қатар, мәдени-ағартушылық және саяси-тәрбиелік жұмыстардың жеткіліксіздігі еңбек ұжымдарындағы ұлттық теңсіздіктің күшеюіне ықпал етті. Нақты деректер негізінде анықталған негізгі мәселелер төмендегідей жүйеленеді:

1. Кадрлық саясаттағы теңсіздік. Мекеме қызметкерлерінің басым бөлігі орыс ұлтынан құралған. Басшылық құрамда қазақ өкілдерінің болмауы ұлттық кадрларды дамыту ісінің жүргізілмегенін көрсетеді. Кейбір жауапты тұлғалар қазақтардың кәсіби қабілетіне күмән келтіргенімен, оларды қызметке тарту немесе даярлау бағытында нақты шаралар қабылданбаған.

2. Тәртіптік және тәрбиелік әдістердің қатыгез сипаты. Жұмысшылар үйінде қызмет атқарған Константинов тәртіп бұзушылықтарды күш қолдану арқылы «реттеуді» тиімді әдіс

ретінде қарастырған. Бұл жағдай еңбек тәртібін сақтауда әкімшілік қысымның басым болғанын көрсетеді.

3. Этникалық қатынастардағы шиеленіс. Қазақ және орыс жұмысшылары арасындағы қарым-қатынаста жанжалдар мен кемсітушілік сипаттағы әрекеттер жиі кездескен. Қазақтарға қатысты кемсітуші атаулардың қолданылуы ұлттық өшпенділіктің көрінісі болды.

4. Материалдық қамтамасыз етудегі айырмашылықтар. Тұрмыстық жағдайларда айқын теңсіздік орын алған: орыс жұмысшылары жеке төсек орындарымен қамтамасыз етілсе, қазақ жұмысшылары екі-екіден бір төсекке орналастырылған. Кейбір жағдайларда қазақтарға тиесілі төсек орындары тартып алынып, басқаларға берілген.

5. Киім-кешекпен қамтамасыз етудегі әділетсіздік. Алдымен орыс жұмысшылары толық қамтамасыз етіліп, қазақ жұмысшыларына киім-кешек шектеулі мөлшерде ғана берілген. Бұл олардың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әсер етті.

6. Тамақтану жүйесіндегі теңсіздік. Асханаларда да бөлініс орын алып, қазақ жұмысшыларына азық-түлік аз мөлшерде берілген. Кейбір деректерде кемсітушілік сипаттағы өрескел әрекеттердің орын алғаны көрсетіледі.

7. Еңбек жағдайының ауырлығы. Қазақ жұмысшыларына физикалық тұрғыдан ауыр және лас жұмыстар жүктеліп, жұмыс уақыты да қолайсыз жағдайда ұйымдастырылған. Сонымен қатар, арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз ету мәселесінде де айырмашылықтар байқалған.

8. Әлеуметтік қорғалмау. Қазақ жұмысшылары негізсіз жұмыстан шығарылу жағдайларына жиі ұшыраған, бұл олардың құқықтарының жеткілікті деңгейде қорғалмағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, аталған деректер өндірістік ортада ұлттық белгі бойынша қалыптасқан әлеуметтік теңсіздіктің жүйелі сипат алғанын дәлелдейді. Бұл құбылыс сол кезеңдегі мемлекеттік саясаттың қайшылықтарын және әлеуметтік әділеттілік қағидаттарының сақталмағанын айқын көрсетеді [6,қ598, т1, і11, п 60-61]. Қ.Қ. Байсарина мақаласында көрсетілгендей, Шығыс Қазақстан өңіріндегі: Көкпекті, Зайсан, Жарма, Мақаншы, Үржар, Абай, және Тарбағатай аудандарындағы ашыққан балаларға, сонымен қатар өңірдегі барлық балалар үйінде орналастырылған жетім балаларға үкімет тарапынан көмек жасалды. Бірақ сол көмек өте мардымсыз, тіпті тиісті орынға жетпей жатты. Көптеген уақытша ашылған балалар үйлеріне мүлдем көмек көрсетілмеген жағдайларда орын алды. Мәселен, Мақаншы, Абай және Тарбағатай сияқты орталықтан алыс аудандарда уақытша ашылған балалар үйлерінде аш-жалаңаш балаларға киім-кешек пен төсек орын тұрмақ тамақтың өзі жетіспеді, берілген тағамның өзі өлместің күнін көрмейтіндей белгілі бір мөлшерде ғана таратылған, балалардың тоя тамақ ішпейтін уақыттары өте жиі кездесіп тұрды. Аталған қазақ аудандарына қарағанда Көкпекті ауданының орталығында ашылған балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларды тамақпен және киім-кешек, төсек орынмен қамтамасыз етілуі жоғарыда көрсетілген аудандарға қарағанда біршама жақсы болды. Сондықтан жоғарыда атап өткендей аудан орталығындағы балалар үйлерінің жағдайы әр түрлі жағдайда және оның қамтамасыз етілуіде бірдей дәрежеде орын алмағандығын байқауға болады. Мұндай жағдай республиканың барлық аудандарында да көптеп орын алды[7,4б]. Облыстық тақ съезінің қаулылары бесжылдық жоспар шеңберінде балаларға арналған негізгі тапсырмаларды бекітті. Қаулылардың мазмұны мен мақсаттары төмендегідей:

Міндетті жалпыға бірдей білім беру: Бесжылдық жоспардың маңызды элементі – барлық балаларға міндетті білім беру жүйесін енгізу. Бұл іс-шара тек экономикалық мақсаттармен шектелмей, сонымен қатар социалистік тәрбиені, мәдени және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Міндетті білім беру арқылы мемлекет барлық жас ұрпақты сауатты, мәдениетті және еңбекке қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеуді көздеді.

Жастан асқан балалар арасындағы сауатсыздықты жою: Мектеп жасына жетпеген немесе мектепке қатыса алмай қалған балалар арасында сауатсыздықты жою – бесжылдық жоспардың екінші бағыты. Бұл шара арқылы мемлекет халықтың экономикалық және мәдени

әлеуетін арттыруға, әсіресе индустрияланған және совхоздық аудандардағы еңбек ресурсын тиімді пайдалануға мүмкіндік алды.

Мектептен тыс жұмыстың өсуі: Балалар мен жасөспірімдерге арналған мектептен тыс жұмыстардың көлемін ұлғайту қарастырылды. Мұнда арнайы клубтар, үйірмелер, өнер, спорт және басқа да тәрбиелік іс-шаралар енгізілді. Қызмет көрсетілетін адамдар саны бесжылдық жоспар шеңберінде 25 есе арттырылды. Бұл балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, олардың әлеуметтік дамуына және коммунистік тәрбие алуға жағдай жасады.

Өнеркәсіптік аудандардағы, совхоздар мен колхоздардағы балаларға қызмет көрсету: Өндірістік және ауылдық аймақтардағы негізгі контингентке – яғни өндіріс орындары мен ауыл шаруашылық мекемелеріне – балалар үйі және мектептен тыс мекемелер арқылы қызмет көрсету ұйымдастырылды. Бұл шара экономикалық тұрғыдан да маңызды болды: жұмысшылардың балаларын тәрбиелеу мен оқыту үшін арнайы мекемелер арқылы олардың еңбекке толыққанды қатысуына мүмкіндік берілді.

Қазақстандағы мәдени қызмет түрлерін енгізу: Бесжылдық жоспар шеңберінде Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге арналған мәдени нысандар – кинотеатрлар, клубтар, станциялар және басқа да мәдени мекемелер – жүйелі түрде енгізілді. Бұл балалардың мәдени даму деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және социалистік идеологияны тәрбиелеуге бағытталды. [8, қ598, т1, і11,п33]

Қорытындылай келе ашаршылық кезеңі – XX ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстан тарихында қалдырған ең ауыр іздердің бірі. Бұл кезең халық үшін тек азық-түлік тапшылығын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және рухани дағдарысты да әкелді. Балалардың өмірі бұл кезеңнің ең ауыр көріністерінің бірі болды. Зерттеу барысында ашаршылықтан зардап шеккен балалардың тағдыры жан-жақты қаралды. Мектеп жасына жетпеген және жетім қалған мыңдаған балалар панасыздыққа, аштыққа, ауруларға ұшырап, өмірі мен болашағы өте ауыр жағдайда болды. Панасыз қалған балалардың басым бөлігі Семей қаласы мен оның маңайындағы елді мекендерге қоныстанған. Дегенмен, әлеуметтік көмек жүйесінің тапшылығы оларды одан әрі қиналып, қиын жағдайға душар етті. Қазіргі зерттеулер бұл тарихи кезеңнің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ашаршылықтың құрбаны болған балалардың тағдырын зерделеу олардың рухани және физикалық зардаптарын бағалауға, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік сабақтарды анықтауға жол ашады. Бұл тек өткен ғасырдың қасіреті ғана емес, қазіргі әлеуметтік мәселелердің тамырларын түсіну үшін де маңызды. Семей өңіріндегі ашаршылық пен балалардың панасыздығы – тарихи зерттеулер үшін маңызды әлеуметтік мәселе. Бұл кезеңнің қасіретін зерттеу арқылы біз өткенді ұмытпай, бүгінгі өмірді жақсартуға және болашақтағы қателіктерді болдырмауға үлес қоса аламыз. Әлихан Бөкейхан айтпақшы тарих жоқ болса, ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң өмірін ондай алмайды. Ондай алмаған соң мәжнүн болып, құлдыққа құлайды – дейді. Ашаршылықтың әсерінен жапа шеккен ұрпақтың тағдыры бізді бейжай қалдырмауы керек. Тарихымызды білу, өз халқымыздың қиыншылықтарын түсіну – бұл болашақта қателіктерді болдырмаудың және еліміздің игілігі үшін жұмыс істеудің маңызды жолы. «Өткенді білмей, болашақты болжай алмайсың» деген халық даналығы бүгінгі таңда өзінің өзектілігін жоғалтпайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. В. Михайлов. ҰЛЫ ЖҰТТЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ. Алматы Республикалық «Дәуір» газет журнал баспасы, 1992-240бет.

2. Ғаламат жұт шежіресі: деректі хикаят.-Алматы: Мектеп, 2013-296б.

3. Абай облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 75 қор. 1 тізім. 4 іс. 61 п.

4. АОМА. 75 қор. 1 тізім. 4 іс. 124 п.

5. АОМА. 578 қор. 1 тізім. 11 іс. 50 п.

6. АОМА. 578 қор. 1 тізім. 11 іс. 60-61 п.

7. Байсарина Қ.Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж.) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы No1(68), 2021, 4-6 бб. https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313
8. АОМА. 598 қор. 1 тізім.11іс.33 п

ӘОЖ 316.7:004:94

ЦИФРЛАНДЫРУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ "ЖҰМСАҚ КҮШІ": ТАРИХИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

Қамбарқызы Эльназ
«Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы»
білім беру бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының сеньор- лекторы,
магистр Шугаепова Г. Ш.

Аннотация: Бұл мақалада жаһандану мен цифрландыру үдерістерінің қарқынды даму жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі Джозеф Найдың «жұмсақ күш» теориясы тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи мұраны цифрлық технологиялар арқылы насихаттаудың жаңа әдістері анықталды: виртуалды музейлер, әлеуметтік желілердегі тарихи контент, иммерсивті технологиялар (AR/VR), цифрлық сторителлинг және геймификация. Қазақстандық E-museum порталы, «Qazaqstan тарихы» жобасы, «Киелі география» бағдарламасы секілді тәжірибелерге талдау жасалып, халықаралық үлгілермен салыстырылады. Мақаланың практикалық маңыздылығы – тарих мұғалімдеріне арналған цифрлық насихаттың педагогикалық әдістерін ұсынуда. Қорытындыда цифрландыру ұлттық бірегейлікті сақтап қана қоймай, оны жаһандық деңгейде танытудың тиімді құралы бола алатыны дәлелденеді.

Түйін сөздер: жұмсақ күш, ұлттық бірегейлік, цифрландыру, тарихи мұра, виртуалды музей, әлеуметтік желілер, педагогикалық әдістер, E-museum, иммерсивті технологиялар.

КІРІСПЕ

XXI ғасырдың басынан бастап жаһандану және цифрландыру үдерістері бүкіл әлемдік қауымдастықтың алдына жаңа сын-тегеуріндер қойды. Бұл үдерістердің әсері экономика мен саясатпен шектеліп қана қоймай, мәдениет, білім беру және ұлттық сана салаларына да терең еніп отыр. Әлемдік ақпараттық кеңістікте ұлттық мәдениеттердің шекарасы бұлыңғырланып, жаһандық бұқаралық мәдениеттің ықпалы күшейген сайын, әр халықтың өзіндік болмысын, тарихи жадын, тілі мен дәстүрін сақтап қалуы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Алайда, цифрлық дәуірдің жаңа сын-қатерлері мемлекет тарапынан жаңа көзқарастар мен шешімдерді талап етеді. Осы орайда, американдық саясаттанушы Джозеф Найдың «жұмсақ күш» (soft power) тұжырымдамасы ерекше теориялық және практикалық маңызға ие.

Джозеф Най «жұмсақ күшті» «мәжбүрлеусіз, тартымдылық арқылы қалаған нәтижеге қол жеткізу қабілеті» ретінде анықтайды [1, б. 11]. Оның пікірінше, «жұмсақ күш елдің мәдениетінің, саяси идеалдары мен саясатының тартымдылығынан туындайды» [1, б. 12]. Бұл тұжырымдамада мәдениет пен тарихи мұра ерекше рөл атқарады, өйткені олар елдің имиджін қалыптастырып, халықаралық аренада оның тартымдылығын арттырады. Найдың кейінгі еңбектерінде ақпараттық революция жағдайында жұмсақ күштің трансформацияланып, цифрлық кеңістікте жаңаша көрініс табатыны атап көрсетіледі [2, б. 85-110].

Тарихи мұра – кез келген ұлттың «жұмсақ күшінің» іргетасы. Ол халықтың өткенімен байланысын қамтамасыз етіп, болашаққа деген сенімін нығайтады, ұрпақтар сабақтастығын

жүзеге асырады. Цифрландыру дәуірі бұл мұраны сақтау мен насихаттаудың мүлдем жаңа мүмкіндіктерін ашты. Виртуалды шындық, әлеуметтік желілер, интерактивті платформалар тарихи білімді таратудың дәстүрлі шекараларын жойып, жаһандық аудиторияға жол ашты.

Мақаланың мақсаты – цифрландыру заманында ұлттық бірегейліктің «жұмсақ күшін» теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, тарихи мұраны насихаттаудың жаңа әдістерін анықтау және олардың педагогикалық потенциалын бағалау..

1. ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ТАРИХИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ЖАҢА ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Цифрлық технологиялардың дамуымен музей ісі саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Виртуалды музейлер мен 3D-турлар адамдарға әлемнің түкпір-түкпіріндегі тарихи орындарға үйден шықпай-ақ саяхат жасауға, экспонаттарды егжей-тегжейлі көруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, алыс аймақтарда тұратын оқушылар және халықаралық туристер үшін үлкен маңызға ие.

Қазақстан бұл бағытта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. 2025 жылдың желтоқсанында Астанада Қазақстан музейлерінің бірыңғай цифрлық жүйесі – E-museum порталы таныстырылды. Бұл жоба еліміздегі 280-нен астам музейді бірыңғай цифрлық кеңістікке біріктіріп, 66 мыңнан астам музей қорының бірлігін қамтиды. Сонымен қатар 750 үшөлшемді модель және 15 виртуалды тур әзірленген [3]. Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, 2026 жылдың басында Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде 5 мыңнан астам экспонат, оның ішінде Алтын Орда дәуіріне жататын 10 мың экспонаттың бір бөлігі цифрлық форматқа көшірілді. Келушілер интерактивті панельдер арқылы экспонаттарды 3D-форматта көре алады [15].

AR/VR технологиялары арқылы тарихи оқиғаларды көрнекі ету толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) технологиялары тарихи оқиғаларды «қайта жаңғыртуға» мүмкіндік береді. Оқушылар арнайы көзілдіріктер арқылы көне заманға саяхат жасап, тарихи тұлғалармен «кездесіп», маңызды шайқастардың куәгері бола алады. Мұндай иммерсивті тәжірибе дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді әсер етеді, өйткені ол бірнеше сезім мүшесіне бірдей әсер етеді және білімнің берік меңгерілуіне ықпал етеді.

Қазақстанда бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы аясында киелі орындардың виртуалды турлары әзірленуде [9]. Шығыс Қазақстан университетінің профессоры GIS-технологияларды қолдана отырып, ішкі туризмді дамыту және тарихи орындарды цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізуде [13].

Қазіргі жастардың ақпаратты тұтынуының негізгі арнасы – әлеуметтік желілер. Instagram, TikTok, Telegram сияқты платформаларда тарихи контенттің танымалдылығы артып келеді. Қысқа форматты видеолар (Reels, Shorts) арқылы тарихи оқиғаларды, тұлғаларды, деректерді қызықты әрі жеңіл түрде жеткізуге болады. Бұл жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырудың тиімді тәсілі.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның айтуынша, «қазіргі ұрпақ ақпаратты визуалды, интерактивті түрде қабылдайды. Демек, егер біз жастарды ұлттық мәдениетке тартқымыз келсе, оны солардың тілімен, цифрлық ортада сөйлетуіміз керек» [12]. Бұл тұжырым цифрлық насихаттың стратегиялық бағытын айқындайды.

2. ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТ ТҮРЛЕРІ

Shorts, Reels форматындағы тарихи анимациялық роликтер қазіргі қысқа мерзімді жадыға есептелген бұл формат күрделі тарихи деректерді қарапайым әрі визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. 30-60 секундтық анимациялық роликтерде бір тарихи оқиғаның мәнін ашып, көрерменнің назарын аударуға болады. Бұл әдістің тиімділігі – ақпараттың жеңіл әрі есте сақтауға ыңғайлы болуында.

Тағы да тиімді әдістердің бірі тарихи подкасттар тереңірек мазмұнды ұсынуға мүмкіндік беретін платформа. Олар көлікте, спортпен шұғылдану кезінде немесе үй

шаруасымен айналысып жүріп тыңдауға ыңғайлы. Подкасттардың артықшылығы – олар көзге емес, құлаққа арналғандықтан, тыңдаушының қиялын дамытып, тарихи оқиғаларды ішкі көзбен елестетуге мүмкіндік береді.

Одан бөлек, интерактивтікті карталар оқушыларға тарихи оқиғалардың географиясын визуалды түрде көруге, уақыт пен кеңістік арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. «Qazaqstan тарихы» порталында мұндай интерактивті карталар мен хронологиялық кестелер орналасқан [7].

Жасанды интеллект технологияларының дамуымен тарихи тұлғалардың цифрлық аватарларын жасау мүмкін болды. Чат-боттар Абай, Тәуке хан, Әл-Фараби сияқты ұлы тұлғалардың атынан сөйлеп, оқушылармен диалогқа түсе алады. Бұл әдіс оқыту процесін интерактивті әрі жадыда қаларлықтай етеді.

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРБИЕ МЕН ҮЛГІЛЕР

E-museum порталы – Қазақстанның цифрлық мәдениет саласындағы флагмандық жобасы. Жобаның мақсаты – еліміздегі музей қорларын бірыңғай цифрлық платформаға біріктіріп, мәдени құндылықтарды ғылыми тұрғыда сипаттау және халықаралық мәдени кеңістікте таныстыру [3]. The Astana Times басылымының атап өтуінше, E-museum платформасы халықаралық деңгейде Қазақстанның мәдени мұрасын танытуға зор мүмкіндіктер береді [11].

«Qazaqstan тарихы» порталы мен мобильді қосымшалар

«Qazaqstan тарихы» порталы (e-history.kz) – тарихи құжаттарды, мақалаларды, мультимедиа контентті біріктіретін ақпараттық-білім беру ресурсы. Порталда Қазақстан тарихының түрлі кезеңдеріне қатысты интерактивті карталар, видео сабақтар, тест тапсырмалары, виртуалды турлар орналасқан [7].

«Ruhani Zhangyru» бағдарламасы аясындағы цифрлық жобалар

«Ruhani Zhangyru» бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы іске асырылды. «Қасиетті Қазақстан» білім беру жобасы аясында киелі орындар туралы білім беру видео-круиздері әзірленген [9].

Жас тарихшылардың TikTok-тағы тарихи контенті

Қазақстандық жас тарихшылар мен блогерлер TikTok-та тарихи контент жасауда белсенді. #QazaqHistory, #TarihSyny хэштегтерімен таратылатын видеолар қысқа әрі мазмұнды болып келеді. Бұл бастамалар өздігінен пайда болып, жастар ортасында жоғары сұранысқа ие.

4. ТАРИХ МҰҒАЛІМІ РЕТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ НАСИХАТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Тарих мұғалімі оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыта отырып, оларды тарихи блог жүргізуге тарта алады. Оқушылар өздерінің Instagram, TikTok немесе Telegram арналарында қысқа тарихи видеолар, посттар жариялайды. Бұл әдіс оқушылардың тақырыпты терең зерттеуіне, ақпаратты саралай білуіне, өз ойын жеткізу дағдысын дамытуына ықпал етеді.

ТікТокта тарихи кейіпкерлердің бейнесін сомдау әдістері оқушылардан театрландырылған қойылым элементтерін талап етеді. Оқушылар Абай, Тәуке хан, Кенесары секілді тарихи тұлғалардың бейнесін сомдап, қысқа видеолар түсіреді. Мұндай жұмыс оқушылардың тарихи тұлғаның мінез-құлқын, дүниетанымын терең зерттеуіне мүмкіндік береді.

Одан кейін, цифрлық сторителлинг арқылы тарихи оқиғаларды баяндау. Сторителлинг – адамзат тарихында ең көне коммуникация құралы болып саналады. Цифрлық сторителлинг бұл әдісті жаңа технологиялармен үйлестіруде. Джозеф Найдың айтуынша, «күшті әңгімелер – бұл жұмсақ күштің негізгі құралы» [1, б. 114]. Цифрлық сторителлинг арқылы оқушылар тарихи оқиғаның себептері мен салдарын тереңірек түсіне алалы.

«Бір аптадағы тарихи оқиға» челленджері апта сайын оқушылар белгілі тарихи апталықтарды, оқиғаларды немесе тұлғаларды таңдау арқылы сол жайлы қысқа бейнероликтер дайындайды. Олардың арасынан үздік жұмыстар мектептің Instagram парақшасында жарияланады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттыруға көмектеседі және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

5. ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстанда мәдени мұраны цифрландыру және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. 2026 жылғы ақпанда өткен Мәдениет және ақпарат министрлігі Алқасының кеңейтілген отырысында Аида Балаева ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау алғаш рет конституциялық қағидаттар ретінде бекітілгенін атап өтті [14].

Мемлекет басшысының Құрылтайда берген тапсырмалары аясында «Ұлттық цифрлық мұра» жобасын жүзеге асыру жандандырылуда. Қазіргі таңда Қарахан, Айша бибі, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи кесенелерінде заманауи цифрлық жүйелерді орнату жұмыстары жүргізілуде [16].

6. ЦИФРЛЫҚ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ӘЛУМЕТТІК-МӘДЕНИ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ МЕН ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Цифрландыру ұлттық мұраны сақтау мен насихаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ашқанымен, бірқатар сын-тегеуріндер мен этикалық мәселелерді де туғызады:

Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау. Мәдени мұра объектілерінің цифрлық көшірмелері кибершабуылдарға ұшырауы мүмкін. Қазақстанның жаңа Конституциялық өзгерістері азаматтардың цифрлық саладағы құқықтарын қорғау туралы ережені енгізді [14].

Мәдени апроприация және аутентификация. Цифрлық ортада ұлттық мәдениеттің элементтерін бұрмалап көрсету қаупі бар. Бұл әсіресе халықаралық цифрлық платформаларда өзекті.

Цифрлық теңсіздік. Еліміздің шалғай аудандарында интернетке қолжетімділіктің шектелуі цифрлық білім беру ресурстарын тең қолдану мүмкіндігін төмендетеді [3].

Буындар сабақтастығы мәселесі. Жастардың цифрлық форматқа бейімділігі аға буынның дәстүрлі кітап мәдениетімен үйлесу қиындықтарын туғызуы мүмкін.

7. ЖАҺАНДЫҚ КОНТЕКСТЕГІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ЦИФРЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ

Цифрландыру заманында ұлттық бірегейлікті сақтау және дамыту – кешенді процесс. E-museum порталының аясында 285 музей қорынан 66 мыңнан астам экспонаттың цифрландырылуы [3], «Ұлттық цифрлық мұра» жобасының іске асуы – ұлттық мұраны жаһандық деңгейде танытуға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижелері.

Джозеф Най мен Роберт Кеоханның «жаһандану – бұл әлемдік саясаттағы тәуелділіктің жаңа түрі» деген тұжырымы [5, б. 106] цифрлық дәуірдегі ұлттық бірегейлік мәселесін түсінуге көмектеседі. Қазақстанның бұл бағыттағы стратегиясы: мәдени мұраны кешенді цифрландыру, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, халықаралық ынтымақтастық және педагогикалық кадрларды даярлау бағыттарын қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Цифрландыру дәуірі ұлттық бірегейлікті сақтауға жаңа қатерлермен қатар, зор мүмкіндіктер де алып келді. Виртуалды музейлер, AR/VR технологиялары, әлеуметтік желілер, интерактивті контент – бұлардың барлығы жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл құралдардың

тиімділігі – олардың дәстүрлі оқулықтар мен лекцияларға қарағанда жаңа буынның қабылдау ерекшеліктеріне бейімделгендігінде. Цифрлық форматта берілген тарихи ақпарат эмоционалды әсер етіп, ұзақ уақыт есте сақталады және кез келген уақытта қайта қарауға қолжетімді болады. Бұл ретте тарихи мұраны насихаттаудың дәстүрлі әдістерін (кітаптар, мұражай экскурсиялары, дәрістер) толығымен ығыстырып шығару емес, керісінше, олармен үйлесімді толықтыру қажеттілігі туындайды.

Қазақстандық тәжірибе цифрлық технологияларды мәдени мұраны сақтауға тиімді пайдаланудың үлгісі бола алады. 2025-2026 жылдар аралығында елімізде 285 музей цифрлық жүйеге қосылып, 66 мыңнан астам экспонат цифрландырылды [3]; [15]. Бұл Қазақстанның «жұмсақ күшін» нығайтып, халықаралық мәдени кеңістікте өз орнын табуына мүмкіндік береді. E-museum порталы, «Qazaqstan тарихы» жобасы, «Киелі география» бағдарламасы – бұлардың барлығы ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың жемісі. Алайда цифрландыру тек музей экспонаттары мен мұрағат құжаттарын сандық форматқа көшірумен шектелмейді; бұл процесс сонымен қатар ұлттық тарихи сананы қалыптастырудың жаңа философиясын, жаңа педагогикалық тәсілдер мен цифрлық этиканы қажет етеді.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева атап өткендей, «цифрландыру – мұраны сақтау кепілі. Қағаз құжат пен қолжазба тозады, бірақ цифрлық нұсқа мәңгі сақталады әрі әлемнің кез келген жерінен қолжетімді болады» [12]. Бұл сөздер цифрлық трансформацияның терең мағынасын ашады: біз мәдени мұрамызды сақтап, оны бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де әлемге танытуға міндеттіміз. Осыған байланысты цифрлық технологиялар бізге бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер береді - біз тарихи құжаттар мен экспонаттардың түпнұсқаларын физикалық түрде тозудан сақтай аламыз, олардың сандық көшірмелерін шексіз көшіре отырып, әлемнің кез келген жеріне оңай жеткізе аламыз.

Болашақ тарих мұғалімі ретінде цифрлық сауаттылық пен шығармашылық тәсілді меңгеру – басты ресурс. Себебі дәл осы құзыреттер цифрлық ұрпақтың жүрегіне жол тауып, олардың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаһандану мен цифрландыру үдерістері тереңдей түскен сайын, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі одан да өзекті бола түспек. Осы тұрғыдан алғанда, тарих мұғалімі бүгінгі күні тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар медиатор, цифрлық контент-мейкер, зерттеуші және тәрбиеші рөлін қатар атқарады. Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация мұғалімдерден үнемі жаңарып, жаңа технологияларды меңгеріп, оларды педагогикалық процеске тиімді интеграциялауды талап етеді. Тек осы жағдайда ғана біз цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндеріне төтеп бере аламыз және ұлттық бірегейлігімізді сақтап қана қоймай, оны жаңа сапалық деңгейге көтере аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. [1]. Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs, 2004. – 191 p. (Пайдаланылған беттер: б. 1-15, 31-45, 93-110)
2. [2]. Nye J.S. Power in the Global Information Age: From Realism to Globalization. – London; New York: Routledge, 2004. – 231 p. (Пайдаланылған беттер: б. 1-25, 85-110, 195-215)
3. [3]. Астанада Қазақстан музейлерінің бірыңғай цифрлық жүйесі – E-museum порталы таныстырылды // "Отандастар қоры" КЕАҚ. – 2025. – 25 желтоқсан. URL: https://oq.gov.kz/qazalemnews/1373
4. [4]. Nye J.S. The Decline of America's Soft Power // Foreign Affairs. – 2004. – Vol.83, No.3. – P. 16-20. URL: https://www.foreignaffairs.com/articles/2004-05-01/decline-americas-soft-power
5. [5]. Keohane R.O., Nye J.S. Globalization: What's New? What's Not? (And So What?) // Foreign Policy. – 2000. – No.118. – P. 104-119.
6. [6]. Қазақстан Республикасының мәдени мұраны цифрландыру тұжырымдамасы. – Астана, 2021. – 45 б. (Пайдаланылған беттер: б. 5-12, 18-25, 30-38)
7. [7]. Қазақстан тарихы порталы. – URL: https://e-history.kz (қаралған күні: 05.04.2026)

8. [8]. Ұлттық мұра цифрлық жүйеге көшеді // 24.kz. – 2026. – 23 қаңтар. URL: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/750545-ulttyk-mura-cifrlyk-zujege-kosedi
9. [9]. Educational video cruise "Sacred Kazakhstan: sacred places of our Motherland" // Taran-musey.kz. – 2025. – 15 August. URL: https://taran-musey.kz/2025/08/15/educational-video-cruise-sacred-kazakhstan-sacred-places-of-our-motherland/
10. [10]. The National Kurultai – An Important Platform Connecting History and the Future // National Archive of the Republic of Kazakhstan. – 2026. – 21 January. URL: https://www.ulttykarhiv.kz/en/15935/
11. [11]. Kazakhstan Digitizes Cultural Heritage Through New E-Museum Platform // The Astana Times. – 2025. – 27 December. URL: https://astanatimes.com/2025/12/kazakhstan-digitizes-cultural-heritage-through-new-e-museum-platform/
12. [12]. Аида Балаева: Қағаз тозады, цифрлық нұсқа – мәңгілік // Egemen.kz. – 2025. – 22 шілде. URL: https://admin.egemen.kz/article/391825-aida-balaeva-qaghaz-tozady-tsifrlyq-nusqa-%e2%80%93-manhgilik
13. [13]. Professor of Amanzholov University develops domestic tourism with the help of GIS-technologies // S. Amanzholov East Kazakhstan University. – 2025. – 20 February. URL: https://vku.edu.kz/professor-of-amanzholov-university-develops-domestic-tourism-with-the-help-of-gis-technologies/
14. [14]. Balayeva tasks to draw up digital development strategy in culture and information sectors // Qazinform. – 2026. – 17 February. URL: https://qazinform.com/news/balayeva-tasks-to-draw-up-digital-development-strategy-in-culture-and-information-sectors-09d1da
15. [15]. Музеи Казахстана переводят в цифровой формат // Caliber.Az. – 2026. – 20 қаңтар. URL: https://caliber.az/post/muzei-kazahstana-perevodyat-v-cifrovoj-format
16. [16]. Қазақстанда тарихи-мәдени мұраны цифрландыру жүргізіледі // Elordainfo.kz. – 2025. – 18 наурыз. URL: https://elordainfo.kz/article/aza-standa-tarihi-m-deni-m-rany-cifrlandyru-zh-rgiziledi

ӘОЖ: 378.147:004:930

«SMART УНИВЕРСИТЕТТЕР» ЭКОЖҮЙЕСІНЕ ӨТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ПРОФИЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Қадыр Бекзат Есенұлы
beka.kadir02@gmail.com
«7М01601-Тарих» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: доктор PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ қауымдастырылған профессоры Асымова Д.Б.

АҢДАТПА

Мақалада жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында болашақ тарих мұғалімдерінің цифрлық профилін қалыптастыру мәселесі зерттеледі. Зерттеудің басты мақсаты – тарих пәні мұғалімінің кәсіби-цифрлық дайындығын жүйелеуге бағытталған құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеу және ғылыми негіздеу. Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді (оның ішінде TPACK және DigCompEdu халықаралық негіздемелерін) зерделеу арқылы автор тарихи білім берудің ерекшеліктерін (тарихи ГИС, цифрлық мұрағаттар, 3D-реконструкциялар) ескере отырып, цифрлық профильдің төрт негізгі компонентін айқындады: мотивациялық-құндылық, когнитивті, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалау. Ұсынылған модель жоғары оқу орындарындағы педагогикалық

мамандықтардың білім беру бағдарламаларын жаңартуға, сондай-ақ болашақ тарих пәні мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін жүйелі түрде бағалап, дамытуға қызмет етеді.

Кілт сөздер: цифрлық профиль, цифрлық құзыреттілік, болашақ тарих мұғалімі, құрылымдық-мазмұндық модель, білім беруді цифрландыру, TPACK моделі, тарихи білім беру.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігі терең цифрлық трансформацияны бастан өткеруде. Ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы және жасанды интеллект, бұлтты технологиялар мен үлкен деректердің (Big Data) өмірдің барлық саласына енуі жоғары білім беру жүйесінің алдына жаңа стратегиялық міндеттер қойып отыр. XXI ғасырдың білім беру парадигмасы педагогтан тек өз пәнін терең білуді ғана емес, сол білімді цифрлық кеңістікте тиімді ұйымдастыра алу қабілетін талап етеді. Бұл мәселе әлемдік ғылыми қоғамдастықтың назарында тұр. Атап айтқанда, Еуропалық комиссияның зерттеушісі К. Редекер (C. Redecker) өзінің «DigCompEdu» (Еуропалық педагогтардың цифрлық құзыреттілігі) тұжырымдамасында заманауи мұғалімнің кәсіби-педагогикалық бейнесі цифрлық технологияларды оқу процесіне интеграциялау деңгейімен өлшенетінін дәлелдеген [1]. Ал АҚШ ғалымдары М. Келер (M. Koehler) мен П. Мишра (P. Mishra) негізін қалаған TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) моделі мұғалімнің табысты іс-әрекеті – технологиялық, педагогикалық және пәндік білімнің үндестігі (қиылысуы) арқылы ғана жүзеге асатынын көрсетеді[2]. Яғни, болашақ мұғалімнің «цифрлық профилі» жай ғана компьютерлік сауаттылық емес, ол – технологияны оқыту әдістемесімен ұштастыру өнері.

Қазақстан Республикасында да бұл үрдіс мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен Жоғары білімді дамытудың тұжырымдамалық құжаттарында болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін арттыру – басты басымдықтардың бірі ретінде айқындалған [3]. Отандық педагогика ғылымында бұл бағытты зерттеуге айтарлықтай үлес қосылып келеді. Мәселен, қазақстандық ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков және Г.Б. Камалова білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық негіздерін көрсетсе [4], зерттеуші Г.К. Шамшатова студенттердің цифрлық сауаттылығы олардың кәсіби құзыреттілігінің іргетасы екенін эмпирикалық түрде дәлелдеген [5]. Дегенмен, жалпы педагогикалық мамандықтарды цифрландыру мәселесі кеңінен зерттелгенімен, дәл гуманитарлық ғылымдарды, оның ішінде тарих пәнін оқытудың цифрлық трансформациясы әлі де өзінің толық ғылыми шешімін тапқан жоқ. Егер дәстүрлі тарихи білім беру негізінен мәтіндік ақпаратты (оқулықтарды, құжаттарды) игеруге және оны ауызша баяндауға – яғни репродуктивті әдіске құрылса, қазіргі «Z» және «Альфа» ұрпақ өкілдері үшін бұл тәсіл өз тиімділігін толықтай жоғалтуда. Бүгінгі тарих сабағы – виртуалды мұражайлар мен 3D-реконструкциялар, тарихи геоақпараттық жүйелер (ГИС), цифрлық мұрағаттар мен интерактивті хронологиялық карталар (таймлайндар) арқылы жүзеге асатын мультимедиялық таным кеңістігі. Отандық зерттеушілер М.М. Жанпейісова мен Б.М. Тілеубердиев өз еңбектерінде атап өткендей, тарих сабағындағы визуалды-цифрлық контент оқушылардың тарихи санасы мен сыни ойлауын дамытудың ең тиімді құралына айналып отыр [6]. Осыған орай, заманауи мектептерге жай ғана тарихи фактілерді білетін емес, тарихи ақпаратты цифрлық ортада сауатты ұйымдастыра алатын, жалған ақпаратты (fake news) фактчекинг арқылы анықтай алатын жаңа форматтағы тарих мұғалімдері қажет. Алайда, жоғары оқу орындарында (ЖОО) болашақ тарих мұғалімдерін даярлау тәжірибесіне жасалған талдау бірқатар елеулі қарама-қайшылықтарды көрсетеді. Бір жағынан, цифрлық білім беру ортасында еркін бағдарлай алатын тарих мұғалімдеріне деген қоғамдық сұраныс өте жоғары. Екінші жағынан, ЖОО-лардағы «Тарих пәні мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары студенттердің жүйелі түрдегі «кәсіби-цифрлық профилін» қалыптастыруға әлі де толық бейімделмеген. Студенттердің көпшілігі цифрлық құралдарды (смартфондар, әлеуметтік желілер) күнделікті тұрмыста «тұтынушы» ретінде еркін қолданғанымен, оларды тарихты оқытудың дидактикалық құралы ретінде «жасаушы» (creator) позициясынан пайдалануда үлкен әдістемелік қиындықтарға тап болады. Осы қарама-қайшылықтар

зерттеудің басты проблемасын айқындайды: жоғары білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби-цифрлық дайындығы қандай болуы керек және оны қандай құрылымдық-мазмұндық модель негізінде тиімді қалыптастыруға болады? Зерттеудің өзектілігі – осы мәселені теориялық және практикалық тұрғыдан шешу қажеттілігінен туындайды.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ тарих пәні мұғалімінің кәсіби-цифрлық дайындығын жүйелеуге бағытталған «цифрлық профильдің» құрылымдық-мазмұндық моделін теориялық тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және оның тиімділігін негіздеу. Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай зерттеу міндеттері белгіленді: Отандық және шетелдік ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилі» ұғымының мәні мен мазмұнын ашу, тарихи білім берудің пәндік ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін құрайтын негізгі компоненттерді анықтау. болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін қалыптастырудың кешенді құрылымдық-мазмұндық моделін (мақсаттылық, когнитивті, іс-әрекеттік, бағалау блоктары арқылы) құрастыру.

ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін қалыптастыру процесін ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін зерттеу жұмысымызда заманауи педагогиканың өзара тығыз байланысты бірнеше әдіснамалық тәсілдері басшылыққа алынды. Зерттеудің іргетасы ретінде ең алдымен жүйелілік тәсіл таңдалды. В.А. Сластенин және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрсетілгендей, бұл тәсіл кез келген педагогикалық құбылысты жекелеген элементтердің жай ғана қосындысы емес, тұтас құрылым ретінде қарастыруды талап етеді. Осыған сүйене отырып, біз болашақ тарих мұғалімінің «цифрлық профилін» оқшауланған компьютерлік дағдылар жиынтығы емес, мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік және рефлексивті компоненттері бір-бірімен органикалық түрде байланысқан тұтас динамикалық жүйе ретінде қарастырамыз.

Келесі кезекте зерттеудің мазмұнын ашу мақсатында құзыреттілік тәсіл қолданылды. А.В. Хуторской, И.А. Зимняя сынды зерттеушілердің тұжырымдамаларына сәйкес, құзыреттілік тек теориялық білімнің болуын ғана емес, сол білімді нақты кәсіби жағдаяттарда тәжірибе жүзінде тиімді қолдана алу қабілетін білдіреді. Бұл тәсіл біздің жұмысымызда студенттің цифрлық технологиялар туралы білімін тарих сабағын ұйымдастыру барысындағы практикалық іс-әрекетімен ұштастыру қажеттілігін негіздейді. Бұған қоса, іс-әрекеттік тәсілге ерекше мән берілді. Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьевтің психологиялық-педагогикалық мектебінен бастау алатын бұл тәсіл тұлғаның кез келген қасиеті тек белсенді іс-әрекет барысында ғана қалыптасатынын дәлелдейді. Сондықтан ұсынылып отырған модельде студенттер цифрлық контенттің енжар тұтынушысы ғана емес, тарихи инфографикалар мен интерактивті хронологиялық шкалалардың белсенді жасаушысы ретінде көрініс табады.

Зерттеудің арнайы тұжырымдамалық негізі ретінде халықаралық деңгейде мойындалған екі ірі тұжырымдама алынды. М. Келер мен П. Мишра ұсынған TPACK моделі зерттеуіміздің пәндік ерекшелігін ашуға көмектесті. Бұл модель бойынша болашақ тарих мұғалімінің профилі технологиялық құралдарды меңгеру, оқыту әдістемесін білу және тарих ғылымының мазмұнын түсіну сияқты үш бағыттың интеграциясы арқылы құрастырылады. Ал Еуропалық комиссия әзірлеген DigCompEdu құрылымы педагогтардың цифрлық құзыреттілік деңгейлерін бағалаудың критерийлерін (репродуктивті деңгейден креативті деңгейге дейін) анықтауға методологиялық бағдар болды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу барысында біз бұл құбылыстың күрделі динамикалық табиғатын негізге алдық. Жүргізілген теориялық талдау нәтижесінде «цифрлық профиль» ұғымы тек технологиялық дағдылардың жиынтығы емес, ол педагогтың кәсіби болмысының ажырамас бөлігі ретінде сипатталды. Осы орайда біз ұсынған модель төрт негізгі блоктың өзара диалектикалық бірлігінен тұрады. Модельдің бастапқы өзегі ретінде мотивациялық-құндылық компоненті айқындалды. Бұл компонент болашақ маманның цифрлық технологияларды тарих

ғылымын дәріптеудің және оқытудың тиімді құралы ретінде іштей қабылдауын, инновацияларға деген оң көзқарасын және үздіксіз кәсіби дамуға деген ішкі уәжін қамтиды. Р. Резаи секілді шетелдік зерттеушілердің пікірінше, егер мұғалімнің бойында технологияны қолдануға деген ішкі мотивация болмаса, кез келген техникалық жабдықтау өз нәтижесін бермейді [11]. Сондықтан бұл блок бүкіл модельдің қозғаушы күші қызметін атқарады.

Модельдің мазмұндық негізін құрайтын келесі маңызды бөлім – когнитивті компонент. Бұл блок болашақ тарих мұғалімі иеленуі тиіс арнайы білімдер жүйесін біріктіреді. Оған ақпараттық қауіпсіздік, авторлық құқық этикасы, электронды тарихи мұрағаттармен (мысалы, e-history.kz, «Мәдени мұра» порталдары) жұмыс істеудің әдіснамалық алгоритмдері және тарихи деректердің шынайылығын тексеруге арналған фактчекинг құралдары туралы білімдер жатады. Г.К. Шамшатова мен өзге де отандық ғалымдар атап өткендей, заманауи педагог ақпараттық тасқын ішінен қажетті контентті іріктей алатын жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылыққа ие болуы тиіс [5]. Когнитивті блок студенттің тек технологияны білуін ғана емес, сол технологияны тарих ғылымының пәндік ерекшелігіне сай қалай қолдану керектігін теориялық тұрғыдан түсінуін қамтамасыз етеді. Модельдің практикалық жүзеге асуы операциялық-іс-әрекеттік компонент арқылы көрініс табады. Бұл бөлімде болашақ мұғалімнің тарих сабақтарына арналған авторлық цифрлық өнімдерді жасау қабілетіне басымдық беріледі. Оған геоақпараттық жүйелер (ГИС) көмегімен интерактивті карталар сызу, Miro немесе Canva платформаларында тарихи оқиғалардың инфографикасын құрастыру, сондай-ақ цифрлық сторителлинг әдісі арқылы тарихи тұлғалардың бейнесін сомдау дағдылары жатады. М.М. Жанпейісованың зерттеулерінде көрсетілгендей, тарихи білім берудегі визуалды-цифрлық технологиялар оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу белсенділігін 30-40%-ға арттыруға мүмкіндік береді [6]. Операциялық блок студенттердің TPACK моделіне сай технологиялық және педагогикалық білімдерін практикада ұштастыруына жол ашады.

Модельдің аяқтаушы және бақылаушы бөлімі ретінде рефлексивті-бағалау компоненті бекітілді. Бұл компонент болашақ тарих мұғалімінің өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан талдау жасай алуын, сабақ барысында қолданылған цифрлық құралдардың дидактикалық тиімділігін бағалауын және өзінің цифрлық профиліндегі кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын белгілеуін қарастырады. DigCompEdu еуропалық негіздемесінде көрсетілгендей, педагогтың өзін-өзі рефлексиялау қабілеті оның кәсіби шеберлігінің «эксперт» деңгейіне көтерілуіне негіз болады [1]. Осылайша, ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық модель болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін тұтас, жүйелі әрі нәтижелі қалыптастыруға мүмкіндік беретін ғылыми құрал ретінде сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы цифрлық компонентті зерттеу мәселесі қазіргі педагогика ғылымының ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерді талдау көрсеткендей, педагогтың цифрлық бейнесі (profile) мен құзыреттілігін айқындаудың іргелі негізі ретінде К. Редекер мен Ю. Пунидің жетекшілігімен әзірленген «DigCompEdu» (Digital Competence Framework for Educators) тұжырымдамасы танылады [1]. Бұл еңбекте педагогтың цифрлық дайындығы тек техникалық құралдарды меңгерумен шектелмей, оқытудың цифрлық стратегияларын құру, білім алушыларды цифрлық ортада бағалау және олардың цифрлық сауаттылығын дамыту сияқты алты кешенді бағыттан тұратындығы ғылыми негізделген. Осыған ұқсас бағытта М. Келер мен П. Мишра ұсынған TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) моделі мұғалімнің заманауи профилін технологиялық, педагогикалық және пәндік білімдердің біртұтас интеграциясы ретінде қарастыруды ұсынады [2]. Бұл модельдер цифрлық технологияларды оқыту әдістемесінен бөліп қарауға болмайтындығын, керісінше, олардың өзара байланысы оқыту сапасын арттырудың басты шарты екенін айқындап берді.

ТМД елдерінің ғылыми ортасында мұғалімдердің цифрлық дайындығы мәселесі білім беруді ақпараттандыру парадигмасы аясында кеңінен зерттеліп келеді. И.В. Роберт өзінің іргелі еңбектерінде білім беруді ақпараттандырудың психологиялық-педагогикалық және технологиялық аспектілерін аша отырып, «ақпараттық-коммуникациялық технологиялық

орта» ұғымын енгізді [12]. Соңғы жылдары С.В. Панюкова мен А.А. Ахаянның зерттеулерінде болашақ педагогтың цифрлық профилі оның виртуалды білім беру кеңістігіндегі кәсіби іс-әрекетінің жиынтығы ретінде қарастырылып, студенттердің жобалау-зерттеушілік қызметін цифрландыру тетіктері ұсынылды [13]. Бұл зерттеулер мұғалім даярлаудағы техникалық дағдылардан гөрі, цифрлық дидактика мен әдістемелік креативтілікке көшудің маңыздылығын көрсетеді.

Отандық педагогика ғылымында болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі Е.Ы. Бидайбеков, Г.Б. Камалова, Г.К. Шамшатова секілді ғалымдардың еңбектерінде жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Профессор Е.Ы. Бидайбеков пен Г.Б. Камалова білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ мамандарды даярлаудың әдіснамалық жүйесін жасап, инновациялық оқу-тәрбие процесінің үлгілерін ұсынды [4]. Г.К. Шамшатова өз зерттеуінде студенттердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтап, оның мұғалімнің кәсіби имиджі мен бәсекеге қабілеттілігіне әсерін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеді [5]. Сонымен қатар, тарих пәнін оқытудың ерекшелігін ескере отырып, М.М. Жанпейісова мен Б.М. Тілеубердиев тарих сабақтарында визуалды-интерактивті технологияларды (мультимедиялық кешендер, электронды карталар) қолданудың әдістемелік тиімділігін негіздеген [6]. Олардың пікірінше, тарихи білім беруді цифрландыру оқушылардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамытудың басты тетігі болып табылады.

Алайда, жүргізілген әдебиеттерге шолу талдауы көрсеткендей, зерттеулердің көпшілігі педагогтың жалпы АКТ-құзыреттілігіне немесе жекелеген цифрлық құралдарды қолдану әдістемесіне арналған. Тарих ғылымының пәндік спецификасын, атап айтқанда Digital Humanities (цифрлық гуманитарлық ғылымдар) бағытындағы жаңа жетістіктерді (тарихи ГИС, цифрлық эпиграфика, 3D-реконструкциялау) қамтитын болашақ тарих мұғалімінің тұтас «цифрлық профилі» мен оның құрылымдық-мазмұндық моделі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Осы ғылыми алшақтық біздің зерттеуіміздің өзектілігін және оның ғылыми-тәжірибелік маңызын айқындай түседі.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу барысында әзірленген болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилі мен оның құрылымдық-мазмұндық моделі қазіргі жаһандық білім беру парадигмасындағы түбегейлі өзгерістерге негізделген ғылыми жаңалық болып табылады. Алынған нәтижелерді кеңінен талдай келе, біз ұсынған модельдің тек қана техникалық дағдыларды (hard skills) меңгерумен шектелмейтінін, керісінше, педагогтың кәсіби болмысының, оның дүниетанымы мен дидактикалық ұстанымының ажырамас бөлігі екенін атап өтуіміз қажет. Бұл тұрғыда біздің зерттеуіміз М. Келер мен П. Мишраның әлемге әйгілі TPACK тұжырымдамасын тарих пәнінің ерекшелігіне сай тереңдете түседі [2]. Егер аталған шетелдік модельде технологиялық білім жалпыланған, универсалды сипатта берілсе, біздің авторлық моделімізде ол «Digital Humanities» (цифрлық гуманитаристика) бағытымен тікелей сабақтасқан. Біздің пайымдауымызша, заманауи тарих мұғалімі үшін цифрлық профиль – бұл жай ғана ақпараттық құралдарды пайдалану емес, бұл тарихи дереккөздерді цифрлық форматта жаңаша интерпретациялау және оқушыларға тарихи кезеңдерді визуалды-эмпатикалық деңгейде жеткізу қабілеті.

Тереңірек үңілетін болсақ, модельдің мотивациялық-құндылық компонентінің маңызы Р. Резаи мен Г. Хаертельдің зерттеулеріндегі «технологияны қабылдау кедергілері» концепциясымен үндеседі [11]. Алайда, біздің зерттеушілік ұстанымымыз бойынша, тарих мұғалімінің мотивациясы тек «техниканы қолдануға қорқыныштың болмауымен» ғана өлшенбейді. Ол тарих ғылымының болашағын цифрлық мұрағаттарсыз және ГИС-технологияларсыз елестете алмау деңгейіне көтерілуі тиіс. Бұл – тарихшының кәсіби этикасы мен құндылықтар жүйесінің трансформациясы. Біз отандық ғалым Г.К. Шамшатованың цифрлық сауаттылық туралы ойларын дамыта отырып, болашақ тарихшының бойында «цифрлық гуманистік ойлауды» қалыптастыру қажеттілігін алға тартамыз [5]. Бұл дегеніміз – технологияны тарихтың «жанын» жоғалту құралы емес, керісінше, өткен ғасырлардың

тарихын бүгінгі ұрпаққа түсінікті тілде (визуалды, интерактивті) «тірілту» тетігі ретінде қарастыру.

Операциялық-іс-әрекеттік компонентті талқылау барысында біз болашақ мұғалімдердің «пассивті тұтынушылық» деңгейінен «активті креаторлық» деңгейге өтуінің стратегиялық маңызын айқындадық. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының студенттері әлеуметтік желілерді немесе қарапайым мобильді қосымшаларды еркін меңгергенімен, оларды тарихтың дидактикалық мақсатына икемдеуде үлкен әдістемелік вакуум байқалады. Біздің модель бұл мәселені нақты шешеді: студент тарих сабағында «цифрлық сторителлинг» (digital storytelling) құрастыру арқылы оқушының тарихи санасын қалыптастыруы керек. Мәселен, Miro платформасында интерактивті карта жасау немесе Canva арқылы тарихи инфографика құру – бұл жай ғана дизайн емес, бұл тарихи деректің мазмұнын сыни талдаудың нәтижесі. М.М. Жанпейісованың тарихты оқытудағы инновациялық әдістер туралы тұжырымдары біздің бұл ойымызды бекіте түседі [6]. Бірақ біз оны АКТ-ның нақты құралдарымен (ГИС, AR/VR элементтері) байыта отырып, тарих мұғалімінің профилін технологиялық жағынан қаруландырдық.

Зерттеуіміздің ең ауқымды аналитикалық қыры – рефлексивті-бағалау компонентіндегі «цифрлық фактчекинг» мәселесі. Қазіргі «пост-шындық» (post-truth) дәуірінде және тарихты саяси мақсатта бұрмалау әрекеттері жиілеген заманда, тарих мұғалімінің цифрлық профиліндегі сыни ойлау дағдысы ұлттық қауіпсіздік мәселесімен теңеседі. DigCompEdu еуропалық негіздемесінде мұғалімнің ақпаратты бағалау қабілетіне мән берілгенімен, біз мұны тарих ғылымының деректанулық талдауымен (источниковедческий анализ) ұштастыруды ұсынамыз [1]. Біздің авторлық пайымдауымызша, заманауи тарих мұғалімі интернеттегі жалған тарихи нарративтерді алгоритмдік және логикалық тұрғыдан әшкерелей алатын «цифрлық эксперт» болуы тиіс. Бұл – модельдің тек білім берушілік қана емес, сонымен бірге тәрбиелік және азаматтық функциясы. Сонымен қатар, талқылау барысында бұл модельді практикаға енгізудегі объективті кедергілерді де ашып көрсетуіміз керек. Отандық зерттеушілер Е.Ы. Бидайбеков пен Г.Б. Камалова білім беруді ақпараттандырудағы материалдық-техникалық базаның әркелкілігін жиі айтады [4]. Біз бұл пікірді қолдай отырып, мәселенің тағы бір қырын – «педагогикалық консерватизмді» атаймыз. Студенттердің цифрлық профилін қалыптастыру үшін, ең алдымен, ЖОО оқытушыларының цифрлық мәдениетін трансформациялау қажет. Біздің ойымызша, «Тарихты оқыту әдістемесі» мен «АКТ» пәндерінің арасындағы «қытай қорғанын» бұзып, оларды пәнаралық интеграция негізінде біріктіру керек. Модельдің тиімділігі тек студенттің жеке профиліне ғана емес, бүкіл академиялық ортаның цифрлық экожүйесіне байланысты. Біздің ұсынып отырған моделіміздің тағы бір маңызды қыры – болашақ мұғалімнің цифрлық архивтермен және бастапқы дереккөздермен жұмыс істеу мәдениетін жаңа сапалық деңгейге көтеруі. Дәстүрлі тарихнамада деректермен жұмыс істеу тек физикалық кітапханалар мен мұрағаттар шеңберінде шектелсе, цифрлық профиль мұғалімге әлемнің кез келген нүктесіндегі «Open Access» (ашық қолжетімділік) мұрағаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жерде біз академик Р.Б. Сүлейменов негізін қалаған мәдениеттанушылық мектептің дәстүрлерін цифрлық форматта жалғастыру қажеттілігін көреміз. Біздің ойымызша, мұғалім тек дайын ақпаратты таратпай, «e-history.kz» немесе халықаралық «World Digital Library» платформаларындағы құжаттарды студенттермен бірге тікелей талдайтын «зерттеуші-педагог» (researcher-pedagogue) деңгейінде болуы тиіс. Бұл тәсіл оқушылардың деректанулық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың бойында тарихи оқиғаларға қатысты жеке, объективті баға беру дағдысын қалыптастырады. Талқылау барысында «геймификация» мен «интерактивті сторителлинг» технологияларының болашақ тарихшы профиліндегі орнын ерекше атап өтуіміз керек. XXI ғасырдың білім алушылары (Альфа ұрпағы) үшін тарих тек өткеннің құрғақ шежіресі емес, ол – «тірі тәжірибе» және «виртуалды саяхат». Біздің модельде көрсетілген операциялық блок студенттерді тарихи квесттер мен рөлдік ойындарды цифрлық ортада (мысалы, RPG элементтері бар платформаларда немесе Minecraft-та тарихи ғимараттарды реконструкциялау) жобалауға үйретуді көздейді. Бұл орайда біз С. Уиллердің

«цифрлық оқытудағы қатысу (engagement)» теориясына сүйенеміз [14]. Біздің авторлық пайымдауымызша, тарих сабағындағы ойын элементтері – бұл жай ғана көңіл көтеру емес, бұл күрделі тарихи процестерді модельдеу арқылы оқушының тарихи эмпатиясын (өткен кезең адамының жай-күйін түсіну) және жүйелі ойлауын дамытудың ең тиімді құралы. Сонымен қатар, талқылауды қазіргі таңдағы «Жасанды интеллект (AI) және тарих дидактикасы» мәселесімен толықтыру қажет. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, болашақ мұғалімнің цифрлық профилі AI-технологияларын (ChatGPT, Gemini, Midjourney) тарихи мәтіндерді жедел талдау, кестелер құру және тарихи тұлғалардың бейнесін генерациялау үшін қолдана алу құзыретін қамтуы тиіс. Бірақ бұл жерде біз «технологиялық тәуелділік» және «цифрлық плагиат» қаупіне де назар аударамыз. Біздің пікірімізше, тарих мұғалімі жасанды интеллект ұсынған деректердің хронологиялық қателерін таба алатын және оның логикалық манипуляцияларын әшкерелейтін «супер-редактор» ролін атқаруы керек. Бұл – модельдегі когнитивті блоктың маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдейді: мұғалімнің терең пәндік білімі (content knowledge) цифрлық құралдарды басқаратын негізгі интеллектуалды сүзгі болып қала береді. Ақырғы кезекте, болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилі жаһандық желідегі «ұлттық кодты» сақтаушы және насихаттаушы ретінде маңызды. Біздің ойымызша, тарих мұғалімі «Вики-педагогика» (Wiki-pedagogy) немесе блог-технологиялар арқылы қазақ тарихының шынайы нарративтерін виртуалды кеңістікте қалыптастыратын белсенді субъект болуы тиіс. Бұл – біз ұсынған модельдің тәрбиелік және идеологиялық функциясын ашады. Отандық зерттеушілер М.М. Жанпейісова мен Б.М. Тілеубердиевтің визуалды тарих туралы идеяларын дамыта отырып, біз тарих мұғалімін «цифрлық тарихшы-миссионер» ретінде қарастыруды ұсынамыз [6]. Ол тек сынып ішінде ғана емес, сонымен бірге ақпараттық кеңістікте тарихи шындықты қорғайтын, жас ұрпақтың «цифрлық тарихи жадын» (digital historical memory) қалыптастыратын тұлғаға айналуы қажет. Осылайша, ұсынылған модель тарих мұғалімін жай ғана маман емес, цифрлық дәуірдің интеллектуалды көшбасшысы ретінде даярлауға бағытталған.

Қорыта келгенде, біздің зерттеу нәтижелеріміз болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық алғышарттарын айқындап берді. Ұсынылған модель басқа ғалымдардың (мысалы, И.В. Роберт, С.В. Панюкова) еңбектеріндегі жалпы педагогикалық идеяларды нақты тарих пәнінің мазмұнымен байытып, оны жаңа сапалық деңгейге көтерді [12, 13]. Біз бұл модельді тек статикалық құрылым емес, үнемі дамып отыратын, жасанды интеллект пен жаңа цифрлық дереккөздерге ашық динамикалық жүйе ретінде ұсынамыз. Бұл тәсіл болашақ тарихшы-педагогтардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуын және мектеп қабырғасында сапалы білім беруін қамтамасыз ететін басты кепіл болмақ.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу жұмысының нәтижелері болашақ тарих мұғалімінің кәсіби-цифрлық профилін қалыптастырудың ғылыми негізделген құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға және оның компоненттерін айқындауға бағытталды. Жүргізілген кешенді талдау көрсеткендей, заманауи тарихшы-педагогтың профилі тек техникалық дағдылармен шектелмей, ол пәндік білім мен цифрлық дидактиканың терең интеграциясын қажет етеді. Зерттеу барысында біз ұсынған модель төрт өзара байланысты блокты қамтиды, олардың әрқайсысы болашақ маманның кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына тікелей әсер етеді. Модельдің іргетасы ретінде мотивациялық-құндылық компоненті анықталды. Бұл блок студенттердің цифрлық технологияларды тек оқыту құралы емес, сонымен бірге ұлттық тарихи мұраны сақтау мен дәріптеудің стратегиялық тетігі ретінде қабылдауын қарастырады. Атап айтқанда, көрнекті ғалым Р.Б. Сүлейменовтің мәдениет тарихы мен қазақ зиялыларының қалыптасу жолын зерттеудегі методологиялық ұстанымдары біздің моделіміздің мазмұндық өзегіне айналды. Ғалымның еңбектеріндегі рухани сабақтастық идеясы цифрлық ортада тарихи жадыны жаңғыртудың басты мотивациялық факторы ретінде айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде когнитивті компоненттің мазмұны тарих ғылымының пәндік спецификасына сәйкес нақтыланды. Бұл блок болашақ мұғалімдердің цифрлық

гуманитаристика (Digital Humanities) саласындағы іргелі білімдерін, атап айтқанда, электронды архивтермен жұмыс істеу, деректерді цифрлық форматта сын тұрғысынан талдау және тарихи ГИС-технологиялардың теориялық негіздерін меңгеруін қамтиды. Р.Б. Сүлейменовтің деректанулық талдау әдістерін заманауи цифрлық платформалармен ұштастыру арқылы біз студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттырудың жаңа алгоритмін жасадық. Бұл тәсіл М. Келер мен П. Мишраның TPACK моделіндегі пәндік және технологиялық білімнің (TCK) қиылысу нүктесін практикалық тұрғыдан байыта түседі. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, студенттер тарих ғылымының методологиясын цифрлық құралдардың мүмкіндіктерімен байланыстыра білгенде ғана олардың профилі кәсіби тұрғыдан толыққанды болып саналады.

Операциялық-іс-әрекеттік блок зерттеудің ең ауқымды нәтижесі ретінде сипатталады. Бұл бөлімде болашақ тарих мұғалімінің нақты цифрлық өнімдерді — виртуалды мұражайлар, интерактивті хронологиялық карталар мен 3D-реконструкцияларды жасау дағдылары жүйеленді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Р.Б. Сүлейменов зерттеген қазақ зиялыларының мәдени мұрасын цифрландыру жобаларына студенттерді тарту олардың практикалық құзыреттілігін 40%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Студенттер TimelineJS, StoryMap секілді құралдарды пайдалана отырып, тарихи оқиғаларды жай ғана баяндаушы емес, оларды цифрлық форматта «қайта жасаушы» позициясына көшті. Мұндай нәтижелер М.М. Жанпейісованың тарих сабағындағы визуалды контенттің тиімділігі туралы тұжырымдарын жаңа технологиялық деңгейде растайды. Біздің модель бойынша, операциялық дайындық студенттің тарихи деректі цифрлық сторителлинг тіліне аудара алу қабілетімен өлшенеді.

Ақырғы нәтиже ретінде рефлексивті-бағалау компонентінің құрылымы жасалды, ол болашақ мұғалімнің өз цифрлық іс-әрекетіне сыни талдау жасау критерийлерін анықтайды. Бұл блок цифрлық этиканы сақтау, тарихи ақпараттың шынайылығын (fact-checking) бағалау және цифрлық профильдің деңгейін өздігінен диагностикалау тетіктерін қамтиды. DigCompEdu еуропалық негіздемесіне сәйкес, біз студенттердің цифрлық дамуын «новатор» деңгейіне жеткізудің бағалау шкаласын ұсындық. Зерттеу қорытындысы бойынша, ұсынылған модельді ЖОО-ның білім беру бағдарламасына енгізу болашақ тарих мұғалімдерінің тек технологиялық дағдыларын ғана емес, сонымен бірге олардың ғылыми-зерттеушілік әлеуетін және кәсіби жауапкершілігін де едәуір нығайтады. Бұл, өз кезегінде, заманауи мектептің тарих білімін цифрлық трансформациялау сұранысына толықтай сәйкес келетін бәсекеге қабілетті маман даярлаудың негізі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін қалыптастыру – қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кезек күттірмейтін, стратегиялық маңызы бар процесс екенін атап өтуіміз қажет. Жүргізілген теориялық талдау мен әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель цифрлық технологиялардың тарихты оқыту әдістемесіне жай ғана қосымша емес, оның іргелі компонентіне айналғанын дәлелдеп берді. Біз ұсынған төрт компонентті модель (мотивациялық-құндылық, когнитивті, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалау) студенттердің бойында тек техникалық сауаттылықты ғана емес, сонымен бірге тарих ғылымының пәндік тереңдігін цифрлық ортада сақтай білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсіл болашақ маманның кәсіби болмысын «ақпарат таратушыдан» «цифрлық контентті жобалаушы және сараптаушы» деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ерекше мән берілген мәселе – цифрлық гуманитаристика (Digital Humanities) мен тарихи жадының сабақтастығы. Р.Б. Сүлейменов сынды көрнекті ғалымдардың әдіснамалық мұрасына сүйене отырып, біз болашақ мұғалімнің цифрлық профилі ұлттық кодты сақтаудың маңызды құралы екенін негіздедік. Тарихи дереккөздерді цифрландыру, виртуалды реконструкциялар жасау және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тарихи фактілерді талдауға пайдалану студенттердің ғылыми-зерттеушілік әлеуетін арттырып, олардың заманауи мектеп талаптарына дайындығын қамтамасыз етеді. Тәжірибе көрсеткендей, технологиялық дайындық пәндік біліммен (TPACK моделі аясында) ұштасқанда ғана білім беру сапасының нақты өсуі байқалады. Практикалық тұрғыдан алғанда,

зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы «Тарих» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту қажеттілігін көрсетеді. Болашақ тарих мұғалімінің цифрлық профилін табысты қалыптастыру үшін пәнаралық интеграцияны күшейту, атап айтқанда, арнайы «Цифрлық тарих» курстарын енгізу және студенттерді нақты цифрлық жобаларға (архивтерді цифрландыру, тарихи ГИС-карталар жасау) тарту ұсынылады. Бұл тек студенттердің ғана емес, сонымен бірге профессор-оқытушылар құрамының да цифрлық мәдениетін трансформациялауды талап етеді. Осы орайда біз ұсынған модель оқу процесін жүйелі ұйымдастырудың әдіснамалық бағдары бола алады. Түйіндей айтқанда, әзірленген модель болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың тиімділігін арттырып, олардың цифрлық кеңістіктегі кәсіби бәсекеге қабілеттілігін нығайтады. Зерттеу жұмысының қорытындылары педагогикалық теория мен практиканы байытып, тарих білімін цифрлық трансформациялаудың жаңа бағыттарын айқындап берді. Болашақта бұл бағыттағы ізденістерді жасанды интеллектінің тарих дидактикасына әсерін тереңірек зерделеу және студенттердің «цифрлық тарихи жадын» қалыптастырудың нақты технологияларын жетілдіру арқылы жалғастыру көзделеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Redecker, C. European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. / C. Redecker, Y. Punie. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017. – 95 p.
2. Koehler, M. J. What is Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK)? / M. J. Koehler, P. Mishra // Contemporary Issues in Technology and Teacher Education. – 2009. – № 9(1). – P. 60-70.
3. Сүлейменов Р.Б. Қазақстанның мәдениет тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 264 б.
4. Бидайбеков Е.Ы. Білім беруді ақпараттандыру: оқу құралы. / Е.Ы. Бидайбеков, Г.Б. Камалова. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. – 230 б.
5. Шамшатова Г.К. Болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2021. – 156 б.
6. Жанпейісова М.М. Оқытудың инновациялық технологиялары. – Шымкент: Ғасыр-Ш, 2012. – 312 б.
7. Сластенин В.А. Педагогика: учеб. пособие. – М.: Академия, 2013. – 576 с.
8. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34-42.
9. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, 2005. – 352 с.
10. Дахин А.Н. Педагогическое моделирование: сущность и эффективность // Педагогика. – 2003. – № 4. – С. 21-26.
11. Rezaee, R. Integrating Technology into Teacher Education / R. Rezaee, G. D. Haertel // ETR&D. – 2016. – № 64(4). – P. 541-562.
12. Роберт И. В. Теория и методика информатизации образования. – М.: ИИО РАО, 2010. – 356 с.
13. Панюкова С.В. Цифровизация образования. – М.: Просвещение, 2020. – 214 с.
14. Wheeler, S. Learning with 'e's: Educational theory in the digital age. – Crown House Publishing, 2015. – 240 p.

ӘОЖ 78.072.2

МУЗЫКАТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Құсайын Әсемай Ғалымжанқызы
asemaikusaynova0425@gmail.com
«Халық аспаптар» Білім бағдарламасының 1-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к. Б.Ж. Тұрмағамбетова

Бүгінде ірі қоғам және мәдениет қайреткері, ғалым, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл толып отыр. Ол қазақтың ұлттық музыка өнерін зерттеп, жинап, өзінің композиторлық шығармашылығымен одан әрі дамытуға үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі. Осы мақалада біз тұлғаның ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне тоқталамыз. Жазу барысында А.Жұбанов (1906-1968) туралы, оның қазақ мәдениеті мен әдебиетіне зор еңбек сіңірген әдебиетші, музыкатанушы замандастарының, тәлім алған шәкірттерінің естеліктері мен жылы лебіздерін ұсынамыз.

Өнертану докторы, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты - қазақ халқының музыкалық фольклоры, музыка тарихы мен мәдениеті, ауызша дәстүрдегі халықтық-кәсіби композиторларының, яғни әншілер мен күйшілердің шығармашылығын жан-жақты зерттеу болды. Елін сүйген қайраткер еңбекқорлығы мен дарынының арқасында өз халқының музыкасының тарихы мен теориясын зерттеуге үлкен үлес қосты.

Ғалымның ең алғашқы еңбектері Ленинград консерваториясында оқып жүрген кезінде пайда болады. Оның алғашқы аудармасы 1931 жылы «Музыка сауатының әліппесі» деп аталды. Бұл қазақ тілінде 1933 ж. жарық көрген тарихымыздағы музыка теориясының алғашқы аудармасы еді және бұл кітапты әуесқой музыканттарға арнайды. Осы еңбегіне этнограф, музыка зерттеуші А.В.Затаевич оң баға беріп, оны шабыттандырып, оған халық музыкасын жинап, зерттеуіне бағыт береді.

Академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тағы маңызды еңбектерінің бірі ол қазақтың дәулескер күйшісі, күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлы туралы жазған мақалалар мен очерктері еді. Алғашқыда зерттеуші 1936 жылы «Қазақтың халық композиторы – Құрманғазы» атты кітапшасын шығарады. Бұл – ұлттық музыкатану тарихымыздағы Құрманғазытанудағы жасалған ең тұңғыш қадам болатын. Кейін 1942 жылы күй атасы туралы жаңа мәліметтері очерк ретінде «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» атты кітапта жарияланды. Ғалым даңқты күйшіні зерттеу жолында замандас әрі әріптесі, композитор Е.Г.Брусиловскиймен тығыз шығармашылық байланыста болды. Себебі, ол отызыншы жылдары ҚазАКСР халық комиссариатының тапсырмасымен Ленинград Композиторлар одағынан Қазақстанға шығармашылық көмек көрсетуі үшін көмек сұрап арнайы іссапармен барады. Яғни, өз елінің музыка мәдениетін көтеруге атсалысатын бір кәсіби композиторды уақытша болса да жіберуге өтініш жасайды. Сол кезде жас композитор, Ленинград консерваториясының түлегі Е.Г.Брусиловский Қазақстанға келіп, екеуі көптеген ірі жұмыстарды бірлесе атқарып, кездескен қиындықтарды бірге жеңе білді. Қазақстанға келгенде А.Жұбановтың үйін паналаған жас маман тар бөлмеге сыймайтын болғандықтан өз отбасынан бөлініп, Shredder кабинеттік роялінде ұйықтаған. Бұл жайлы Е.Брусиловский өз естелігінде: «*Рояльда да ұйықтауға болады деп, сірә, ешкім де ойламаған шығар. Менің де ойыма келмеген. Бірақ онда ұйықтауға болатынына көзім жетті. Әлбетте ыңғайсыз, қапқатты»* – деген [1, Б.29-30].

Кейін Е.Брусиловскийге кабинет берген кезде, осы рояльды апарып берген екен. Осылайша, олардың бірге қызықты, әрі қиындыққа толы жұмыс кезеңдері басталады. Құрманғазы туралы зерттеу барысында Е.Г.Брусиловский де ұлы күйшіге деген өзінің оң

көзқарасын былай дәлелдейді. Ол күйші туралы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 500 ән мен күйі» жинағынан «баукеспе, ұры» деген сипаттаманы оқып, өз пікірін жазады. *«Затаевичке Құрманғазы жөніндегі, оны баукеспе ұры деген мінездемені осы Бөкейхановтың өзі бергенін алдын ала біле тұрсам да, мен осы мінездеменің растығын тексермек ниетпен, бұл жайында не айта алатынын Махамбеттен сұрап көрдім. Ол не деді? Затаевичтің жазғанын Махамбет толығымен растады. «Құрманғазы жылқы ұрлаған, – деді Мақаң. – Түрмеде отырған. Аттан түскен кезі болмаған. Ұстап алады деп қорыққан. Домбыраны керемет тартқан. Одан өткен домбырашы болмаған. <...> ол түрмеде отырған. Онда домбыраның үні онша шығыңқырамайды, бәсең естіледі, сондықтан да ол домбыраны сабалап, ұрғылап ойнаған». Әңгімесін тәмамдай келе, Махамбетке мен бұдан былай Құрманғазыны баукеспе ұры деп бағаламайтынымды, оның ізгі жанды, білімді әрі асқан домбырашы санайтынымды айттым», –* деп айтқан екен [1, Б.52-53].

Құрманғазының өмірін үлкен құрметпен қадірлеп жүрген, әр күйін алтындай бағалап нотаға түсіріп, оның тарихын зерттеп, ізденіп жүрген А.Жұбанов Құрманғазы *«қазақтың даңғайыр халық күйшісі, демократиялық бағыттағы хас шебер дарынды домбырашылардың бүтін бір мектебінің жетекшісі»* деп жазған болатын [1, 56-б.]. Елуінші жылдары Қазақстан Композиторлар одағының пленумында, ол «Құрманғазы жаңа зерттеу тұрғысында» баяндамасымен шықты. Ал 1960 жылы оның Құрманғазы туралы қазақ тілінде жазылған кітабы мен «Құрманғазы күйлері» атты жинағы жарық көрді (1961). Сонымен бірге дәл осындай ауқымды жұмыстарының түрткісімен «Құрманғазы» радио-операсы жазылды. Өкінішке орай бұл радио-операны аяқтай алмай, өмірден өтеді. Кейіннен осы операны оның тұңғыш қызы, ізбасары, композитор Ғазиза Жұбанова жазып аяқтайды.

1951-1953 жылдары Ахмет Қуанұлының қудаланып, бас амандығы үшін Мәскеуде жүргенде «Ғасырлар пернесі» кітабын жазуға кіріседі. Бұл қазақ музыка тарихындағы алғашқы және бірегей, маңызы зор еңбектер XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы әнші, күйшілердің орындаушылық шеберліктері мен шығармашылықтарына арналған. «Ғасырлар пернесінде» домбырашы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап, Байсерке, Абыл, қобызшы Ықылас, сыбызғышы Сармалайдың өмірі мен туындылары туралы баяндалған. Ал «Замана бұлбұлдарында» арқа әншілік мектебінің өкілдерің Біржан сал, Ақан сері, Абай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Майра, Естай, Әсет, Сыр бойынан сырнаймен әндеткен Нартай, Жетісу мектебінің жарқын өкілі Кенен, Батыс әншілік мектебінің негізін қалаушы Мұхит, ақтөбелік Сарылардың; жиырмасыншы ғасырда өмір кешкен, Парижде ән шырқаған Әміре, дауысы күркіреген Қали, Қосымжан, Темірболат, ән асқары Жүсіпбек, Қуан, әнші-композитор Манарбек, Мұхит ізбасары Ғарифолла, Әли әншілердің өмірнамасын қызықты да жеңіл тілмен жазады. Өнер саңлақтарының әндері мен күйлерін алғаш рет талдап, олардың авторлық қолтаңбалары туралы алғаш рет құнды ғылыми пікір жазады.

Ахмет Жұбановтың бұл еңбектері туралы оның замандасы Борис Ерзакович мынадай пікір айтқан: *«Ахмет Қуанұлы бұл еңбектерін көрегендікпен «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» деп атаған. Олар шын мәнінде тек бізге, оның замандастарына арналмаған, сонымен қатар келешектегі көптеген ұрпақтар үшін де ерекше маңызды болмақ. Бұл еңбектерінде халық әншілері мен музыканттарының дауыстары мен күй әуендері дәл көз алдыңда тұрғандай елестейді. Бұл еңбек дарынды халық өнерпаздарының қызметі туралы, олардың қазақ халқының ұлттық мәдениетінің алтын қорына қосқан зол үлесі жайында баяндайды» –* деп (аударған – Қ.Ә), өз пікірін білдірген еді [2, 114-115 с.].

Жоғарыда атап өткеніміздей «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» 1942 жылы жарыққа шыққанда кітап дүкендерінің сөресінде халық ұзақ тұрғызбай, өте жақсы сұраныста болған. Осы еңбегі үшін авторға 1943 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ Ғылыми Кеңесінің шешімімен диссертация жазбай-ақ өнертану ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін береді. Кеңесте айтылған КСРО Ғылым Академиясының академигі И.И.Мещаниновтың берген мынадай жоғары бағасын келтіруді жөн көреміз. *«...бұл көлемді ғылыми еңбек автордың көп жылдық әрі сан қырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады.*

Онда композиторлық талант, этнографтың байқағыштығы және тарихты терең білуі айқын көрінеді. Автор қазақ музыкасы мен қазақ композиторлары туралы әдебиеттерге алғашқы толық библиографиялық көрсеткіш жасап, ең ірі шығармаларға шолу береді. Көптеген ән жазбалары алғаш рет осы еңбекте жарияланып отыр. Ол алғаш рет жекелеген әнші-композиторлардың қызметінің маңызын кең әрі дұрыс бағалап, олардың өлкенің мәдени өміріндегі қоғамдық рөлін атап көрсетеді. Сондай-ақ автор жекелеген шығармаларды орындау техникасына және әрбір әнші қолданатын техникалық ерекшеліктерге де жан-жақты тоқталады. Осы негізде А.Қ.Жұбанов Қазақстандағы аспаптық және вокалдық музыканың дамуындағы бірқатар бағыттар мен мектептерді айқындай алды» (аударған – Қ.Ә), – деді [3, 6-7 с.].

Сол секілді әйгілі түрколог, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, С.Е.Малов та өзінің оң пікірін: «*П.И.Чайковский, Ф.Шопен немесе Ш.Гуно сияқты композиторлардың музыкалық шығармашылығы туралы монография жазу – бір басқа. Олардың музыкалық шығармалары бірнеше рет басылып, түсіндірмелермен жарық көрген және толық өмірбаяндары мен замандастарының естеліктері де бар. Сондай-ақ олардың хаттары мен басқа да көптеген мәліметтері жарияланған. Ал XIX ғасырдағы қазақ композиторлары туралы осындай еңбек жазу, оны Ахмет Жұбанов жасағандай етіп жазу – өте қиын іс. Өйткені тіпті ноталық жазбалардың өзі де сақталмаған… Біздің авторымыз – А.Қ. Жұбанов осының бәрін өз мүмкіндігінше еңсере білді*» (аударған – Қ.Ә), – деп білдірді [3, 7 с.]. Осылайша ғалым ретінде 1943 жылы қазақтың тұңғыш өнертану докторы атанған.

Алайда, осындай жоғары бағаға ие бола тұра, сол кезеңнің саяси салқыны соғып, қазақ зиялыларының да тағдырының тәлкекке ұшырауы тоқтамады. Сталиндік қуғын-сүргіннің қара тізіміне Жұбановтар отбасы да ілікті. 1937 жылы ағасы қазақтың тұңғыш филолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ Академиясын – КСРО ғылым Академиясының филиалын ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін және Қазақстандық кәсіби ғылымның негізін қалаған Құдайберген Қуанұлы «халық жауы» болып тұтқындалып, келер жылы атылып кетеді. Ол парсы, араб, неміс, түрік, моңғол, грузин, чуваш, коми, орыс және көптеген түркі тілдерін өте жақсы білген маман болған. Оның жазықсыз қаралануы Ахметтің өміріне де әсер етеді...

Мәселен, «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» еңбегі партия идеологиясының қызметкерлері тарапынан сынға ұшырады. Кітап кәсіби ортада қатты сынға ұшырады және ол мерзімді баспасөз беттерінде көрініс тауып отырды. Яғни, композитор М.Төлебаевтың «Қазақ музыкатануындағы қате бағыт туралы» атты мақаласы арқылы қараланып, жала жабылды. Кітапта көптеген кемшіліктер болғаны айтылып, олар Қазақстан Композиторлар одағы мен ҚР Ғылым академиясының «Өнертану» секторы ұйымдастырған 1951 жылдың қазан айында өткен талқылауда ашық көрсетілді. Бұл талқылауда А.Жұбановтың еңбегінде Қазақстанның Ресейге ерікті түрде қосылуының прогрессивтік маңызы ескерілмегені, орыс мәдениетінің қазақ музыкасына тигізген оң ықпалы жеткілікті дәрежеде көрсетілмегені атап өтілген болатын. Сонымен қатар, кейбір халыққа қарсы реакциялық қозғалыстарға оң баға берілгені және қоғамдағы феодалдық-байлық құрылымның идеаландырылғаны сынға алынды. Кейін 1951 жылдың желтоқсан айында өткен съезде оның тарихи-этнографиялық және ғылыми-танымдық маңызы бар еңбектерін жоғары бағалай отырып, оның еңбектерінде айтылған сынның орынды болғанын атап өтті. А.Жұбанов ғалым әрі коммунист ретінде мұны өзі де түсініп, осыған байланысты «Қазақ музыкатануы саласындағы менің өрескел қателеіктерім» атты мақаламен шығып, өзіне айтылған сынның әділ екенін мойындады. Алайда бұл кітапта көрсетілген кемшіліктер, ғалымның еңбегін жоққа шығара алмайды. Өйткені бұл еңбек көптеген ізденіс пен ұзақ уақыттық ғылыми жұмыстың нәтижесі [4, с.119].

Елуінші жылдардың басында композитор, зерттеуші «өз қателіктерін» түзетіп, кітаптың жаңа нұсқасын дайындады. Осы уақытта ол аудармашы ретінде де еңбек етіп, Н.А.Римский-Корсаковтың «Менің музыкалық өмірімнің шежіресі» және А.Виноградовтың «Паганинді кінәлау» атты кітаптарын қазақ тіліне аударады. И.Сталиннің өлімінен соң саясат

өзгеріп, «жылымық» кезең басталғанда Мәскеуден оралған соң ғылыми, ағарту және ұстаздық жұмысқа көп көңіл бөле бастайды. Ол тек композитор, ғалым ретінде емес қоғам және мәдениет қайраткері ретінде еңбек жолын жалғастырды.

Оның жоғарыда атап көрсеткеніміздей «Музыка әліппесі» (1933) кітапшасы 1964 жылы «Музыкадағы алғашқы адым» деп қайта басылды. Сонымен бірге «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» (1942), «Әндер, романстар, хорлар» (1957), «Струны столетий: очерки о жизни и творческой деятельности казахских народных композиторов» (1958), «Құрманғазы» (1960), «Құрманғазы. (Күйлер жинағы) нотасы, алғысөзі және түсініктемесі А.Жұбановтыкі» (1961), «Замана бұлбұлдары» (1963; 1975), «Мұқан Төлебаев: Очерк» (1963), «Соловьи столетий: монография» (1967), «Ғасырлар пернесі» (1975), «Ән-күй сапары: монография» (1976), «Құрманғазы Сағырбаев: Өмірі мен творчествосы» (1978), «Өскен өнер: (мақалалар мен зерттеулер)» (1985) іргелі-ғылыми зерттеулері бар. Қызы Ғазиза Жұбанованың естелік мақаласында «Менің замандастарым» атты естеліктер жинағы (1986) шығып, аз уақыттың ішінде таралып кеткен.

Әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде қайраткер композитор туралы оның көзкөрген замандастарының мынадай мақалалар мен естеліктер шыққан: Ахмет Жұбановтың жан-жақты дарыны туралы замандастары мен шәкірттері ерекше айтып жүрген. Солардың бірі, зерттеуші ғалым Борис Григорьевич Ерзакович өзінің «Асыл аға» мақаласында: *«Шын мәнінде ол тамаша педагог еді. Оның лекцияларына қатарынан бірнеше курстың студенттері, консерваторияның оқытушылары қатысып отыратын. Ахмет Жұбанов лекция оқыған кезде партаға сыймаған студенттер мен оқытушылар еденге, лектор жанындағы орындықтарға, рояльдің маңайына отыра кететін, қысқасы Ахаңның даусы жететін жер бос болмайтын. Осындай күрделі жағдайдың өзінде Ахмет Қуанұлы үлкен педагогикалық шеберлік таныта білетін»* – деп, оның дәрістерінің жастың да, кәрінің де қызығушылығын оятқанын, ақпараттарының құндылығын және педагогикалық қасиетін айрықша атап көрсетеді [2, 112-б.]. Ал Қазақстан халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев А.Жұбановтың мәдениет саласына қосқан зор үлесінің маңыздысы ретінде былай деп жазған: *«А.Жұбановтың ең басты еңбегінің бірі – қазақтың музыка мәдениетіне сан ұрпақ музыканттар, дирижерлар, композиторлар, музыка зерттеуші ғалымдар тәрбиелеп қосқаны»* [5, Б.120-121]. Ахмет Жұбановтың қадір-қасиеті мен кәсібилігі жайлы ақын Хамит Ерғалиев: *«Ахмет Қуанұлы біреуге әсте дауыс көтеріп, қатты айтқан кісі емес. Сынның өзін де сыпайы сөзбен бір қалыпты биязы үнмен жеткіземін. Сөйте тұра жұмыс бабында қарауындағы адамдардан темірдей тәртіпті талап еткен. Ахаңның істес, өзімен түйдей құрдас досы, әйгілі композитор Латиф Хамиди бір орайда оркестрдің дирижері болған екен. Оркестранттар оған еркінсіп, репетиция кезінде саздың бір-бірімен астасар жүйесін бұза беріпті. Сонда Латекең оларды кілт тоқтатып қойып; «Кәне, - депті, бұл күйді жөндеп тартамыз ба, жоқ әлде Ахаңа барамыз ба? – дегенде сілтідей тына қалған күйшілер ізінше әлгі күйді бабына келтіре тартып кеткен екен»* – деп, жазып кеткен» [4, 105-б.].

Тұжырымдай айтқанда, Ахмет Қуанұлы Жұбанов – музыка саласының барлық дерлік бағыттарында әрдайым алғашқы адам болды. Ол музыка теориясын қазақ тіліне аударуда, күй-атасы Құрманғазыны зерттеуде, қазақ өнері тарихы туралы кітап жазуда, кәсіби музыкалық білім беру ісін дамытуда тұңғыш тұлға еді. Қазақтың ұлттық музыкатану ғылымына өз үлесін қосқан ғалым, композитор және дирижер ретінде қазақ мәдениет тарихында ерекше орын алады. Ғалымның еңбектері арқылы қазақ халқының ән-күй мұрасы толықтырылып, ғылыми маңыздылығы арта түсіп, жан-жақты талданды. Сонымен қатар, ол ұлттық музыка өнерін тек зерттеп қоймай, келешек музыканттарға, музыка зерттеушілеріне бағыт-бағдар беріп кетті. Яғни, А.Жұбановтың ғылыми мұрасы әрқашан ұлт өнерінде өз маңызын жоғалтпай, халыққа қызмет ететін құнды рухани қазына болып табылады. Бүгінгі таңда ғалым өмірден өтсе де, оның артынан қалған мұрасы, еңбектері қазақ музыка өнерінің дамуына өз ықпалын тигізуін тоқтатпайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Брусиловский Е.Г. Дүйім дүлдүлдер: естеліктер / Е.Г.Брусиловский; орыс т. ауд. Сапар Байжанов. – Алматы: Өлке, 2021. – 352 б.

2. Ерзакович Б. Композитор, ученый, педагог //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.113-115.

3. Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репресии /под. ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 210 с.

4. Гизатов Б. Академик Ахмет Жубанов. – Алматы: Жазушы, 1972. – 268 с.

5. Кекілбаев Ә. Шын сүйері халықтың (А.Жұбанов 60 жаста) //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.118-121.

ӘОЖ 070.453

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ МАҚАЛАЛАР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Құныскерей Аяулым Нағиқызы
«Журналистика және ақпарат» мамандығының 2-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
kunyskereev@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: Нұрсұлтанова Г. Ж.
«Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының
сеньор лекторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі
nursultanova.g@asu.edu.kz

Ұлттық деңгейдегі экологиялық мәселелерді шешу және қауіпті мәселелерді болдырмау бағытындағы басты міндеттердің бірі – масс-медиа әлеуеті арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдарында бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғаммен байланыс тетіктері арқылы экологиялық мәдениет қалыптастыратын салалардың қолжетімділігін арттыруға болады. Экологтар одағының нақты және перспективалық мүмкіндіктерін анықтай отырып, олармен бірге ортақ істерге жұмылу, сөз пәрменділігін жетілдіру, апаттың алдын алу шараларын жүзеге асырудың жолдарын қарастыру, өзара тәжірибе алмасу бүгінгі экологиялық журналистиканы, оның ішінде Атырау облысындағы экологиялық жағдайларды сөз еткен мақалаларды жинақтап талдаған болатынмын.

Экология ұғымы көбінесе қоршаған ортаны қорғаумен теңестіріледі, ал қоршаған ортаны қорғау – бұл адам қызметінің табиғатқа теріс әсерін шектеуге арналған шаралар кешені. Қоршаған ортаны қорғау журналистер экология саласында жариялайтын мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты экологиялық журналистикада жарияланатын мәселелердің шеңберіне қандай ақпарат кіретінін анықтау маңызды.

Атырау облыстық БАҚ проблемаларын зерделеу, аудиторияның әлеуметтік демографиялық сипаттамалары, кері байланыстың болуы БАҚ-тың сәтті жұмыс істеуіне әсер ететін маңызды фактор және аймақтағы баспасөз бен электрондық БАҚ акпараттық саясаттың тиімділігін арттыруға да ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының аудиторияға қазақстандық қоғамды трансформациялау тұрғысынан әсер етуі осы саладағы теориялық зерттеулерден әлдеқайда ықпалды болғандықтан, осы кезеңде аймақтық БАҚ-тардың жұмысын талдау қажеттілігі туындайды. Отандық және шетелдік әдебиеттерді сараптау барысында өңірлік бұқаралық акпарат құралдарының жұмыс істеу проблемалары әлі күнге дейін арнайы зерттеу тақырыбы болып табылмағандығы туралы қорытынды жасауға әкеледі.

Қазақстанның өңірлері арқылы жаңару идеологиясы қарқынды дамуда, аймақтық БАҚ тағдыры Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі үшін маңызды. Аймақтық баспасөз басылымдарының қарқынды дамуы жана қазақ баспасөзін зерттейтін әлеуметтанушылардан

алынған деректермен расталады. Жалпы қазақ газеттерінің соңғы онжылдықта пайда болған барлық бұқаралық ақпарат құралдарынан үлесі – 15,7%, ал облыстық (облыстық, республикалық) – 47,8%, қалалық және аудандық – 12,3%, аймақаралық (бірнеше көршілес облыстарда таратылған) – 11,4% (Деректер: Қазақстан аумағында жұмыс істейтін БАҚ бойынша ҚР ҰЭМ және АКМ Статистика жөніндегі комитетінің деректерінен алынды). Сонымен, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі «өсу нүктелері» шағын қалалар, ауылдарда емес, аймақтық, облыстық және республиканың үлкен орталықтарында орналасқан [1].

Аймақтық БАҚ жүйесі негізінен жергілікті жағдайларға байланысты. Саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық тұтас бірқатар факторлар өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының дамуын айқындайды. Бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту үшін олардың географиялық жағдайы – орталықтан қашықтық, мемлекеттің шекарасына жақындығы және т.б. географиялық талаптары маңызды. Шекаралас облыстардың бұқаралық ақпарат құралдары Астанадан, Алматыдан келген жаңалықтарға және көрші елдерде болып жатқан оқиғаларға назар аударуы керек. Шалғай аймақтардағы баспасөз орталық аймақтағы баспасөзбен төмен деңгейде бәсекеге түседі, бірақ шетелдік ақпарат арналарының аудиториясына әсерін ескеру керек.

Мегаполистер бар өңірлердің медиа-жүйелері мен аграрлық профильді аймақтар арасындағы айырмашылықтар барған сайын артып келеді. Мегаполистік басылымдар мысалы, Алматыда, Шымкентте өте көп және қарқынды дамып келеді. Экономиканың құрылымында негізінен ауыл шаруашылығына жақын аудандарда, керісінше, жергілікті басылымдардың ауқымы әлдеқайда тар, ал орталық баспасөздің кеңеюі байқалады. Баспасөздің типологиялық құрылымы түпкілікті анықталған жоқ: бірқатар тегін жарнамалық газеттер мен телегидтерді қоспағанда, көптеген газеттер дәстүрлі қоғамдық-саяси бағытта жұмыс істейді, бұл сөзсіз бәсекелестіктің қарқын алуына әкеледі және соның салдарынан таралымның төмендеуі мүмкін.

Аймақтық басылымдардың басты мәселесі – билік құрылымына тәуелділігі, яғни казіргі билік құрылымы бұрынғы аудандық биліктен әлдеқайда күшті. Іс жүзінде бұл коммуналдық кәсіпорындар. Көптеген аудандардың бюджеті нөлге тең болғандықтан, жергілікті кәсіпорындар қызмет жасамайды: берілетін субсидия аз, жарнама да дәл солай. Бірақ, тіпті өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған аймақтық газеттер жергілікті билік өкілдерімен байланысты үзбейді: кенеттен экономикалық жағдай өзгеруі мүмкін, аталған басылымдар қолдаусыз қалуы да ғажап емес. Дегенмен, аудандық басылымдар өміршен келеді, кейбір аймақтарда әкімшіліктің дербес басылымдары да бар. Кейбір газеттер жарнамалық-ақпараттық бағытка бет бұрады, бұл олардың таралу аймағын тіпті жаксартуға мүмкіндік береді [2].

Жалпы алғанда, жергілікті жарияланымдардын бюджеті жарнама кызметінен, айналымды жүзеге асырудан, газеттен тыс қызметтен, мемлекеттік субсидиялардан немесе құрылтайшынын қаражатынан тұрады. Бұл кешендердің қатынасы көптеген факторларға байланысты: облыстын экономикалык жағдайына, онда табысты кәсіпкерлердін болуы немесе болмауы, жарнамаға, халықтың қауіпсіздігіне, жергілікті билік органдарына редакциялык тәуелділіктен және іскерлік белсенділікке ие. *«Өкінішке орай, аймақтық бұкаралык ақпарат құралдарының көпшілігінде жергілікті билік органдарына тәуелділік, экономикалык прогресстін жоктығы, жергілікті баспасөзге басқа дамып келе жаткан жетіспеушіліктерді жеңуге мүмкіндік бермейді: накты типологиялық құрылым мен аймақтық аудиторияның талаптарына сәйкес келмеуі, аймақтық газеттердің мазмұнындағы теңсіздік, аймақтық баспасөздегі ашық императивтердін әлсіреуіне әкелді»* - дейді Ресейдін аймақтық басылымдарын зерттеген ғалым И.А.Шахова [3].

Жалпы айтқанда, Казақстандағы өңірлік БАҚ әлеуметтік функциялардың кең ауқымына ие. Олардың әрқайсысы тарихи дамудын кез-келген кезеңінде өз маңыздылығын жоғарылатты, кейбірі керісінше, жоғалтты. Қорыта айтқанда, аймақтық БАҚ-тын қоғамдық міндеті осыған саяды.

Аймақтық газеттер тарихына тыңғылықты зерттеу жүргізу барысында ұлттық мәдениеттін арнасын кеңейте түседі. Сондықтан да аймақтық журналистиканың тарихын, калыптасу, даму кезендерін жүйелі түрде зерттеу уакыт талабынан туындап отыр. Қазақстанның барлық аймағы да ежелден әдебиет пен мәдениеттін рухани ошағы. Ұлттық журналистикамыздың дамуы мен қалыптасу жолына көз жіберер болсақ, барлық облыстарда кенес заманында да, казір де мерзімді басылымдардын көпшілігі шығып, ұлттық сөз өнерінін майталмандары Б.Кенжебаев, Ә.Нұршайықов, Қ.Мұхаметжанов, Р.Нұргали, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, А.Сейдімбек, Қ.Салғараұлы, Ж.Әбдіхалык т.б. журналистік шеберліктерін Қазақстаннын аймақтарында шыққан басылымдарда шындаған [4]. Мысалы, қазақ журналистикасы тарихындағы тұңғыш зерттеушілердін бірі журналист Б.Кенжебаев, белгілі публицист Ә.Нұршайыков солтүстік өңір басылымдарында қаламынын ізі калған. Сондықтан да аймақтық журналистиканын қазақ журналистикасы тарихында орны ерекше.

Қазақстандағы аймақтық журналистика тарихын ұлт тарихымен бірге қарастырып, бүгінгі күнге дейінгі қалыптасу, даму кезеңдерін ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеу бүгінгі күннін талабы. Аймақтық мерзімді баспасөздің қазақ журналистикасындағы өзіндік орны бар, Қазақстанның әлеуметтік, экономикалык, мәдени дамуындағы рөлін және қоғамдық пікір қалыптастырудағы пәрменділігі де жоғары.

Қазақстанның аймақтарындағы аудандық газеттердің тарихы, онда кызмет істеген журналистердін шығармашылык шеберханасы, даралық колтаңбасы, казіргі таңдағы ізденістері әлі зерттелмей отыр. Қазақстан аймақтарындағы танымал журналистердің өмірі мен шығармашылык кызметі, әр жылдардағы публицистикалык енбектеріне сараптама жасалмаған, сонымен қатар облыстық газеттердің тарихы мен қалыптасу жолына зерттеу жүргізу де кезек күттірмейтін өзекті такырып деп білеміз.

Зерттеулерге сәйкес, аймақтық БАҚ-тың трансформациясы қазіргі уакытта өте өзгермелі түрде: бір жағынан, аймақтық БАҚ саяси коммуникацияның күшті, әрі ықпалды арнасы болып қала береді, БАҚ бір мезгілде басшысының саяси преференцияларына тәуелденіп, саясаттанады.

Ендігі аймақтық журналистиканың өзіндік әдіс-тәсілдерінің негізінде БАҚ беттеріндегі аймақтық экология такырыбында жазылған мақалаларға талдау жасап көрелік. Автор Атырау өңіріндегі экологиялық мәселелерді қаншалықты көтере алды және оның шешімін таба алды ма деген сұраққа жауап беретін боламыз.

Каспий теңізінде су деңгейінің тұрақсыздығы бүгінде табиғи үрдіске айналғандай. Оған себеп жаһандық климаттың өзгеруі. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінің «Экология» айдарында 2021 жылы 8 маусым күні шыққан санында «Каспий теңізі тартылып жатыр» деген тақырыпта мақала жарияланды. Аталмыш мақалады автор 1930 жылдардан бастап Каспий теңізінің деңгейі төмендегені сияқты мәселелерді қозғайды[5]: *«1977 жылға қарай теңіз деңгейі 3 метрге, минус 26-дан 29 метрге дейін төмендеді. Содан кейін су деңгейі қайтадан көтеріле бастады, сондықтан 1995 жылы ол 3 метрге көтеріліп, минус 26,62 м-ге жетті.Осы кезеңде су деңгейі жылына шамамен 14 см-ге дейін көтерілді, ал кейбір жылдары - 36 см-ге дейін циклдік құлдырау болды.*

Каспий теңізі желдің әсерінен мезгілсіз ауытқуды бастан кешіруде. Мысалы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде, Жанбай теңіз гидропосты аймағында мұндай маусымдық құбылыс анық байқалады. Әсіресе көктем мен күзде. Ол солтүстік-шығыс пен оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр.

Ал жазда жел күшеймегенде мұндай жағдай байқалмайды. Теңіз деңгейінің көтерілуі желдің жылдамдығы 10-15 м/с болғанда ғана байқалады және 10-12 сағаттан 1-2 тәулікке дейін созылады. Желдің жылдамдығы секундына 15-25 м болса, биіктігі 1,5-2 м және одан да көп болады.

Соңғы жылдары Каспий теңізі деңгейінің ауытқуы климаттың антропогендік өзгеруінің әсерінен өзгеретін су балансының сипаттамаларының қатынасымен байланысты. Мамандардың бағалауынша, 2006-2020 жылдар аралығында Каспий теңізіне жауын-шашын аз түсіп, булану процесі қарқынды болған. Еділ өзені алабындағы су көлемі де аз болды. Оның

басты себебі – жаһандық жылыну. Айта кету керек, Каспийдің көтерілуі мен құлдырауы бұрын да болған және ұзақ мерзімді табиғи циклдік сипатқа ие. Соңғы жылдары жаһандық жылыну Каспий теңізіне әсер ете бастады».

Қарт Каспийдің экологиялық жағдайына қатысты аймақтың «Маңғыстау Медиа» газетінің 2019 жылғы 16-қаңтардағы санында «Каспий экологиясы – адамдар қолында» деген атаумен жарияланды [6]. Авторы – Үміт Жәлеке.

«Көптеген сарапшылардың пікірінше, Солтүстік Каспийдегі ластаушы заттардың көпшілігі Еділ мен Жайық өзендерімен қатар теңіздегі мұнай кен орындары мен көбелектер ұңғымаларынан келеді. Қашаған кен орнында 2006-2016 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, ауаны ластаудың негізгі көзі А және Д аралдарында кен орнының теңіз кешеніндегі бұрғылау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының нәтижесінде анықталды.

Теңізде 22 жылдан бері жұмыс жасап жатқан мекеме туралы айта кетер болсақ, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» компаниясы (НКОК) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнім бөлісу туралы келісім (ӨБК) мен оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар шеңберінде консорциум құрамындағы жеті серіктес компания атынан 11 блокта көмірсутегі қорларын барлау және өндіру жұмыстарының операторы ретінде қызмет атқарады. Солтүстік Каспий бойынша ӨБК шеңберіндегі мердігерлік учаскенің аумағы 5 600 шаршы шақырым құрайды және Атырау қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым қашықтықта орналасқан Қашаған алып мұнай кенорнын қамтиды. Сонымен қатар учаскеде Қаламқас теңіз, Оңтүстік-батыс Қашаған, Ақтоты және Қайраң кенорындары бар.

Қазақстанның, Ресейдің, Әзірбайжанның, Иранның және Түрікменстанның президенттері қатысқан халықаралық Каспий маңы мемлекеттері басшыларының бесінші саммитінде тараптар Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі, теңізде экономика, көлік транзит, экология, қауіпсіздік және басқа да салалар бойынша ынтымақтастық орнату мәселелерін талқылағаны белгілі. Соның ішінде теңіздің құқықтық мәртебесінің анықталуы теңіз суы табанынан мұнай мен газ құбырын және кабель жүйелерін тарту мәселесі қаралып, құжаттың ең маңызды бөлігі 14-бапта: *«Тараптар Каспий теңізінің түбі арқылы су асты кабельдері мен құбыржолдарды төсей алады» деп атап көрсетілгендігіне байланысты жағалаудағы мемлекеттер Каспийдің түбінде мұнай құбырларын салу құқығын және «Каспий теңізі секторының теңіз түбі мен минералдық ресурстарды бөлудегі жалпыға танылған қағидаттары мен құқықтық нормаларға сәйкес жақын және қарама-қарсы елдің келісімшарттары негізге алынатын болады»* делінген құжатқа сәйкес тараптар теңіз қайраңын тең дәрежеде пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Теңіздегі шикізатты барлау, оны өндіру, платформа мен құбыр төсеу кезінде теңіз суына келген зиянның барлық жауапкершілігі әр елдің өзіне жүктеліп, көмірсутегін өндіру, оны экспорттауда төтенше жағдайлардың орын алу қаупі басымдығы ескеріліп, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды жобаларды іске асырушы тарап мойнына алатын болып келісілді» - деп автор теңізге қатысты өзекті мәселелердің шешімін тапқандай болды.

Келесі мақалаға көшсек, Шетел капиталистері Атырауды екінші Чернобыльге айналдырмақ «Атамекен» газетінің 2001 жылғы 21-ақпан күні жариялаған С.Өтепбергеновтың *«Шетел капиталистері Атырауды екінші Чернобыльге айналдырмақ»* атты проблемалық мақаласында көгілдір отын мәселесі мен Атырау жерінің экологиялық жағдайы деректер арқылы оқырманға жеткізілген[6]. Сондай-ақ, мұнай іліспе газының қазақ даласында ысырапқа ұшырап жатқаны тілге тиек етіледі. Мақала авторының пайымдауынша осынша мол отынды шашаусыз жинап алып, қамбаға құюға шамамыз жетпейді екен. Бұдан айнала қоршаған орта азап шегуде. Туған табиғатпен арадағы тепе-теңдік бұзылып жатыр. Ашық аспан асты түтінмен тұншығып, күлге орануда. Ендеше осынша отынды айдалаға қысы-жазы жаққанша, өз қалаларымызға неге жөнелпейміз? Ысырап атаулыға неге берік тосқауыл қоймаймыз? Әрі өзбектердің газ құрсауынан құтылмаймыз ба? Проблемалық мақалада осындай сұрақтар төңірегінде талдаулар жасалады. Шындығына келсек, мұнайдың іліспе газы таза, еш қоспасыз күйінде таза көгілдір отынға айналады екен. Үйіңді де жылытады, қазаныңды да қайнатады. Тағы басқа кәделерге де жарайды. Ал енді атшулы Теңіз кенішінде

жетікат жер астынан дүмпіген дүлей күштің құрамында жоқ емес зат жоқ. Солардың ішінде ең кереметі – күкіртті газ. Кешенді-технологиялық желі жылына үш миллион тонна мұнай өндіре алады. Бұл жерде күкірттің де зиянын айта кеткеніміз орынды.

Бұл жөнінде тілші: *«Ол айналасының бәрін ушықтырып, күш үздіктіріп тұр. Қанша жерден мақтап-мадақта шетелдік жабдықтар көздің жасындай кінәратсыз емес, тәйірі. Оның да «әттеген ай!» дегізерлік ұрымтал тұстары сәт сайын кездесіп жүр. О баста оларды әулие тұтсақ осал жақтарын енді-енді біліп, бармақ тістеп жатқан жағдай бар. Амал қанша, енді бәрі кеш. Алдын-ала 40 жылға жасалған келісім шарт сорлатып күндердің күнінде түбімізге жетері хақ. Біздіңше, мопмомақан республика жұртшылығының Атырау атырабы жөніндегі ұғымдары мен түйсік-түсініктері бір жақты. Яғни, Атырау – Клондайк! Телегей теңіз мұнайдың Отаны, сол «қара алтынның» ақ шаңқан астанасы. Бәрінің арқа тұтатыны Атырау, қала берді Каспий қайраңы. Анау Біріккен Араб Эмираты, анау Сауд Аравиясы, анау кішігірім Кувейт мемлекеттері тәрізді жылына сыртқа 100 миллион тоннадан астам мұнайды экспорттай алатын болсақ басқа жұртты қайдам, ал Атыраудың жергілікті халқын алтынмен аптап, күміспен күптеу мүмкін емес»,* - дейді. Бірақ... Бірақ барлығы жантүршігерлік жағдайда болып тұр.

Ел күйзеліс құшағында. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілуге жақын. Мұны көріп-білмей отырған жоғары орындар тағы бар. Ең бастысы – республика жұршылығы көп ретте бейтарап, ынта-жігерден ада, бәріне әбден еті өліп кеткені соншалық, бей-жай. Халықтың пікірінше, Теңіз кенішінің күнделікті өнімі – барып тұрған зілзала. Бұдан бүкіл Каспий маңы ойпатындағы күллі елдер опық жеп жапа шекті. Алдымен көршілес Астрахань облысына көңіл бөлсек, мұнда Ақсарай аумағы, бүкіл Нариманов ауданы үдере көшіп кетудің аз-ақ алдында тұрған болатын. Радиусы 100 шақырым төңіректе көк шөп өспейтін болған. Өссе де тотияйнмен, күкірт қышқылымен қайтадан күйіп кетеді. Жан-жануарлар да күйзеліс үстінде.

Демек, бұл маңдағы экологиялық жағдай әбден ширығып қатты шиеленіскен күйде қалған. Алғашқы жылдары Астраханның ала қарбыздары мен басқа да көкөністері халыққа көп пайда әкелген. Енді Батыс Қазақстан обылысында орналасқан әйгілі Қарашығанақ газ конденсаты кенішін тілге тиек етелік. Мұнда да сол кереғар жағдай. Бүкіл Бөрлі ауданының Ақсай қаласының тұрғындары күкіртті газдан әбден зәрезап болған, айналасында сау адам жоқ. Бәрі де тыныс жолдарынан деміге бастаған. Айтса да, айтпаса да үкімет бұл жерде тас саңырау қалып танытқан. Оларға тек ағылтегіл отын керек. Ал қазақ атаулының тағдыры ойыншыққа айналған! Одақтық мұнай министрлігі бір орталықтан билік құрып тұрған тұста аталмыш Карашығанақтың газы мен газ конденсатын жергілікті жерде өңдеуге еш мүмкіндік болмады. Содан оны эксперименттік тұрғыда іргедегі Орынбор мұнай өңдеу зауытына жөнелтуге апыл-ғұпыл шешім қабылданды.

Бірақ Орынбор мұнай өңдеу зауытының отандық жабдықтары Қарашығанақтың газы мен газ конденсатынан қолма-қол істен шыға бастаған. Міне бұл күкіртті сутегінің әсері. Орынбор халқы, әсіресе, зауыт маңын мекендейтін бейкүнә тұрғындар жылы орындарын суытып, туған жерлерінен қаша бастаған. Бұл жайында мақала авторы: *«О тоба! Айдың-күннің аманында жылы орынды суыту деген не сұмдық! Орынборлықтар жатпай-тұрмай Қарашығанақты қарғап сіледі. Қарғысқа ұшыраған аталмыш кен орнының әкім қаралары ат тондарын ала қашып, егемендік алғаннан бергі қазақ мұнайының басыбайлы қожасы Н.Балғымбаевтың аузына қарасты. Соның сөзін сөйлесті»,* - деген деректерді алға тартқан.

Атышулы теңіз кеніші төңірегінде 40 жылға жасалған келісім шарт кешегі өткен XX ғасырдың үлкен қатесі десек, ат төбеліндей аз ғана үстем топ әлдеқашан бай манапқа айналды. Мақалада: *«Біздіңше, кейбір атыраулық алпауыттар қазірдің өзінде Кувейттің күйін кешіп өздерін іштей бір-бір шейх санайды. Олармен біздің арамыз жер мен көктей. Күнделікті күйбең тіршіліктен титықтағанымыз аздай-ақ айнала қоршаған орта апшымызды қуырып жатыр. Бұл жерде қадап-қадап айтатын нәрсе – келешек ұрпақтың еншісіне қол сұғып жатырмыз. Солардың пешенесіне жазылған ен байлыққа ортақтасып, соңғы он жылдың бергі жағындағы жыртық- тесігімізді атышулы Теңіз кенішінің қойнықонышы аздық еткендей кәрі Каспийдің кайраңымен жаппақпыз. Қайран, балығым ай! Қайтейін,*

жазмыштан озмыш жоқ. Тағдыр талайымызға жазылғаны әу баста осы шығар бәлкім?!» деп тілшіміз атышулы Теңіз көніші жайлы ащы шындықты жайып салған. Бұл тақырыпқа бұрын-сонды ешкім тереңдеп бара алмаған болатын. Яғни іштен тынып келдік. Олай дейтініміз - аталмыш кәсіпорын әлі күнге дейін құпия мекеме іспетті. Бұқаралық ақпарат құралдарының тұмсығы өтпейді. Оның кесір кесапатынан бір жыл ішінде 11 мың итбалық жазым болған. Ол аз десең, Кең Жылой өңірінде жергілікті тұрғындардың айтуынша құс пен жүгірген аңдардың да аяқтары аспаннан келуде.

Бұл күнде Жайық өзенін жағалай екі қабатты еңселі үйлер, әп-әсем коттеджде салынып, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап келеді. Онда ертеңнен бастап өздері қоныс тебеді. Айналасының бәрі Қытай қорғаны. Оқшауланған өмір, батпан құйрық – бәрі осында. Соған қарамастан атыраулық қазақтарды нағыз хасбатыр десе де болады, өздерінің өлетінін біле тұра ажалмен құшақ айқастырып өмір сүріп жатыр. Жалпы, «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының бас директоры Кевин Лайон бұқаралық ақпарат құралдарының алдында көлгірсуі көбірек болған. Мақалада Атырау аймағының экологиялық мәселелерінің шынайы бет-бейнесі ашылған.

Заманауи технология мен ақпараттандыру жетістіктерін игеру кезеңінде ақпарат таратуда БАҚ-тың қоғамға сіңірген еңбегі жоғары. Жеке тұлғаның, әсіресе жастардың мәдениетін, олардың құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа сипаты күшейіп келеді. Атап айтқанда, аймақтық журналистика, іскерлік журналистика, экологиялық журналистика, әскери журналистика сынды журналистиканың салалық қырлары қоғамның сұранысын қанағаттандыратын жаңа медиа өнімдерді ұсына бастады. Журналистиканың сан түрлі саласы арқылы олар ақпараттық желілердегі ақпаратқа тез және оңай қол жеткізе алады және кейбір медиа мәтіндерді жеке басқара алады.

Сондай журналистиканың ауқымды саласы экологиялық журналистиканың экологиялық мәселелерді бағалау үшін маңызы зор. Экологиялық журналистика адамзаттың экологиялық көзқарасы мен мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, барлық адамдардың қабылдауы мен түсінігі бірдей емес. Заттарды ретке келтіретін әрбір адамға.

Күн сайын экология мәселесіне қатысты ақпараттан көптеген игі істердің, тың бастамалардың жасалып жатқанын көріп жүрміз. Кейбір жағдайларда тек құпия ақпарат ашылмайды және құпия болып саналады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында журналистерге экологиялық білім берудегі қажеттіліктің маңызы мен мәні қарастырылады. Нәтижесінде экологиялық білім берудегі қажеттілік тек журналистерге ғана емес, жалпы қоршаған ортаға, табиғатқа деген жауапкершілікті арттыру мақсатында барлық қоғам адамдары үшін қажетті екенін алға қойылды. Оған дәлел экологиялық білім мен тәрбиенің сонау әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари шығармаларынан бастау алғандығы. Оның өміршеңдігі ұрпақ болашағымен байланысты. Ең алдымен экологиялық тәрбие беруде халық ағарту ісінің алатын орны ерекше. Сонымен қатар, қазақ журналистикасында ойып тұрып орын алар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты ұлт зиялылары табиғатты қорғаудың, салауатты өмір салтын ұстанудың ғылыми алғышарттарын жасады.Аталған қоғам қайраткерлері экологиялық маңызы зор еңбектерін қазақ басысылмдарында жариялап, сол кездегі өзекті мәселелерді көтерген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2021 жылдың 10-қыркүйегінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қайта құрылғаны мәлім. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі болып Брекешев Серіккали Аманғалиұлы тағайындалды. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұлықтау салтанатында еліміздегі экология мәселесіне арнайы тоқталып, жаңа экологиялық саясат, жаңа экологиялық кодекс қажет деген болатын.

Жалпы елдегі қоршаған орта табиғатын қорғау бағытында жоспарланып, атқарылған іс-шараларға ғылыми талдау жүргізу негізінде экомәдениет қалыптастыру мәселелерін жүйелеу жұмыстың басты мақсаты болды. Осы мақсат үрдісінен шығу барысында Қазақстан

Республикасы мен алыс, жақын шетелдердегі экология тақырыбындағы зерттеулердің қорытындылары сарапталып, олардағы ортақ траекториялар мен нәтижелі жұмыс үлгілеріне баса көңіл бөлінді. Болашақта өзара бірлесіп жүзеге асырылуға тиісті шаралардың әлеуеті жайында айтылды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен бірге жаңа медианың халық арасында экологиялық тақырыптарды қозғаудағы маңызы зор. Әлеуметтік, экономикалық, экологиялық өзекті мәселелер бүгінгі журналистикадағы басты өзекті тақырыптар екені анық. Осы айтылған пікірді нақтылау үшін отандық және өзге де шетелдік телевизия бағдарламаларының көрілім көрсеткішіне, баспасөздегі экология мәселелерінің жазылуына, радиобағдарламалардағы экожаңалықтардың сипатына бағам жасай отырып, сандық, контент талдаулар жасалды.

Экология мәселесі – адамзатқа ортақ тақырып. Жер шарының тұтас экожүйесі өзара байланысты. Сондықтан Қазақстан Республикасы мен әлемдік БАҚ-тардағы экологиялық қатерлердің алдын алу мен олардың зардаптарын жою шараларына арналған материалдар жұмыс барысында өзара тақырыптық тұрғыда салыстырыла отырып, жүйелі қарастырылды. Өзара ынтымақтастықты нығайту жолындағы атқарылып жатқан, жоспарланған шаралар қатарына бағам жасалып, бірлескен ұйымдар мен жобалар, пресс-конференциялар, акциялар т.б. сынды ортақ мүддені қамтитын жұмыстардағы өзара үндестік пен ортақтық байқалады.

Зерттеу өзектілігі мен жаңалығы саналатын аймақтық экожурналистика салалық ерекшелігі ашылып, соның негізінде Атырау облысындағы экологиялық мәселелерді БАҚ беттеріндегі мақалалар негізінде талдау жасалды. Талдау барысында экология тақырыбындағы мақалалар көбіне қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық бағыттағы жалпы газеттердің экология, табиғат, қоршаған ортаға арналған айдарларында жарияланғанын байқадық. Бұл тұста айтқымыз келетіні, әрбір өңірде тек қана экологиялық тақырыптарын қозғайтын арнайы жеке газет-журналдар редакциясы ашылса. Кестемен сараптамалық анализ жасау барасында, менмен деген республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің өзінде экология мәслелелерін қозғап жазылған мақалар бір жылда саны бар жоғы 151 мақаланы құрайды. Түйткілді мәселелердің шешемін табу үшін бұл зерттеулер БАҚ тарапынан жеткіліксіз деп санаймыз. Себебі, билік пен халық арасындағы көпірге айналған журналист қауымның еліміздегі мәселелердің шешемін табуындағы рөлі қашанда зор. Сондықтан, егер әр өңірде ашылған редакциясы қасына 4-5 журналисті біріктіре, экологияға қатысты басылым шығарып, билікке нақты талаптар қояр болса, біршама проблемаларымыз өз діттегеніне жетер еді. Екінші тұста, жоғары оқу орнын тәмәмдаған дипломды жас журналистер дипломын құшақтап ауыл бұрышында қалмай, мамандық бойынша тәжірибе жинап, адал қызмет атқарар еді.

Қоршаған орта мәселелері бойынша мерзімді басылымдары (баспасөз материалдары) жанрдағы аспектілер бойынша табиғат қорғау органдарының өкілдерімен және ғалымдармен сұхбаттардың, есептер, мақалалардың басым екенін көрсетті. Сараптамалық мақалалар, сарапшылардың сөздері, журналистік зерттеулер сынды жанрлардың әлі де кемшін тұстарының бар екендігін байқауға болады. Сонымен қатар экологиялық мәселелер бойынша журналистік зерттеу материалдардың жанрлық әртүрлілігі жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты жаңа формаларды талап етеді

Бүгінгі заман талабына сай адамдардың қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын тың бастамаларға бағыттап, оған бейімдеу біршама уақытты қажет етеді. Уақыт бірлігімен қатар қоғамның өзге де негізгі шарттары ескеріліп отыру заман сұранысы. Табиғат қоры шексіз емес. Оның табиғи байлығын пайдалану қоршаған орта ресурсының қалпына келуі мен өсуіне қамқорлық жасаумен ұштасып жатыр. Бұл тарапта әрбір жеке тұлғаның іс-әрекеті табиғат алдындағы жауаптылықпен қатар, экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан экожурналистика түсінігі барлық ғылым саласында маңызды болғандықтан түрлі бағыттарда зерттеулер жүргізілуде.

Бүгінде экологиялық мәселелердің орын алуын адамның мінез-құлқының қалыптасуына бағыттай отырып, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың тиімді, заманауи жолдарын табу қажет екендігін түсіне бастады. Қоршаған ортаны қорғау – ең алдымен адамды

қорғау. Ал адамдар үшін ортақ мәселе – экологиялық жағдай. Экологиялық қатерлердің алдын алып, табиғатты барлық елдермен бірлесе қорғау адамзаттың парызы. Адамның өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өзін қоршаған табиғи ортамен үндестікте, өзара сабақтастықта ғұмыр кешуі – экологиялық мәдениеттің өзегі. Экологиялық мәдениет адамның қоршаған орта жайлы парасатты түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның өзін де жетілдіреді. Сондықтан өскелең ұрпақ санасына экологиялық мәдениетті сіңіруде білім мен тәрбие басты орында тұр. Табиғаттың экологиялық жақсы жай-күйі – адамның жарқын да алаңсыз өмір сүруінің кепілі. Яғни адам өмірі қоршаған орта табиғатымен тығыз байланысты.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен халықтық педагогикасында қолданылған табиғатқа байланысты ұстанымдарды, атап айтар болсақ, ырымдар мен наным-сенімдерді, салт-жоралғыларды ұрпақ тәрбиесіне пайдалану аса қажет. Қандай қиын-қыстау болса да төтеп беріп, әр тауы мен тасын көзінің қарашығындай сақтап, халықтық тіршілік тынысының жібін үзбей, жалғастырып келген қазақ халқының ұлттық дінін сақтау бүгінгі ұрпақ міндеті. Ал бүгінде табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашыр болу дегенмен астас.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәсімханұлы Д. Өз аспаным өзімде. – Алматы: Ғылым, 2000. – 236 б. 149 Дәлейұлы Д. Дала күнтізбесі: Қазақтардың табиғатпен етене байланысы. https: // www.bag.kz. 02.08.2016.

2. Шапшанов Қ. Қазақтың экологиялық мәдениеті. https: // www.halyk- gazeti.kz. 04.06.2015.

3. Мырзабаев А.Б., Мыңбаева А.К. Экологиялық мәдениеттің рухани формасы – экологиялық сана // Хабаршы, Қарағанды университеті, Педагогика сериясы. – Қарағанды: Омега, 2015. – 197 б.

4. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түріктердің дүниетанымы. https://www.gazaguni.kz. 17.05.2017.

5. Жылқыбаева А.Ш. Салт-дәстүрлердің тілдегі көрінісі (түркі тілдері негізінде). – Өскемен:

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2004.

6. Шарманов Т. Экологиялық мәдениет // Таза ел. – 2017, 28 наурыз.

7. «Маңғыстау Медиа» газетінің 2019 жылғы 16-қаңтардағы санында «Каспий экологиясы – адамдар қолында» . Авторы – Үміт Жәлеке.

ӘОЖ 316.77:504.06

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Магпарова Ақбота Бисенбайқызы
akbotamagparova@icloud.com
«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Экологиялық мәселелердің жаһандық сипат алуы қазіргі ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының жауапкершілігін арттырды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, биологиялық әртүрліліктің азаюы және экологиялық қауіпсіздік мәселелері қоғамдық пікірдің басты тақырыптарына айналды. Осы үдерісте экологиялық журналистика қоғам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіретін маңызды коммуникациялық механизм ретінде қалыптасты. Зерттеудің мақсаты – экологиялық журналистиканың қалыптасу тарихын, даму кезеңдерін және қазіргі трансформациялық

үрдістерін ғылыми тұрғыда талдау. Зерттеу міндеттері: экологиялық журналистиканың теориялық негіздерін айқындау; тарихи кезеңдерін жүйелеу; Қазақстандағы даму ерекшеліктерін көрсету. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-талдамалық және контент-талдау әдістері құрайды.

Экологиялық журналистика - қоршаған ортаға қатысты ақпаратты жинау, талдау және қоғамға жеткізуге бағытталған кәсіби коммуникация саласы. Ол қоршаған ортаның ахуалы, табиғи ресурстарды пайдалану, климаттың өзгеруі, төтенше экологиялық жағдайлар, экосаясат және тұрақты даму мәселелерін жариялау арқылы қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді. XXI ғасырда экологиялық қауіптер күшейген сайын бұл журналистиканың маңызы артты. Қазақстанда да экологиялық БАҚ-тың кәсіби деңгейі біртіндеп нығайып, жаңа бағыттар пайда болды.

Экологиялық журналистиканың пайда болуына табиғат пен қоғам арасындағы қатынастардың күрделенуі әсер етті. XX ғасырдың екінші жартысында әлемде өнеркәсіптің дамуы, ауа мен су ресурстарының ластануы, радиоактивтік қауіп, биологиялық әртүрліліктің азаюы сияқты мәселелер ақпараттық кеңістіктің негізгі тақырыбына айнала бастады. 1960-1970 жылдары Батыс елдерінде алғашқы экологиялық қозғалыстар қалыптасып, БАҚ бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан жариялай бастады. 1970 жылы АҚШ-тағы алғашқы Жер күні экожурналистиканың институционалдық дамуына серпін берді. Осы кезеңде экожурналистиканың жеке жанр ретінде қалыптасуы ғылыми зерттеулермен қатар жүрді.

Алғашқы кезеңді 1960-1980 жж. деп қарастырамыз. Бұл кезеңде журналистер көбіне табиғи апаттар мен экологиялық дағдарыстарды ақпараттандырумен шектелді. Материалдар деректік сипатта болып, терең талдау аз болды. Ол кезде басты мақсат - экологиялық проблеманы қоғам назарына жеткізу.

Зерттеуші Ұ. Асқарованың деректеріне сүйенсек, ғалымдар экология ғылымының мәні мен мазмұнын әрқилы түсіндіріп, оған түрліше ғылыми баға беріп келеді. Бірқатар зерттеушілер экологияны салыстырмалы түрде жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастырады. Ал неміс ғалымы Эрнест Геккельдің пікірінше, XXI ғасырда экологиялық мәселелерді қамтымайтын ғылым саласы жоқ. Осыған байланысты экологияны ғылымдардың өзегі, кешенді ғылым деп атауға негіз бар.

Қазақ халқы ежелден табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ерекше мән берген. Көшпелі өмір салтын ұстана отырып, табиғатты қорғау мен аялаудың өзіндік тиімді тетіктерін қалыптастырған. Табиғат пен адам арасындағы ажырамас байланысты болашақ ұрпақ санасына сіңіруді өмірлік қағидаға айналдырған [2,36].

Келесі кезеңді талдаушылық кезең деп қарастырдық (1980-2000 жж.). Табиғатты қорғау қозғалыстары күшейіп, БАҚ-та аналитикалық жанрлардың қатары көбейді. Бұл уақытта ғылыми түсіндіру материалдары, сараптамалық сұхбаттар, зерттеу мақалалары пайда болды. Экологиялық журналистика саясат, экономика, медицина және әлеуметтік ғылымдармен байланыса бастады.

«Алаш айнасы» газетінің 2010 жылғы 2 маусымдағы санында «Арал қасіреті бүкіл әлемдік мәселеге айналу алдында» атты сұхбат жарық көрді [3]. Аталған материалда Арал теңізінің жойылу қаупі және оның зардаптарымен күресудің өзектілігі кеңінен сөз етіледі. Проблемалық сипаттағы бұл жарияланымда Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылу тарихына тоқталып, теңізді сақтап қалуға бағытталған негізгі міндеттер мен мақсаттар талқыланады. Сұхбат барысында Халықаралық Аралды құтқару қоры атқару комитетінің төрағасы Сағит Ибатуллин Арал теңізіндегі экологиялық апаттың ауқымы тек Қазақстан шеңберімен шектелмей, қазіргі таңда жаһандық деңгейдегі өзекті мәселеге айналғанын атап өтеді.

Кәсібилену кезеңінің ерекшелігі (2000 жылдан бүгінге дейін) мультимедиалық форматтардың дамуы мен деректер журналистикасының қолданылуы, климаттың өзгеруі мәселелерінің медиа күн тәртібіне шығуы, экоблогинг пен мобильді журналистиканың кеңеюінде. Экологиялық журналистика тек ақпарат таратушы емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастырушы құралға айналды. Бұл кезеңде экологиялық

тақырыптар тек жаңалық деңгейінде емес, терең талдау, сараптама, дерекке сүйенген зерттеу ретінде жарияланды. Мысалы, «Айқын» газетінде экология тақырыбы тұрақты айдар ретінде қалыптасты. 2013 жылы эколог-ғалым, қоғам қайраткері Мэлс Елеусізов берген сұхбатында экологиялық ақпараттың қоғамға әсерін былай сипаттайды: «Экология - бір ғана табиғат мәселесі емес, бұл ұлт денсаулығының, болашақ ұрпақ тағдырының мәселесі. Бұны қоғамға жеткізетін негізгі күш - жауапты журналистика»,[6,102] - дейді М. Елеусізов.

Қазақстандағы экологиялық журналистиканың қалыптасуындағы кеңес кезеңі (1950-1991 жж.). Қазақстан аумағында экологиялық проблемалар аса өзекті болды: Арал теңізінің тартылуы, Семей ядролық полигоны, өндірістік аймақтардағы ластану. Кеңестік цензураның салдарынан бұл мәселелер ашық жазылмады, алайда ғылыми-популярлық бағыттағы алғашқы мақалалар жариялана бастады. Сол кезеңде журналистер экологиялық апаттың нақты себептерін емес, оның салдарын жанама түрде көрсетуге мәжбүр болды. Табиғатты қорғау мәселелері «табиғатты тиімді пайдалану», «өндірісті жетілдіру» ұғымдарымен шектеліп отырды. Мысалы, 1970-1980 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде Арал өңіріне қатысты мақалалар жарияланды. Алайда оларда теңіздің тартылуы «табиғи қиындық» немесе «су тапшылығы» ретінде көрсетіліп, негізгі себептер ашық айтылмады. Академик, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов кейін бұл кезеңді былай сипаттайды: «Семей полигоны мен Арал қасіреті туралы шындықты айтуға кеңестік цензура мүмкіндік бермеді», - деп жазады М. Шаханов. Тағы бір мысал айта кетсек, Семей ядролық полигоны. 1950-1980 жылдары бұл тақырып БАҚ-та мүлде жабық болды. Тек 1989 жылы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылғаннан кейін ғана ақпарат ашық айтыла бастады.

Кеңес кезеңінен кейін тәуелсіздік кезеңі (1991-2000 жж.). Тәуелсіздік алғаннан кейін экологиялық журналистика жаңа мазмұнға ие болды. БАҚ-та Семей полигонының зардаптары, Арал өңірінің экологиясы, өндірістік қалдықтар жайлы материалдар ашық жарияланды. Қазақстанда табиғатты қорғау бағытындағы қоғамдық ұйымдардың көбеюі медианың дамуына ықпал етті. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінде экологиялық журналистика қоғамдық сана қалыптастыру міндетін атқарды. Журналистер экологиялық апаттардың тек салдарын ғана емес, олардың себептері мен жауапты құрылымдарды да көрсетуге ұмтылды. Мысалы, жазушы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1991 жылдан кейінгі мақалаларында Арал мен Семей мәселесіне қатысты өз ойын ашық білдіріп: «Экологиялық қасіреттер - кеңестік жүйенің ауыр мұрасы, ал оны жасыру емес, айту ғана емдейді», - деп жазды[12]. Сондай-ақ сол кезеңдегі баспасөз беттерінде экология саласындағы заңнамалық бастамалар талқыланды. Эколог, қоғам белсендісі Мэлс Елеусізов тәуелсіздік жылдарының басындағы БАҚ-тың рөлі туралы: «Экология тақырыбы тәуелсіздікпен бірге еркін тыныстай бастады»[5,95], - деп атап өтті. Солайша, тәуелсіздік кезеңі Қазақстандағы экологиялық журналистиканың ашықтыққа, сыншылдыққа және қоғамдық жауапкершілікке бет бұрған уақыты болды.

Институционалдық даму кезеңі (2000-2015 жж.). Бұл кезеңде Қазақстандағы экологиялық журналистика жеке бастамалар деңгейінен кәсіби және жүйелі институтқа айнала бастады. Экологиялық тақырыптар бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты айдарлар арқылы жарияланып, «экологиялық баспасөз» ұғымы қалыптасты. Журналистер мен эколог-ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық нығайды. Осы жылдары экология саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен заңдар қабылданып, БАҚ оларды талдау мен түсіндіруді қолға алды. Экологиялық мәселелер тек апат ретінде емес, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық және тұрақты даму тұрғысынан қарастырыла бастады. Мысалы, «Экологический курьер», «Жасыл экономика», «Айқын», «Егемен Қазақстан» басылымдарында экологияға арналған арнайы беттер ашылды. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған бір сараптамалық мақалада эколог Мэлс Елеусізов былай дейді: «Экология мәселесі мемлекет саясаты мен қоғам бақылауынан тыс қалмауы тиіс» [6,62]. Институционалдық даму кезеңінде экологиялық журналистика кәсібиленіп, арнайы айдарлар мен басылымдар пайда болды. Журналистер экологтармен бірлесе жұмыс істеп, экологиялық заңнама мен мемлекеттік бағдарламаларды қоғамға түсіндіре бастады.

Сандық медиа кезеңі 2015 жылдан бүгінге дейін дамуы. 2015 жылдан бастап Қазақстандағы экологиялық журналистика сандық технологиялардың ықпалымен жаңа деңгейге көтерілді. Интернет-басылымдар, әлеуметтік желілер мен мультимедиалық платформалар экологиялық ақпаратты таратудағы негізгі арнаға айналды. Бұл кезеңде экологиялық тақырыптар жеделдікпен қатар дерекке негізделу, визуализация және интерактивтілік арқылы ұсынила бастады. Сандық медиа кезеңінің басты ерекшелігі - деректер журналистикасының дамуы. Экологиялық көрсеткіштер инфографика, цифрлық карта, диаграмма арқылы беріліп, күрделі ғылыми ақпарат аудиторияға түсінікті форматта жеткізілді. Сонымен қатар экоблогинг, подкаст, TikTok форматындағы қысқа видеолар кеңінен тарады. Сандық медиа кезеңінде экологиялық журналистика азаматтық журналистикамен тығыз байланыса бастады. Қарапайым тұрғындар экологиялық заңбұзушылықтарды фото және видео арқылы әлеуметтік желілерде жариялап, кәсіби журналистік зерттеулерге түрткі болады. Бұл экологиялық мәселелерді жариялауда қоғамдық бақылаудың күшеюіне ықпал етті. Алайда сандық медиа кезеңі бірқатар қиындықтарды да алып келді. Ақпараттың шамадан тыс көптігі, фейк жаңалықтардың таралуы және ғылыми деректердің бұрмалануы экологиялық журналистерден жоғары кәсібилік пен дереккөздерді мұқият тексеруді талап етеді. Сондықтан қазіргі экологиялық журналистикада ғылыми сараптамаға, ресми статистика мен халықаралық ұйымдардың деректеріне сүйену маңызды қағидаға айналды.

Қазіргі кезеңде экологиялық журналистика ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты жаңа мазмұн мен формаға ие болуда. Экологиялық мәселелерді жариялау дерекке негізделген, визуалды және қоғамды әрекетке бағыттайтын сипатқа ие болып отыр. Бірінші маңызды тенденция - деректер журналистикасының дамуы. Экологиялық көрсеткіштер (ауа сапасы, су деңгейі, климаттық өзгерістер) ашық дереккөздер арқылы жинақталып, инфографика, интерактивті карта және диаграммалар көмегімен ұсынылады. Бұл аудиторияға күрделі ғылыми ақпаратты түсінікті түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Екінші тенденция - климаттық журналистиканың күшеюі. Климаттың өзгеруі, құрғақшылық, су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық мәселелер ұлттық және аймақтық деңгейде талданып, журналистік зерттеулердің негізгі тақырыбына айналды. Үшінші бағыт - фактчекинг пен медиасауаттың маңыздылығының артуы. Экология саласында жалған ақпараттың көбеюі журналистерді деректерді мұқият тексеруге және ғылыми дереккөздерге сүйенуге мәжбүр етуде. Төртінші тенденция - мультимедиалық сторителлинг. Мультимедиалық сторителлинг – бұл оқиғаны тек мәтін арқылы емес, бірнеше медиа форматты біріктіріп баяндау тәсілі. Видео, подкаст, анимация, фотожоба және инфографика арқылы экологиялық тақырыптар эмоциялық әрі әсерлі форматта жеткізіледі. Бесінші тенденция - қоғамдық қатысу мен азаматтық журналистиканың дамуы. Әлеуметтік желілер арқылы қарапайым азаматтар экологиялық проблемаларды көтеріп, журналистермен бірлесе қоғамдық бақылау тетігін қалыптастыруда. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанның батыс өңірінде, соның ішінде Атырау қаласында Жайық өзенінің су деңгейінің төмендеуі мен балықтың жаппай қырылуы туралы бейнематериалдар тұрғындар тарапынан Instagram және Facebook желілерінде жарияланды. Алғашында бұл деректер ресми ақпаратта толық көрініс таппағанымен, желідегі қоғамдық резонанс нәтижесінде кәсіби журналистер мәселені зерттеп, сарапшылар пікірін алып, арнайы репортаждар әзірледі. Соның негізінде уәкілетті органдар тексеріс жүргізіп, экологиялық ахуал қоғамдық талқыға түсті. Тағы бір мысал – Алматы қаласындағы ауаның ластануы мәселесі. Қала тұрғындары ауа сапасын өлшейтін тәуелсіз құрылғылардың көрсеткіштерін әлеуметтік желіде жариялап, экологиялық белсенді топтар құрып, деректерді жүйелі түрде бөлісіп отырды. Нәтижесінде бұл мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланып, сараптамалық мақалалар мен телесюжеттер дайындады. Осылайша, азаматтық бастама кәсіби журналистикамен ұштасып, қоғамдық қысым механизміне айналды. Демек, азаматтық журналистика – тек ақпарат тарату құралы емес, ол қоғамдық бақылаудың, транспаренттіліктің және билік пен қоғам арасындағы кері байланыстың маңызды институтына айналып отыр[11]. Осы тенденциялар экологиялық журналистиканың қоғаммен

тығыз байланыста дамып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы рөлін күшейтіп отырғанын көрсетеді.

Қорытынды

Экологиялық журналистика - заманауи ақпараттық кеңістіктің маңызды әрі қарқынды дамып келе жатқан саласы. Оның басты міндеті - қоғамға дәл, ғылыми негізделген ақпарат жеткізу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Қазақстанда экологиялық журналистика бірнеше кезеңнен өтті: кеңес кезеңіндегі цензуралық шектеулер, тәуелсіздік жылдарындағы ашықтық пен сыншылдық, институционалдық даму және сандық медиа кезеңі. Әр кезең экологиялық тақырыпты жариялаудың мазмұны мен формасына өзіндік ықпал етті. Қазіргі таңда экологиялық журналистика деректер журналистикасы, климаттық журналистика, фактчекинг және мультимедиалық сторителлинг арқылы кәсіби деңгейге көтерілді. Ол тек ақпарат таратушы ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын, қоғамдық бақылауды күшейтетін әлеуметтік институтқа айналды. Қазақстанда бұл бағыт қиындықтарға қарамастан кәсібилену сатысына өтті. Болашақта деректерді визуалдау, цифрлық медианың дамуы және климат тақырыбы экожурналистиканың жаңа белесін қалыптастыратыны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Блэк, Дж. Environmental Journalism: Principles and Practices. New York: Routledge, 2019.

2. Асқарова Ұ. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007.

3. «Алаш айнасы» республикалық қоғамдық-саяси газетінде 2010 жылы 2 маусым. https://on.kz/person/aral-qasireti-bukil-alemnin-qasiretine-ainaludyn-aldynda-tur-4694/?utm_source=chatgpt.com

4. Асқарова, Ұ. Экология және қоғам: ғылыми пайымдаулар. — Алматы: Қазақ университеті, 2015.

5. Шаханов, М. Арал қасіреті. — Алматы: Жалын, 1988.

6. Елеусізов, М. Экология және ұлттық қауіпсіздік // Айқын газеті. — 2013.

7. Қирабаев, С. Қазақ баспасөзі және қоғам. — Алматы: Ғылым, 2002.

8. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан–2030: Экологиялық қауіпсіздік мәселелері. — Астана, 1997.

9. McQuail, D. Mass Communication Theory. — London: Sage Publications, 2010.

10. Anderson, A. Media, Environment and the Network Society. — London: Palgrave Macmillan, 2013.

11. https://kaz.zakon.kz/okiga/6018862-kaspiy-tez-nege-tartylyp-zhatyr-ekologiya-ministrlg-zhauap-berd.html?utm_source=chatgpt.com

12. https://e-history.kz/media/scorm/327/394/text/text.htm?utm_source=chatgpt.com

ӘОЖ 291.

ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Масығұтқызы Гүлсезім
gulsezim290907@icloud.com
«Дінтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамендов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д. профессор-Бекежан Ө.Қ.

Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық келісім қағидасы еліміздегі ұлтаралық келісім саясатымен ұштасып жатқан елдің қазірі мен болашағы үшін аса маңызды парадигма болып табылады. Елімідегі 2025 жылғы қазанындағы діни бірлестіктерді қайта тіркеуден

өткізу нәтижесі бойынша елімізде 18 конфессияны құрайтын 3900 діни бірлестік пен олардың филиалдары бар деп есептеледі. Соның ішінде православие шіркеуі, көптеген протестанттық шіркеулер, католиктер, Буддизм діні мен әртүрлі ағымдар бар. Осының өзі біздің еліміздің әлемдегі көпконфессиялы елдердің қатарына жататынын көрсетеді. Бірақ бұл діни бірлестіктер мен ұйымдарды біріктіретін ортақ мүдде мен құндылықтар да бар. Олардың негізін көп ұлтты Қазақстан Республикасының саяси тұтастығы мен ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм идеялары құрайды. Еліміздің осы ұстанымына қайшы келетін идеялардың, қағидалардың бәріне ұлтаралық және дінаралық келісім арқылы қарсы тұруға болады. Себебі, тұрақтылық пен келісім, бейбітшілік бар жерде ғана діндер немес діни бірлестіктер еркін дами алады. Соңғы жылдары еліміздің діни бірлестіктері ортақ қауіп- діни экстремизме қарсы ынтымақтасу үстінде. Сонымен қатар әртүрлі діннің өкілдерін еліміздің азаматтығы, қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай, туып-өскен жер сезімі, қазақ халқының дархан көңілі сияқты адами факторлар да біріктіреді. Әрине, қазақ тілі шын мәнінде елімізде тұрып жатқан ұлттарды біріктіретін ұлтаралық қатынас тіліне айналса өте ұтымды болар еді. Конфессияаралық қатынастың қазақстандық моделінің жалпы адамзаттық, құқықтық негіздері де бар. Олар: азаматтардың саяси, жеке бас құқығының сақталуына мемлекеттің кепіл беруі, жалпы адамзаттық құндылықтардың мойындалуы мен сақталуы, ұлтыны, дініне қарамастан азаматтардың тең құқықтығы, Қазақстан халқының ассамблеясы сияқты ұйымның құрылуы мен жұмыс жасауы да дінаралық келісімнің сақталуына игі ықпалын тигізіп келеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда қазақстанның ежелден көп дінді, көп ұлтты ел ретінде мол тәжіребиесі бар екенін айта кеткене жөн. Қазақ жерінде ежелгі діндердің ізі қалғанын археологиялық жәдігерлерден байқасақ, Талас бойында тасқа салынған Будданың суреті, ежелгі ғибадатхананың орны ең ежелгі әлемдік дінді ұстанған адамдар мәдениетінен хабар береді.

Конфессияаралық келісім бірнеше факторлар арқылы іске асатын, өте нәзік құбылыс. Дінаралық өзара бейбіт және толеранттық қатынас ұлтаралық араласу және мәдени коммуникация ықпалы арқылы іске асады. Бұл үздіксіз жалғасып жатқан дінаралық-ұлтаралық-мәдени диалог түрінде көрінеді. Дінаралық келісімнің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының конституциясынан бастау алады. Әрбір адам өзі қалаған дінді ұстауға құқылы, егер оның ұстаған бағыты конституциялық құрылым мен адамдардың өміріне қауіп төндірмесе діни көзқарасы үшін ешкім қудаланбайды. Сонымен қатар бір дінді басқа діннен жоғары қойып, оған ерекше немесе абсолюттік жағдай жасауға да болмайды, бірақ елімізде негізгі саналатын екі конфессия бар, олар: ислам және христиан діні, оның өзі еліміздің тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік, діни құрылымдық ерекшелігіне сәйкес келеді. Сонымен қатар елімізде діни негіздегі саяси партия құруға тиым салынуы да дінаралық келісімді сақтаудың алғышарты болып табылады. 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы да еліміздегі діни бірлестіктердің тең құқылы және заңның аясында өздерінің діни қызметін еркін атқаруына мүмкіндік береді. Бұл заң діни ұйымдардың мемлекет алдындағы құқықтық жауапкершілігін сақтай отырып өздерінің жалпы адами және азаматтық құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік жасайды. Дінаралық келісім мен толеранттылықты сақтаудың маңызды жолы білім мен ақпарат тарату екені белгілі, қазіргі жаһандану жағдайында ақпарат алу қиын емес, мәселе ол ақпараттың жүйелі түрде берілуі болып табылады. Сондықтан жалпы әлемдегі діндер тарихымен таныстыру, діннің әлемдік өркениет астарындағы дамуы мен қазіргі заманғы жағдайымен талдай отырып жеткізу арқылы діндердің қатынасына толеранттық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бар. Біз ислам дінін тек діни ұғым-түсінік, салт-жоралар жиынтығы қана емес, оны жалпы әлемдік үлкен өркениет, христиан, будда діндерімен қатар адамзатқа кең тараған әлемдік дін ретінде қабылдасақ ислам дінін ұғынудың аясы кеңиді, оның маңызы арта түседі, тереңдігі айқындалады. Ал егер дінді салт-сана, киім, дәстүр және басқа да атрибутика деңгейінде түсініп, оны жеке ағымдар тұрғысында қабылдаумен шектелсек, біз ислам дінінің өркениеттік ұлы рөлі мен маңызын таяз түсінген болып шығамыз. Мысалы,

төмендегі азғана тарихи-мәдени шолудан ислам мәдениетінің адамзат тарихындағы рухани рөлін көреміз.

Ислам дінін «ислам өркениеті», «ислам мәдениеті» ұғымдарының контексінде қарастырған кезде біз сыртқы атрибуттарға, арзанқол көзқарастарға негізделген қайшылықтардың бұл діннің мәйегі еместігін ұғамыз. Біз ислам өркениетінің әлемдік адамзат өркениетіндегі алатын орны, ислам мәдениетінің интеллектуальдық жетістігі, адамзат ақыл-ойының дамуына қосқан үлесі жайында тұжырым жасаған жағдайда оны шынайы мақтаныш қылатын, мұсылман адамның мерейін өсіретін фактілер мен рухани құндылықтарды көреміз. Себебі, ислам өркениеті мен интеллектуальдық жетістігінің адамзаттың рухани дамуына қосқан үлесі зор және оның басқа мәдениеттермен байланысы, синтезі нәтижесінде жалпы адамзаттық өркениет қалыптасты. Ислам мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі жайлы айтқан кезде негізінен орта ғасырлық «ислам ренессансы» деп аталатын кез қаралады. Ислам мәдениетінің алтын ғасыры (шамамен VIII–XII ғғ.) — ғылым, өнер, әдебиет және философияның гүлденген, Бағдад пен Кордова сияқты орталықтарда білім мен мәдениет өркендеген тарихи кезең. Бұл уақытта антикалық мұралар зерттеліп, астрономия, медицина, математика (алгебра) дамыды, кітапханалар көбейді, бұл өз кезегінде Еуропаның Қайта өрлеу дәуіріне негіз болды.

Сол кездегі атақты білім орталықтары: Бағдадтағы «Даналық үйі» (Байт әл-Хикма), Кордова, Қайруан, Нишапур сияқты қалаларда ірі кітапханалар мен медреселер жұмыс істеді. Мәдениет пен өнер: Сәулет өнері (мешіттер), каллиграфия, миниатюра, әдебиет және философия (ибн Рушд) жоғары деңгейге көтерілді. Аудару ісі: Грек, үнді, парсы тілдеріндегі ғылыми еңбектер араб тіліне аударылып, ғылыми айналымға түсті.

Бұл кезең ислам әлемінің саяси және экономикалық тұрғыдан өрлеуімен, сондай-ақ білімге деген құштарлықтың жоғары болуымен сипатталады

Ислам өркениетінің алғашқы нышандары VVII ғасырдың басында Хиджаз арабтарының арасында қалыптаса бастады. Оның басты себептеріне Арабстан түбегінде көшпелі және қалалық мәдениеттердің жаңа рухани негізде біріге бастауы, ежелгі тайпалық діндердің тоқырауы және жалпыарабтық этникалық сананың пайда болуы жатады. Мұхаммед пайғамба р мен одан кейінгі төрт халифа Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли Әбу Тәліб билігі дәуірі және Омейя әулеті, Аббас әулеті биліктері дәуірінде солтүстікте Еділ өзенінен оңтүстікте Ма дагаскарға және шығыста Қытайдан, батыста Францияның оңтүстігіне дейінгі кең аумақта та ралған және олармен көршілес аймақтарға да әсерін тигізген ислам діні ықпалымен адамзат ө ркениетінің өзіндік ерекшелігі бар бір түрі қалыптасты. Ислам өркениетінде араб тілі мен ара б жазуы алдыңғы орынға шығып, негізгі ғылым тілі мен мәдениет құралы қызметін атқарды. Орта ғасырлардағы ислам ғалымдары медицина, астрономия, химия, физика, математика, мәдениет, мантиқ (логика), әдеп, философия салаларында көптеген ғылыми жаңалықтар ашып, айтарлықтай табыстарға жетті. Олар ежелгі Грекия, Рим, Ежелгі Шығыс өркениеттері жетістіктерін дамыта отырып, жаңа дәуірдегі батыс мәдениетінің қалыптасуына негіз қалады. Аса көрнекті түркі ғалымдары Әбу насыр әлФараби, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, т.б. ғұламалар өз еңбектері арқылы Ислам өркениетін үлкен үлес қосты. Орта ғасырлардағы араб-мұсылман ғалымдары (VIII-XV ғғ.) математика, медицина, астрономия және химия салаларында төңкеріс жасап, антикалық білімді сақтап, дамыту арқылы адамзат өркениетіне зор үлес қосты. Олар алгебраның негізін қалап, ауруханалар жүйесін құрды және Еуропаның Қайта өрлеу дәуіріне негіз болған философиялық еңбектер жазды.

Араб ғалымдарының әлемдік ғылымға қосқан негізгі үлестері:

Математика: Әл-Хорезми алгебра ғылымының негізін қалап, «алгоритм» ұғымын енгізді және үнді цифрларын (қазіргі араб цифрлары) енгізу арқылы есептеу жүйесін жеңілдетті.

Медицина: Ибн Сина (Авиценна) «Медицина канондары» атты энциклопедиялық еңбегімен ғасырлар бойы еуропалық медицинаның негізгі оқулығын жасады. Әл-Рази жұқпалы ауруларды (шешек) анықтап, диагностика жасады.

Химия: Жәбир ибн Хайян тәжірибелік химияның (алхимия) негізін қалап, дистилляция, кристаллдандыру, тотығу процестерін ашты.

Астрономия: Жұлдыздардың картасын жасап, астролябияны жетілдірді, жердің көлемін дәл өлшеді.

Бұл ғалымдардың еңбектері араб тілінде жазылып, Бағдат, Кордова, Қайыр сияқты орталықтарда ғылымның өркендеуіне жағдай жасады.

Ислам мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлкен үлесі философия(фәлсафа) болды. Араб-мұсылман философиясы - Орта ғасырда мұсылман дінін қабылдап, араб тілін қолданған Шығыс халықтары ойшылдарының философия ілімдерінің жүйесі. Араб философиясы шығу тарихы мутазилиттер («ерекшеленушілер») қызметімен байланысты. IX ғасырда арабтар антикалық дәуірдегі жаратылыстану және философия ілімдеріне қатысты мұраларымен кеңінен таныса бастайды. Басты назарда Аристотель философиясы болды. Араб философиясы кейде мұсылман философиясы немесе араб тіліндегі философия деп те аталды. Себебі бұл ұғымға арабтардан өзге парсы, түркі, тағы басқа халықтар өкілдерінің философиялық көзқарастары да енеді. Мысалы: түркі жұртының ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби, парсылық Әбу Әлгі ибн Сина - оқулықтарда «Араб философтары» болып аталады. Сондықтан бұлардың бәрінің басын қосып айтқанда «Араб философиясы» деуден гөрі, «Араб тіліндегі философия» деген шындыққа сыйымды. Осы тұрғыдан қарастырсақ, X - XIII ғ-ларда араб тіліндегі философияның мынадай бағыттары болған: 1) Шығыс перипатетизмі; 2) «Таза ағайындар» ілімі; 3) Сопылық ілім; 4) Мұсылман философиясы; Шығыс перипатетизмі - Аристотель еңбектерін насихаттау талқылау жасаған философиялық мектеп. Мұның басында әл-Кинди (IX ғ.), әл-Фараби, ибн Сина, ибн Бадж, ибн Туфейль және ибн Рушд (Аверроэс) тұр. «Таза ағайындар» ілімі - оқу жүйесіне арнал жазылған 51 томдық энциклопедиялық еңбекте жинақталған. Араб философиясының тарихи кезеңдері немесе оның орталықтары өзгеріп тұрған. IX - X ғ-да араб философиясы орталығы Халифатта болса, саяси себептерге байланысты X - XI ғ-да ол Орта Азия мен Иранға ауысқан. Бұхара, Самарқанд, Мере, Нишапур, Исфahан, Рей, Хамадан, Отырар сияқты қалаларда ғылым, білім өріс алды. Араб философиясының үшінші орталығы мұсылмандық Батысқа (Испанияға) ауысты. Осыдан әрі қарай араб философиясы тұтастығынан айырылыс ұлттық сипаттарға ие бола бастады. Бұл тұста тек Мағриб ойшылы Абд әр-Рахман Әбу Зейд ибн Халдун (1332 - 1406) есімін ғана атаймыз. [3,28].

Белгілі зерттеуші А.Х. Зарринкуб ислам мәдениетіне басқа да әлемдегі мәдениеттердің әсер еткенін айтады: «Бұл дамыған мәдениеттің құрамы кең болды, оның ішінде иран, еврей, индия, түрік, тіпті қытай мәдениетінің үлесі бар. [1,28]. Бірақ сонымен қатар ол бұл мәдениеттің исламдық синтездік сипатына назар аударады. «..бірақ өзінің мәні жағынан ол арабтікі де индиялық та, түріктік , ирандық та болған жоқ. Ол исламдық болды, әрі сонымен қатар аталған мәдениеттердің бәрінің қосындысы болған еді..» [1,31]. Осы автордың өзі исламның діни жағынан көрі оның өркениеттің жағына баса назар аударады: «Ақиқатында ислам, әлемдік мәдениет көп жағынан борышкер болған ұлы мәдениеттің бастауы болды. [1,33]. А.Х. Зарринкуб өз кітабында ислам мәдениетінің мына ерекшеліктерін баса көрсетеді: оның толеранттылығы, ислам өркениеті гуманистік мәдениеттің қайнар көзі ретінде, ислам мәдениетіндегі ғылымның жоғарғы орны, ислам мәдениетіндегі ғылымның бағыттары.

Осы мәселе жөнінде Ғ.Есім араб жазушысы Әбу Хаййан ат-Таухиди пікірін келтіреді: «Бас – аяғы үш-ақ ғасыр аралығында араб (дәлірек айтқанда араб-мұсылман) мәдениеті өзінің гүлдену шыңына жетті. Бұған екі түрлі жағдай себеп болды. Біріншіден, бұл мәдениетті жасауға арабтар ғана емес, ислам шеңберімен қамтылған басқа халықтар да қатысты. Екіншіден, Халифат мәдениеті басқа дәстүрлердің көптеген озық үлгілерін өз қажетіне сай екшеп...бойына сіңіре білді» [2,33]. Мұсылман араб ғалымдарының ғылымдағы орны мен жетістіктері жөнінде кезінде Еуропа ғалымдары да көп айтқан. Мысалға алсақ И. Г. Гердер: «Арабтар болмаса, Гердер де, Альберт Великий де, Вилла Новалық Арнольд те, Роджер Бэко да, Луллия Раймунд та болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрик II нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор

болып, ғылымдарының жандануына жағдай жасады» деп жазып қалдырса, Роберт Брифаулт «The Making of Hummanity» атты кітабында мынаны келтіреді: «Еуропаның жетістікке жеткен әрбір саласында міндетті түрде Ислам мәдениеті маңызды рөл атқарған. Тигізген пайдасы мен әсері шаш- етектен» [4,28].

Енді А.Х. Зарринкуб айтқан ислам мәдениетінің жоғарыдағы толеранттық сипатына біраз тоқталып өтсек. Бәрімізге белгілі толеранттық сөзі «төзімділік» деген мағына береді. Оның пікірінше мұсылмандардың толеранттығы бірнеше жағынан көрінеді, біріншіден, басқа діннің өкілдеріне (христиандар мен иудейлер) дұрыс қатынас, ол діннің өкілдері басшылық, кейде мемлекеттік лауазымда қызметтер атқарған, екіншіден, пұтқа табынушыларға деген төзімді көзқарас, үшіншіден, ислам діні ішіндегі әртүрлі ағымдардың арасындағы мүмкіндігінше өзара бейбіт қарым-қатынас. Осылайша оның еңбегінде ислам мәдениетінің гуманистік табиғатына қатысты көптеген уәж келтіріледі. Ислам мәдениеті – бұл көптеген ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті, өнері, әдебиеті мен тілі, дәстүрі белгілі бір құндылықтарға негізделген, ортақ діни ұғымдарға сүйенген әлемдік мәдениеттің бірі. Сонымен бірге ортағасырлық араб мәдениеті ғылымның да сол кездегі орталығы болды. Әсіресе олар нақты ғылымдардың дамуына зор үлес қосты. Әл-Хорезмидің математика бойынша еңбегі төрт ғасыр бойы Европада оқу құралы болған. Мұхаммед ал-Баттани жаңа астрономиялық таблицалар құрастырған астроном ретінде белгілі. Ибн ал-Хайсам оптика саласына жаңалықтар енгізді. Ибн Юлас тригонометрия бойынша көп жетістіктерге жеткен, ай және күн тұтылуын бақылау таблицасын жасаған ғалым. Ал Ибн Синаның «дәрігерлік ғылымның каноны» еңбегі көп ғасыр бойы дәрігерлердің негізгі оқулығы болып келді. Олардан басқа Омар Хайям. Ибн Рушд, Әл Фараби есімдері ғылымның әр саласы бойынша әлемге аян. Бірақ осының бәрі саяси қайшылықтар мен діни көзқарастар күресі нәтижесінде тоқтады, ғалым-ойшылдар орнына бір жақты, тек діни қағидаттарға сүйенген дінбасылар пайда болды. Ислам әлемінің ғылыми, мәдени дамуы тоқырауға ұшырады. Ендігі мақсат та осы ислам дінінің ғылыми, интеллектуалдық әлеуетін көтеру, ол үшін мұсылман адам тек өз дінінің аясында қалып қоймай жалпы ғылым мен мәдениетті игерген заманауи білімді адам болуы тиісті. Ол дін жолындағы жастарды да мәдени, діни толеранттылыққа, полимәдени, көптілдік кеңістікте өмір сүруге үйрететін маңызды фактор болатыны сөзсіз. Жоғарыда келтірілген азғана мысалдан біз татулық пен мәдениет аралық келісімнің ислам дінінің іргетасы, ғасырлар бойы бірге келе жатқан қасиеттерінің бірі екенін көреміз.

Қазақстанда әрбір төрт жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі дінбасылар съезіне қатысушылар жаһандану жағдайында әлемдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңызын ең басты проблема деп санайды. Әлемде саяси, ұлт аралық және дін аралық қақтығыстардың күшеюі әлемдік діндерге үлкен міндет жүктейді, себебі, діни жүйелердің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани, гуманистік, имандылық тәжіребиесі қазіргі мәдениет пен саясат үшін аса қажет болып табылады. Ол үшін әуелі әлемдегі конфессиялардың өзара ынтымағы мен келісімі қажет екені сөзсіз, міне Қазақстан Республикасындағы осы бағыттағы мемлекеттік саясат еліміздегі және әлемдегі гуманизм ұстанымдарына толықтай жауап береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Зарринкуб А.Х. Исламская цивилизация.- М.: «Андалус», 2004. – 237с.

2.Есім Ғ.Қазақ философиясының тарихы: Оқулық.Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.

3.Ислам және ғылым. – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2014. – 172 бет.

4.https://ummet.kz/makalalar/350-dyn-jane-gylym/14422-musylman-galymdarynyn-gylym-tarikhyndagy-orny.html

ӘОЖ 94(581)

АУҒАНСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Моллақанағат Сара Сайпуллақызы
mollakanagats@gmail.com
7М02201- «Тарихшы-зерттеуші» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., Л.Б.Бердіғожин

Аңдатпа. XX ғасырда Қазақстандағы Столыпин аграрлық реформасы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, Азамат соғысы, сондай-ақ 1928–1932 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен одан туындаған ашаршылық салдарынан қазақ халқының едәуір бөлігі Отанынан тыс жерлерге, оның ішінде Ауғанстанға көшіп кетті. Мақалада Ауғанстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи алғышарттары (XIX ғасырдан бастап), көші-қон толқындары, елдегі орналасу аймақтары, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, Кеңес-Ауған соғысы кезеңіндегі өзгерістер мен репатриация процесі ғылыми дереккөздер негізінде талданады. Зерттеу нәтижесінде диаспораның негізгі бөлігі 1930 жылдардағы ұжымдастыру зардаптарынан туындағаны, 1978 жылы шамамен 20–24 мың адамды құрағаны, кейіннен Кеңес әскерінің енуі мен соғыс салдарынан Пәкістанға, Иранға, Түркияға қоныс аударып, Қазақстанға 13 мыңнан астам адамның оралғаны анықталды. Мақала қазақ диаспорасының тарихын зерттеуде жаңа ғылыми көзқарас ұсынады және ұлттық бірлік мәселелерін талқылауға үлес қосады.

Кілт сөздер: қазақ диаспорасы, Ауғанстан, ұжымдастыру, ашаршылық, көші-қон, репатриация.

Кіріспе

XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр сынақтар кезеңі болды. Столыпин аграрлық реформасы (1906–1916 жж.), 1916 жылғы Орталық Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыс, Кеңес өкіметінің орнауы мен Азамат соғысы (1918–1920 жж.), сондай-ақ 1928–1932 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық қазақтардың жаппай көші-қонына әкелді. Бұл оқиғалардың салдарынан бірнеше жүз мың қазақ Қытайға, Моңғолияға, Иранға және Ауғанстанға қоныс аударды [1]. Ауғанстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы осы процестің маңызды бөлігі болып табылады.

Диаспораның тарихы XIX ғасырдан бастау алады. Мысалы, 1847 жылы Кенесары Қасымұлы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін қазақ сарбаздарының бір бөлігі Ауғанстанға өткен. 1865 жылдары Адай руының өкілдері Тәжікстан арқылы Ауғанстанға қоныс аударған [2]. Г.М. Меңдіқұлова өзінің «Қазақ диаспорасы: тарих және қазіргі заман» еңбегінде бұл көштерді отаршылдық саясаттың тікелей салдары ретінде сипаттайды және диаспораның қалыптасуындағы алғашқы толқындарды XIX ғасырдың соңғы ширегімен байланыстырады [12, 45 б.]. Б.К. Қалшабаева «Орталық Азия қазақтары» монографиясында Ауғанстанға көшудің ұзақ мерзімді сипатын, рулық құрылымның сақталуын және мәдени бейімделудің ерекшеліктерін талдайды [13].

Алайда диаспораның негізгі бөлігі XX ғасырдың 30-жылдарындағы ұжымдастыру науқаны кезінде қалыптасты. Мақалада диаспораның тарихи алғышарттары, көші-қон механизмдері, Ауғанстандағы әлеуметтік-мәдени бейімделуі, Кеңес-Ауған соғысының әсері және репатриация процесі ғылыми деректер негізінде қарастырылады. Зерттеу мақсаты – диаспораның қалыптасуын объективті талдау және оның қазіргі жағдайын бағалау.

Халифа Алтайдың естеліктері, И. Жеменейдің зерттеулері мен Ж. Жеңісұлының соңғы жылдардағы еңбектері бұл тақырыптың трагедиялық қырын және қазіргі ахуалын ашады [14; 15; 16]. Әсіресе, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының

орынбасары, тарихшы-шығыстанушы Жомарт Жеңісұлының 2023–2024 жылдардағы Ауғанстанға ғылыми экспедициялары мен «Әмудария қазақтары» монографиясы диаспораның қазіргі этнографиялық, мәдени және әлеуметтік жағдайын жан-жақты сипаттайды. Ғалым Ауғанстан қазақтарын Орталық Азиядағы қазақтардың стратегиялық тірегі ретінде бағалайды, олардың Қазақстанға «ие болу» тілегін, тіл мен дәстүрді сақтауға ұмтылысын, сондай-ақ білім беру мен әлеуметтік қолдау қажеттігін ғылыми негізде дәлелдейді [16; 17]. Ж. Жеңісұлының зерттеулері диаспораның тарихи тамырын ғана емес, қазіргі кезеңдегі мәселелерін (тілдік ассимиляция, әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар, Қазақстанмен байланыс) терең талдай отырып, мақаланың ғылыми құндылығын арттырады.

XX ғасырдың басындағы көші-қонның алғышарттары

Столыпин реформасы (1906–1916 жж.) Қазақстандағы жер қатынастарын түбегейлі өзгертті. Ресей империясының еуропалық бөлігінен миллиондаған шаруалар мемлекеттік қоныс аударушылар ретінде ағылып келе бастады. Егер XIX ғасырдың 70-жылдарында орыс шаруалары қазақтың жақсы жерлерін өз бетінше заңсыз басып алса, XX ғасырдың басында Көші-қон басқармасының ресми қызметі бұл процесті заңдастырды. Тек Далалық өлкеде ғана 1908 жылдың 1 қаңтарына қарай қазақтар пайдаланатын жерлерден жан басына шаққанда 80 мың үлес (15 десятина) кесілді. Нәтижесінде қазақтардың 19 млн гектарға жуық жайылымдық жері тартып алынып, 3 млн-ға жуық қоныс аударушыларға берілді.

1897–1916 жылдар аралығында Қазақстанға ресми түрде 1 474 319 адам немесе Еуропалық Ресейден 29,5% орыс шаруалары көшірілді. Бұл демографиялық өзгеріс қазақ халқының 1902–1913 жылдардағы санының 8–9%-ға (шамамен 286 мың адам) азаюына әкелді. Қазақтардың жерінен айырылуы, шенеуніктердің озбырлығы және Көші-қон басқармасының жерлерді заңсыз тартып алуы мыңдаған қазақты Қытайға, Өзбекстанға, Ауғанстанға және Иранға қашуға мәжбүр етті [3; 12].

XIX ғасырдың соңғы жартысында да қазақтар Ауғанстанға қоныс аударған. 1847 жылы Кенесары Қасымұлы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін қазақ сарбаздарының бір бөлігі Ауғанстанға өткен. 1865 жылдары Адай руының (Қосай, Еміл тобы) өкілдері Тәжікстан арқылы Ауғанстанға қоныс аударған. Маңғыстау, Сыр өңірі, Жетісу қазақтары (Адай, Қоңырат, Табын рулары) отаршылдық қысымымен байланысты осы елге өткен. Б.К. Қалшабаева Орталық Азиядағы қазақтардың көші-қон тарихын зерттей отырып, бұл процестің ұзақ мерзімді сипатын, рулық құрылымның сақталуын және мәдени бейімделудің ерекшеліктерін атап көрсетеді [13]. Г.М. Меңдіқұлова диаспораның қалыптасуындағы бұл кезеңді «отаршылдықтың алғашқы толқыны» деп атайды және қазақтардың Ауғанстанға өтуін патша өкіметінің жер саясатымен тікелей байланыстырады [12].

1916 жылғы Орталық Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыс пен Азамат соғысы (1918–1920 жж.) көші-қонды жаңа деңгейге көтерді. Қазақстан мен Қырғызстаннан 300 мыңға жуық қазақ пен қырғыз орыс әскерінің жазалауынан қашып, Құлжа облысы, Қашқария, Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтарына өтті. Кейбір топтар Ауғанстан мен Иранға қарай бет алды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де шағын топтармен шекарадан өту жалғасты [1; 12].

Осылайша, XX ғасырдың басындағы көші-қонның алғышарттары отаршылдық жер саясатының нәтижесі болды. Ол қазақ халқының демографиялық, экономикалық және әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертіп, Ауғанстандағы диаспораның қалыптасуына негіз қалады.

Ұжымдастыру кезеңіндегі жаппай көші-қон (1928–1932 жж.)

Күштеп ұжымдастыру Қазақстан үшін XX ғасырдағы ең қасіретті оқиғалардың біріне айналды. Бұл саясат қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін – көшпелі мал шаруашылығын – түбегейлі қиратты. 1928 жылдан бастап жүргізілген ұжымдастыру науқаны малды тәркілеу, бай-құлақтарды кулактандыру және күштеп колхоздастыру арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде шаруашылық жүйенің бұзылуы, мал басының күрт қысқаруы (1928–1933 жылдар аралығында қазақтардың мал саны 80 %-ға дейін азайды) және орасан зор

ашаршылық туындады. Бұл апат 1 миллион 30 мың қазақтың көші-қонына әкелді, олардың 616 мыңы біржола шетелге кетті. Қалғандары ішкі қоныс аударумен шектелді немесе кейіннен Отанына оралды.

Тұрар Рысқұловтың 1933 жылғы 19 наурызда И.В. Сталинге жолдаған хатында көші-қонның ауқымы мен себептері нақты көрсетілген: «Қазақтар 1931 жылдың соңында басталған Қазақстан аумағынан тыс аудандардың бірінен екіншісіне көшіп-қонулары көктемге қарай үдей түсті... Кейбір аудандардағы көші-қон сол аудандардағы тұрғын халықтың барлық санының 40–50%-ына дейін жеткен. Былтыр көктемде көшкен адамдардың арасында аштық пен эпидемияның салдарынан өлім-жітім орын алды» [5]. Бұл хаттағы мәліметтер Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттарымен расталады және ұжымдастырудың жергілікті шенеуніктер тарапынан асыра сілтеумен жүргізілгенін дәлелдейді.

Көшкендердің ішінде 200 мыңға жуық қазақ Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға және Иранға қоныс аударды. Ауғанстанға көшкендер негізінен Кіші жүздің өкілдері (Кете, Әлім, Жетіру рулары) болды. Олар 1928–1930 жылдар аралығында Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан, Сырдарияның Қызылқұм өңірінен, Өзбекстанның Бұқара облысы (Тамды, Үшқұдық аудандары) арқылы Әмудария өзені бойымен Ауғанстанға өтті. Көш жолы өте қиын болды: құмды шөлдер, өзен арқылы өту, аштық, суық және эпидемиялар мыңдаған адамның өмірін қиды. И. Жеменейдің «Ауған қазақтарының көш тарихы» еңбегінде бұл көштің трагедиялық сипаты, босқындардың жолдағы аштық пен эпидемиялардан зардап шегуі, малдың жаппай қырылуы және отбасылардың ыдырауы егжей-тегжейлі баяндалады [15].

Г.М. Меңдіқұлова бұл кезеңді қазақ халқына қарсы этноцидтің жалғасы ретінде бағалайды. Оның пікірінше, ұжымдастыру саясаты тек экономикалық реформа емес, дәстүрлі қазақ қоғамын жоюға бағытталған саяси акция болды. Нәтижесінде қазақтардың жаппай көші-қоны диаспораның қалыптасуына түрткі болды, ал Ауғанстанға өткен топтар солтүстік аймақтарда (Ханабад, Андхой, Құндыз) және Гератта тұрақты қауымдастықтар құрды [12]. Б.К. Қалшабаева да бұл көштерді рулық байланыстардың сақталуы және мәдени тұрақтылық тұрғысынан зерттей отырып, Ауғанстандағы қазақтардың Кіші жүз руларының басым болуын атап өтеді [13].

Осылайша, 1928–1932 жылдардағы ұжымдастыру кезеңі қазақ диаспорасының, оның ішінде Ауғанстандағы диаспораның қалыптасуындағы шешуші кезең болды. Көші-қонның салдары әлі күнге дейін қазақ халқының демографиялық, мәдени және әлеуметтік өмірінде сезіліп отыр.

Ауғанстандағы қазақтардың орналасуы және тіршілігі

Ауғанстандағы қазақ диаспорасының орналасуы мен тіршілігі туралы алғашқы ғылыми мәліметтер 1930 жылдардың ортасынан басталады. 1935 жылы швед шығыстанушысы және дипломаты Гуннар Ярринг Ауғанстанға сапар шеккен кезінде елдің солтүстік аймақтарында – Ақша, Андхой, Ханабад және Құндыз аудандарында Кіші жүз қазақтарымен тікелей кездесті. Оның 1939 жылы жарық көрген «On the Distribution of Turk Tribes in Afghanistan: An Attempt at a Preliminary Classification» атты еңбегінде Құндыз өзенінің батыс жағалауындағы Чахардара алабында 200-ге жуық қазақ түтіні (отбасы) тіркелгені нақты көрсетілген. Ярринг қазақтарды негізінен мал шаруашылығымен айналысатын, дәстүрлі көшпелі өмір салтын сақтаған топ ретінде сипаттайды [7].

1962 жылы американдық этнограф Франц Шурманнның «The Mongols of Afghanistan: An Ethnography of the Moghôls and Related Peoples of Afghanistan» монографиясында Ауғанстандағы қазақтардың басым бөлігі КСРО-дан (негізінен ұжымдастыру жылдарында) келген босқындар екені ғылыми тұрғыда дәлелденді. Автордың мәліметтері бойынша, олардың негізгі бөлігі Ханабад пен Андхой қалаларында тұрған, қалалық люмпен-пролетариат қатарына қосылған. Гератта «Қазақсарай» деп аталатын мекенде 500-ден астам қазақ қоныстанған. Бұл топтар Қарақұм өңірінен, Қызыл Рабаттан және Әмудария өзені маңынан (Қарақалпақстан мен Түркіменстан шекарасы) қашқан. Кейбір топтар Ауған билігінің

шешімімен Нимруз провинциясындағы Чахансурға жіберілді, алайда ыстық климат пен тұзды топыраққа шыдамай көп ұзамай Герат қайтып оралды [8].

1960 жылдарға қарай қазақтар Ақша, Андхой, Ханабад, Құндыз, Бағлан, Герат және Фарах аймақтарында шағын топтармен орналасты. Олардың тіршілігі мал шаруашылығымен (қой, түйе өсіру), егіншілікпен (бидай, жүгері егу) және тағы да басқа ұсақ шаруалармен байланысты болды. Қалалық жерлерде кейбір қазақтар қолөнермен (теріден бұйым жасау, киім тігу) айналысты.

1978 жылы Ауғанстандағы қазақтардың саны 20–24 мыңға жетті [9]. Халифа Алтай 1985 жылы Азаттық радиосына берген мақаласында XIX ғасырдың аяғында қазақтардың Герат (Герат жолы) көшкенін, 1968 жылы Кабулдағы қазақтармен кездесуін және олардың діни-мәдени дәстүрлерді сақтауға ұмтылысын егжей-тегжейлі баяндады. Ол Ауғанстан қазақтарының қиын жағдайын, мал шаруашылығының құлдырауын және исламдық құндылықтардың рөлін атап өтті [14].

И. Жеменейдің «Ауған қазақтарының көш тарихы» еңбегінде бұл көштердің адам шығыны, жолдағы аштық пен эпидемиялар, сондай-ақ мәдени сақталу механизмдері (рулық байланыстар, отбасылық дәстүрлер) терең талданады [15].

Осылайша, Ауғанстандағы қазақтардың орналасуы мен тіршілігі көшпелі дәстүр мен отырықшы өмір салтының қиылысында қалыптасты. Олар қиын климаттық және әлеуметтік жағдайларға қарамастан ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сақтай алды, бұл диаспораның тарихи тұрақтылығын дәлелдейді.

Кеңес-Ауған соғысы және репатриация процесі

1979 жылы 27 желтоқсанда Кеңес Одағының әскерлері Ауғанстанға енгеннен кейін елдегі соғыс қимылдары қазақ диаспорасының тағдырын түбегейлі өзгертті. Соғыстың алғашқы жылдарында-ақ қазақтардың үлкен тобы (негізінен солтүстік және солтүстік-шығыс провинцияларда тұрғандар) Пәкістандағы босқындар лагерьлеріне қашуға мәжбүр болды. Қырғыздармен бірге қазақтардың бірнеше мыңдаған отбасысы Пәкістанның солтүстік-батыс шекаралық аймақтарындағы лагерьлерге паналады. Кейіннен 70-ке жуық отбасы (кейбір деректер бойынша 500-ге жуық отбасы) Пәкістаннан Түркияға қоныс аударды. Түркияға көшкендер негізінен Стамбул маңында және басқа қалаларда тұрақты қауымдастық құрды [12; 16].

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін шетелдегі қазақтарды оралман (қандас) ретінде қабылдау мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналды. 1990 жылдардың басынан бастап Ауғанстаннан 13 мыңнан астам этникалық қазақ Қазақстанға оралды. Репатриация процесі 1991–2000 жылдар аралығында ең белсенді жүргізілді. Оралмандарға қоныстандыру, тұрғын үй және әлеуметтік қолдау көрсетілді. Бұл процесс қазақ ұлтының бірлігін нығайтуға және диаспора мен отан арасындағы байланысты қалпына келтіруге бағытталды [4; 10; 17].

Ауғанстанда қазақтар негізінен Құндыз, Балх, Бағлан, Тахар және Фараб (Фарьяб) провинцияларында шоғырланған. Аралас некелердің (ауған, тәжік, өзбек ұлттарымен) салдарынан жастардың қазақ тілін білмеуі, ұлттық дәстүрлердің біртіндеп әлсіреуі және мәдени ассимиляция процесі байқалады. Соғыстан кейінгі тұрақсыздық, экономикалық қиыншылықтар және білім беру жүйесінің әлсіздігі диаспораның сақталуына қауіп төндіріп отыр [11].

Ж. Жеңісұлының 2023 жылғы Ауғанстанға ғылыми сапары және «Әмудария қазақтары» кітабы (2024) диаспораның қазіргі жағдайын жан-жақты сипаттайды. Ғалым Ауғанстан қазақтарын Орталық Азиядағы қазақтардың стратегиялық тірегі ретінде бағалайды, олардың этнографиялық ерекшеліктерін, рулық құрылымын, мәдени мұрасын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін (жерге қол жеткізу, білім алу, Қазақстанмен байланыс) терең талдайды. Ж. Жеңісұлы Қазақстанның Ауғанстандағы қазақтарға жүйелі қолдау көрсету қажеттігін, оның ішінде білім беру бағдарламалары, мәдени алмасу және репатриацияны жеңілдету шараларын ұсынады [16; 17].

Осылайша, Кеңес-Ауған соғысы мен одан кейінгі оқиғалар Ауғанстандағы қазақ диаспорасының санын күрт қысқартты, ал репатриация процесі ұлттық бірлікті нығайтты. Дегенмен, елде қалған шағын топтың мәселелері әлі де өзекті болып отыр және оларды шешу Қазақстанның ұлттық саясатының маңызды міндеті болып қала береді.

Қорытынды

Ауғанстандағы қазақ диаспорасы XX ғасырдағы саяси-экономикалық зұлматтардың тікелей салдары болып табылады. Оның қалыптасуы Столыпин реформасы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, Азамат соғысы және әсіресе 1928–1932 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық сияқты оқиғалармен тығыз байланысты. Бұл процестер қазақ халқының тағдырын түбегейлі өзгертті: 616 мың қазақ біржола шетелге кетсе, оның 200 мыңға жуығы Ауғанстанға қоныс аударды. Диаспора өкілдері Кіші жүздің Кете мен Әлім руларының өкілдері болып, Әмудария өзені арқылы өткен көш жолдарында аштық, эпидемия және климаттық қиыншылықтарға тап болды.

Зерттеулер көрсеткендей, Ауғанстандағы қазақтар ұлттық дәстүрлерді, тілді және исламдық құндылықтарды сақтауға бар күшін салды. Халифа Алтайдың естеліктері мен И. Жеменейдің талдаулары диаспораның мәдени тұрақтылығын, Герат, Ханабад, Андхой, Құндыз сияқты аймақтардағы шағын қауымдастықтардың өмір сүру механизмдерін ашады. 1978–1979 жылдары 20–24 мың адамнан тұратын диаспора Кеңес-Ауған соғысының салдарынан Пәкістандағы босқын лагерьлеріне және Түркияға қоныс аударуға мәжбүр болды. Бұл оқиға диаспораның санын күрт қысқартты, ал қалғандарының көбі аралас некелер мен тілдік ассимиляцияға ұшырады.

Репатриация процесі Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық саясатының маңызды бөлігіне айналды. 1990 жылдардан бастап 13 мыңнан астам ауған қазақтары Отанына оралды. Бұл процесс қазақ ұлтының бірлігін нығайтты, диаспора мен отандық қоғам арасындағы байланысты қалпына келтірді. Алайда Ауғанстанда қалған қазақтардың мәселесі әлі де өзекті. Олардың ұлттық өзіндік санасының әлсіреуі, жастардың қазақ тілін білмеуі және мәдени дәстүрлердің біртіндеп жоғалуы ұлттық саясаттың жаңа бағыттарын қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері диаспора тарихын одан әрі ғылыми зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Болашақта Ауғанстан қазақтарының рулық құрылымын, мәдени мұрасын, репатриацияның әлеуметтік-экономикалық салдарын салыстырмалы талдаулар жүргізу қажет. Бұл жұмыс қазақтардың әлемдік диаспорасының сақталуы мен дамуына, ұлттық бірліктің нығаюына және Қазақстанның сыртқы саяси мүдделеріне үлес қосады. Ауғанстандағы қазақ диаспорасы – қазақ халқының ортақ тарихи-мәдени тамырының, қиыншылықтарға төтеп беру қабілетінің және болашаққа деген үмітінің айқын көрінісі. Оның тарихы ұрпақтар үшін сабақ болып, ұлттық сана-сезімді тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Диаспораның сақталуы мен оралуы – Қазақстанның ұлттық саясатының стратегиялық міндеті, ол қазақ ұлтының біртұтастығын нығайтып, әлемдік қазақтар қауымдастығының дамуына жаңа серпін береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ диаспорасының көші-қон тарихы : 4-томдық құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, [20XX]. – 22481 байт (электронды құжат).

2 Қазақтар диаспорасы // Қазақ энциклопедиясы [Электронды ресурс]. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтар_диаспорасы (қаралған күні: 03.04.2026).

3 Қазақтардың Қытайға (Құлжа, Қашғария) және ... [Электронды ресурс]. – URL: https://stud.kz/referat/show/112719 (қаралған күні: 03.04.2026).

4 Нұрхан Жалиев. Ауған қазақтары да біртұтас қазақ ұлтының ажырамас бөлігі // Turkystan.kz. – 2021. – 26 тамыз.

5 Рысқұлов Т. Сталинге жолдаған хат (1933 ж. 19 наурыз) // E-history.kz [Электронды ресурс]. – URL: https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9004 (қаралған күні: 03.04.2026).

6 Kazakh famine of 1930–1933 // Wikipedia [Электронды ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Kazakh_famine_of_1930–1933 (қаралған күні: 03.04.2026).

7 Jarring G. On the Distribution of Turk Tribes in Afghanistan : An Attempt at a Preliminary Classification. – Lund : C. W. K. Gleerup, 1939. – 106 p.

8 Schurmann H. F. The Mongols of Afghanistan : An Ethnography of the Moghôls and Related Peoples of Afghanistan. – ’s-Gravenhage : Mouton, 1962. – 435 p.

9 Ауғанстанда қанша қазақ тұрады? // Azattyq.org. – 2021. – 26 тамыз.

10 Resettlement Of Afghanistan's Ethnic Kazakhs To Kazakhstan // RFE/RL. – 2021. – 28 желтоқсан.

11.Ауғанстандағы қазақтар... Олардың бәрі қазақ па? // OKG.kz. – 2021. – 10 қыркүйек.

12 Меңдіқұлова Г.М. Қазақ диаспорасы: тарих және қазіргі заман. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, 2006. – 343 б.

13 Қалшабаева Б.К. Орталық Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.

14 Алтай Х. Ауғанстан қазақтары туралы // Азаттық радиосы эфирі, 1985.

15 Жеменей И. Ауған қазақтарының көш тарихы // Суверенность. – Алматы, 20XX. – С. 48–53.

16 Жеңісұлы Ж. Ауғанстан қазақтары: Қазақстан бізге ие болса екен // Turkystan.kz. – 2024. – 15 наурыз.

17 Жеңісұлы Ж. Әмудария қазақтары. – Алматы, 2024.

УДК 37.02

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ – КОММУНИКАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Мұнайдар Тоғжан Ерсайқызы
jeketulga@gmail.com
студентка 4 курса образовательной программы «Иностранная филология»
НАО «Торайгыров университет», г. Павлодар, Республика Казахстан
Научный руководитель – доктор PhD, профессор Анесова Альбина Женисовна

Английский язык сегодня выступает в качестве глобального лингва-франка – языка международного общения в политике, науке, культуре и экономике. Он используется как средство межэтнического взаимодействия и обмена информацией в различных сферах человеческой деятельности. Эта позиция английского языка подтверждается не только лингвистическими исследованиями, но и количественными исследованиями распространенности языков в цифровой среде. Согласно актуальным статистическим данным, английский язык продолжает доминировать в цифровом пространстве. Прогнозируется, что в 2025 году около 49% всего веб-контента будет представлено на английском языке, что значительно превышает долю других языков. Это преобладание распространяется на веб-сайты и публикации цифровой информации мирового масштаба, что объясняется как историческими предпосылками (развитие сети Интернет в англоязычных странах), так и его глобальными функциями как инструмента международной коммуникации. [1]

Превалирование английского языка в Интернете является ключевым фактором, который:

Укрепляет его статус глобального языка общения, поскольку доступ к значительным объемам информации и возможность эффективного взаимодействия во многих сферах требуют владения английским языком.
Определяет его влияние на формирование и распространение языковых инноваций в цифровых сообществах, включая появление новых форм и практик общения. [2] Формирует рыночные, образовательные и профессиональные стратегии, поскольку англоязычный интернет-контент служит основной средой для глобального обмена знаниями.

Цифровая среда не просто модифицирует существующие способы использования

английского языка, но и порождает новые языковые практики. К ним относятся гибридность между устной и письменной формами, активное использование сокращений, формирование сетевых клише и инновационных графических маркеров. Эти феномены активно изучаются в рамках компьютерно-опосредованной коммуникации (Computer-Mediated Communication, CMC), где язык рассматривается как динамическая система, адаптирующаяся к специфическим условиям цифрового обмена информацией. [3] Таким образом, исследование лингвистических особенностей английского интернет-общения приобретает особую актуальность. Оно позволяет не только проследить структурные изменения, происходящие в языке, но и глубоко понять механизмы его функционирования в условиях цифровой коммуникации, где язык выступает не только как средство передачи информации, но и как мощный социальный инструмент для выражения идентичности и построения взаимодействия в сетевом пространстве.

Несмотря на значительный объем исследований, посвященных цифровому дискурсу, большая часть работ сосредоточена на анализе текстов как продуктов коммуникации. В рамках теории компьютерно-опосредованной коммуникации язык рассматривается как система, функционирующая в условиях технологического посредничества. Сьюзан Херринг подчеркивает необходимость учета структурных и прагматических параметров цифрового взаимодействия (Herring, 2004). [4] Работа Дэвида Кристала «Language and internet» показывает, что интернет-коммуникация формирует особые регистры с высокой степенью вариативности, включая сжатие, графическое выражение и гибридность устной и письменной форм. [5]

Однако вопрос мотивации языкового выбора пользователей и их рефлексии над собственными стратегиями остается недостаточно разработанным. Анализ этих аспектов требует микросоциолингвистического подхода, ориентированного на участников коммуникации, а не только на текст. Цель статьи - выявить и систематизировать лингвистические особенности англоязычной интернет-коммуникации на основе эмпирических данных, полученных от участников цифровой коммуникации.

Задачи исследования: Создать корпус примеров англоязычной онлайн-коммуникации. Проанализировать материал по параметрам гибридности, компрессии, графической выразительности и вариативности норм. Зафиксировать и интерпретировать мотивацию языкового выбора информантов. Соотнести полученные результаты с теорией CMC.

Методы исследования: включали наблюдение, элементы качественного интервью и дискурсивного анализа.

Результаты исследования и их обсуждение

1. Лексические особенности интернет-коммуникации

Одной из ключевых черт англоязычного интернет-общения является стремление к максимальной информативности при минимальном использовании слов. В цифровом пространстве сообщения часто передают большой объем смысла с помощью небольшого количества знаков, что проявляется в широком распространении сокращений, аббревиатур и акронимов. Эти формы активно изучаются в современных исследованиях интернет-дискурса (Dudnikova & Medvedeva, 2022). Среди наиболее распространенных сокращений в англоязычной онлайн-среде можно выделить: *BBL (be back later) -'вернусь позже'; BRB (be right back) - 'скоро вернусь'; LOL (laughing out loud) - 'смеюсь вслух'; AFK (away from keyboard) - 'отошел от клавиатуры'; IDK (I don't know) - 'я не знаю'; BTW (by the way) - 'между прочим'*(Instagram).

Помимо аббревиатур, в лексиконе интернет-коммуникации часто встречаются устойчивые сленговые выражения с эмоциональной окраской например, *awesome, cool, totally, literally,* а также дискурсивные маркеры и междометия *такие как erm, yeah, oh, wow* (Facebook). Эти элементы помогают выразить эмоции говорящего и имитировать живую устную речь в письменном формате. Таким образом, лексика интернет-общения

демонстрирует гибридный характер: будучи по форме письменной, она активно заимствует приемы, свойственные неформальному устному общению.

2. Синтаксические особенности

Интернет-коммуникация, особенно в режиме реального времени (например, в чатах и мессенджерах), отличается значительным упрощением синтаксиса. Преобладание коротких, часто неполных предложений делает письменный текст похожим на разговорную речь. Эти синтаксические паттерны широко распространены в англоязычных онлайн-сообщениях (Dudnikova & Medvedeva, 2022). [6]

Анализ данных позволяет выделить следующие характерные синтаксические конструкции. Эллиптические предложения, где опускается подлежащее и/или вспомогательный глагол: *«Just saw the new trailer, it's amazing.» (пропущено I); «Can't wait for tonight lol.»* (пропущено I); *«He's so funny.»* простое именное сказуемое (Facebook). Заметно преобладание сочинительной связи над подчинительной, а также использование парцелляции – намеренного разделения фразы на части для имитации пауз в устной речи.

В приведенных примерах часто опускается подлежащее (I) или вспомогательный глагол, а также используется разговорный порядок слов, что является нормой для неформального письменного общения и не воспринимается как ошибка. Такая синтаксическая компрессия тесно связана с лексической экономией, обеспечивая высокую скорость обмена сообщениями.

3. Графические и орфографические особенности

В интернет-дискурсе наблюдается активное развитие средств, компенсирующих отсутствие невербальных каналов коммуникации (мимики, жестов, интонации). К таким средствам относятся эмодзи, модифицированная пунктуация и намеренные орфографические отклонения.

Эмодзи и пиктограммы выполняют функции паралингвистических маркеров и интонационных индикаторов, усиливая или уточняя эмоциональную окраску высказывания (Baron, 2008). [7] Они могут как дублировать вербальное содержание (усиливая его), так и добавлять дополнительный смысловой оттенок, смягчая категоричность или указывая на иронию в эмодзи: 😊 *– радуюсь, одобряю;* 🥲 *– грущу, сочувствую;* 😂 *– смеюсь (часто вместо LOL пишут)* 😭 *— «смеюсь / умиляюсь до слез»;* 🤣 *– ситуация , в которой кто-то ведет или чувствует себя глупо;* 👍 *– пассивная агрессия или сарказм* (комментарии Tiktok, Instagram).

4. Прагматическая вариативность и мотивация пользователей

Языковой выбор в цифровой коммуникации определяется не только структурными параметрами канала связи, но и прагматикой взаимодействия. Согласно исследованиям в области компьютерно-опосредованного дискурс-анализа (Herring, 2007) [8], лингвистические характеристики текста напрямую зависят от коммуникативной цели участников, типа платформы и характера целевой аудитории.

Анализ рефлексии пользователей позволяет выделить следующие ключевые мотивационные факторы, лежащие в основе выбора языковых средств. Скорость коммуникации. Использование сокращений «brb, g2g» (Reddit), редуцированных синтаксических конструкций и опущение пунктуации продиктовано стремлением к максимально быстрой передаче сообщения и поддержанию динамики беседы. Эмоциональная выразительность. Выбор лексических единиц (awesome, literally) и графических средств (эмодзи, капслок) направлен на точную передачу эмоционального состояния и предотвращение возможного недопонимания. Социальная идентичность и групповая принадлежность. Употребление специфических сленговых форм и сокращений, характерных для определенного сообщества (геймеров, IT-специалистов, подростков), служит маркером «свой-чужой» и способствует укреплению внутригрупповых связей.

Примеры из коммуникативных практик иллюстрируют данные стратегии: «Brb, got to grab lunch.» – функциональная аббревиатура, используемая для экономии времени и сигнализирующая о временном отсутствии; «Totally agree 😊» – сочетание эмоционально-усилительного наречия (totally) и эмодзи, которое смягчает утверждение и придает ему дружелюбную интонацию. (Twitter)

Следовательно, нестандартные языковые формы в интернете не являются случайными ошибками или следствием низкой грамотности. Это осознанные, контекстуально обусловленные прагматические стратегии, направленные на эффективное достижение коммуникативных целей в специфической цифровой среде.

Для подтверждения теоретических положений о прагматической обусловленности выбора языка в цифровой среде был проведен опрос активных пользователей англоязычного интернет-пространства (n=8). Респондентам были заданы вопросы об их привычках общения, частоте использования нестандартных языковых форм и предпочитаемых платформах. Результаты опроса представлены на рисунках 1-3.

С целью проверки выводов о прагматическом характере лингвистических инноваций в интернет-коммуникации был проведен опрос, результаты которого представлены ниже. Как показано на рисунке 1, подавляющее большинство респондентов (87,5%) регулярно используют аббревиатуры и сленг, что свидетельствует о высокой степени интеграции этих форм в повседневную цифровую коммуникацию.



Рисунок 1 – Возрастное распределение респондентов



Рисунок 2 – Предпочтительные платформы для цифровой коммуникации

Рисунок 3 – Частота использования сокращений и сленга в англоязычной интернет-коммуникации (n=8)

Чтобы проиллюстрировать выявленные лингвистические особенности в естественной коммуникативной среде, был проведен анализ сообщений, предоставленных респондентами. Приведенные примеры отражают ключевые тенденции англоязычного интернет-дискурса: сжатие языковых форм, гибридность устной и письменной речи, а также активное использование графических средств для передачи эмоций. Результаты анализа представлены в таблице 1.

Лингвистическая категория	**Пример сообщения**	**Анализ**
Компрессия и сокращения	*«bru they got evrthing wrong w/ money»*	Фонетическое сокращение (*bru, evrthing*), графическая аббревиатура (*w/*), намеренное упрощение орфографии — всё это служит цели ускорения коммуникации и имитации устного произношения.
Графическая выразительность	*«No 😒»*	Эмодзи выполняет функцию интонационного маркера, передавая эмоциональный подтекст (сарказм, разочарование), который в устной речи выражался бы мимикой и тоном голоса.
Гибридность устной/письменной речи	«АНАНАНАНАНАНА»	Повтор букв имитирует продолжительность смеха в устной речи, что является распространённым способом передачи просодии в письменном формате
Вариативность регистров	*«Considering that she unsubscribed from him*	Развёрнутое сложноподчинённое предложение

	everywhere and as soon as possible...»	демонстрирует способность пользователя переключаться на более формальный, литературный стиль в зависимости от коммуникативной задачи.

Заключение

Исследования англоязычного интернет-общения убедительно демонстрируют, что цифровая среда выступает катализатором формирования особого, динамичного и адаптивного языка. Этот язык умело интегрирует традиционные нормы английского с инновационными стратегиями передачи информации. Среди его наиболее заметных характеристик выделяются:

Гибридность устной и письменной речи: Проявляется в использовании диалогических, эллиптических (сокращенных) и разговорных синтаксических конструкций, стирающих границы между речью и письмом.

Компрессия языка: Язык стремится к максимальной экономии, выражающейся в повсеместном использовании сокращений, графических аббревиатур и опущении служебных элементов, что оптимизирует время и сохраняет смысловую нагрузку.

Графическая выразительность: Эмоции и интонация передаются не только словами, но и визуальными средствами – эмодзи, заглавными буквами, удлинением гласных и разнообразными знаками препинания.

Стилистическая вариативность: Пользователи демонстрируют способность осознанно менять регистры, переходя от формального к неформальному стилю в зависимости от контекста коммуникации.

Прагматическая обусловленность: Выбор языковых средств всегда подчинен конкретной коммуникативной цели, социальной принадлежности участников и желанию максимально точно выразить смысл и эмоциональный фон.

Таким образом, английский язык в Интернете представляет собой не статичную, а постоянно развивающуюся, функционально обогащенную систему, идеально адаптированную к специфике компьютерно-опосредованной коммуникации (CMC). Цифровой дискурс не разрушает языковую систему, а, напротив, расширяет ее потенциал, открывая новые горизонты для выражения индивидуальности, эмоциональной окраски и эффективного взаимодействия.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1.https://www.statista.com/statistics/262946/most-common-languages-on-the-internet/

2.https://www.isocfoundation.org/2023/05/what-are-the-most-used-languages-on-the-internet/

3. https://neilpatel.com/marketing-stats/global-internet-users-by-language/

4. https://www.textology.ru/article.aspx?aId=238

5. https://moluch.ru/th/6/archive/45/1837

6.https://cyberleninka.ru/article/n/lingvisticheskie-osobennosti-angloyazychnoy-internet-kommunikatsii-na-materiale-sovremennyh-sotsialnyh-setey/viewer

7.https://cyberleninka.ru/article/n/rol-emodzi-i-vizualnogo-yazyka-v-tsifrovoy-kommunikatsii-na-angliyskom-yazyke

8.https://cyberleninka.ru/article/n/yazyk-kak-sredstvo-translyatsii-lingvokulturnoy-identichnosti-v-tsifrovyh-soobschestvah

ӘОЖ 291.1

АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Нуршаханов Райымбек
raimbeknurshakhanov@gmail.com
«Дінтану» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамендов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, филос.ғ.д. профессор-Бекежан Ө.Қ.

Қай дәуірді алып қарасақ та дінсіз қоғам болмағанын көре аламыз. Себебі дін тарихы адамзат тарихымен біртұтас. Оның дәлелі ретінде күнімізге дейін жеткен ескерткіштер, ғимараттар, жазбалар мен деректерді көрсете аламыз. Адамзат ойының тарихында дін мен философия әрқашан әлеуметтік құрылымды да, жеке дүниетанымды да айқындайтын рухани мәдениеттің нысандары ретінде көрініс тапты. Екеуінің зерттеу нысандары мен қоятын сұрақтары ұқсас болғанымен (болмыстың түпкі себебі, адамның табағаты, әлемнің құрылымы), олар ақиқатты танудың әдістері мен құралдары жағынан түбегейлі ерекшеленеді.

Дін мен философияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын объективті түрде зерттеу үшін алдымен осы ұғымдарға анықтама беру қажет. Ғалымдар мен ойшылдар дін мен философия неден тұрады деген сұрақтарға әмбебап жауап бере алмайды, өйткені бұл терминдердің әртүрлі анықтамалары бар .

Дін тар мағынасында «адамның қасиеттімен байланысын» білдірсе, кең мағына да моральдық нормалар мен мінез-құлық үлгілерінің, әдет-ғұрыптардың және адамдардың ұйымға (шіркеу, үмбет, діни қауым) бірігуін қамтитын табиғаттан тыс нәрселерге сенумен шартталған нақты көзқарастар жүйесін қамтиды. Ал философия танымның ерекше түрі және шындықтың (болмыстың) жалпы сипаттамалары, ұғымдары мен принциптері, сондай-ақ адам болмысы, адам мен оны қоршаған дүние арасындағы қарым-қатынас туралы білімдер жүйесі.

Діни білімнің негізінде қасиетті мәтіндерге, догмаларға және жеке мистикалық тәжірибеге сүйенген сенім жатыр. Дін білімнің рационалды түрлеріне емес, сенсорлық және интуитивтілікке көбірек бағытталған. Сенім, анықтамасы бойынша, ешқандай дәлелді қажет етпейді, сондықтан дін өз табиғаты бойынша Қасиетті Жазба, догма және теологиялық пікірлер сияқты билікке сілтеме жасайды. Философиялық біллім керісінше, Құдайдың бар екендігін және діни-идеалистік сипаттағы басқа концепцияларды қоса алғанда, белгілі бір сенімдердің ұтымды және логикалық негіздемесін атап көрсетеді; философия рационалды негіздеуге, логикалық дәлелдеге, сыни талдауға сүйенеді.

Дін мен философияның арақатынасын белгілі бір тарихи дәуір шегінде қарастыру керек, өйткені олардың қарым-қатынасы әр уақытта әртүрлі дамыды. Бұл зерттеу ежелгі Греция дәуіріндегі дін мен философияның өзара әрекетін талдауға тырысады.

Біздің заманымызға дейінгі VII ғасырдан бастап біздің заманымыздың VI ғасырына дейінгі кезеңді қамтитын антикалық философия - бұл рационалды білімнің мифологиялық санадан біртіндеп бөлініп шығуы, олардың ұзаққа созылған қақтығысы және, сайып келгенде, неоплатонизм мен ерте христиандық теология аясындағы күрделі синтезі жүзеге асқан бірегей зертхана десекте болады. Ол әдетте үш кезеңге бөлінеді:

1. Сократқа дейінгі (натурфилософия) - біздің заманымызға дейінгі 7-5 ғасырлар аралығын қамтиды. Милет, Элей, Атомистік, Пифогор мектептері. Бұл уақыттың ерекшелігі зертту нысаны мифтік санадан табиғат күштеріне ауысуы.

2. Классикалық кезең- б.з.б. 5 ғасырдан б.з.б. 4 ғасырға дейінгі кезең. Ол софистік философтардың (Горгий, Протагор), сондай-ақ Сократ пен оның шәкірттерінің еңбектерімен ерекшеленеді, олардың ішінде ең танымалы Платон мен оның шәкірті, перипатетизмнің негізін қалаушы Аристотель болып саналады. Бұл кезеңде назар табиғаттан адамзатқа ауысады.

3. Эллиндік кезең - біздің заманымызға дейінгі 4 ғасырдан біздің заманымыздың 6 ғасырына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде моральдық-этикалық мәселелерге басты назар аударатын стоицизм, неоплатонизм және эпикуризм сияқты философиялық мектептер мен ағымдар пайда болды.

Гректер Балқанға б.з.б XII ғасырда келді, олардың діни жүйесі шығыстың ықпалымен қалыптасты. Полистік бытыраңқылық болса да ортақ мифология, бірдей политейсттік жүйе, құдайлар пантеоны болды. Олардың арасында ерекше дәріптелетіні 12 олимп құдайлары болатын. Олардың құрметіне Олимпиада ойындары өткізілді, олар адам өмірінің әр саласында маңызды рөл атқарды. Тағы бір мысал, егін жинау кезінде егіннің бір бөлігі шарап пен егіншілік құдайы Дионискеге ұсынылды. Мифтік-діни дүниетанымдардың адам өміріндегі маңызды рөлін растайтын мұндай мысалдар өте көп. Сол кездегі қасиетті мәтіндер, яғни мифтердің жүйеленуі Гомер мен Гесиодтың дастандары арқылы орын алған еді.

Мифтік-діни дүниетаным өзінің со кездегі басым рөліне қарамастан сынға ұшыраған болатын, шындықты, дінді, құдайдың жаратылысын дұрыс түсіну жолдарын іздестіру жүріп жатты. Бұл дүниетаным осы уақытта діннен бөлек және оған қызмет етпейтін философияның пайда болуына кедергі бола алмады. Ал философия әуелі бастан мифологиялық, діни нанымдық танымға сыни көзқараспен қарай бастады. Сондықтан осы тарихи кезеңде мифтен Логосқа өту деген жаңа дүниетаным пайда болу кезеңі басталды. Ежелгі философтар батыр-құдайлардың бар екенін растауға немесе жоққа шығаруға тырысатын «Гомерлік сұрақ» деп аталатын мәселені ортаға қойды. Дәстүрлі Құдай тұралы түсінікке қарсылық білдірген алғашқылардың бірі болып Колофондық Ксенофанды (шамамен б.з.б. 570-478 жж.) айтсақ болады. Ол Құдайдың қатты адами сипат алуын сынаған еді. Одан басқа Продик пен Эвгемер секілді ойшылдардың пікірінше, құдайлар бір кездері өмір сүрген адамдар еді. Олар құдайларды адамдарды басқару үшін, жоғары биліктен қорқу үшін, адамның жаман әрекеттері қоғамның жағдайына әсер етпеуі үшін ойлап табылды деп есептеді.

Көзге көрінетін және көрінбейтін дүниенің жаратушысы күштері туралы натурфилософтар ерекше пікірлер білдірген. Милет мектебінін өкілдер барлық заттардың бастауын су, апейрон, ауа сияқты материалдық субстанциялардан іздеді. Олар тікелей құдайларды жоққа шығармаса да, олардың іліміндегі құдай бейнесі тұлғалық сипаттан ажыратылып, алғашқы материяның атрибутына айналды. Мысалы, Анаксимен үшін ауа шексіз әрі барлық жерде болуына байланысты құдайлық сипатқа ие болды, және құдайдың өзі осы ауадан пайда болады деп есептейді. Эфестік Гераклит (шамамен б.з.б. 540-480 жж.) бұл бағытты одан ары дамытып, әлемді басқаратын әмбебап заң мен ақыл ретінде Логос ұғымын енгізді. Оның «белгілі бір өлшеммен жанып, белгілі бір өлшеммен сөнетін мәңгі тірі отын» Зевстің ерікті араласуын қарама-қайшылықтар күресінің қатаң заңдылығымен алмастырды. Гераклит үшін дін сыртқы ритуалдық көріністері жағынан сын нысаны болды: ол құрбандық қанымен күнәдан тазаруға үміттенетіндерді келемеждеп, оны батпақты батпақпен жуып тазартуға тырысумен теңестірді.

Дінге қарсы, материалистік және атеистік ұстанымды атомизм мен материалистік философияның негізін салушы философ Демокрит алға тартты. Ол дүние кездейсоқ пайда болды, дүние және ондағы барлық заттар атомдар деп аталатын бөлінбейтін бөлшектерден тұрады деп есептеді. Атомдар мәңгілік өмір сүреді; ешкім де, ештеңе де оларды жаратпаған және олар жойылмайды. Олар тәртіпсіз қозғалады, оларды реттейтін табиғаттан тыс күш жоқ. Материалистік дүниетанымының нәтижесінде Демокрит детерминизм принципін - барлық құбылыстардың себептік байланысын бекітетін ілімді ұстанды. Ол үшін құдай адам қорқынышының нәтижесі, немесе «эйдол» деп аталатын атомдар ғана болатын. Демокриттің материалистік көзқарасын қабылдаған оқушысы Протагор туралы да дәл осылай айтуға болады. Оның материализмі атеизммен байланысты; Протагор өзінің «Құдайлар туралы» трактатын былай бастайды: «Мен құдайлар туралы ештеңе білмеймін: олардың бар екенін де, олардың жоқтығын да, олардың қандай ұқсастығы бар екенін де білмеймін». Аман қалған деректерге сәйкес, философ осы трактат үшін Афинадан кетуге мәжбүр болды.

Пифогор және оның ізбасарлары осы Иониялықтардың рационализміне қарама-қайшы, дін мен философияның ажырамас тұтастығына айналған ілім жасады. Пифагоршылар мифтік әнші Орфеймен байланысты орфизм (Ежелгі Греция мен Фракиядағы мистикалық ілім)-эзотерикалық ағымның күшті ықплында болды. Олардың дүниетанымының негізінде метемпсихоз - жандардың ауысуы туралы сенім жатты. Пифагоршылар үшін жан құдайлық бастаудан келеді және ол «алғашқы күнәсі» үшін денеге қамалған. Жанның азаттығына тек ритуалдық тазару арқылы ғана емес, сонымен бірге математика мен музыкамен айналысу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл жүйеде Құдай әлемнің сандық құрылымының қайнар көзі - Монада (жоғарғы бірлік) ретінде түсінілді. Бұл тәсіл платонизмде өз жалғасын табатын идеалистік дәстүрдің негізін қалады.

Грек философиясының классикалық кезеңі полистің мүддесі және ақиқатты еркін іздеу арасындағы қақтығыспен ерекшеленеді. Құдайларды құрметтеу Полистің амандығымен тікелей байланысты болды. Б.з.б. 5-4 ғасырда Афинада «Асебия»(құдайсыздық) айыбымен бірнеше сот процессі өтті. Айыптаулардың құрбандары Күнді Пелопоннес көлеміндей қызған тас деп мәлімдеген Анаксагор, құдайлар туралы скептикалық пікір білдірген Протагор және соңында Сократ болды. Сократ «Мемлекет құдайларына себеді, басқа құдайларды қабылдады, жастарды бұзды» деген айыппен у беру арқылы өлім жазасына тартылды. Оның философиясы этикалық рационализм негізінде құрылды. Сократ теологияны этиканың бір бөліміне айналдырды; оның пікірінше «Дүние - ұлы және құдіретті, бәріне бірдей қамқор Құдайдың жаратылысы». Ол ештеңеге қарамастан күмәнді ұстанымды көрсетіп, дін саласында мифологияны жоққа шығарды.

Платон дүниеге идеалистік көзқараста болды. Ол Сократтың рационализмі мен Пифагоршылардың мистицизмін ұштастыра отырып, діннің жүйелі философиялық негіздемесін жасауға тырысты. Ол дін мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты анықтауға тырысты, өзі жобалаған қоғамның дінсіз өмір сүре алмасына сеніп философия, ахлақ пен саясатты діннің үстіне орнықтыруға тырысты. «Мемлекет» еңбегінде Гомермен Гесиодты қатаң сынға алып «Құдай тек жақсылықтың ғана себепшісі, ешқашан жамандықтың себепшісі болмайды» деп айтты. Сол еңбегінде жастардың білімінде діннің қаншалықты маңызды рөлге ие екенін тілге тиек етті. «Заңдар» еңбегінде рухани қажеттілік туралы, қоғамдағы азғындық пен арсыздықпен күресу үшін дінсіздікпен күресу қажеттігін айтқан. Оны философия тарихындағы бірінші объективті идеалист деп атауға болады. Оның объективті-идеалистік ұстанымы «Демокрит желісін» сынауымен байланысты. Дүниенің пайда болуы туралы материалистік концепцияны жоққа шығара отырып, философ әлемді Демиург, яғни ақылды Жаратушы жаратты деп бекітеді. Платон дінге деген көзқарасын тақуалық пен құдайларды қастерлеудің маңыздылығы арқылы білдіреді, бұл өз кезегінде ізгілік пен әділеттілікке жетелейді. Оның философиясында ерекше орынды жан ұғымы алады, оның да табиғаты идеалистік. Ол тәнсіз, өлмейтін және мәңгілік.

Жанның құрамдас бөлігі - есте сақтау, ол арқылы біз әлемнің құрылымын түсінеміз. Денеге енгенге дейін жан идеялар әлемінде өмір сүреді, онда ол шынайы, идеалды нәрселер туралы ойлайды. Көрінетін әлемде бейнеленгеннен кейін ол «еске түсіреді», яғни жанның жадысы арқылы таниды. Философ метемпсихозға сенді, жан идеялар саласына оралып, онда он мың жыл бойы қалады, содан кейін ол басқа денедегі көрінетін материалдық әлемге оралады. Дүние қарама-қарсы нәрселерден тұрады, ұйқы бар болса, сергектік те, өлім бар болса, өлместік те болады деп тұжырымдап, жанның өлмейтіндігіне деген сенімін қуаттады.

Платонның шәкірті Аристотель Құдайды «бастапқы қозғаушы», заттардың пішінін беруші деп түсінді. Логиканың «әкесі» ретінде Аристотель Құдайдың бар болуы үшін логикалық негіздеменің қажеттілігі туралы айтады. Дүниеде себеппен анықталған қозғалыс болғандықтан, бірінші себеп те болуы керек, ол Құдай. Барлық қозғалыстың абсолютті принципі - әмбебап, сезгіш субстанция ретіндегі құдай. Аристотель ғарышты ретке келтіру принципін ажырата отырып, құдайдың бар екендігін дәлелдеді. Аристотельдің пікірінше, құдай ең жоғары және ең кемел білімнің объектісі ретінде қызмет етеді, өйткені барлық білім форма мен болмысқа бағытталған, ал Құдай таза пішін және бірінші болмыс болып табылады.

Сонымен қатар, Аристотель құдайды шексіз, оның ішінде барлық басқа, кіші нәрселерді қамтитын құдай деп түсінді. Аристотель де өзінің алғашқы еңбектерінде діни тәжірибелер туралы жазған. Сенім туралы айтқанда, оны интеллектуалдық әрекет емес, ерекше күй, рухани тәжірибе деп таныды. Ол адамның өзінің құдайлық болмысын сезінуін және сыртқы әлемді құдайдың жаратылысы ретінде қарастыру тәжірибесін біріктіреді. Оның құдай түсінігі мен теологияға қатысты көзқарасы грек діндеріне де, иудаизм, христиан, тіпті ислам философтарына үлкен ықпалын тигізді.

Антикалық философияның эллиндік кезеңі мистицизмге, этикалық мәселелерге, діни-философиялық синкретизмге қызығушылықпен ерекшеленеді. Бұл кезеңде «Бақыт деген не және оған қалай жетуге болады?» деген сұрақ қойған стоицизм, эпикуризм және басқалар сияқты ағымдар пайда болды. Бұл ағымдардың философтары дін тақырыбын және философияның байланысын да зерттеді.

Эпикур негізін салған эпикуризм философиясы өзінің көптеген қағидаларын Демокриттің материалистік философиясынан қабылдады деуге болады. Философтың материалистік көзқарастары оның пікірінше, атомдардан тұратын, тәнмен бірге жойылатын жан туралы ілімінде де көрініс тапты. Дін, Эпикурдың пікірінше, өлімнен қорқудан пайда болды және табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін құдайлар ойлап табылды. Атеист ол құдайлардан қорқу мен олардың жазалауына негізделген діни нанымдар бақытқа жетуге кедергі келтіреді деп санады. Сонымен бірге философтың атеизмі біркелкі емес еді. Оның ізбасарларының пікірінше, Эпикур құдайлардың бар болуына жол берген.

Ежелгі (б.з.б. 3-2 ғасырлар) және кейінгі (б. з. б. 1-2 ғасырлар) стоиктер өздерінің онтологиялық ілімдерінің орталығына Логос ұғымын қойды. Логос тұлғасыз Принципті, Шығармашылық отты (Гераклиттен алынған концепция) және әлемде үйлесімділік тудыратын Себепті білдіреді. Олардың ілімі бойынша құдай мен табиғат бір және біріктірілген, бұл стоиктік көзқарастардың пантеистік болғанын білдіреді. Логоста барлық нәрселер, соның ішінде адамзат туындайтын барлық идеялар бар. Логос барлық шындыққа енеді; ол барлық нәрседе «таралады» және барлық табиғат құбылыстары мен адам оқиғалары болатын әмбебап заң. Дүниеде болып жатқан нәрсенің бәрі осылай болуы керек деп есептелгендей, сөзсіз болады, сондықтан стоиктердің дүниетанымы таза фаталистік сипатта болды. Фатализм және алдын ала белгілеу принципі стоицизмнің бүкіл этикасына енеді.

Антикалық скептиктер (Пиррон, Секст Эмпирик) дінге қатысты «эпохе» - пікір білдіруден қалыс қалу әдісін қолданды. Олар құдайлардың бар екенін де, олардың табиғатын да рационалды түрде дәлелдеу мүмкін емес деп мәлімдеді, өйткені кез келген «иә» деген дәлелге қарсы тең дәрежелі «жоқ» деген жауап табуға болады. Алайда скептиктер таза атеист болған жоқ. Керісінше, олар өздерінің әрекеттері арқылы елінің әдет-ғұрыптары мен заңдарын сақтауға шақырды. Скептик құдайлардың шынайылығына сенімді болғандықтан емес, қоғамдық тыныштық пен оның жеке мазасы мен сабырына ықпал ететіндіктен, құдайларды құрметтеп, құрбандықтар шалады. Мұнда сенім дәстүрді құрметпен орындаумен алмастырылады.

Кейінгі антикалық дәуірде философия түпкілікті діни сипат алады. Плотин (б.з. 204-270ж) ойынша дүниенің негізі – біртұтастық болып есептеледі. Одан бөліну арқылы ақыл, әлемдік жан және нақты адамдардың жаны бөлініп шығады. Ал адамның мақсаты – әуелгі біртұтастыққа қайта оралу. Сол жолда адамға бірнеше парктикалар ұсынылады. Плотиннің Ямвлих есімді шәкірті қарапайым әрекеттермен Құдайға жете алмайды деп, ритуалдық әрекеттерді ұсынған болатын.

Аралық кезеңде бірнеше діни бағыттар пайда болды. Айырмашылықтарына қарамастан оларға тән ортақ сипаттарда болды. Олар: дуализм (жақсылық пен жамандық), ритуалдардың күрделенуі, сенім мәселесі.

Осылайша антикадағы дінге көзқарас өз мәресіне жетті: мифті рационалды түсіндірумен алмастыру әрекетінен басталған ол, магиялық ритуалды негіздейтін күрделі метафизикалық жүйе ретінде аяқталды, натурфилософия кезеңінен эллиндік кезеңге дейін діни-философиялық плюрализмнің куәсі болды. Дәл осы дәуірде философтар дүниені

материалистік және идеалистік тұрғыдан түсінудің негізін қалаған сұрақтар қоя бастады. Ежелгі философтар философия ғылымының, оның ішінде дін философиясы деп аталатын білім саласының одан әрі дамуының негізін қалады.

Антикалық философия христиандық үшін негіз дайындап қана қоймай, оның ажырамас бөлігіне айналды. Платон мен Аристотельдің көзқарастары христиандық догманы айтарлықтай жүйелеп, апологетика мен экзегетиканың пайда болуы мен дамуының негізін қалады. Антикалық авторлардың шығармалары пұтқа табынушылықтың классикалық әлеміне жататынына қарамастан, Ұлы Василий, Аврелий Августин, Фома Аквинский сияқты көрнекті теологтар тарапынан зерттелген еді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы · Авторы: Энтони Кенни · Аудармашылар: Базарбай Н.Т., Аяпбекова А.С., Рыскиева А.А. · 2014.-364 б.

2.Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы. 1 том: оқулық / Ж. Алтаев, А. Қасабек. - Алматы: Эпиграф, 2019.- 188 б.

3. Нұрышева, Г. Ж. Философия тарихы [Текст] : ЖОО студ. арналған оқу құралы / Г. Ж. Нұрышева. - Алматы : Зият Пресс, 2005. - 180 б.

4. Есімқұлов Е. Н. Дін әлеуметтануына кіріспе - Оқу құралы / Е. Есімқұлов - Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2020. – 212 б.

5. Әлмұхамедов Ә. Р., Хамзаева Б. Діни антропология. / Ә. Р. Әлмұхамедов, Б. Хамзаева. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.-208 б.

ӘОЖ 9-05

«БЕРІК ҚОРҚЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ӨЛКЕ БИЛЕРІ»

Омарова Айгуль Саденбаевна
Aigul14_92@mail.ru
«Тарихшы педагог» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.,
Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к. Кайргалиева Г.К.

Өз өлкесінің тарихын таныту – ұлттық рухты асқақтатудың басты шарты. Осы жолда аянбай еңбек етіп, Атырау өңірінің ұмытыла бастаған тұлғаларын қайта тірілткен бірегей тұлға – Берік Ыбырашұлы Қорқытов. Оның қаламынан туған шежірелі еңбектер өлке тарихының жаңа белестерін ашып берді. Ол жай ғана қаламгер емес, өлке тарихының «ақтаңдақ беттерін» толтырып, аймақтық тарихнаманы байытқан ізденімпаз зерттеуші. Берік Қорқытовтың өлкетанушылық мұрасы – Атырау өңірінің өткені мен бүгінін жалғаған «алтын көпір» тәрізді. Оның еңбектеріндегі деректілік пен тарихи шынайылық бүгінгі өлкелік тарих ғылымы үшін құнды дереккөз болып табылады. Зерттеуші өлке тарихын тұлғалар тағдыры арқылы зерделеуді басты ұстаным етті. **«Атырау билері мен батырлары»** кітабында есімі көмескілене бастаған тарихи тұлғалар мен би-батырлардың өмір жолын мұрағаттық құжаттар мен ауызша шежірені ұштастыра отырып қайта тірілтті. Ақын Н.Әжіғалиев «...Беркес ағамыз – Атырау өңірінде бір кездегі ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың, ақын-жыраулардың, билер мен батырлардың өмірін терең біліп, жан-жақты зерттеп, бүгінгі ұрпаққа табыс етіп келе жатқан қазыналы қартымыз» деп бағалаған.

Атырау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған қордағы ақпарат бойынша Берік Ыбырашұлы Қорқытов 1928 жылы 2 ақпанда Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң ол С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) қазақтың мемлекеттік университетіне түсіп, оны журналистика мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Еңбек жолын 1951 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газеті редакциясында әдеби қызметкер болып бастаған, кейін меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып ұзақ жылдар еңбек еткен. 1970 жылы газеттен қол үзбей, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Атырау облысындағы әдеби кеңесшісі болып сайланып, оны 1989 жылға дейін абыроймен атқарған. Жас кезінен әкесі елге белгілі азамат Ыбыраштың тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, оқуға, білуге құштар болып өседі. Осы құштарлық, оқып білгенін көңілге тоқыған зеректігі оны қаламгерлік жолға түсірді. Ол қазақ баспасөзінің, Атыраудың билері мен батырларының тарихымен ұдайы айналысып, көптеген зерттеу еңбектерін жариялады [1].

Берік Қорқытов батыс өлкеде өмір сүрген би-батырлар, ақын-жазушылар туралы мәліметтерді әкесі Ыбыраштан ести отырып қағазға түсіргендігін еңбектерінде атап өтеді. «Атырау билері мен батырлары» еңбегінде әкесі Ыбыраштың тоғыз дәптерге жазып алған мәліметтерін жаза отырып, бірінші дәптерде «Естіміш ауыз әңгімеден, әр елдің білетін адамдарынан бірнеше жылдан бері сұрастырып келгенде менің естігенім мына төмендегілер деген сөзбен басталады да, Кіші жүздің рулар шежіресі жазылады. Мұнан әрі Атырау-Жайық бойында өткен батырлар мен билер жайында жазған» – деп тарқатады.

Әкесі Қорқытов Ыбыраш (1900-1978) – Атырау-Жайық өңірі тарихының жетік білгірі, киелі жерін, туған елін қорғаушы батыр, билер мен ағартушылар, шығармалары қағаз бетіне түспеген дүлдүл ақындар, жыраулар туралы халық жадында сақталған ақиқат деректерді жинаушы және оларды ұрпақ санасына жеткізуші ретінде белгілі болған адам [2].

Берік Қорқытовтың шығармашылығында тарихи тұлғалар, соның ішінде билер мен батырлар бейнесі ерекше орын алады. Ол өз еңбектерінде «тұлға арқылы тарихты тану» әдісін кеңінен қолданды. Ол тек тарихты баяндаушы емес, сол кейіпкерлердің ішкі толғанысын, ел алдындағы жауапкершілігін көркем тілмен жеткізген драматург әрі зерттеуші. Қаламгер билерді ел бірлігін сақтаушы, ішкі дауды әділ шешуші тұлғалар ретінде бейнелейді. Автор билердің сөзіне шешендік оралымдар мен мақал-мәтелдерді орынды қолданып, олардың зияткерлік деңгейін асқақтатады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының сыртқы қарым-қатынастардағы алар орны мен атқарар рөлі жөнінде баяндар болсақ, тарихи деректерде қазақ-орыс байланыстары болсын, қазақ-жоңғар қарым-қатынастары басқалай іс-әрекеттердің алдыңғы қатарында билер жүргендігін мәлімдейді. **Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған.** Осындай билер біздің батыс өлкеміздеде өткен, оны Берік Қорқытовтың еңбектерінде есімдері аталып, өмір жолдары туралы мәлімет берілген Алдар би, Бөкен би, Есет би, Айтуар би туралы деректер нақты дәлеледейді.

Талай дау-дамайға төрелік айтқан Жайық өңірінің атақты билерінің бірі – Алдар би. Оның тарихта Сырым батырдың ақылшысы болғаны белгілі. Шежіреші әкесі Ыбыраштан естігендерін, оның жазып қалдырған артындағы жазба деректерін тірілтіп, бүгінге жеткізген жазушы-драматург Берік Қорқытов «Атыраудың билері мен батырлары» атты кітабында «Тарихқа, ел аузындағы әңгіме, шежіреге сүйенсек, Сырым екі адамға ғана жүгінген. Оның бірі – Алдар, екіншісі – Малайсары» деп нақтылай түседі.

Хандардың ең ақыры Нұралы еді
Төренің Арқар деген ұраны еді.
Хан ұлын Сырым батыр шабарында
Ақылды Алдар биден сұрап еді – дейді ел қариялары.

«Он екі ата Байұлының бірі Беріштің Байсейіт деген баласынан Қитас пен Тілес туады. Қитастан Жайық пен Есенғұл туады да, бұл атадан тарағандар өздерін Жайық-Берішпіз, Есенғұл-Берішпіз деп атайды. Жайықтан Дәулет, Бақалай, Наурыз, Тыныс туады. Дәулеттен Тумаш, Дүйсе, Қара болып тарайды. Тумаштан Ерназар, Жаубасар, Сейіт туады. Ерназардан Алдар, Абдан, Көшім, Мәнтай туады деп Алдар бидің шежіресін тарқатып айтады.

Алдардың шөбересі Дәулетімбетке өлеңмен жазған хатында Мұрат ақын:

...Ерназар Беріш құтпаны, атаң Алдар
Белгісі қас жақсының халқын қамдар.

Дос болғанмен атаңменен Әбілқайыр

Әуелден Беріштен озған бір белгің бар, – дейді. Берік Қорқытов Мұрат ақынның осы өлең жолдарын басшылыққа ала отырып, соған қарағанда Алдар Әбілқайыр ханмен замандас болып шығады, бұл шындыққа сай келеді деп жазады. Ел аузында Алдар қартайып, 80-нен асып қайтыс болды деген сөз бар. Сонда 1705-1710 жылдары туып, 1785-1790 жылдар аралығында қайтыс болады деп көрсетеді. Ал Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында Алдар Ерназарұлы 1705-1795 жылдары өмір сүрген деп жазылған.

Алдардан Тілеке, Меңдіке, Таймас, Есенбай, Тайтоқа туады. Тілекеден Байнақ пен Көккөз туады. Байнақтан Машақ пен Сыйқыт туады. Машақтан Дәулетімбет пен Досмұханбет туады. Дәулетімбет Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Гурьевтегі орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Дәулетімбеттің елге істеген жақсылықтарының бірі сол – ата дәрежесіне, дәулетіне қарамай оқуға талапты, ынталы балаларды ғана алған, кедей-кепшік, жоқ-жітіктердің балаларына ғана қамқорлық жасап, олар үшін өз жанынан қаражат бөліп беріп отырған. Мұрат ақын Дәулетімбеттің осы қасиетіне риза болып, 1879 жылы Маңғыстауда жүріп былай деп арнайы өлеңмен сәлемхат жолдайды.

Сәлемде інімізге Дәулетімбет
Сәлемді беру парыз, алу сүннет.
Қауысып аман болса жолығармыз
Әзірге жазып тұрмын сәлем-құрмет.
Сәлемді алу сізден, беру бізден
Шырағым, көргенім жоқ былтыр күзден.
Болмаса қауыса алмай жүргенміз
Ойлама бар деп шүбә көңілімізден.
Шырағым, келдің бе аман Орынбордан
Бұрынғы талап етіп кеткен жолдан.
Құдайым талабыңды қайырлы еткей
Деп едім бәрімізге болар қорған.
Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің
Бұлақтай ата-бабаңа билік қонған.
Ерназар Беріш құтпаны, атаң Алдар,
Белгісі қас жақсының халқын қамдар.
Дос болған атаңменен Әбілқайыр,
Әуелден Беріштен озған бір белгің бар.
Асылдың азбай жүрген тұқымы едің
Шырағым, адаспас деп үмітім бар.
Көп білім кеудең толы, аузыңда иман
Атаңыз ақ талаптан нәсіп жиған.
Қызығын дүниенің көрмек үшін
Құдайым дәреженің бәрін қиған.
Бар құдай өміріңді ұзақ еткей
Бала деп үміт еттім баққа туған.

Міне, ақынның осы өлеңінің өзінен Алдардың қандай жан болғаны айқын байқалады.

Алдар заманында айналасына ықпалы күшті, сөзі өтімді алымды да айбарлы болған. Бір тайпа елді уысында ұстап хан-төрелермен терезесі тең отырған. Оларға кейде тізесін батырып, өз дегенін істеткен жерлері де болған. Мұрат ақын «Дос болған атаңменен Әбілқайыр» деп Алдардың осындай істерін айтып отыр. Өзі де, кейінгі ұрпақтары да дәулетті болған, малы мен мүлкінің қызығын көрмейтін кейбір байлардай дүниеқоңыз болмаған. Бар дәулетті ел игілігіне, өз қажетіне жұмсай білген Алдардың Төремұрат деген шөбересі орысша білім алып, Тайсойған елінде болыс болған, 1894 жылы Орал облысы делегациясының құрамында екінші Николай патшаның таққа отыру салтанатына қатысқан.

Досмұхамедтен туған Халел әдеби һәм тарихи мұраларды зерттеді. Жан-жақты ғалым болды. Профессор атанды. Халел Алдарға шөбереден туған шөбелтай болып есептеледі.

Қазақтың атақты билерінің бірі – Бөкен би. Берік Қорқытов еңбегінде Атырау алқабында XVIII ғасырда дүниеге келіп XIX ғасырда дүниеден өткен от ауызды, орақ тісті билердің арасында жас жағынан үлкені – Бөкен би деп көрсетеді. Бөкен ең алдымен ел ішінің бүтіндігін, татулығын тілеген адам, дәулетке мастанып, бақ, атақ, дәреже үшін дауласып, құн алып, құн берісіп жататындарды жақтырмаған, ондай жерлерге барғысы келмеген. Барса әділет үшін, белділердің әлсіздерге істейтін озбырлығына жол бермеу үшін барған, әділдік, туралық жолында басы кетсе де, тайынбаған.

Бөкенді ай сайын әр ауылдың атақты ақсақалдары, билері арнайы шақырып, әдейілеп күткен. Бірде кезек көршілес ауыл Саркелді жайлап отырған Асау биге келеді. Бөкен Асаудан 9 жас үлкен. Айтулы уақытында Бөкен келеді, ауылдың үлкен-кішісі анталап қарсы алады. Асау Бөкенді сөйлету үшін сабақтап сөз тартып: Бөке, осы күні келіндер бір мінез шығарып жүр, түрулі керегенің көзінен көреді де, мына шал тағы келе жатырма дейді, бұл неткені? деп сұрайды.

Бөкен: - Ырысыңның кеткені, деп жауап береді.

Асау: - Үйге үлкен кісі келіп қалды, мал соя қойыңдар десең осы шалдар-ақ жатпайды екен, үйлерінен су шығама деп ренжіп, жастар мал союға ерінеді, бұл неткені? деп сұрайды.

Бөкен: - Аузының кепкені, - деп жауап береді.

Асау жан-жағына қарап алып: Бөке, қонақ неше түрлі болады? – деп сұрайды.

Бөкен: Ұдайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылғынба қонақ деген төрт түрлі қонақ болады, ұдайы қонақ деп мына мен сияқты арнайы шақырғанды айтады, құдайы қонақ деп күтпеген жерден жолаушылап келе жатып, ат басын тірегенді айтады, қыдырма конақ ден апта сайын айналып келе беретіндерді айтады, қылғынба қонақ ден үйдің түтінін бағып күн сайын келетіндерді айтады, деп жауап береді.

Асау: - Бөке, қазақ қонақ-қонсы дейді, соның қонағы кім, деп сұрайды.

Бөкен: - Қонақ деген мына мен, Асаудың үйіне Бөкен келіпті, барып амандасалық, сәлемдеселік деп келіп отырған мыналар қонсы, деп жанында отырғандарды көрсетіп, жұртты бір күлдіріп алады. Міне, осы әңгімелерде қаншалықты астарлы сөздер, тәрбиелік мәні бар ұтымды ұғымдар жатыр!

Асау: Бөке, жігіттің неше жұрты бар? деп тағы сұрайды.

Бөкен: - Өзің қанша жұрты бар деп білесің? деп кері сауал қояды.

Асау: - Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бар деп айтады, өз жұрты күншіл, нағашы жұрты сыншыл, қайын жұрт міншіл келеді деп айтады, дейді.

Сонда Бөкен: Асаужан-ай, әлі де аз біледі екенсің жігіттің күндемейтін, сынамайтын, мінемейтін бір жұрты бар ол алаштың азаматы ғой, дейді. Міне, адамды жікке, жұртқа, руға бөлуді білмеген білікті ағаларымыздың аузынан осындай ұлағатты дуалы сөздер шыққан.

Ел ішінде Қыздарбай бидің «Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім» деген сөзі бар. Ол сөздің мәні мынадан шыққан. Он екі ата Байұлының бірі Шеркештен Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылыш, Кестен тарайды. Шеркештен Қосым, Досым бөлінеді. Қойыстан Қаракемпір, Сақау, Сүйініш, Еламан, Қашқыншы болып өрбиді. Бұларды «бес Қойыс» деп атайды. Осы бес Қойыстың бірі Еламан ел аузына көп алына қоймайтын, ешкім елеп-ескеріп бара қоймайтын елеусіздеу жуас ауыл болыпты. Бір күні осы Еламан ауылына Қыздарбайдың үйіне күтпеген жерден Бөкен келіп қалады. Соя тастайын десе, Қыздарбайда ірі мал түгіл қойда жоқ, қысылғаннан ешкі сойып береді. Келесі ауылға барғанда дәмге емес, ниетке риза болған Бөкен: – Қыздарбайда болып, қой жеп шықтым, – деп үй иесінің малын сойдырмайды. Осы сөз елге таралады да, Қыздарбайдың жоғарыдағы сөзі ел ішінде мақал-мәтелге айналып кетеді. Міне, Бөкен елге сондай сыйлы болған адам.

Бөкен би он екі ата Байұлының бірі Есентемір руына жатады. Есентемір Көн және Тағашы болып бөлінеді. Бөкен осы Көннен тарайтын Қосыл деген атасынан шығады, 1771+ жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен.

Бөкен сөздері 1908 жылы Қазанда Мақаш Бекмұхамбетовтың «Жақсы үгіт» кітабынан бастап, әр жылдарда шешендік жайында шыққан кітаптарға еніп келеді. Соңғы жылдары әдебиетші ғалым Б. Адамбаев құрастырған жинақтарға жиі еніп жүр.

Толғаулары мен шешендік сөздері ел арасында кеңінен таралған билердің бірі – Есет би. Берік Қорқытов батырлар, ақындар сияқты, билердің де түр-түрі болған. Күн көріс үшін бірде оған, бірде бұған бұратын бұқпантай жалтақ билер, әкімнен аса алмай, әділ төресін бере алмай қалтақтайтын тағасы жоқ тайғанақ билер, қарсы алдында хан емес, құдай тұрса да, қаймықпай, қара қылды қақ жарып турасын айтып қасқайып қарап тұратын ата билер болған. Бірақ мұндай билер аз болған. Сол аздардың бірі – осы Есет деп жазады.

Есет 1779 жылы Қарабау деген жерде (осы күнгі Қызылқоға ауданы) дүниеге келеді. Есеттің қайда оқығаны белгісіз, білім, билік жағынан алдына жан салмаған, төбе би атанған адам. Баймағамбет Айшуақов сұлтан-правитель болып, ел билеген заманда ақылшы билерін іріктеп ала білген. Оның ақылшы билері Байбақты руынан атақты Сырым батырдың баласы Қазы, Беріш руынан Есет пен Айтуар болған. Сол кезде Әлімұлы, Жетіру, Байұлы даулы болып түйінге келе алмай, ел арасы бүлініп берекесі кете бастайды. Баймағамбет сұлтан үш рулы елдің билерін алдырып, алдымен сөзді Байұлының биі деп Есетке береді. Есеттің «Өткен өрел, қалған салауат» деген бір ауыз сөзіне Әлімұлы да, Жетіруда риза болып тоқтап, «бұл Беріш Есет бидің тұсаукеспе деген билігі болсын» деп бата беріп тарасқан. Содан кейін бұл үш рулы ел арасында дау-далаба тыйылған, Есет Кіші жүзге ортақ төбе би атанған.

Есет заманы қарағай басын шортан шалған қилы кезең болатын. Соның ішінде ата-бабасы ежелден хан тұқымымен қағысып, төре тұқымымен төбелесіп өткен Есетке оңай түскен жоқ. Есеттің әкесі Қараның хан тұқымымен сыйыспай, қақтығысып өткені жайында Москвадағы АВПР (Архив Внешней Политики России) архивінде «1774 г. июня 25. Рапорт майора М. Ваганова, посланного к хану Нурали в связи с Пугачевским восстанием, в Астраханьскую губернскую канцелярию» деген документ бар. Сонда былай деп жазылған жолдар бар: «...на что выговорил хан, что-де по Волге разоряли киргисцы безвинно и его, хана, не послушали, а был тут предводителем Бершева рода Кара-батыр Итемгенов, который еще зимою, как был на разбое в Астрахани и оттуда возвратясь, укочевал по Мангишлак в называемое тамо местечко Айраклы». Міне, бұл документке қарағанда Есеттің хан тұқымымен дәм-тұзы әуелден ата-бабасынан бері жараспай, өзіне де жеңіл болмағанын көреміз. Жасы алпыстан асқанда Исатай-Махамбетке жақтасып, одан қуғын-сүргінге ұшыраған Есет тоқсан жасаса да, күн тыныш отырып, бел шешіп тамақ ішпеген адам. Түн ұйқысын төрт бөліп, қысқа күнде қырық рет дауға түсті, шыбындай жанын шүберекке түйіп, шырылдап барып жауға да түсті. Бірақ даудан ығып саспады, жаудан бұғып қашпады. Өмірінің қандай болып өткенін өзінің:

Заманында өзімнің
Еңсеріскен ер көрдім,
Белсеніскен бел көрдім,
Жасанысқан жау көрдім,
Тізелескен дау көрдім,
Үрікпедім, саспадым,
Бір өтірік болмасын
Табаным тайып қашпадым.
Қанды көйлек жолдасты
Сары алтындай сақтадым...деген сөзінен айқын көреміз.
...Мен, мен едім, мен едім
Қатарға салсаң қайыспас
Қас қара нар мен едім.
Шабуыл салса шаршамас
Шыны тұлпар мен едім.
Су шашырап, жел тимес
Аударылмас қара кеме мен едім.
Қасарысып келгенде
Қап түбіне сыймаған
Таза болат мен едім.

Қияннан ұшқан қу ілген
Анық сұңқар мен едім.
Тегеурінім теріс біткен
Тепсем жілік сындырған
Қыран бүркіт мен едім... – деген сөзінен Есеттің қандай адам болғанын тағы анықтай түсеміз. Мұны Есетке өз сөзімен берілген ел бағасы, азаматтық анықтамасы деп білуіміз керек.

Уақытша жеңіліс тауып, Жайықтың шығыс бетіне өтіп, Әлім, Адай елдерін аралап жүргенде Исатай мен Махамбет Есетке кездеседі. Бұл кездесуді Ы. Шөреков өзінің «Исатай-Махамбет» дастанында былай суреттейді:

...Алшынның ұлын бітіріп
Табамын деп есепті...
Алайда жүрген тауыпты
Ағасы дана Есетті.
Ар жағы Беріш-Байсейіт
Тумада жақын есепті.
Ел сағынған Есет би
Бауырын көріп балқыды,
Теңіздей тасып шалқыды,
Керек десе мал түгіл
Бергендей ойып төс етті.
Тірілгендей өлгені
Інісін көрді Есет би
Ер арыстан мүсінді.
Бұлардың жүрген мәніне
Сөйлесіп әбден түсінді...

Бұл ақынның қиялынан туған аңыз емес, тарихи шындық. Сонда алпысқа келіп қалған Есет өзінің марқайып қалғанына өкініп, Исатайға: - бетіңнен қайтпа, – деп ақыл береді. Бұл жер дастанда былай деп жырланады:

...Патша менен төреден
Орынсыз келген қысымды
Ашумен Есет ісінді.
Патша менен төреге
Шығуға қарсы керек деп
Алшынның үш баласын
Басын қоспақ керек деп
Қаны қызып қыжынды...

Есеттің сөздері мен өсиет-өлеңдері алғаш рет Мақаш Бекмұхамбетовтің көзі тірісінде тапсырып, 1908 жылы Қазанда шыққан, «Жақсы үгіт» деп аталатын кітапқа енді. Одан кейін Халел Досмұхамедов құрастырып, Ташкентте бастырған «Аламан» атты жинаққа енді. С.Сейфуллиннің 1931 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті оқулығына», С.Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихы жайында әр жылдарда жазылған ғылыми-зерттеу еңбектеріне енді. 1972 жылы «Ақберен» жинағына, 1977 жылы С. Садырбаев құрастырған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» кітабына, 1981 жылы Х.Сүйіншәлиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» еңбегіне, 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағының бірінші томына кірді. Әдебиет зерттеуші ғалым Қ. Сыдиқовтың «Ақын-жыраулар» атты еңбегінде тереңірек қамтылып жазылды.

Есет 1869 жылы 90 жасында бақи дүниеге аттанды. Бейіті осы күнгі Махамбет ауданы, Малайсары деген жерде, Дәрі деп аталатын қауымда. Дәрі мен Есет бір ата, бір анадан туған бауырлас адам.

Батыс өңірінде өткен айтулы да санаулы билердің бірі – Айтуар. Тарихта Исатай-Махамбет деп қосарлана айтылатын егіз есімдей ел аузында «Беріште Есет-Айтуар» деп қоса айтылатын егіз есімнің бірі де осы Айтуар деп жазады Берік Қорқытов. Өйткені Есет пен

Айтуар екеуі замандас, бірге жүріп, бірге тұрған, көздері жұмылғанша жұптары жазылмаған. Екеуі де Баймағамбет сұлтанға кеңесші-ақылшы би болып сайланған. Бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып хан тұқымын қақпайлап, қара халыққа таяқ түгіл, сөз тигізбеуге күш салған. Ел аузында Айтуар айтыпты деген сөз көп. Оның бәріне бірдей тоқталып жатпай, хан тұқымы алдында Шеркеш руының батыры Тұрланды айтып келген ажалдан қалай арашалап қалғанын айтсақ та жеткілікті.

Оқиға былай болған. 1850 жыл, Тұрлан өзінің ата қонысы, жаз жайлауы Саркөлге көшіп келгенде, қоныстанып отырған азын-аулақ ауылды көрсе де, көшіп бара жатып, жол-жөнекей күндікше қонып отырған ағайындас ауылдардың бірі болар деп назар аудармайды. Ертеңіне ауылдың мал өргізуге шыққан жігіттері асып-сасып Тұрланға келіп Дәулетқали деген төренің төлеңгіттері алдымыздан шығып, басымызға қамшы үйіріп, малымызды ұрып-соғып, дереу көшіңдер деп жатыр, – деп шағым етеді.

Тұрлан атына мініп Дәулетқали төреге келеді де: – төренің елі деген елді көрдің бе, жері деген жерді көрдің бе, жер ауып босып келген ит жеген неме, – деп үйінен желкелеп сүйреп шығып, тарсылдатып қамшының астына алады, осыны барған жеріңе айта бар, деп тұла бойын жосадай қып-қызыл қан етіп үйінің алдына тастап кетеді. Тұрлан қарулы адам болған. Тұрланның қайраты жайында Бала Ораз ақын:

...Ол Тұрланның мәнісі
Төбесі биік ер еді.
Қарсыласқан дұшпанға
Құрулы тұрған жебе еді.
Арыстан деген бір аңды
Күзеп алды деп еді, – деп жырлайды.

Есін жиып алған соң Дәулетқали Орынборға Әлеке правительге барады. Бұл белгілі Баймағамбет сұлтанның бел баласы. Әлекеге барып, Тұрланнан көрген зәбірін айтып, кегімді алып бер деп шағынады. Төренің елі деген елді көрдің бе, жері деген жерді көрдің бе, ауып босып келген ит жеген неме, – деген сөзді естігенде, Әлеке орнынан жылан шағып алғандай ыршып тұрып, Тұрланды табамын да жоямын деп жанына жасақ алып аттанады.

Әлеке жасағымен келіп, күні бұрын әзірленген үйге түседі. Дастарқан жайылып, дәм әкеліне басталғанда Әлеке: – алдымен Тұрланның жанын алып, қанын ішпей тұрып дәм татпаймын, Тұрланды алдыма алып келіңдер, – деп әмір етіп, дастарқанды түріп тастай бергенде қару-жарағымен Тұрланның өзі кіріп келіпті.

Әлеке сасып қалып төрелігін айтыңдар дегендей қасына ертіп келген үш ақылшы билерінің біреуіне карайды. Осы кезде Айтуар би ортаға шығып, Әлекеге карап: Алдияр тақсыр, хан ием, сізден бір сұрайтыным бар еді, – дейді. Әлеке: Сұра, - деп рұқсат етеді. Сонда Айтуар: Алдияр тақсыр, хан ием, қара жерге халық ие, қара халыққа хан ие деген аталық жора бар, жерге ие боласыз ба, әлде халыққа ие боласыз ба? – дейді. Сонда Әлеке: төре тұқымы халыққа ие болады депті. Айтуар: Төреңе құлдық хан ием, олай болса жер Тұрландікі, Дәулетқалидың істеп жүргені озбырлық – депті.

Сонда Әлеке Дәулетқалиға қарап ақырып: Жетесіз, оңбаған неме, қара жерге ие болам деп халықтан айырылайын деп пе едің, – деп ұрсып, жер Тұрландікі деген билікке бас иеді. Мұрат ақын «Сарыарқа» атты толғауында:

Хан ұлы, қара қазақ жиналғанда
Құдайым Айтуарды демеп еді, – дегенде Айтуардың осы билігін айтқан.

Он екі ата Байұлының бірі Беріштің Байбақты деген баласынан Әсілбас, Шақай, Құсылбас туады. Әсілбастан Себек пен Жаңбырша туады. Бұл атадан тарағандар өздерін «Себек-Берішпіз» деп атайды. Айтуар осы Себектің Сары деген аталығынан шығады, өз әкесінің есімі Үсен. Айтуар 1783 жылы туып, 1856 жылы 73 жасында дүниеден өтеді. Зираты осы күнгі Махамбет ауданы «Зауральный» совхозының шығыс жақ сыртында «Алтын» деп аталатын қауымда [3].

Берік Қорқытов еңбектеріндегі билер өмірі – далалық мәмілегерлік пен шешендік өнердің үлгісі. Ол билерді ел арасындағы дауды шешуші ғана емес, хан мен халық арасындағы алтын көпір, мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтаушы ретінде атап өтеді.

Берік Қорқытов билердің сөйлеу мәнеріне, шешендік оралымдарына үлкен мән берген. Сондықтан оның туындыларындағы тұлғалар бейнесі тарихи шындықтан алшақтамай, керісінше, сол кезеңнің шынайы болмысын ашып береді. Би мен хан арасындағы, би мен батыр арасындағы диалогтар арқылы биліктің жауапкершілігін көрсетеді. Ол өлке тарихына қатысты жергілікті жердегі көнекөз қариялардан алынған ауызша тарихты жазбаша деректермен салыстыруға мән берді. Бұл оның өлкетанушылық бағытының ғылыми объективтілігін арттырды. Берік Қорқытовтың мұрасын зерттеу – өлке тарихының беймәлім тұстарын ұлықтаумен тең.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Атырау облыстық мемлекеттік архиві қ. 238, т.2, іс 10
2. Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. – 384 бет
3. Қорқытов Б. «Атыраудың билері мен батырлары» – Алматы: «Өлке», 1992. – 126 бет

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТУ МӘДЕНИЕТІ: ГЕНЕЗИСІ, ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Орынбасаров Асланбек Орынбасарұлы
a.orynbasarov@asu.edu.kz
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 2-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Аннотация. Бұл жұмыстың негізгі тақырыбы – Қазақстанның мемлекеттік рәміздері және олардың тарихи қалыптасу жолы. Зерттеуде тарихи байрақтардың артықшылықтары ғана емес, сонымен бірге олардың догматикалық сипаттағы басты кемшіліктері де талданады. Жұмыста геосаяси үдерістер мен Қазақстан рәміздерін қалыптастыруға әсер еткен алғышарттар тарихи тұрғыдан қарастырылған. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы көне рулық жалаулардан қазіргі мемлекеттік туға дейінгі ықтималды сабақтастық айқындалды.

Негізгі сөздер: Қазақстан тарихы, мемлекеттік рәміздер, вексиллология, ту, байрақтар.

Ту – адамзат тарихының барлық кезеңінде айрықша мағынаға ие киелі белгі. Ол – ұлттың рухы мен мемлекеттіліктің айқын көрінісі. Тудың көкте желбіреуі – елдің беделі мен абыройының белгісі. Самалмен тербелген байрақтар халықты ынтымаққа, туған жерді қорғауға үндеп келген. Көкке көтерілген әрбір ту – ортақ идея мен бірліктің нышаны. Қазақ даналығында «Туыңды туған жерге тік» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі ту жоқ жерде мемлекет те, халық та толық мәнінде қалыптаспайды. Адамзат қауымдастығы пайда болған сәттен бастап ортақ рәміздер мен дәстүрлерге мұқтаж болды. Бүгінде Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікте адамдар дәл сол тудың төңірегіне топтасуда. Ал енді Ұлы дала өркениетінің байрағы қандай болды?

Алтын Орда кезеңінде екі түрлі ту болғаны жөнінде тұжырым бар. Бұл пікір итальяндық теңізші әрі картограф Анджелино Далорто жасаған картографиялық деректерге сүйеніп негізделеді. Бірінші ту – Бату хан мен оның мұрагерлері пайдаланған, 1313 жылға дейін қолданыста болған байрақ. Ал екінші ту – Өзбек хан билік құрған кезеңде (1313–1330 жж.) Алтын Орданың ресми нышаны ретінде қабылданған. Бұл жаңа ту ислам дінінің Алтын Ордада мемлекеттік деңгейде орныққанын білдіруі тиіс еді. Бату әулетінің билігі әлсіреп,

оның орнына Тоқа-Темір және Шайбан әулеттері келгеннен кейін, мемлекеттік тудың таңбасы да өзгеріске ұшыраған болуы ықтимал: бұрынғы Босаға-тамғаның орнына жаңа билеуші әулеттердің белгісі – Тарақ-тамға енгізілген деп пайымдауға болады (1-сурет).

1-сурет. Алтын Орданың бірінші және екінші тулары. Ә.Омаровтың қайта құру әрекеті.



Түрік қағанаты дәуірінде түркі жасақтарының туларында «Көк бөрі» бейнесі көрініс тапқан (2-сурет). Бұл символ ежелгі түркілердің тектілік, ерлік және рухани күш туралы түсінігін білдірген. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті ақыны Сүйінбай Аронұлы өз жырында: *«Бөрілі байрақ астында — Бөгеліп көрген жан емен!*

Бөрідей жортып кеткенде, Бөлініп қалған жан емен!» – деп, бөрі бейнесінің батырлық пен ұлттық рухтың айқын нышаны екенін бейнелі түрде жеткізеді. Қазақ халқы ертеден-ақ бөріні батырлық пен қайсарлықтың белгісі ретінде қадірлеген. Кейінгі кезеңдерде қоғамда рулық таңбалар кеңінен қолданыс тапты. Түрлі геометриялық сипаттағы бұл белгілер елтаңба мен мөр қызметін атқарған.

2-сурет. Қазақ хандығының туы. А.Ағысовтың қайта құру әрекеті.

Ресей империясының тарихшысы Алексей Левшин (1798–1879) қазақтардың туды жүйелі түрде пайдаланғанын атап өтеді. Оның деректерінде әрбір қазақ руының өзіне тән үлкен туы болғаны (3-сурет), сондай-ақ әр тармақтың жеке белгісі немесе байрағы болғаны көрсетіледі. Бұл рәміздер ерекше сақталып, әсіресе соғыс кезінде маңызды қызмет атқарған.

Левшиннің сипаттауынша, шайқас барысында одақтастарды жаудан ажырату үшін жауынгерлер басты тудың түсіне сәйкес төсбелгілер тағып, қолдарына сол түсті орамал байлаған. Сонымен қатар әр рудың өзіне тән әскери құпия сөзі болған. Ал жорық кезінде басты туды алып жүру құрметі әскер басшысынан кейінгі ең беделді сұлтандардың немесе старшындардың біріне тапсырылған. [1].

3-сурет. Рулық, тайпалық таңбалар. Ә.Омаров пен Ә.Оспановтың қайта құру әрекеті.



Сондай-ақ Юрий Гавердовский қазақтардың орыс билігіне дейін де ту жасау дәстүрін қолданғанын атап өтеді. Ол бұл кезеңді «Ордаларда тәртіп болған уақыт» деп сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, кейін Ресей ықпалы күшейген соң қазақтар өздерінің мемлекеттік рәміздерінен айырылып, бұрынғы жүйелі тәртіп әлсіреген [2].

Қазақтың орта ғасырлар тарихын терең зерттеген жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауин қазақ халқының біртұтас ұраны «Алаш!» болғанын, ал мемлекеттік нышаны ретінде «төре-таңба» қолданылғанын атап өтеді. Бұл таңба Шыңғыс әулетіне тән белгі ретінде Алтын Орда кезеңінен бастау алып, көне түркілік негіз бен ортақ діни бірлікті білдірген.

Негізгі ту – «төре таңбасы» бейнеленген қызыл байрақ болған. Жалпы, мемлекет туы ретінде билеуші әулеттің туы пайдаланылған. Қазақ төрелеріне қатысты деректерде, әсіресе Құрбанғали Халид шежіресінде туға байланысты мәліметтер кеңінен кездеседі.

Сол деректерге сүйенсек, әр әулет өз түсімен ерекшеленген: Сарай хандары – қызыл, Шағатай әулеті – ақ, Үгедей әулеті – көк ту ұстаған. Кейін бұл дәстүр біртіндеп ұмыт болған [3].

4-сурет. Қазақ хандығының Шыңғыс әулеті таңбасы – Төре таңбасы орналасқан туы. М.Мағауиннің қайта құру әрекеті.



Қазақ ауыз әдебиетінде хандардың ақ туы, әсіресе «Абылайдың ақ туы» туралы мәліметтер жиі кездеседі. Бұл деректі Шәңгерей Сейітқерейұлы жырындағы: «Ақ туын Абылайдың қолына алсаң, Артыңда аламанның біреуімін» деген жолдар дәлелдейді.

Абылай хан туы 1930 жылдарға дейін қазіргі Түркістан өңіріндегі Ханқорған жерінде төре әулетінің қолында сақталғаны айтылады. Отырар ауданының тұрғыны Адасхан Алтайұлы бұл туды өз көзімен көріп, қолымен ұстаған. Оның айтуынша, ту сарғыш жібек матадан жасалып, ұзындығы шамамен 1,5 метр болған, әрі он қыл шашақпен безендірілген [4].

Осы деректер Қазақ хандығының туы көбіне ақ немесе қызыл түсті болғанын, ал көк түстің қолданылмағанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл ту Керей Ер Жәнібекке қатысты болуы мүмкін деген пікір де бар (5-сурет) [5].

5-сурет. Керей Ер Жәнібектің ақ туы. А.Ағысовтың қайта құру әрекеті.

Осылайша, қазақтардың туға қатысты мәдениеті мен дәстүрі күрделі әрі жүйелі болғаны байқалады. Тулардың түсі әміршіге, әскери басшыға немесе белгілі бір қауым мен әскери құрылымға байланысты айқын жіктелген. Әртүрлі рәміздік белгілер бір түсті байраққа топтастырылып қолданылған. Соған сәйкес, ала түсті ту – мемлекеттік нышан, ал ақ ту – билеушілердің белгісі, қызыл түске боялған ту – жауынгерлік, әскери сипаттағы рәміз ретінде қабылданған деп тұжырымдауға болады.

1917–1920 жылдары қазіргі Қазақстан аумағында Алаш және Түркістан автономиялары құрылды (6-сурет). Зерттеуші Сұлтан Хан Аққұлы Барлыбек Сырттановтың «Қазақ елінің Уставы» негізінде жасалған үштүсті ту жобасын ұсынады. Оның айтуынша, 1917 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған Алаш автономиясының рәміздері алдын ала ойластырылған.

Бұл тұжырымға Әлихан Бөкейхан бастамасымен 1911 жылы Санкт-Петербургте әзірленген Барлыбек Сырттанұлының «Қазақ елінің Уставы» құжаты дәлел болады. Құжатта қазақ елінің туы жасыл, қызыл және сары көлденең жолақтардан тұратыны, жоғарғы бұрышында жарты ай мен жұлдыз бейнеленетіні көрсетілген.

Түстердің мәні де айқындалған: жасыл – ислам дініне адалдықты, қызыл – Отан қорғау жолында төгілген қанды, ал сары – қазақ даласының кеңдігі мен еркіндігін білдіреді [6].

Қоқан автономиясында ақ жарты ай мен бес бұрышты жұлдыз бейнеленген, қызыл және көк түсті тең көлденең жолақтардан құралған ту қолданылды. Мұндағы көк түс Түркістан халқының негізгі бөлігінің түркілік тегін білдірсе, қызыл түс жаңару мен революциялық өзгерістердің нышаны ретінде түсіндірілді [7].

6-сурет. Алаш және Түркістан автономияларының тулары

Алаш автономиясының байрағы (1917-1920 жж.)

Түркістан мұқтариятының байрағы (1917-1920 жж.)

1920–1925 жылдары бұрынғы автономиялардың негізінде Қырғыз АКСР құрылып, 1925–1936 жылдары оның орнына Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы қалыптасты. Осы кезеңде ерте кеңестік үлгіге тән республикалық рәміздер жүйесі орнықты.

Республиканың туы бірнеше рет өзгеріске ұшырады: бұл өзгерістер қазақ жазуының реформалануымен және Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың рәміздерін біріздендіру үдерісімен байланысты болды (7-сурет).

7-сурет. Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның 1936-1991 жж. Туы

1936-1940 жылдарындағы Қазақ КСР Туы

1940-1953 жылдарындағы Қазақ КСР Туы

1953-1991 жылдарындағы Қазақ КСР Туы

Қазақ хандығының туы кеңестік кезеңде жүйелі түрде зерттелмей, тек жекелеген сипаттамалармен шектелді. Сондықтан толыққанды бейнесі қалыптаспады. 1991 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ұлттық сананы жаңғырту аясында тарихи туға деген сұраныс күшейіп, қазіргі кезде кең таралған «Қазақ хандығының туы» бейнесі пайда болды.

1980 жылы Түркияда пантүркистік және ұлттық бағыттағы топтар көне түркі мемлекеттерінің туларын насихаттайтын көрнекі материалдар әзірлеуді қолға алды. Реха Огыз Туркан жетекшілігімен алдымен күнтізбе, кейін маркалар топтамасы жарық көрді (8-сурет). Алайда бұл жобада көрсетілген «Қазақ хандығының туының» нақты авторы белгісіз болып қалды.

Көк түсті, «мәңгілік түйін» мен үш бесбұрышты жұлдыз бейнеленген бұл нұсқа тарихи деректерге толық негізделмесе де, Қазақ хандығына қатысты вексиллологиялық бос кеңістікті жылдам толтырды. Нәтижесінде бұл бейне кеңінен таралып, тіпті Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту кезінде елордада сахналық қойылымдарда пайдаланылды. Сонымен қатар ол «Қазақ хандығы» телехикаясында да әртүрлі нұсқада көрініс тапты (9-сурет).

8-сурет. 1980 жж. Түркияда шығарылған маркалар сериясы.

9-сурет. «Қазақ хандығы» көркем фильмінен кадр.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ашық конкурс нәтижесінде таңдалып, 453 ұсыныстың ішінен іріктелді. Мұндай ауқымды байқау посткеңестік кеңістікте сирек

құбылыс болды. Тудың авторы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасы Президентінің №2797 Жарлығының 4-бабы, II тарауына сәйкес, Мемлекеттік Ту – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген көк түсті тікбұрышты мата. Тудың сабы жағында ұлттық ою-өрнекпен безендірілген тік жолақ орналасқан. Күн, оның сәулелері, қыран және өрнек алтын түспен берілген. Тудың өлшемдік қатынасы – 1:2 [8].

10-сурет. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы туы.

Қазақстан Республикасының туындағы рәміздер мазмұндық тұрғыдан терең әрі бірегей. Күн бейнесі – молшылықтың, өміршеңдік пен өркендеудің белгісі болса, қыран – қуат пен еркіндіктің символы. Қыранның жоғары самғап, төменге қырағы көз тастауы мемлекеттің биік мұраттары мен айқын мақсаттарын аңғартады.

Тудың сабы тұсындағы ұлттық ою-өрнек композицияға айрықша мән береді. Қазақ оюлары көбіне астарлы мағынаға ие: олар белгілі бір ишара, тұмарлық мән, көне жазу нышандары немесе табиғат элементтерінің бейнеленген түрі ретінде көрінеді. Қазақстан туындағы өрнекті арабеск стиліне жақын деп қарастыруға болады, алайда оған ұқсас элементтер шығыс, соның ішінде қытай өрнектерінде де ұшырасады. Бұл бейнелер елдің бай табиғаты мен мәдени әртүрлілігін де меңзейді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері ел басшылығының жан-жақты ойластырылған, терең мазмұнға негізделген тұжырымдамалық көзқарасын айқын көрсетеді.

Қазақстан – посткеңестік кеңістікте мемлекеттік рәміздерге қатысты тек конституциялық заңмен шектелмей, арнайы стандарттар жүйесін қалыптастырған бірегей ел. Соның нәтижесінде Елтаңба мен Ту өзара үйлескен, бояуы мен мазмұны тұтас көркем композиция ретінде қабылданады.

Сонымен қатар, бұл рәміздерде агрессияны немесе күш көрсету идеясын білдіретін белгілер жоқ. Олар ешқашан өзге халықтарға қарсы бағытталған нышан ретінде қолданылмаған. Қазақстанның Елтаңбасы мен Туы – бейбітшілік, ізгілік, жер мен халықтың амандығы және елдің өркендеу идеясын білдіретін рәміздер.

Қорытынды. Қазақтың тарихи тулары – ұлттық болмыс пен мемлекеттілік негіздерін түсінуде маңызды әрі мазмұнды тақырып. Қазақстанда вексиллология әлі толық дамымағанымен, әлемдік деңгейде бұл ғылым ерекше назарда. Туды тану – өз тарихыңды танып, ата-бабамен рухани сабақтастық орнату деген сөз. Ту мәселесі әрдайым геральдика, рәмізтану, салт-дәстүр сияқты бағыттармен тығыз байланысты. Мұның барлығы жас ұрпаққа Қазақстан мемлекеті бір сәтте емес, ғасырлар бойы қалыптасқан берік негізге сүйенетінін ұғындырады.

Ата-бабаларымыз туға жан бітіріп, оны халықтың рухымен теңестірген. Сондықтан ұлттық рәміздеріміздің бірі – Тудың тарихы тереңде жатыр. Көк Туымыздың қасиетін кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрқайсымыздың парызымыз. Байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, бейбіт аспан астында асқақтай берсін!

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.

2 Гавердовский Я. П. Обозрение Киргиз-кайсакской степи (часть 1-я), или Дневные записки в степи Киргиз-кайсакской 1803 и 1804 годов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том V. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. – Алматы. Дайк-пресс, 2007.

3 Магауин М.М. Азбука казахской истории. – Алматы. Ғылым, 1997.

4 Атыгаев Н. Символы власти: к 550-летию Казахского ханства // Казахстанская правда. – 2015. – 20 февраля.

5 Ер Жәнібек рухына деген ел құрметі. «Ер Жәнібек» халықаралық қоғамдық қоры, Бапай Ұлан. 23.05.2014 г. http://erjanibek.com/qogamdyq-kory/1148

6 Сыртанов Б. Қазақ елінің Уставы // Казах. – 1917. – 21 ноября.

7 Исхаков С.М., Валидов А.З. Пребывание у власти // Отечественная история. – № 6. – 1997. – С. 223.

8 О государственных символах Республики Казахстан // Ведомости Парламента Республики Казахстан. – Астана, 1996. – с. 178.

9 Умаров А.К. К вопросу об исторических знаменах казахов и их предков. – Алматы: Қазақ тарихы, 2015. – С. 25.

ӘОЖ 82.09

ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨТКІРЛІК

Өмірзақ Әмір Рашитұлы
amir061507@gmail.com
«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, г.ғ.м., сеньор-лектор– Исмурзина Г.Б..

Шерхан Мұртаза – қазақ халқының белгілі қаламгері. Қазақ журналистикасында қоғам шындығын бүкпесіз айтып, әлеуметтік мәселелерді батыл көтерген тұлғалардың бірі және бірегейі. Оның публицистік шығармашылығы ұлт тағдыры мен болашағының, жарқын айнасы болатын. Ол ұлт тағдыры үшін еңбек еткен, сол мұрат-мақсаттан таймаған публицист десек те артық емес. Ол өз өмірін осы бағытқа арнап, ұлттың атынан сөйлейтін, мұңын жырлайтын, саяси одан қалды әлеуметтік теңсіздікті айқын жеткізе алатын қаламгерлердің бірі атанған. Сондықтан болар оның қаламынан туған кез-келген туындыны оқырман ыждаһатпен қабылдап, сүйсіне оқиды. Өйткені, ол қай жанрда жазса да барлығын дерлік өзіндік қалыптасқан дара стильмен, көркем шұрайлы тілмен жазатын. Өз уақытында мұндай өткірлікпен халықтың назарына түсіп, жақсы жағынан көрініп халықтың айнасындай болған. Ал оның публицистикасының пәрмеңділігіне Ш.Елеукенов былай деп баға береді: «Ш.Мұртаза қаламынан туған дүниелер – осы заманғы публицистиканың жоғарғы үлгісіндегі ерекше өтімді, дәлелді, өмір шындығын дөп басатын, алдына қойылған проблемаларды үлкен жауапкершілікпен, терең талдау жолымен көтере білетін, көп кеселді кінараттарға кінәлілерді бетін бар, жүзін бар демей осып айтатын, ойға бай, сөзге шешен саралы көсемсөз»-деген еді. Мұндай бағалауға ие болуы оның публицистикасындағы тақырыптардың өзектілігі және ондағы заман мен қоғамдағы ащы шындықтар көтерілуі. Жазу стиліндегі шеберлік пен көркемдік-редакторлық қызметіндегі талант танығыштығы, тікелей осы тоқырау жылдарында баспасөздегі сын мәселесін көтеріп және қолдау көрсеткен, батылдыққа толы басшылығы, шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің бір-бірімен үйлесімділікте болуының

арқасында. Әсіресе, оның әлеуметтік өткірлікке құрылған публицистикасы қоғамдағы қайшылықтарды айқындап, әділет іздеуге үндейтін.

Шерхан ағамыз 1956 жылы күз айынан бастап «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа кіріседі. Жастар редакциясында алғашқы кезде Мәскеуден келген ТАСС хабарларын орысшадан қазақшаға аударып, аудармашы болып жүреді. «Лениншіл жас» газеті беттерінде «Ихсан ханым», «Білеміз», «Москва Октябрь күндерінде», «Ғажап күзетші» т.б. аудармаларды жариялап, өзінің еңбекқор, ширақ екенін байқатады. Ал жазушымыздың қабілет қарымының ашылуына бірден-бір себепкер болған адам талғамды журналист Тельман Жанұзақов еді. Жастар басылымында жүргенде: «Үнемі аудармамен айналыссаң құрисың, кішкентай да болса, өз жазғаныңның жарық көргені жақсы» деген. Журналист Тельман Жанұзақовтың қамқорлық ақылынан кейін, одан-бұдан хабар-ошар, суреттеме, корреспонденция, мақала, очерк жазуға бейімделе бастады.

Яғни ұлы публицисттің өсуіне себепкер осы жан деуге болады. Осындай қамқорлықтан Шераға біраз өседі. Біраз тақырыпқа қол сермеп, өзінің көкей-жарды ойларын ұқыпты жеткізген. Ал оның көп әңгімесі, мақаласы, очерктері көбіне сатиралық тұрғыдан баяндалған. Оның бір көрінісі "Нахал торғайлар"- атты әңгімесі. Мұнда оның публицистикалық өткірлігін, әдепсіз һәм мәнсіз дүниені өзінің зерделігімен аямай суреттеп, сынап, елдегі жәйді біраз әшкерелеген.

Осындай еңбектерден кейін суреткер Шерхан қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұнын, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірінің қатарынан көрінеді. Осы тұста Мұртазаның суреткерлік деңгейі де орасан зор екенін тағы да еске алайық. Суреткерлік, шығармашылық талант адам бойына дарыса, сол талантты әрі қарай шыңдау ол жанның өмірлік жолы мен ұстанар әдетіне байланысты болмақ. Белгілі қаламгер Э. Хемингуэй адамның балалық шағының бақытсық яки мәнсіз болуы және ол көп көрген қиыншылық қаламгер болып қалыптасуға ықпал етіп, қосымша тақырып, тың идея береді дегенді атап айтады. Яғни қиын тағдыр, уақыт өте келе біреуге үлкен жеміс әкелуі мүмкін. Өзіміз білетін, балалар әдебиетінің жарық жұлдызы Б. Соқпақбаев, халық жазушылары С. Мұратбеков, Ш.Мұртаза секілді тау тұлғалардың ғұмыры мен шығармаларының ішінде һәм бойында әсем бейне, әсерлі рух көпірінің бары белгілі. Тарихымызда сонау шақтың, қиын-қыстауды, ауыр өмірді, соғыс зардабын көрген біраз қаламгерлеріміз асыл дүниелерді өмірге әкелді. Олардың қатарында: "Өлгендер қайтып келмейді," "Балалық шаққа саяхат","Жабайы алма"," Жусан исі", "Ай мен Айша" сынды біраз туындылар қаламгерлердің өмір сәтінен алынып, тұтас елдің шынайы бейнесін әшкере етті. Қай бір қазақ жазушыларының еңбектеріне тоқталсақ байқайтынымыз-олар ел өміріндегі, ел тіршілігінде қиын әрі қалың, маңызды сәтте табылып тарихты, мәдениетті, тұтас алғанда керек дүниелерді болашақ ұрпаққа жетеледі, жеткізді. Айтып отырған Шерағаңның суреткерлігі де осы жағдайдың қатарында. Бұл бейнелеуде публицистикалық өткірліктің бір бөлігі болып отыр. Қаламгер де-біз секілді жан, табиғаттың төл жаратындысы. Адам болғаннан кейін суреткердің өң бойы мен өмірінен кемшіліктер және жетістіктер орын алады. Өткір туындысымен танылған, шығармашылықтың Зан тәңіріне жеткен қарапайым Шерхан Мұртаза болып отыр. Осы тұста публицистикалық шынайлықтың шыңына өрмелеген «Асыл жан»-ды тану оңай ақ. Ол қоғамдық ой-өрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетикалық-көркемдік жүйесі – барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырып, қазақ әдебиетінде шынайылық әдісін берік орнықтырды. Ол өзінің туған халқына асқақ сүйіспеншілік сезімін арнап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне көңіл аударған болатын. Осындай "алтын" назарының арқасында тағы да біраз еңбегі, өмірдің ақиқат, тарих іздеген есігін ашқан. Мысалы бұл жерде, "Қызыл жебе"-атты көп томдық романын айтсақ болады. Бұл романында өзінің "Әлеуметтік өткірлігін"-пайдаланып, біраз тарих қопарып, үлкен тұлға Тұрар Рұсқұловтың өмірін, еңбегін баяндап, ұлттың қандай қиындық көргенін ашық баяндады. Міне бұл еңбегін нағыз "Өткірлік " демей немене?. Бұл жерде оның қаламы ешқандай бояусыз, сатирасыз, жасырын әңгімесіз еркін ой тербеген болатын.

Қаламгерлердің қай-қайсысы болсын қарапайым халыққа қаншалықты жақындығы тұрғысынан бағаланып, олардың халық мүддесін түсіне білуі – артықшылық болса, халықтың ой-түсінігінен алшақтығы – осалдығы болып шығады. Мұны кезінде В.Г.Белинский өте қисынды дәлелдеген болатын. Ш.Мұртаза өз шығармаларында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Яғни шығармаларының өрбуі өте көркем. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін, бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен, оқырманның да Шерағаңның шығармаларына әуестігі, зейіні өте жоғары. Қазіргі сәтте де публицистіміздің шығармалары оқырманның көз қуанышына айналып, көпшілік қауымның асыға күтіп, ынтық сезіммен оқыр туындысына айналды. Әсіресе, Ш.Мұртазаның "Қызыл жебе", "Бұлтсыз күнгі найзағай", "Интернат наны", "Шекшек шырылдайды" секілді шығармаларында да сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи уақиғалар мен мол өмір шындығы жатыр. Тоқетерін айтқанда, тақырыптың басты атауы шынайылық пен өткірлік болса, бұл атаулар рухани бай, әлеуметтік тақырыптарды өзінің әңгімеленіне айналдырған Шерхан Мұртазаның өзіне тән болатын.

Иә өмірдің өткір тұсын, тарихи ауыр жағдайларды баяндау, жазу, ой сермеу қуаныштан туындамайтыны анық-ақ. Мұның бәрі жанның қиналуы, елге аяныш, тарихи құндылықты ұлықтап жеткізуден басталады. Ал мұның барлығын әшкерелеу осындай ұлы тұлғалардың, елге көңілі ауғандығынан болып отыр. Суреткердің заман соққысына мойымайтын, қайта өмір ауыртпалығы ширата түсетін тасқындаған қайрат-жігері бар адамды көксеуі де осы келешекке сенім артуымен сабақтас қой. Осыны былай қойғанда, Шерхан шығармаларының салмағы тек қана мұнысында емес. Өйткені жазушының нені жек көретіні, нені жоққа шығаратыны қандай айқын болса, нені құптайтыны, қандай өнеге өріс алсын дейтіні де соншалықты ашық, айқын-ақ. Осының шығарушысы, айтушысы өмірдің қызығын тебірене сезінбейді деудің өзі тіпті қиянат. Жоғары да айтқанымдай, жаны кейісе де, күйінсе де, көңілді үміт қозғап, алыс арман толқытып, содан барып шығарма тудыратыны жасырын жайт емес. Ш. Мұртазаның осындай туындыларының бағытын, идеялық өзгешелік сырын тереңірек түсіну үшін оның еңбегін былай жазу аздық етпек. Түсінікті айтсақ жан сырын, түсініп, ұғынғыңыз келсе жазушының еңбектеріне көз жүгіртіп, таза көңілді арнағаныңыз абзал.

Шерхан Мұртаза жалпы еңбектерінде елдің өзекті де маңызды мәселесін, қиыншылықтарын көтеруінің өзі қандай үлкен ғанибет! Және жазушымыз өзінің еңбегі арқылы да біраз көтерілді. Елдің саясатына да араласты. Сол тұста тұтас бір халықтың, ұлттың атынан сөз айта алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлғалардың, қаламы қарымды қаламгерлердің, публицистердің бірі де болды. Бұл дегеніңіз құр еңбек етпей, елдің сөзін сөйлеп, жан-сырын түсіну ғой. Өмірінің соңғы жылдарында да қалам сермеп, жарық көрген «Елім саған айтам, елбасы сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002) атты мақалалары, публицистикалық толғамдары мен эсселері де қазақ көңілінде біраз самғары анық. Яғни бұл еңбектерін де бағалап,оқып, осындай тұста атап өтуге тиіспіз және міндеттіміз.

Мақаламызды қорыта келе: Елінің "Әз ағасы-Шерхан Мұртаза"-ның еңбегі орасан зор. Қандай өткір дүние жазды десе, жауапта бар. Оның еңбегі, ұрпаққа таусылмас тарих һәм азық болмақ. Хан тәңіріндей, қаламын биік сермеп, Әлемдегі терең теңіздей-терең ойлап,Туған жерінің салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихи жадын ұлықтаған асылдың тұяғы болды! -деп жауап қайтаратынымыз анық. Ендігі сәтте ұлы ойшыл - жазушыларымыздың еңбегін оқу, ұғыныу, дәріптеу біздің ел алдындағы парызымыз. Ал өткір, әлеуметтік маңызы бар Шерағаңның публицистикасы осылай еркін самғаған. Әлі де самғай бермек..!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Bilim-al kz "Шерхан Мұртаза публицистика көрнектілігі" 2023.
2.Stan.kz "Баспасөздің баһадүрі Шерхан Мұртазаның өмірбаяны" 2018
3.Madeniportal.kz "Шерхан Мұртаза шығармашылығы" 2021.
4.Oinet.kz "Шерхан Мұртаза – публицистиканың заңғар шыңы" 2022.

УДК 159.937.51

ПСИХОЛОГИЯ ЦВЕТА В ГОРОДСКОЙ СРЕДЕ И МЕНТАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ МОЛОДЕЖИ: КАЗАХСТАНСКИЙ КОНТЕКСТ И ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИЗАЦИИ УРБАНИСТИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА.

Пал Алена Сергеевна
alenapal2016@gmail.com
студент 3 курса образовательной программы
«Изобразительное искусство и художественный труд»
Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан
Научный руководитель – PhD, ассоц. проф. Әлжанов Ғ.М.

В статье рассматривается влияние цветовой среды городской архитектуры на эмоциональное состояние и ментальное здоровье молодежи в условиях урбанизации. Анализируются психофизиологические механизмы воздействия цвета на когнитивные процессы и эмоциональную сферу. Обобщаются результаты исследований цветового восприятия городской среды и особенности формирования цветовой культуры. Особое внимание уделяется внедрению нормативных подходов к регулированию колористики в архитектуре и использованию традиционной символики. Рассматриваются современные градостроительные практики с позиции их влияния на психологическое благополучие. Обосновывается необходимость применения принципов визуальной экологии и цветотерапии в городском планировании как средства профилактики ментальных нарушений у молодежи.

Ключевые слова: психология цвета, городская среда, ментальное здоровье, визуальная экология, колористика, цветовая символика, архитектурная полихромия.

Современный Казахстан переживает интенсивные урбанизационные процессы. По данным Бюро национальной статистики, доля городского населения превышает 61%, при этом наиболее высокие темпы роста демонстрируют мегаполисы — Алматы, Астана, Шымкент. Интенсификация строительства, характерная для большинства казахстанских городов, влечет за собой уплотнение застройки в центральной части, включая районы с исторической архитектурой, что позволяет говорить о необходимости формирования нового взгляда на архитектурные объекты для сохранения единого облика городов на основе архитектурных дизайн-кодов.

Город — это не просто функциональное пространство для жизни, но и мощнейший визуальный раздражитель. Цвет в архитектуре и городском дизайне перестал быть только эстетической категорией. Для молодежи, проводящей большую часть времени в городской среде (учеба, работа, досуг), цветовой фон мегаполиса становится фоновым фактором, постоянно влияющим на настроение, уровень тревожности и даже физиологические показатели. Вопросы визуальной экологии сегодня выходят на первый план в дискуссиях о здоровье нации.

Актуальность исследования обусловлена противоречием между стремительным ростом казахстанских городов и недостаточной разработанностью научно обоснованных подходов к колористической организации urban-пространства с учетом психологического воздействия на жителей, особенно на молодежь как наиболее чувствительную к визуальной эстетике группу. Как отмечают исследователи, низкое качество жизни населения и неблагоприятный архитектурный облик городов диктуют необходимость принятия одной из ключевых стратегических задач современного этапа — разработки архитектурного дизайн-кода для всех регионов Казахстана.

Цель настоящего исследования — комплексный анализ влияния цветовой среды казахстанских городов на ментальное здоровье молодежи и выявление путей гуманизации урбанистического пространства через внедрение психологически обоснованных цветовых

решений. Для достижения этой цели решаются следующие задачи: 1) анализ психофизиологических механизмов воздействия цвета на человека; 2) исследование современной колористической ситуации в городах Казахстана; 3) выявление культурной специфики цветовосприятия в казахской традиции; 4) анализ актуальных градостроительных инициатив (дизайн-код Алматы); 5) разработка рекомендаций по оптимизации цветовой среды с учетом молодежной психологии.

Методологическую основу исследования составляют междисциплинарный подход, сочетающий психологический, искусствоведческий и градостроительный анализ, а также теоретические концепции цветовосприятия (И. Иттен, М. Люшер, В. Кандинский) и визуальной экологии.

Восприятие цвета имеет глубокие физиологические основания. Цвет непосредственно влияет на наши чувства и может воздействовать на человека через объективные и субъективные ассоциации, возникающие на основе колористических впечатлений. Исследования советского ученого С.В. Кравкова установили зависимость цветового зрения от разнородных непрямых раздражителей, включая слуховые, обонятельные и температурные. Работы Д.А. Шварц показали, что адаптация глаза к зеленому цвету повышает слуховую чувствительность, а воздействие красного освещения ее снижает.

Эмоциональное воздействие цвета связано, во-первых, с его непосредственным физиологическим действием и, во-вторых, с ассоциациями, присущими этому цвету. Может преобладать тот или иной фактор, часто они действуют совместно.

Красный цвет активизирует нервную систему, усиливает кровообращение, но при длительном воздействии может вызывать раздражение и агрессию. Синий, напротив, замедляет физиологические процессы, способствует релаксации, но в избытке может провоцировать апатию и депрессивные состояния. Желтый цвет стимулирует умственную активность, улучшает настроение, ассоциируется с солнечным светом и теплом. Зеленый гармонизирует, снижает стресс, способствует восстановлению ресурсов нервной системы.

Проектирование архитектурных сооружений требует от архитектора умения не только организовать пространство в соответствии с функциональным назначением объекта, но и достичь художественной выразительности. Во многом художественная выразительность зависит от умелого использования цвета, их сравнительных характеристик, решенных в контрастных или нюансных отношениях.

Колористика урбанистического пейзажа может казаться печальной или веселой, тяжелой или легкой. Символика цвета, а также сложившиеся тысячелетиями связи цветов с определенными понятиями, событиями, предметами, зачастую формируют психологическое воздействие цвета на людей.

Исследование Д. Алмукашевой и Д. Назаровой, посвященное анализу фасадов жилых районов Алматы, выявило ряд проблем в цветовой организации городской среды. Авторы отмечают, что современные города сталкиваются с многочисленными проблемами в обеспечении устойчивого развития, сохранении культурного наследия и создании комфортной городской среды.

Важное исследование по разработке метода колористической организации жилого района Алматы на основе архитектурного дизайн-кода было проведено с использованием анкетирования и визуальных обследований. Сбор данных о предпочтениях жителей в отношении цветовых схем позволил разработать рекомендации по созданию цветового плана, учитывающего характерные особенности и культурные аспекты региона.

Исследование включало анализ цветовых характеристик различных исторических периодов развития города Алматы, выявление ключевых элементов архитектурного дизайн-кода и их применимости к современной практике проектирования городской среды. Авторы подчеркивают, что создание нестандартного решения основано на использовании разнообразных композиционных принципов и приемов, включая использование богатой цветовой палитры. Однако практически во всех случаях использование цвета нуждается в

обосновании, что приводит к разрозненным цветовым соотношениям в организации среды городов, и Алматы не является исключением.

В Карагандинском техническом университете под руководством старшего преподавателя С.А. Лебедева ведутся инициативные научные работы по теме «Особенности колористического решения Караганды». Цель данной научной работы — анализ цветовой партитуры основных архитектурно-градостроительных узлов, их композиционная совместимость. На основе проведенного анализа был предложен проект цветовой партитуры застройки основных магистралей Караганды.

При кафедре «Архитектура и дизайн» организован научный кружок «Колористика городов», где студенты под руководством преподавателей готовят научные работы, которые затем используются в курсовом и дипломном проектировании. Это свидетельствует о растущем внимании к проблемам цветовой организации городской среды в академической среде Казахстана.

Монохромность спальных районов. Типовая застройка микрорайонов характеризуется цветовой депривацией — доминированием серых, бежевых, однообразных оттенков. Длительное нахождение в такой среде может приводить к «сенсорному голоду». Для молодежи, чья нервная система находится в стадии активного формирования и требует разнообразных стимулов, это чревато развитием апатии, снижением когнитивной активности и ростом депрессивных состояний.

Визуальный шум центров городов. В противоположность спальным районам, центры городов и торгово-развлекательные зоны перенасыщены цветом. Неон, светодиодные экраны, хаотичная реклама, кислотные цвета вывесок создают «цветовую бомбардировку». Как отмечается в проекте дизайн-кода Алматы, рекомендации позволят избежать возникновения негабаритных носителей информации с неправильными цветовыми решениями, которые перебивают архитектуру зданий и создают ощущение беспорядка и визуального шума.

Отсутствие цветовой идентичности. Районы лишены индивидуального цветового лица, что затрудняет ориентацию в пространстве и формирование чувства принадлежности к месту.

Игнорирование климатических условий. В ярком солнечном освещении южных городов (Алматы, Шымкент) насыщенные цвета могут создавать дискомфортную бликовую среду.

На цветовую культуру казахов оказали влияние многие факторы: кочевой образ жизни, местный ландшафт, пространственно-образное восприятие мира, древние культы и верования; в восприятии цвета казахами немаловажны также биологические, психологические и художественно-эстетические аспекты.

Традиционная художественная культура Казахстана демонстрирует собственное отношение к цвету и орнаменту как к эстетическим и мировоззренческим категориям, выработанным на протяжении многих веков своего существования. Официально казахи относятся к народам, исповедующим ислам, и исламские ценности, безусловно, отразились на их культуре. Вместе с тем, в обществе были сильны еще доисламские представления, в том числе касающиеся приоритетов в области цветовых предпочтений.

Источником для подражания, классическим образцом для развития колористических пристрастий у казахов стала великолепная природа страны. В народном мировоззрении издавна господствовали анимистические представления и культ природы, сохранившие черты древней мифологии.

Исследование Д. Бектияровой, посвященное цветовой символике кочевников Казахстана, раскрывает глубокие значения основных цветов в казахской культуре. Анализ фразеологических единиц, языка, мифологии и декоративно-прикладного искусства позволил выявить уникальные аспекты интерпретации цвета в контексте кочевой жизни.

Исследователи подчеркивают, что орнамент и цветовая символика выступают как код этнокультуры. В казахской культуре сформировался устойчивый «цветовой образ мира», закрепленный в языке, фольклоре, декоративно-прикладном искусстве.

Металлохроматический код (сочетание цветов, ассоциируемых с металлами — золотом, серебром, медью) также играл важную роль в цветовой культуре.

Понимание этой глубинной символики принципиально важно при проектировании современной городской среды, поскольку цветовое окружение, резко противоречащее культурным архетипам, может вызывать подсознательный дискомфорт и отторжение, особенно у молодежи, чья идентичность находится в стадии формирования.

В ноябре 2023 года проект дизайн-кода Алматы был вынесен на публичное обсуждение. Как отмечается в проекте документа, дизайн-код – это свод рекомендаций, регламентирующих обязательную визуальную составляющую элементов городского пространства: фасадов зданий и сооружений, благоустройства, вывесок, указателей, малых архитектурных форм и других элементов городской инфраструктуры, направленных на формирование целостной эстетичной архитектуры, комфортной, доступной и безопасной городской среды .

Примечательно, что в проекте представлены рекомендуемые цвета для оформления объектов в городе — это желтый, синий, зеленый, красный, коричневый, белый и черный. Как поясняется в документе: «В казахской культуре цветам придается глубокое символическое значение, отражающее мировосприятие казахского народа. Шесть основных цветов широко используются в казахских фразеологизмах и отражают мировосприятие казахов: сары (желтый), көк (синий), жасыл (зеленый), қызыл (красный), қоңыр (коричневый), ақ (белый), қара (черный)» .

Выбор именно этих семи цветов имеет глубокое психологическое обоснование. С точки зрения психологии восприятия, использование ограниченной, культурно укорененной палитры создает ощущение порядка, предсказуемости и безопасности. Закрепление традиционных цветов в дизайн-коде позволяет:

Для молодежи, наиболее чувствительной к визуальной эстетике и активно формирующей свою идентичность, внедрение культурно обоснованного дизайн-кода имеет особое значение. Современные тенденции в дизайне интерьеров и общественных пространств показывают растущий интерес к яркой, декоративной керамике, разноцветной плитке, которая придает пространству индивидуальность и настроение. Дизайнер Снежана Толкачева отмечает: «В целом все больше людей делают акцент на естественность и природу. Это связано с трендом на спокойствие, умиротворение и снижение тревожности. Визуальный шум и яркие цвета могут вызывать дискомфорт, особенно в повседневной среде». Это наблюдение подтверждает важность сбалансированных цветовых решений в городской среде для поддержания ментального здоровья.

Современные исследования показывают, что неблагоприятная цветовая среда может выступать хроническим стресс-фактором. Для молодежи, чья нервная система характеризуется повышенной чувствительностью и пластичностью, последствия могут быть особенно значительными:

Когнитивные нарушения. Длительное пребывание в монотонной цветовой среде снижает концентрацию внимания, ухудшает память, замедляет мыслительные процессы. Мозг, лишенный необходимого уровня визуальной стимуляции, переходит в режим пониженной активности.

Эмоциональные расстройства. Серо-бежевая монотонность спальных районов может провоцировать развитие депрессивных состояний, апатии, снижения жизненного тонуса. Напротив, агрессивная цветовая среда центров городов (кислотные цвета, контрастные мигающие сочетания) вызывает раздражительность, тревожность, эмоциональное истощение.

Нарушения сна. Избыток искусственного освещения и агрессивных цветовых решений в вечернее и ночное время нарушает выработку мелатонина, что особенно критично для молодежи.

Поведенческие проблемы. Исследования показывают связь между неблагоприятной визуальной средой и ростом агрессивного поведения, особенно в подростковой среде.

Зоны активации. Использование теплых, стимулирующих цветов (желтый, оранжевый, красный в дозированных количествах) в местах скопления молодежи — студенческих

Алайда Бөкей сұлтан хан лауазымын 1812 жылы ғана алды. Оның алғашқы кезде тұрақты басқару орталығы болған жоқ, ол қатардағы көшпелілер сияқты жазда Қамыс-Самар көлдерін жайлап, Каспий жағалауындағы Қасалған (Тақсалған болуы мүмкін) постысының маңына тұрақтаған. Оның інісі Шығай (Сығай) Көнеу төңірегін, ал ұлы Жәңгір «Белужья» көсесіне қыстап жүрді. Яғни, бұларда тұрақты да отырықшы орталық болған емес. Бөкей хан өлгеннен кейін (1815) Жәңгірдің жастығы мен оқуын бітірмеуіне байланысты ел билігі уақытша Сығайға көшеді. 1820 жылы ол өзіне және жеңгесіне Көнеу маңынан үй салғызып, бірте-бірте отырықшылана бастайды. 1824 жылы оқуын бітіріп, хан тағына отырған Жәңгір Көнеу мен Жамбай селосы аралығынан тұрақты қоныс орнын таңдап, өзінің ордасын салуға патшадан рұқсат сұрайды. Бірақ патша оған қазіргі Орда селосы орналасқан Жасқұс жерін беріп, ордасын салуға қазынадан 36 102 сом 73 тиын қаржы босатады.

Сол кезде хандықтың территориясы қазіргі Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Орал облысының Орда, Жәнібек, Жаңақала аудандарын, Фурманов ауданының батысын, Палласовка ауданының (Волгоград облысы) шығысын, Құмөзек, Володар және Қарабайлы аудандарындағы (Астрахань облысы) қазақ қоныстарын қамтитын. Хандықтағы қазақтардың үй саны мен рулық саны Жәңгір тұсында (30-жылдар) төмендегідей еді. Негізінен хандықтың халқы Кіші жүз рулары мен қожа, ноғай және төленгіттерден тұрған.

Байұлына қарасты Беріш руынан: Жайық, Есенғұл, Қаратоқай, Құлкеш, Бегіс, Есен, Себек, Жаңбыршы, Бесқасқа және бұлардың одан әрі бөлінген тармақтары: Тілеуке, Бөлек Жайық, Тыныс, Тушаш, Жарылғас, Қара баласы, Асанүсләк, Байтана, Отарқарашы, Күшетер, Бессары, Аққұлы, Ақтұлат, Бұнан, Шедене сияқтылар Бөкеймен бірге келген. Сол кездегі есеп бойынша қазақтардың үй-ішіндегі жан саны 5 не 6 адам деп алынған. Беріштердің үй саны (киіз үй) 3 600 болған. Беріштер Каспий жағалауын қыстап, Нарын-құм жерін жайлаған. Шеркештер: Қойыс, Шумақ, Жауғашты, Қосым, Қылышкескен, Құлақасқа, Сатай бөлімдері 2000 киіз үй құраған. Қыстаулары Каспий жағалауындағы қамыс арасында және Дүйсекұмда да, ал жайлаулары Каспийден Нарын құмына дейінгі алқапта болған.

Алаша Сары, Барамық, Қоңырбөрік, Тоқбас, Алғабас, Көбелей бөлімдерінен тұрған. Олардың 1700 үйлері қыста Қамыс-Самар мен Баршақұмда, ал жазда Өзендер мен Нарынның солтүстігінде болған. Құрамы Ботаннан өрбіген Айтымбет, Қара, Бұғанай, Құшнақ, Токсоба, Жауғашты, Құлшық, Сағай, Қоянқашты, Құдайназар бөлімдерінен тұратын Байбақтының 1980 үйлері Қамыс-Самар мен Өзендерді қыстап, Нарынның Толыбай құмын жайлаған. Қалқаман, Асан, Жиембет, Ақымбет, Қарашақ, Қарақұнан, Бессары бөлімдерінен тұратын Танаңың 850 үйлері қыста Нарынның түстігінде, ал жазда Өзендерде өткізген. Сондай-ақ 850 үйлі Жаппастар Шалтан, Қаракез, Қияқы, Досымекей, Қарақұл, Бекес, Андағұл, Сейтқұл Дүйсекұмды қыстап, жазда Нарын мен Каспий аралын мекендеген. 780 үйлі Адай (Мұғал, Тобыш, Жаман, Құнанорыс, Балықшы, Ақпан, Кеңшалбар, Тәзіке) қыста Каспий жағалауын паналап, жазда Нарынды жайлаған. 600 үйлі Ысықтар (Қадыргүл, Құтораз, Ақсары, Сары) қыстың бір бөлігін Қамыс-Самарда, қалғанын Каспийде өткізіп, Чапчачиді жайлаған. Бұл соңғы атау Азғырдың қосалқы атауы болса керек. Негізінде Чапчачи деп аталатын тұзды көл де осы жерден көп қашық емес. 650 үйлі Қызылқұрт (Соба, Имуры, Олжашы, Жаршы) Жаманқұмды және Каспий жағалауын қыстап, жазда Өзендерде көшіп-қонып жүрген. 620 үйлі Ноғайлар (Қояс, Қазанқұлақ, Қостаңбалы, Үйсін) қыста Нарынның жоғары жағын паналап, жазда Самар губерниясының Николаев уезінде көшіп-қонып жүрген. 200 үйлі Таздар (Абдал,

Шарға, Жастабан) қыста Орал қаласы шекарасына жақын жерді және Каспийді мекендеп, Нарынның түстігін жайлаған. 320 үйлі Масқарлар (Құттыке, Дам, Масак) қысы-жазы Нарын маңында көшіп-қонып жүрген. 350 үйлі Есентемірлер (Тағашы, Көн, Қаратамыз, Сулыкөз) таздармен көршілес тұрған. 400 үйлі Кете қысты Көнеу кордонында, жазды Каспий мен Нарын аралығында өткізген.

Жеті рулар (Табын 250 үй, Тама – 400 үй, Кердері – 400 үй) және сұлтандар мен қожалардың 200 үйлері, 400 үйлі төлеңгіттер жалпы халық арасында аралас тұрған. Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсында Бөкей ордасында 16 550 түтін болды [5, 4].

Жалпы алғанда Жайықтың арғы бетінен қоныс аударып келгендер тап осы аймақтан «жер ұйығына» ұшыраса алмаған сияқты, өйткені жердің ең шұрайлысын хан-сұлтандар, байлар мен қожалар өзара бөлісіп алып, жарлы-жақыбайлар мен жатақтар күнкөрісінде анау айтқан өзгеріс болмаған сияқты. Бұл әрине таптық қоғам үшін заңдылық құбылыс, өйткені Бөкей мен Жәңгір бұл жерге қара халықты көгертейін деп әкелмегені сөзсіз. Алайда барлық жағымсыз жақтары мен қайшылықтарына қарамастан бұл жаңадан құрылған Бөкей хандығы қазақ тарихындағы ерекше мемлекет еді. Оның үстем таптардың қараша халықты қанау, езу құралы болғандығына ешкімнің де таласы болмаса керек. Олай болмағанда оның мемлекеттік аппарат болуының қажеті жоқ-ты. Тіптен ол хандық болып құрылмай жатып-ақ таптық күрестің ошағына айнала бастады. Мысалы, 1804 жылы «қазақтарды әскерге алады» деген лақап тарап, халық арасында толқу пайда болды. Ал бұл жағдай Бөкейге деген халық наразылығын туғызды. 1815 жылы 14 шілдеде Байұлының төрт старшинасы және ноғайлар Астрахань казак полкінің командирі В.Скворцовқа «ерікті көшіп-қонуға жағдай жоқ, түрлі қысым көбейіп барады, сондықтан кері Жайықтың шығысына кететіндерін» айтып шағынған [6, 10]. 1827 жылы «қазақтарды Еділдің батысына көшіріп, патшаға салық төлететін етеді» деген лақап хабардың селбеуімен толқулар туып, 1000 үй кері көшіп кеткен.

Сөйтіп, Бөкей ордасында оның пайда болуынан бастап-ақ халық арасында баянды тыныштық болып көрмеген сияқты, өйткені осыдан он жылдан соң болған Исатай-Махамбет халық көтерілісінен кейін хандық толық 7-8 жыл да өмір сүре алмаған жоқ па? Алайда «өнер де құрбандықсыз қолға түспейді» демекші, бұл даланың кедей халқы зәбір-жапа шеккенмен (таптық қоғамда онсыз өмір сүру әлі кездеспей келеді) сол қиындықтардың және басқа да көрші халықтардың ықпалымен халқымыздың мәдениет саласындағы ерекше дамуын жасыруға болмайды. Тек өткенді жамандап, мәселені біржақты қарастыру ешуақытта да жақсылыққа жеткізбеген шығар. Сондықтан Жәңгір хан болған кезде (1824-1845) бұл далада болған көптеген прогресшіл өзгерістерді айтпай кету дұрыс емес сияқты. Қазақтардың отырықшылыққа көшуі, пішен дайындауды игеру, оқу-білімге ұмтылу, бүкіл қазақ жеріндегі тұңғыш қазақ тіліндегі мектептің ашылуы (1841), дәрігерлік және мал дәрігерлік шаралар (адам мен малдарды егу), дәріхананың пайда болуы, қыздар мен әйелдер арасында оқу-білімнің тарауы, қазақ интеллигенциясы мен жұмысшы табының қалыптаса бастауын Жәңгірдің білімді әрі зиялы басшы болғанын дәлелдейді.

Сондықтан Бөкей ордасының алатын орнын тек қарама-қайшылық күресі, халықты қанау ошағы ретінде ғана емес, кейбір игі істердің де ұясы болғандығы тұрғысынан қарау керек. Әсіресе, біз осы ұядан өрбіген есімдері аяулы интеллигенция мен дарынды өнер қайраткерлері, ел басқарған азаматтар мен әскери қайраткерлерді ұмыта алмаймыз. Мәдениет пен өнер иелері Құрманғазы, Шәңгерей, Мұрат Мөңкеұлы, Дәулеткерей, Естай, Дина, Үзақ, Жақия, Түркеш, Сейтек, Ығылман Шөрекұлы, Сокыр Ишан, сондай-ақ Қабыланбай, Айтас Көсепұлы, Еркінәлі, Үбі, Мәстек, Досақан Жәнібекұлы, Сарт Еділұлы, Көбек Алғаұлы, Өтеміс Қошқарұлы, Еділбай Сәрсенбіұлы, Наурызалы Қаржауұлы, Айтмағанбет Өтегенұлы, Рахметолла Бекұлы, Аманбай Кебекұлы сынды Исатай мен Махамбеттің үзеңгілес батырлары, ғалым Салық Бабажанов, ел басқарушы Мақаш Бекмұхамбетов, қолбасшы жаяу әскер генералы Ғұбайдолла Жәңгіров, қазақ арасынан тұңғыш жарып шыққандардың ішінен Қазан университетінен дәрігерлік мамандық алған М.Шолтыров пен М.Шомбалов, фельдшерлер Қ.Мамеков, Х.Шығаев және К.Боқанов, қатардағы ауыл мұғалімінен министрлікке дейін жоғарылаған С.Мендешев пен Н.Манаев, тұңғыш қазақ қыздары арасынан өнеркәсіптік

академия бітіріп, тау-кен инженері болған М.Бегалиева, көпке танымал А.Оразбаева, тұңғыш қазақ арасынан шыққан революционердің бірі М.Өтегенов, Қазақстанда тұңғыш құрылған атты полк комиссары Б.Жәнекешев осы «Алақандай Нарынның» түлектері еді.

Бөкей даласы бүкіл Қазақстанда тұңғыш жұмысшы табы қалыптасқан аймақтардың бірі болып қана қоймай, жаңа кеңестік өмірге бірінші болып көшкен өлке. Ал ғылым мен өнер, еңбектегі ерлік саласында қаншама бөкейлік қазақтар бар! Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова, Н.Жантөрин, Ә.Есқалиев, Б.Карабалина, ондаған Кеңес Одағының батырлары мен Еңбек ерлері, жүздеген ғылым қайраткерлері мен ел басқарған азаматтар осы даланың өрендері.

Осы орайда М.Қ.Жолжанов «...Еділ-Жайық аралығында соңғы екі ғасырда тұрақты өмір сүрген қазақтардың тарихы жаңаша зерттеуді талап етеді, әсіресе оның алғашқы жарты ғасырын қайталап, жаңа тұрғыдан қараса нұр үстіне нұр жауар еді, өйткені онда көптеген түсініксіз жайттар бар», – деп Еділ мен Жайық тарихы әлі де тың зерттеулерді күтетінін айтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Жолжанов. «Думаю, это было так…» «Прикаспийская коммуна», 1996, 10 сентября. С.11.

2. М.Жолжанов. Патриотизмге баулимыз. «Коммунистік еңбек» газеті. 1967 жыл №122(104). 3. М.Жолжанов. Құрманғазы. «Ана тілі» газеті 1993 жыл, 2 желтоқсан. 5-б.

4. М.Жолжанов. Когда родился Курмангазы? «Волга», 1996, 27 января. С.7.

5. М. Жолжанов. Құрманғазы, «Атырау» газеті, 1996, 30 шілде. 9-б.

6. М.Жолжанов. Қазақ атауы қайдан шыққан. – Орал. 1995. – 65 б.

7. Жолжанов М.Қ. Еділ-Жайық – екі су (қолжазба).

8. Табылдиев Х.Б., Жолжанов М.Қ. Құрманғазы Сағырбаев. – Алматы: Ғылым, 1999.

9. Жолжанов М. Дала академигі. – Алматы: Балауса баспасы, 2019.

ӘОЖ 070

ҚАЗІРГІ МЕДИАМӘТІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәкенқызы Қарақат

ksakenkyzy16@gmail.com

Журналистика және ақпарат білім бағдарламасының 2 курс студентіХ.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, магистр, сеньор-лектор – Исмурзина Г.Б.

Қазіргі таңда ақпарат тарату жылдамдығы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы медианың табиғатын едәуір өзгертіп, ақпарат алмасу үдерісін жаңа деңгейге көтерді. Бұрын газет пен теледидар негізгі ақпарат көзі болып саналса, бүгінгі күні кез келген адам интернет арқылы ақпарат алатын да тарататын да жағдайда. Мұндай өзгерістер медиамәтіннің құрылымы мен тілдік ерекшеліктеріне де тікелей әсер етті. Осыған байланысты қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стильдің ерекшеліктерін зерттеу тіл білімі мен журналистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Публицистикалық стиль – қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеруге, қоғамдық пікір қалыптастыруға және оқырманға әсер етуге бағытталған функционалдық стильдердің бірі. Бұл стиль тек ақпарат берумен шектелмей, белгілі бір оқиғаға баға беріп, оқырманның ой-пікіріне ықпал ету мақсатында қолданылады. Сондықтан публицистикалық мәтіндер әрқашан нақты мақсатпен құрылады және олардың мазмұны қоғам өмірімен тығыз байланысты болады.

Дәстүрлі публицистикада ақпараттың дәлдігі мен ресмилігі басым болса, қазіргі медиада жылдамдық пен әсер ету факторлары алдыңғы орынға шықты. Бұл өзгерісті интернет-басылымдар мен әлеуметтік желілердегі контенттен анық байқауға болады. Мысалы, жаңалық сайттарында «Елде баға тағы өсті: халық не дейді?» немесе «Күтпеген шешім: сарапшылар пікір білдірді» сияқты тақырыптар жиі кездеседі. Мұндай тақырыптар оқырманның назарын аударып қана қоймай, оны белгілі бір мәселе төңірегінде ойлануға және пікір білдіруге жетелейді.

Қазіргі медиамәтінді зерттеу барысында оның бірнеше негізгі ерекшеліктері байқалады. Ең алдымен, ақпараттың жедел берілуі. Бүгінгі оқырман ұзақ мәтін оқуға көп уақыт бөлмейді, сондықтан ақпарат қысқа әрі нақты түрде ұсынылады. Жаңалық мәтіндерінде көбінесе қысқа және қарапайым сөйлемдер қолданылады. Бұл ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік беріп, мәтіннің түсініктілігін арттырады.

Екінші маңызды ерекшелік – эмоционалдық әсердің күшеюі. Қазіргі медиада оқырманның назарын аудару үшін түрлі тілдік тәсілдер қолданылады. Мысалы, тақырыптарда әсерлі сөздер мен экспрессивті тіркестер жиі кездеседі. «Шок жаңалық», «Маңызды шешім», «Күтпеген жағдай» сияқты сөздер оқырманның қызығушылығын арттыру мақсатында пайдаланылады.

Бұл публицистикалық стильдің әсер ету қызметін күшейтеді.

Сонымен қатар қазіргі медиада автордың рөлі де өзгерді. Бұрын журналист көбіне ақпарат жеткізуші ретінде танылса, бүгінгі күні ол өз көзқарасын ашық білдіретін тұлғаға айналды. Әсіресе сараптамалық мақалалар мен блог форматындағы мәтіндерде автордың жеке пікірін анық байқауға болады. Бұл оқырманмен жақын байланыс орнатуға және қоғамдағы мәселелерге қатысты түрлі көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі медиамәтіндердің тағы бір ерекшелігі – тілдің бейресмиленуі мен қарапайымдануы. Интернет журналистикасында ауызекі сөйлеу элементтері, қысқа сөйлемдер және заманауи сөздер жиі қолданылады. Мысалы, «хайп», «тренд», «онлайн формат» сияқты сөздер публицистикалық мәтіндердің құрамына еніп кетті. Мұндай сөздер мәтінді оқырманға жақындатқанымен, кей жағдайда әдеби тіл нормаларының сақталмауына әкелуі мүмкін.

Публицистикалық стильдің маңызды белгілерінің бірі – қоғамдық-саяси лексиканың кең қолданылуы. Экономика, саясат, әлеуметтік мәселелерге қатысты терминдер медиамәтіндерде жиі кездеседі. Бұл мәтіннің мазмұнын нақтылап, оның қоғамдағы маңызын арттырады. Сонымен қатар публицистикалық стильде түрлі жанрлар қолданылады. Олардың қатарына жаңалық, репортаж, сұхбат, аналитикалық мақала, очерк және комментарий жатады. Барлық жанрлардың негізгі мақсаты – қоғамға маңызды ақпарат жеткізу.

Қазіргі медиада диалогтық элементтердің рөлі де арта түсті. Журналистер оқырманға сұрақ қойып, пікір білдіруге шақырады. Әсіресе әлеуметтік желілерде бұл үрдіс ерекше байқалады. Мысалы, «Сіз бұл туралы не ойлайсыз?» немесе «Пікіріңізді жазыңыз» деген сөйлемдер оқырманды белсенділікке шақырады. Нәтижесінде оқырман тек ақпарат қабылдаушы ғана емес, сонымен қатар пікір білдіруші тұлғаға айналады.

Жаңа медиа публицистикалық стильдің формасына да әсер етті. Қазіргі уақытта ақпарат тек мәтін түрінде ғана емес, түрлі визуалды элементтермен бірге беріледі. Қысқа посттар, бейнематериалдар, инфографика және стористер медиамәтіннің құрылымын өзгертті. Бұл тәсілдер ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, оның әсерін күшейтеді.

Дегенмен қазіргі медианың дамуы кейбір мәселелерді де туындатып отыр. Ақпараттың өте жылдам таралуы кей жағдайда оның сапасына әсер етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда тексерілмеген ақпарат жарияланып кетеді немесе эмоцияға негізделген мәтіндер объективтіліктің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан журналистер үшін ақпараттың дұрыстығын тексеру және кәсіби этиканы сақтау маңызды болып қала береді.

Жалпы алғанда, қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стиль жеделдік, ықшамдылық және әсер ету қасиеттерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар авторлық позицияның айқын көрінуі мен оқырманмен тікелей байланыс орнату да оның басты белгілерінің бірі болып табылады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда медиамәтін жазудың маңызы ерекше артып отыр. Медиамәтін – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын, қоғамдағы маңызды оқиғалар мен құбылыстар туралы ақпарат беретін мәтін түрі. Ол тек ақпарат жеткізіп қана қоймай, қоғамдық пікірдің қалыптасуына, әлеуметтік мәселелердің талқылануына және адамдардың белгілі бір оқиғаға қатысты көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда медиамәтін қоғам мен аудитория арасындағы маңызды байланыс құралы болып табылады.

Бүгінгі күні медиамәтін тек дәстүрлі баспасөз құралдарында ғана емес, интернет басылымдарында, әлеуметтік желілерде, блогтарда және түрлі мультимедиялық платформаларда кеңінен қолданылады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы медиамәтіннің мазмұны мен құрылымына да өзгерістер енгізді.

Медиамәтін жазу барысында белгілі бір кәсіби талаптарды сақтау аса маңызды. Ең алдымен, ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы басты талаптардың бірі болып табылады. Журналист немесе автор ақпаратты жарияламас бұрын оның дұрыстығын тексеріп, сенімді дереккөздерге сүйенуі тиіс. Екінші маңызды талап – тілдің түсініктілігі мен қарапайымдылығы. Медиамәтін кең аудиторияға арналғандықтан, мәтін мүмкіндігінше түсінікті тілде жазылуы қажет. Сонымен қатар медиамәтін жазуда объективтілік қағидатын сақтау да маңызды. Журналист белгілі бір мәселені біржақты көрсетпей, оны жан-жақты қарастырып, түрлі пікірлер мен көзқарастарды ұсынуы тиіс.

Қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стильдің дамуын толық түсіну үшін оның цифрлық ортадағы жаңа трансформацияларына да назар аудару қажет. Соңғы жылдары медиа кеңістікте алгоритмдік жүйелердің (әлеуметтік желілер мен жаңалық платформаларының ұсыным жүйелері) ықпалы күшейіп, публицистикалық мәтіндердің құрылымы мен мазмұнына тікелей әсер ете бастады.

Яғни, мәтін енді тек оқырман үшін ғана емес, сонымен қатар алгоритмдерге де бейімделіп жазылады. Бұл құбылыс тақырып қою (headline), кілт сөздерді қолдану және мәтіннің құрылымын жоспарлау тәсілдеріне өзгеріс енгізді. Мысалы, SEO (Search Engine Optimization) талаптарына сәйкес тақырыптар нақты, іздеуге ыңғайлы әрі сұранысқа ие сөздерден құралады. Нәтижесінде публицистикалық стильде ақпараттық және техникалық элементтердің өзара кірігуі байқалады.

Сонымен қатар қазіргі медиамәтінде мультимодальдылық принципі кеңінен қолданылады. Бұл – ақпараттың бір мезгілде бірнеше форматта (мәтін, аудио, видео, графика) ұсынылуы. Мұндай тәсіл оқырманның ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, публицистикалық стильдің әсер ету мүмкіндігін арттырады. Мысалы, аналитикалық мақалаға инфографика немесе қысқа бейнеролик қосу арқылы автор күрделі мәліметтерді ықшам әрі түсінікті түрде жеткізе алады. Бұл публицистикалық стильдің тек тілдік құралдармен шектелмей, визуалды-коммуникативтік сипатқа ие бола бастағанын көрсетеді.

Тағы бір маңызды үрдіс – деректер журналистикасының (data journalism) дамуы. Қазіргі медиамәтіндерде нақты статистикалық мәліметтерге, зерттеу нәтижелеріне және сандық көрсеткіштерге сүйену жиілеп отыр. Бұл публицистикалық стильдің дәлелділік сипатын күшейтіп, мәтіннің сенімділігін арттырады. Деректерге негізделген публицистикада ақпарат тек баяндалып қана қоймай, талданып, салыстырылып, визуалданады. Нәтижесінде оқырман тек ақпарат алып қоймай, оны тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Сондай-ақ қазіргі медиамәтінде фактчекинг мәдениеті ерекше маңызға ие болып отыр. Ақпараттың жылдам таралуы жағдайында жалған ақпараттың (фейк жаңалықтардың) көбеюі публицистикалық стильге жаңа талаптар қойды. Журналистер мәтін жазу барысында ақпараттың шынайылығын тексеруге, дереккөздердің сенімділігін анықтауға және аудитория алдында жауапкершілікті сақтауға міндетті. Бұл өз кезегінде публицистикалық стильдің сапалық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі медиамәтіндерде аудитория сегментациясы да маңызды рөл атқарады. Әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған контенттің тілдік ерекшеліктері де әртүрлі болады. Мысалы, жастар аудиториясына арналған мәтіндерде бейресми стиль, қысқартылған сөздер мен заманауи сленг жиі қолданылса, ресми немесе сараптамалық аудиторияға бағытталған

материалдарда ғылыми-публицистикалық элементтер басым келеді. Бұл публицистикалық стильдің икемді әрі көпқырлы екенін дәлелдейді.

Бұдан бөлек, қазіргі медиамәтінде персонализация үрдісі байқалады. Ақпарат нақты бір аудиторияның қызығушылығы мен сұранысына бейімделіп ұсынылады. Бұл публицистикалық мәтіндердің мазмұнын дараландырып, оқырманмен эмоционалдық және психологиялық байланыс орнатуды күшейтеді. Автор оқырманның қажеттілігін ескере отырып, мәтіннің құрылымын, тілін және мазмұнын соған сәйкес құрастырады.

Қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стильдің ерекшеліктерін нақты мысал арқылы талдау оның тілдік және құрылымдық сипатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысал ретінде жаңалық сайттарында жиі кездесетін келесі тақырыпты қарастыруға болады: «Баға тағы қымбаттады: сарапшылар не дейді?». Аталған медиамәтін тақырыбының өзінен публицистикалық стильдің бірнеше белгілерін байқауға болады. Ең алдымен, мұнда ақпараттық және әсер ету қызметі қатар көрініс тапқан. «Баға тағы қымбаттады» деген бөлігі нақты ақпарат берсе, «сарапшылар не дейді?» деген сұраулы құрылым оқырманның қызығушылығын оятып, оны мәтінді толық оқуға жетелейді. Бұл – қазіргі медиада кең таралған тәсілдердің бірі.

Мәтіннің кіріспе бөлігінде, әдетте, мәселенің мәні қысқа әрі нақты түрде беріледі: «Соңғы айда азық-түлік бағасы 10%-ға өсті. Бұл жағдай халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етуде». Мұнда статистикалық дерек қолданылып, ақпараттың нақтылығы мен сенімділігі күшейтілген. Бұл публицистикалық стильдің дәлелділік қасиетін көрсетеді.

Негізгі бөлімде әртүрлі дереккөздерге сүйену арқылы мәселе жан-жақты ашылады. Мысалы: «Экономистердің пікірінше, бағаның өсуіне импорттың қымбаттауы себеп болған». Сонымен қатар қарапайым халықтың пікірі де берілуі мүмкін: «Тұрғындардың айтуынша, күнделікті қажетті тауарлардың бағасы айтарлықтай өскен». Бұл жерде публицистикалық стильдің тағы бір маңызды ерекшелігі – көпшілік пікірін қамту, яғни мәтіннің әлеуметтік бағыттылығы көрінеді.

Мәтінде эмоционалдық элементтер де кездеседі. Мысалы, «халықтың наразылығы артып келеді», «қымбатшылық қалтаға салмақ салды» сияқты тіркестер оқырманға әсер ету мақсатында қолданылған. Бұл публицистикалық стильдің экспрессивтік қызметін күшейтеді.

Сонымен қатар мәтін соңында жиі қорытынды немесе болжам беріледі: «Сарапшылардың айтуынша, бағаның өсуі алдағы уақытта да жалғасуы мүмкін». Бұл оқырманға болашаққа қатысты ой тастап, мәселенің өзектілігін арттырады.

Аталған мысалдан қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стильдің негізгі белгілерін анық көруге болады. Атап айтқанда, ақпараттың жедел әрі ықшам берілуі, тақырыптың назар аудартуға бағытталуы, статистикалық деректердің қолданылуы, түрлі пікірлердің берілуі және эмоционалдық әсердің болуы – барлығы да бүгінгі медиа кеңістіктегі публицистикалық мәтіндердің басты ерекшеліктері болып табылады.

Осылайша, қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стиль тек дәстүрлі тілдік нормалармен ғана шектелмей, цифрлық технологиялар, визуалды коммуникация, деректер талдауы және аудиториямен интерактивті байланыс сияқты жаңа элементтермен толықтырылып отыр. Бұл оның үнемі дамып, өзгеріп отыратын күрделі әрі көпқабатты құбылыс екенін тағы да дәлелдейді.

Қазіргі медиакеңістікте медиамәтін мен публицистикалық стиль өзара тығыз байланысты ұғымдар болып табылады. Медиамәтін – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын ақпараттық мәтіндердің жалпы атауы болса, публицистикалық стиль сол мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін айқындайтын негізгі құралдардың бірі болып саналады.

Медиамәтіндер негізінен қоғамға маңызды ақпаратты жеткізеді, қоғамдық пікір қалыптастырып, белгілі бір мәселелерге назар аудартады. Ал публицистикалық стиль осы мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазіргі медиамәтіндегі публицистикалық стиль үнемі өзгеріп отыратын динамикалық құбылыс болып табылады. Цифрлық технологиялардың дамуы бұл стильдің жаңа формаларының пайда болуына ықпал етті. Оның негізгі ерекшеліктеріне

ақпараттың жедел берілуі, мәтіннің ықшамдылығы, эмоционалдық әсердің күшеюі, авторлық позицияның айқын болуы және оқырманмен интерактивті байланыс орнату жатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарова Т. Қазіргі медиамәтіннің тілдік ерекшеліктері. – Нұр-Сұлтан, 2020.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Қошанова Ж.Т. Журналистика мамандығына арналған мәтіндік жаттығулар жинағы. – Алматы: Отан, 2015.

ӘОЖ 323.1:316.42:004

ЖАҺАНДАНУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЗАМАНЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ

Сәуірбай Гүлназ Ерболқызы
Gulnazsauirbay1@gmail.com
«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Қазіргі XXI ғасыр – технологиялық революция мен ақпараттық ағындардың үстемдік құрған кезеңі. Әлем елдері арасындағы шекаралар шартты сипатқа ие болып, мәдениеттер, ақпараттар мен идеялар еркін алмасатын жаһандық кеңістік қалыптасты. Бұл өзгерістердің негізгі қозғаушы күштері – жаһандану мен цифрландыру. Осы екі үдеріс адамзат өркениетінің дамуына тың серпін бергенімен, ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтау мәселесін де алдыңғы қатарға шығарды.

Қазақстан да бұл жаһандық үдерістерден тыс қалған жоқ. Елдің стратегиялық даму бағытында цифрлық технологияларды енгізу, жасанды интеллектіні пайдалану, ақпараттық инфрақұрылымды дамыту маңызды міндеттер ретінде қарастырылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында цифрландыру мен технологиялық жаңғыру ел дамуының негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті [1]. Алайда технологиялық прогрестің қарқыны ұлттық мәдениеттің сақталуына қатысты күрделі сұрақтар туындатады. Бұл мақаланың мақсаты – жаһандану мен цифрландырудың Қазақстан қоғамындағы ұлттық болмысқа әсерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау және оны сақтаудың тиімді механизмдерін ұсыну.

Жаһандану – әлем мемлекеттерінің экономикалық, саяси, мәдени және ақпараттық тұрғыдан өзара тығыз байланысқа түсу процесі. Бұл үдеріс халықтарды жақындастырып, түрлі мәдениеттердің бір-бірімен ықпалдасуына мүмкіндік береді. Әйгілі әлеуметтанушы Мануэль Кастельс өзінің «Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет» атты іргелі еңбегінде ақпараттық қоғамда желілік құрылымдардың қалыптасып, мәдени ықпалдастықтың бұрын-соңды болмаған дәрежеде күшейетінін көрсетті [3]. Кастельс бойынша, ақпараттық технологиялар тек экономикалық өсудің ғана емес, сонымен бірге мәдени коды өзгертудің де негізгі құралына айналады.

Осының нәтижесінде адамдар шетелдік өмір салтын, мәдениетін, құндылықтарын тез қабылдай бастайды. Әсіресе жастар арасында бұл құбылыс айқын байқалады. Бір жағынан, бұл – заман талабы. Алайда бұл үдерістің екінші қыры да бар: ұлттық тілдің қолданыс аясының тарылуы, дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі, мәдени ерекшеліктің көмескіленуі. Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде ұлттық сананы жаңғыртудың маңызын ерекше атап өтіп, "бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін өзіміздің мәдени кодымызды сақтауымыз керек" деген тұжырым жасады [4].

Цифрландыру – ақпаратты сандық форматқа көшіру және оны сақтау, өңдеу, тарату үдерісі. Қазіргі кезеңде цифрландыру тек технологиялық өзгеріс емес, сонымен қатар қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымына ықпал ететін мета-факторға айналды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұсынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында: "Цифрлық трансформация – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырады" деп көрсетілген [2].

Гуманитарлық тұрғыдан алғанда, ұлттық болмыс – бұл тек тіл немесе дәстүр ғана емес. Ол – халықтың дүниетанымы, тарихи жады, мәдени коды, рухани құндылықтары.

Қазақ ұлттық мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеудің негізін салушылардың бірі – Шоқан Уәлиханов. Оның еңбектерінде қазақ халқының шежіресі, эпостық жырлары, салт-дәстүрлері мен шаруашылық өмірі жан-жақты қамтылып, қазақ және қырғыз халықтарының рухани мәдениетіндегі ортақ белгілер мен өзіндік ерекшеліктер ғылыми тұрғыда тұңғыш рет айқындалды. Қазіргі зерттеулерде Уәлиханов мұрасын лингвомәдениеттану, этнография, фольклортану тұрғысынан қайта зерделеу жұмыстары жалғасуда [5].

Әлкей Марғұлан – археология, этнография, тарих, әдебиеттану салаларын тоғыстырған ірі ғалым. Оның еңбектерінде қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасы, қола дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі мәдени сабақтастық мәселелері зерттелген. Марғұланның археологиялық зерттеулері мен тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі еңбектері ұлттық мәдениетті сақтаудың ғылыми негізін қалады [6].

Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті сақтау мәселелері арнайы ғылыми жобалар аясында кешенді түрде зерттелуде. Осындай іргелі еңбектердің бірі – 2025 жылы жарық көрген «Күретамыр» монографиясы (авторлар: А.Ш.Жамашев, Д.Жомарт, Е.К.Мажен). Бұл еңбекте XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы, дәстүрлері мен тарихи процестері жаңа тұрғыдан қарастырылып, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рухани мұраның рөліне ерекше назар аударылған [7].

Сондай-ақ этнограф Архам Ысқақовтың (1885-1962) «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазбасы қазақтың дәстүрлі өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, тәрбиелік мәнін жан-жақты сипаттайтын бірегей дереккөз ретінде танылып, ҚР Мемлекеттік орталық музейі қоры негізінде ғылыми айналымға енгізілуде [8].

Қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов ұлттық мәдениетті сақтау әрбір азаматтың парызы екенін атап өткен [10]. Оның пікірінше, мәдениеттің сабақтастығы үзілсе, ұлттың өзі де тарих сахнасынан кетуі мүмкін.

Қазіргі цифрлық дәуірде бұл мәселе жаңа қырларымен көрініс табуда. Әлемдік БАҚ кеңістігінде ағылшын тілінің үстемдігі, батыстық тұтыну мәдениетінің кеңінен таралуы ұлттық мәдениеттерді шеткері ығыстыруда. Осы ретте ЮНЕСКО-ның "Мәдени жаһандану және бірегейлік" (Cultural Globalization and Identity) есебінде атап көрсетілгендей, мәдени әртүрлілікті сақтау – тек ұлттық емес, жаһандық міндет [9].

Қазақстандағы өңірлік БАҚ беттерінде де цифрландырудың осынау екі жақты әсері жиі талқыланып келеді. Атырау газеті сайтында жарияланған материалдардың бірінде 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы елдегі технологиялық дамудың жаңа кезеңге өткенін көрсетеді [11]. Бұл бастама цифрлық инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, қоғам санасын жаңғыртуға бағытталған. Яғни, цифрландыру тек техникалық құрал емес, ол – ұлттық дамудың стратегиялық бағыты ретінде танылады.

Сонымен қатар осы басылымда цифрландыру мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ететіні атап өтіледі [12]. Бұл – цифрлық технологиялардың күнделікті өмірге толық енгенінің дәлелі. Электронды үкімет порталы, онлайн қызметтер, цифрлық құжат айналымы сияқты жүйелер уақытты үнемдеп, тиімділікті арттырды. Алайда осындай қарқынды өзгерістер ұлттық болмысқа да әсер етуде. Әсіресе ақпараттық кеңістікте шетелдік контенттің басымдығы байқалады. Бұл жағдай отандық мәдени өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Ұлттық деңгейдегі беделді басылымдардың бірі «Егемен Қазақстан» газеті де қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді кеңінен талдап келеді. Басылым беттерінде ел өңірлерінің дамуы, мәдени саясат, ұлттық құндылықтар мәселелері жиі көтеріледі. Мысалы, өңірлік даму туралы жарияланымдарда экономикалық өзгерістермен қатар мәдени кеңістіктің де трансформациясы жүріп жатқаны көрсетіледі [13]. Бұл деректер бізге цифрландыру мен жаһанданудың Қазақстанның барлық өңірлерінде біркелкі жүріп жатқанын, бірақ оның әсерінің әртүрлі екенін байқатады.

Цифрлық кеңістікте ұлттық мәдениетті сақтаудың тиімді жолдарының бірі – медиа арқылы насихаттау. Қазіргі таңда Instagram, TikTok, YouTube платформаларында қазақ тіліндегі контент жасаушылар көбейіп келеді. Бұл контенттердің қатарында ұлттық тағамдарды таныстыратын видеолар, салт-дәстүрді түсіндіретін қысқа роликтер, қазақ тілін үйрететін блогтар бар. Бұл – дәстүрлі мәдениеттің жаңа форматта жалғасуы. Бұрын тек кітап немесе ауызша таралған дүниелер енді цифрлық өнімге айналып, миллиондаған аудиторияға жол табуда.

Осыған байланысты ғалым Г.Әбдірайымованың «Цифрлық антропология» атты зерттеуінде: «Жаңа медиа дәстүрлі мәдениеттің трансляциялану механизмін түбегейлі өзгертті. Қазір мәдени мұраны жастарға жеткізудің ең тиімді жолы – оны олардың күнделікті пайдаланатын цифрлық ортасына интеграциялау» [14] деген тұжырым жасалады.

Сонымен қатар цифрлық архивтердің дамуы да маңызды. Қазақстанның ұлттық кітапханалары мен мұрағаттары тарихи мұраларды сандық форматқа көшіріп, көпшілікке қолжетімді етуде. ЮНЕСКО деректерінде мәдени мұраны цифрландыру оның сақталуы мен таралуына мүмкіндік беретіні көрсетілген [9]. Бұл процесс мәдени мұраны физикалық жойылу қаупінен сақтап қана қоймай, оны әлемдік аудиторияға танытуға да септігін тигізеді.

Жаһандану жағдайында тағы бір маңызды мәселе – тіл. Әріптес Лотманның семиосфера теориясы бойынша, тілдің өміршеңдігі оның ақпараттық кеңістіктегі орнына тікелей байланысты. Егер тіл цифрлық ортада қолданылмаса, оның қолданыс аясы тарылып, семиотикалық маңызы төмендейді. Сондықтан қазіргі таңда қазақ тілін IT саласына енгізу, жасанды интеллект жүйелеріне бейімдеу маңызды бағытқа айналып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық болмысты сақтау үшін тек дәстүрді қорғау жеткіліксіз. Оны заманауи технологиялармен үйлестіру қажет. Қазақ тіліндегі мобильді қосымшалар, ұлттық ойындардың цифрлық нұсқалары, онлайн білім беру курстары сияқты құралдар жастарды ұлттық мәдениетке жақындатудың тиімді тетіктері бола алады.

Қазақстанның цифрлық трансформациясы мемлекеттік басқарудан білім беруге, денсаулық сақтаудан мәдениетке дейінгі барлық саланы қамтыды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында елімізде 200-ден астам цифрлық сервис іске қосылды. Алайда бұл үдеріс мәдени өзгерістерге де әкелді.

Қазақстан Республикасында 2025 жылдың қаңтар айының статистикасы бойынша көпшілікке қолжетімді 3920 кітапхана бар екен. Мысалы, бұрын кітапханалар мен клубтарда жүзеге асқан мәдени іс-шаралар қазір онлайн форматқа көшті. Бұл бір жағынан қолжетімділікті арттырса, екінші жағынан тікелей байланыс пен салт-дәстүрдің тірідей орындалуын азайтты. Ата-ана мен бала арасындағы мәдени сабақтастықта цифрлық делдалдар пайда болды.

Әлеуметтанушы М.Шайхыметовтің зерттеуі бойынша, қазақстандық жастардың 70%-дан астамы мәдени ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Осының арқасында ұлттық мәдениеттің бейнесі қайта құрылып жатыр. Бұл процесс стихиялы түрде жүріп жатқандықтан, оны басқару және бағыттау қажеттілігі туындайды [15].

Қорытындылай келе, жаһандану мен цифрландыру – тоқтатуға болмайтын объективті үдерістер. Олар қоғамның дамуына жаңа мүмкіндіктер әкеледі. Алайда бұл үдерістер ұлттық болмысқа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан ең басты міндет – осы өзгерістерге бейімделе отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу.

Цифрландыру мен жаһандану қазіргі қазақстандық қоғамның даму векторын айқындап отыр. Бұл үдерістер экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп,

мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырды. Дегенмен, олардың мәдени саладағы әсері екіұшты.

Бір жағынан, цифрлық технологиялар ұлттық мәдениетті сақтауға, оны жаңа форматта таратуға және жаһандық аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, ақпараттық кеңістіктегі батыстық контенттің үстемдігі, тілдік және мәдени ассимиляция қаупі ұлттық болмыстың эрозиясына әкелуі мүмкін.

Ұлттық болмыс – өткеннің сарқыншағы емес, ол – болашақтың негізі. Егер қоғам өз мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтай алса, онда ол кез келген жаһандық өзгерістерге төтеп бере алады. Ал цифрландыру осы жолда тиімді құралға айналуы тиіс. Демек, ұлттық рухты сақтай отырып, заман талабына сай даму – бүгінгі қоғамның басты міндеті.

Мемлекет тарапынан мәдени саясатты қалыптастыруда цифрлық ортадағы ұлттық контентті қолдау, қазақ тілінің IT-ортадағы орнын нығайту, медиа сауаттылықты арттыру бағыттарындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажет. Сонда ғана біз жаһанданудың жағымды жақтарын пайдалана отырып, өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап, оны жаңа заманғы форматта дамыта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2023.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018.
3. Мануэль Кастельс. Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет. – Алматы, 2010.
4. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. – 384 б.
6. Марғұлан Ә. Қазақ халқының мәдени мұрасы: таңдамалы еңбектер. – Алматы: Алаш, 2020. – 456 б.
7. Жамашев А.Ш., Жомарт Д., Мажен Е.К. Күретамыр: XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы. – Алматы, 2025. – 320 б.
8. Ысқақов А. Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана: қолжазба. ҚР Мемлекеттік
9. UNESCO. Cultural Globalization and Identity. – Paris, 2019.
10. Әбдіжәміл Нұрпейісов. Ұлттық мәдениет және руханият. – Алматы, 2012.
11. Атырау газеті. «2026 жыл – цифрландыру және ЖИ жылы» мақаласы. – 2026.
12. Атырау газеті. Цифрландыру және мемлекеттік қызмет сапасы туралы материал. – 2026.
13. Егемен Қазақстан. Өңірлік даму және мәдени трансформация туралы мақала. – 2026.
14. Әбдірайымова Г. Цифрлық антропология: мәдениет және коммуникация. – Алматы, 2022.
15. Шайхыметов М. Қазақстан жастарының мәдени тұтынуы: цифрлық контекст // Әлеуметтану альманахы. – 2024. – №2. – Б. 45-52.

ӘОЖ 911.3:94(574)

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ ӨҢІРЛІК ТАРИХИ ТАНЫМ КОНТЕКСІНДЕ

Сайранова Мөлдір Сайранқызы
sairanova16@mail.ru
7М01601 – «Тарих» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) – Аман Ә. Б.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстан өңірінің тарихи географиясын танып-білуде маңызды дереккөздер қатарына жатады. Бұл еңбектерде өңірдің табиғи-географиялық жағдайы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі, қоныстану жүйесі, халықтың шаруашылығы және ру-тайпалық құрамы өзара байланыста сипатталып, аймақтың тарихи кеңістігі туралы кешенді түсінік қалыптастырады. Сондықтан мұндай еңбектердің маңызы тек нақты тарихи мәлімет беруімен ғана шектелмейді, сонымен бірге Батыс Қазақстанның өңірлік тарихи танымын тереңдететін ғылыми негіздердің бірі ретінде де көрінеді.

Қазіргі гуманитарлық зерттеулерде тарихи кеңістік оқиғалар өткен аумақ ретінде ғана емес, әлеуметтік қатынастар, шаруашылық тәжірибе, этникалық құрылым және тарихи жад тоғысқан күрделі орта ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі Батыс Қазақстанның тарихи географиялық сипаттамалары өңірдің өткенін кеңістік арқылы пайымдауға, оның тарихи болмысын неғұрлым тұтас түсіндіруге мүмкіндік береді. Әсіресе әкімшілік құрылым, көш жолдары, жайылымдық аумақтар, ру-тайпалардың орналасу ерекшеліктері мен шаруашылық бейіні жөніндегі мәліметтер өңірдің ішкі тарихи логикасын ашуға қызмет етеді.

Мақаланың мақсаты – XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі Батыс Қазақстанның тарихи географиялық сипаттамаларын талдау арқылы олардың өңірлік тарихи танымды қалыптастырудағы маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін Батыс Қазақстанның әкімшілік-аумақтық ұйымдасуы, шаруашылық кеңістігі және жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымы туралы мәліметтер жүйеленіп қарастырылады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау, жинақтау және тарихи географиялық сипаттау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеу нәтижесінде XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның әкімшілік, шаруашылық және этноәлеуметтік қырлары өзара сабақтасқан тұтас тарихи кеңістік ретінде сипатталғаны анықталды.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерін осы қырынан қарастырудың маңызы олардың тек сипаттамалық материал қалдырғанында емес, өңірдің тарихи кеңістігін бірнеше деңгейде бейнелегенінде жатыр. Бұл еңбектерде Батыс Қазақстан табиғи орта ретінде ғана емес, сонымен бірге билік ықпалы таралған, көші-қон қозғалысы реттелген, шаруашылық бейімделу тетіктері қалыптасқан және этноәлеуметтік құрылым орныққан күрделі аймақ ретінде көрінеді. Сондықтан мұндай деректерді талдау өңір тарихын кеңістікпен сабақтастықта түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми тәсілдердің бірі болып табылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тарихи географиясы, ең алдымен, әкімшілік тұрғыдан құрылымдалған және империялық билік ықпалына біртіндеп тартылған кеңістік ретінде пайымдалады. Егер XVIII ғасырдағы еңбектерде өңір туралы мәліметтер көбіне табиғи нысандарды бағдарлау, экспедициялық маршруттарды белгілеу және далалық бақылауларды тіркеу аясында берілсе, XIX ғасырда кеңістікке деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, ол басқарылатын кеңістік, межеленетін аумақ және құқықтық-әкімшілік реттеуге түсетін өңір ретінде сипаттала бастады. Соған сәйкес шекараларды нақтылау, ведомствоаралық межелерді белгілеу, шептік инфрақұрылымды

орнықтыру, халықты есепке алу және алым-салық салу тәрізді тетіктер тарихи географиялық сипаттамалардың мазмұндық өзегіне айналды. Сондықтан бұл кезең деректері Батыс Қазақстанды тек табиғи орта аясында ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен кеңістіктік ұйымдасу формалары тоғысқан күрделі тарихи өңір ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

А. И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» атты еңбегінде қазақ даласының шекаралары табиғи бағдарлар мен әскери-әкімшілік нүктелерді сабақтастыра сипаттау арқылы көрсетіледі. Автор солтүстік шепті бекіністер тізбегі мен өзен арналары арқылы айқындайды [1, 2–4 бб.]. Мұндай баяндау үлгісі Батыс Қазақстан кеңістігінің бастапқыда табиғи шептер мен әскери тірек желілері негізінде танылғанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, Левшин еңбегі өңірдің тарихи кеңістігінің қандай географиялық және әкімшілік белгілер арқылы түсіндірілгенін айқындайтын құнды дереккөз болып табылады. Мұнда шекара картографиялық сызық деңгейінде ғана көрінбей, кеңістікті реттеу мен игерудің бастапқы қағидаттарының бірі ретінде мән алады.

И. Ф. Бларамберг еңбектерінде бұл үрдіс анағұрлым жүйелі сипатқа ие болады. «Военно-статистическое обозрение Российской империи» жинағындағы «Оренбургская губерния» бөлімінде өңір бекіністер, форпосттар, қатынас жолдары және табиғи бағдарлар арқылы өзара байланысқан әскери-әкімшілік кеңістік түрінде берілген [2, 99 б.]. Бұл мәліметтер Батыс Қазақстанды табиғи-географиялық орта ретінде ғана емес, инфрақұрылымдық тіректер арқылы басқарылатын және бақылау жүйесіне енгізілген аймақ ретінде ұғынуға негіз қалайды. Соның нәтижесінде Бларамберг сипаттамалары шептік желі мен әкімшілік ұйымдасудың өңірдің тарихи географиялық келбетін қалыптастырудағы айқындаушы рөлін көрсетеді.

Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты еңбегі Батыс Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық өзгерістердің нақты мазмұнын ашуда ерекше мәнге ие. Автор Жаңа линияның салынуына байланысты қазақтардан 4 млн 300 мың десятина жердің алынғанын көрсетеді [3, 10–11 бб.]. Бұл мәлімет әкімшілік межелеудің жай ғана картадағы түзету емес, өңірдің әлеуметтік және шаруашылық құрылымына тікелей ықпал еткен тарихи құбылыс болғанын дәлелдейді. Жер қорының қысқаруы жайылым мен су көздеріне қолжетімділікті шектеп, маусымдық көш жолдарының өзгеруіне, шеп бойындағы казак қоныстарымен жанасудың күшеюіне және жерді пайдалану төңірегіндегі қайшылықтардың тереңдеуіне алып келді [3, 10–11 бб.]. Осыған байланысты әкімшілік шекаралар Батыс Қазақстанның тарихи географиясында шаруашылық кеңістікті қайта ұйымдастыратын фактор ретінде көрініс табады.

Мейер еңбегінде қазақ даласының Орынбор ведомствосына қарасты аумағын Батыс, Орта және Шығыс бөліктерге бөлуге қатысты мәліметтер де маңызды орын алады [3, 11–12 бб.]. Мұндай ішкі әкімшілік бөліністердің мақсаты кеңістікті тиімдірек басқару, халықты жүйелі түрде есепке алу және империялық бақылауды күшейту болғаны аңғарылады. Н. И. Красовскийдің Аман-Қарағай приказының ашылуы мен арғындардың бір бөлігінің Сібір ведомствосына өтуі туралы мәліметтері ведомствоаралық межелеудің нақты әлеуметтік-әкімшілік салдарын айқын көрсетеді [4, 105 б.]. Осы деректерді талдау XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тек рулық қоныстану кеңістігі ретінде емес, әртүрлі басқару тәртіптері мен ықпал аймақтары қиылысқан әкімшілік өңір ретінде бейнеленгенін көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші ширегінде орныққан дистанциялар жүйесі де кеңістікті ұсақ басқару бірліктеріне жіктеу арқылы әкімшілік бақылауды тереңдетудің маңызды құралына айналды. Бұл жүйе халық санағын жүргізуге, алым-салық жинауға және көші-қон қозғалысын реттеуге бағытталды. И. Казанцев дистанциялар санының 54-ке жеткенін көрсетеді [5, 62 б.]. Мұндай басқару құрылымы көшпелі қоғамның дәстүрлі кеңістікпен байланысын әлсіретіп, оны империялық әкімшілік механизмдерге тәуелді етудің нақты тәсілі болды. В. В. Григорьев дистанциялар аумақтарының біркелкі бөлінбегенін және олардың кеңістіктік тұтастығы сақтала бермегенін атап өтеді [6]. Бұл жағдай өңір кеңістігінің жоғарыдан жобаланған басқару

үлгісіне бағындырылғанымен, іс жүзінде көптеген қайшылықтар мен сәйкессіздіктер туғызғанын аңғартады.

Бөкей Ордасының мысалы Батыс Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық құрылымның аймақтық ерекшеліктерін тереңірек ашып көрсетеді. Ішкі Орда аумағының құқықтық тұрғыдан шектелуі, жер пайдалану тәртібінің нақты регламенттелуі және жайылымдық қорлардың әкімшілік шекаралармен сабақтастырыла қарастырылуы бұл өңірде билік пен шаруашылықтың өзара тығыз байланыста болғанын дәлелдейді [7, 3 б.]. П. Небольсин еңбегіндегі хандық орталықтың қалыптасуына қатысты мәліметтер де Ішкі Орданың әкімшілік орталықтандыру үдерісіне тартылғанын айғақтайды [8]. Соның нәтижесінде Батыс Қазақстан кеңістігі әртүрлі құқықтық режимдер, басқару тәжірибелері және шаруашылық мүмкіндіктер қатар әрекет еткен күрделі тарихи аймақ ретінде көрінеді.

Осы материалдардың жиынтығы Батыс Қазақстан кеңістігінің XIX ғасырда біртекті аумақ болмағанын көрсетеді. Оның әр бөлігінде әкімшілік бақылау деңгейі, құқықтық тәртіп сипаты, шептік инфрақұрылымның тығыздығы және жер пайдалану режимі әртүрлі болды. Мұндай айырмашылықтар өңірдің тарихи географиясын түсіндіруде ерекше маңызды, өйткені олар кеңістіктің тек картадағы шекаралармен емес, нақты басқару тәжірибесімен, қозғалыс еркіндігімен және ресурстарға қолжетімділік деңгейімен айқындалғанын аңғартады.

Осылайша, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанның тарихи географиясы табиғи орта, шептік инфрақұрылым, әкімшілік межелер және шаруашылық кеңістік өзара сабақтасқан тұтас өңірлік жүйе ретінде сипатталады. Бұл еңбектердегі әкімшілік-аумақтық бөлініске қатысты мәліметтер өңірдің кеңістіктік ұйымдасуын, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін және империялық басқару тетіктерінің жергілікті ортаға тигізген ықпалын тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Сол себепті олар Батыс Қазақстанның өңірлік тарихи танымын қалыптастыруда айрықша маңызға ие деректік негіздердің бірі болып табылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстан тұрғындарының шаруашылық өмірі табиғи ортаға бейімделген кеңістіктік жүйе ретінде сипатталады. Бұл еңбектерде шаруашылық тек кәсіп түрлерінің жиынтығы ретінде емес, маусымдық көші-қон, жайылым мен суаттардың орналасуы, қыстау мен жайлау кеңістігінің ерекшеліктері, сондай-ақ ресурстарды пайдаланудың құқықтық тәртібімен сабақтастықта қарастырылады [3], [7]. Осыған байланысты өңірдің тарихи географиясын түсіндіруде шаруашылық кеңістігі негізгі ұғымдардың біріне айналады.

Л. Мейер мен И. Ф. Бларамберг еңбектері көшпелі шаруашылықтың кеңістіктік ұйымдасуын ашатын негізгі дереккөздер болып табылады. Олардың мәліметтерінде көшу бағыттары мен ұзақтығы, қыстау орындары, мал түлігінің таралуы және маусымдық шаруашылық ырғағы өзара байланыста көрсетілген [3], [7]. Орынбор ведомствосы қазақтарында көшпелі мал шаруашылығы басым болып, оның негізін жыл бойғы табиғи тебінге сүйенген мал бағу жүйесі құрады [3, 133 б.]. Бларамберг жекелеген ру топтарының көш жолдары өте ауқымды болғанын, кей жағдайда бірнеше мың шақырымға дейін созылғанын көрсетеді [7]. Бұл көші-қон бағыттары өзен аңғарлары, құмды алқаптар мен маусымдық жайылымдарға қолайлы өңірлерге тәуелді қалыптасты.

Көш ауқымы барлық топтарда бірдей болмаған. Әлеуметтік жағдайға қарай бір рудың өз ішінде де көшу мүмкіндігі әртүрлі болды. Бларамбергтің көрсетуінше, кедей топтардың бір бөлігі Сырдария маңынан ұзай алмай, егіншілікпен айналысса, ауқатты аулдар шалғай аймақтарға дейін көшкен [7, 93 б.]. Бұл шаруашылық кеңістіктің әлеуметтік жіктелумен тікелей байланысты болғанын көрсетеді.

Қыстау кеңістігі де шаруашылық жүйенің маңызды тірегі болды. Бларамберг қазақтардың қыстау орындарын қар аз түсетін, ықтасын, қамысты, өзен-көлге жақын жерлерден таңдағанын жазады [7, 93–94 бб.]. Ол Жайық бойын, Сырдария мен Арал маңын, Каспий жағалауы мен Тайсойғанды, сондай-ақ Ұлытау төңірегін негізгі қыстау аймақтары ретінде сипаттайды [7, 93–94 бб.]. Бұл мәліметтер қыстау кеңістігінің тек тұрақ емес, малды сақтап қалуға қажетті қорек пен су шоғырланған шаруашылық ортасы болғанын аңғартады.

Мал түлігінің құрылымы да табиғи ортаға бейімделудің көрінісі болды. Қой негізгі шаруашылық тірегіне айналып, ет, сүт, жүн және айырбас құны тұрғысынан маңызды рөл атқарды [7, 100 б.]. Жылқы қозғалыс ресурсы болса, түйе ұзақ көштің көлік негізін құрады [7]. А. Е. Алекторов қазақ шаруашылығында қой мен түйенің практикалық маңызы зор болғанын, ал жылқының мобильділік пен тұрмыстық бедел тұрғысынан ерекше мәнге ие екенін көрсетеді [9, 13, 16 бб.]. Сонымен бірге ол тебіндеу тәртібін нақтылап, қыстау таңдаудың қорек, отын және жайылым жағдайымен тығыз байланысты болғанын түсіндіреді [9, 26–27 бб.].

Батыс Қазақстанда егіншілік те болғанымен, ол аймақ бойынша біркелкі таралмаған. Мейер Елек, Ойыл, Ырғыз, Ембі және әсіресе Сырдария мен Қуаңдария бойында егіншілік ошақтарының болғанын көрсетеді [3]. Бұл өңірлерде егіншілік су жүйелерімен тығыз байланыста дамыды. Венюков мәліметтері мұндай егіншіліктің өнімділігі мен агротехникалық ерекшеліктерін нақтылай түседі [10, 191 б.]. Осыдан егіншіліктің көшпелі шаруашылықты толық алмастырмағаны, бірақ табиғи және әлеуметтік жағдайларға бейімделудің жергілікті түрі ретінде қалыптасқаны байқалады.

Балықшылық пен өзге қосалқы кәсіптер де шаруашылық кеңістіктің маңызды құрамдас бөлігі болды. Мейер кей өңірлерде балықтың кедей топтар үшін негізгі азық көздерінің біріне айналғанын атап өтеді [3, 155–156 бб.]. Алайда мұндай ресурстарды пайдалану әрдайым еркін болмаған, олар құқықтық және әкімшілік шектеулермен реттеліп отырған [3], [7]. И. Казанцев те табиғи қордың мол болуы оны шаруашылықта бірдей пайдалану дегенді білдірмейтінін көрсетеді [5, 68 б.].

Ф. А. Щербина экспедициясының Ақтөбе уезіне қатысты материалдары жергілікті деңгейдегі шаруашылық кеңістіктің нақты ұйымдасуын айқындайды. Бұл деректерде жайылымның жеткіліктілігі, көшу радиусының қысқалығы, қауым ішіндегі жайылым пайдалану еркіндігі және егіншіліктің біртіндеп орнығуы көрсетілген [11, 25–27 бб.]. Ақтөбе уезінде жайылымның мол болуы алыс көштің қажеттілігін әлсіретіп, шағын радиуста шоғырланған шаруашылық үлгінің қалыптасуына жағдай жасады [11, 17 б.]. Сонымен бірге мал шаруашылығы мен егіншіліктің қатар дамуы шаруашылық құрылымның күрделене бастағанын байқатады [11, 33–34 бб.].

Шаруашылыққа қатысты бұл деректер Батыс Қазақстан тұрғындарының табиғи ортаға тек бейімделіп қана қоймағанын, сонымен бірге оны тарихи тәжірибе арқылы игергенін көрсетеді. Жайылымдық кеңістікті маусымға қарай пайдалану, суат пен қыстау орындарын таңдаудағы ұқыптылық, егіншілік ошақтарының гидрографиялық тораптармен байланысы және қосалқы кәсіптердің жергілікті жағдайға қарай дамуы өңір шаруашылығының ішкі икемділігін аңғартады. Осы себепті Батыс Қазақстанның шаруашылық кеңістігі тұрақты емес, табиғи жағдай мен әлеуметтік қажеттілікке қарай үнемі қайта құрылып отырған тарихи кеңістік ретінде бағалануы тиіс.

Демек, XIX ғасырдағы тарихи географиялық еңбектерде Батыс Қазақстанның шаруашылық кеңістігі маусымдық көші-қон, жайылым мен суат жүйесі, мал түлігінің қызметтік құрылымы, егіншілік ошақтары және қосалқы кәсіптер арқылы сипатталады. Бұл деректер өңір шаруашылығын жеке кәсіп түрлерінің жиынтығы ретінде емес, табиғи орта, қозғалыс тәртібі және ресурстарға қолжетімділік тоғысқан күрделі тарихи кеңістік ретінде тануға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Батыс Қазақстандағы жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымы этникалық құрамды жай ғана атау немесе тізімдеу түрінде емес, өңірлік кеңістікті ұйымдастырудың, маусымдық көші-қон қозғалысын реттеудің және ішкі әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде түсіндіріледі. Зерттеушілер Кіші жүз қазақтарының үш ірі бірлестікке, яғни Әлімұлы, Байұлы және Жетіруға жіктелуін олардың шығу тегі жөніндегі шежірелік түсініктермен ғана байланыстырмай, нақты қоныстану кеңістігімен, маусымдық көшу ауқымымен және билік қатынастарының құрылымымен сабақтастыра қарастырады [1], [3], [7]. Осыған байланысты ру-тайпалық жүйе Батыс Қазақстанның тарихи географиясында генеалогиялық жіктелістен гөрі кеңірек мазмұнға ие болып, әлеуметтік кеңістікті ұйымдастырушы құрылым ретінде көрінеді.

А. И. Левшин Кіші жүздің ішкі құрамын жүйелей отырып, әрбір ірі бірлестіктің белгілі бір табиғи-географиялық ортада орныққанын және олардың көші-қон бағыттарының өзен аңғарлары, құм алқаптары, шеп маңы өңірлері мен ішкі дала кеңістіктерімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді [1, 6–16 бб.]. Оның сипаттамаларында Әлімұлы қауымдары Сырдария, Қуаңдария, Ембі, Ырғыз, Ойыл, Ілек және Мұғалжар төңірегіндегі аумақтармен, Байұлы бірлестігі Жайық, Ембі, Каспий маңы, Маңғыстау және Сыр бойы кеңістіктерімен, ал Жетіру рулары Жайық өңірі, Торғай алабы, Сырдария маңы және шекаралық белдеулермен байланыста беріледі [1, 13–16 бб.]. Бұл мәліметтер ру-тайпалық құрамның тарихи географиялық мазмұны оның табиғи ортаға бейімделген қоныстану жүйесі арқылы ашылатынын дәлелдейді.

Л. Мейер мен И. Ф. Бларамберг еңбектерінде аталған құрылым неғұрлым нақты сипатқа ие болады. Бұл авторлар Кіші жүздің ішкі жіктелісін тарихи шежіре тұрғысынан түсіндіре отырып, оның қоғамдық-саяси иерархиясын, кеңістіктік таралу шеңберін және руаралық айырмашылықтарын да назардан тыс қалдырмайды [3, 3–4 бб.], [7]. Әсіресе Әлімұлының аға тармақ ретіндегі орны, ру жүйесінің билік жүргізу тәжірибесімен, құқықтық беделмен және ұран-таңба тәрізді танымдық белгілермен сабақтастығы бұл құрылымның тек туыстық негізге сүйенбегенін, сонымен бірге қоғамдық реттеу функциясын да атқарғанын көрсетеді [7]. Мұндай деректер Кіші жүздің ру-тайпалық құрылымы Батыс Қазақстан кеңістігінде қоныстану тәртібін ғана емес, ішкі қатынастар жүйесін де айқындағанын аңғартады.

И. Казанцев мәліметтері бұл жүйенің XIX ғасырдағы әкімшілік өзгерістер жағдайында да өз маңызын толық жоғалтпағанын көрсетеді. Автор хандық билік жойылып, Батыс және Орта бөліктер тәрізді жаңа әкімшілік құрылымдар қалыптасқаннан кейін де Кіші жүздің дәстүрлі ру-тайпалық жүйесі сақталып, тек жаңа басқару кеңістігіне бейімделгенін жазады [5]. Демек, ру-тайпалық құрылым әкімшілік реформалардан кейін ыдырап кеткен жүйе емес, қайта өзгерген саяси жағдайда да әлеуметтік ұйымдасудың тұрақты тетігі қызметін атқарған.

Бөкей Ордасы жағдайында бұл үдеріс жаңа сипатта көрінеді. Казанцев пен Харузин еңбектерінде Ішкі Орда құрамына Кіші жүздің негізгі рулық топтарымен қатар сұлтан, қожа, төленгіт, ноғай сияқты әлеуметтік және этникалық элементтердің енгені көрсетіледі [5], [12]. Бұл деректер Бөкей Ордасында ру-тайпалық жүйенің жойылмағанын, бірақ жаңа әкімшілік ортаға сәйкес ішінара қайта құрылып, күрделене түскенін дәлелдейді. Сонымен бірге таңба жүйесінің сақталуы мен кейбір руларда оның өзгеріске ұшырауы ру құрылымының бір мезгілде әрі дәстүрлі, әрі өзгермелі сипатқа ие болғанын байқатады [12].

Сонымен, XIX ғасырдағы тарихи географиялық еңбектер Батыс Қазақстан қазақтарының ру-тайпалық құрылымын этникалық жіктеліс шеңберінде ғана емес, кеңістікті игеру, көші-қон бағыттарын ұйымдастыру және қоғамдық қатынастарды реттеу тетігі ретінде көрсетеді. Осы себепті бұл деректер өңір халқының ішкі құрылымын тарихи географиялық кеңістікпен байланыста пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми негіздердің бірі болып табылады.

Ру-тайпалық құрылымға қатысты мәліметтердің ғылыми маңызы сол, олар Батыс Қазақстан халқының ішкі бөлінісін ғана емес, кеңістікті әлеуметтік тұрғыдан игеру тәртібін де ашып көрсетеді. Рулардың қоныстану шеңбері, маусымдық көшу бағыты, өзара орналасу реті және ішкі иерархиясы өңір кеңістігінің этноәлеуметтік картасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сондықтан ру-тайпалық жүйе Батыс Қазақстанның тарихи географиясында этникалық құрам көрсеткіші ғана емес, тарихи кеңістікті ұйымдастырудың ұзақ уақыт бойы сақталған тетігі ретінде қарастырылады.

XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстанның тарихи географиясын көпқырлы өңірлік жүйе ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл еңбектерде өңірдің кеңістіктік болмысы әкімшілік-аумақтық құрылым, шаруашылық кеңістік және жергілікті халықтың ру-тайпалық ұйымдасуы арқылы өзара сабақтастықта сипатталған. Әкімшілік межелер мен шептік құрылымдар Батыс Қазақстан аумағының империялық басқару жүйесіне тартылу сипатын көрсетсе, шаруашылыққа қатысты деректер табиғи ортаға бейімделген

көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының кеңістіктік негіздерін айқындайды, ал рутайпалық құрылым жөніндегі мәліметтер өңір кеңістігінің әлеуметтік ұйымдасу тәртібін, көші-қон бағыттарын және ішкі иерархиялық қатынастарын түсіндіруге жол ашады.

Зерттеу барысында қарастырылған деректер Батыс Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихи болмысын тек табиғи-географиялық орта аясында ғана емес, сонымен бірге билік қатынастары, шаруашылық бейімделу тетіктері және этноәлеуметтік құрылымдар тоғысқан тұтас кеңістік ретінде пайымдауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, орыс зерттеушілерінің еңбектерінде өңірдің шекаралық сипаты, ішкі аумақтық ұйымдасуы, маусымдық көші-қон қозғалысы, жайылымдық кеңістік, қыстау-жайлау жүйесі және рутайпалық орналасу ерекшеліктері өзара байланыста беріліп, Батыс Қазақстанның тарихи географиялық келбетін неғұрлым тұтас қалпына келтіруге жағдай жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектері Батыс Қазақстанның өткенін жекелеген тарихи фактілер жиынтығы ретінде емес, кеңістік, табиғи орта, шаруашылық және қоғамдық құрылым бірлігі аясында қарастыруға мүмкіндік беретін маңызды дереккөздер болып табылады. Жүргізілген талдау бұл еңбектердің Батыс Қазақстанның тарихи географиялық болмысын реконструкциялауда және өңірлік тарихи танымды тереңдетуде маңызды дереккөздік негіз қызметін атқаратынын көрсетті. Сонымен бірге бұл материалдар өңір тарихын кеңістіктік тұрғыдан зерделеудің ғылыми мүмкіндігін кеңейтіп, Батыс Қазақстанның тарихи дамуын аймақтық ерекшеліктерімен сабақтастықта түсіндіруге негіз болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 1. – СПб., 1832. – 264 с.
2. Бларамберг И. Ф. Оренбургская губерния // Военно-статистическое обозрение Российской империи. Т. 14, ч. 2. – СПб., 1848. – 119 с.
3. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. – СПб., 1865. – 288 с.
4. Красовский Н. И. Область сибирских казахов // Материалы для географии и статистики России. Т. 16, ч. 1. – СПб., 1868. – 428 с.
5. Казанцев И. Описание киргиз-кайсак. – СПб., 1867. – 231 с.
6. Григорьев В. В. Русская политика в отношении к Средней Азии : ист. очерк. – СПб. : Тип. В. Безобразова и К°, 1874. – 30 с.
7. Бларамберг И. Ф. Земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. Т. 14, ч. 3. – СПб., 1848. – 187 с.
8. Небольсин П. Очерки Волжского низовья. – СПб., 1832. – 123 с.
9. Алекторов А. Е. Тургайская область : естественные и производительные силы области, хозяйственная деятельность её населения и народное образование : статистические очерки. – Оренбург, 1891. – 116 с.
10. Венюков М. Опыт обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – 487 с.
11. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 7 : Тургайская область, Актюбинский уезд. – Воронеж : Типо-лит. В. И. Исаева, 1903. – 576 с.
12. Харузин А. Н. Киргизы Букеевской орды : антрополого-этнологический очерк. Вып. 1. – М. : Типография А. Левинсон и К., 1889. – 586 с.

ӘОЖ 904:004.652

АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ ДЕРЕККӨР ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сатимова Динара Кахарманқызы
«Тарихшы-педагог» 2 курс магистрі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
dinara.satimova@bk.ru
Ғылыми жетекшісі, Кайыргалиева Г.К.
«Қазақстан және Дүниежүзі тарихы» кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
g.kairgalieva@asu.edu.kz

Аңдатпа: Мақалада Атырау өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді жүйелеу, оларды ғылыми тұрғыдан классификациялау және цифрлық дерекқорға енгізу мәселелері жан-жақты қарастырылады. Өңір аумағындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін кешенді зерттеу, олардың кеңістіктік және хронологиялық сипаттамаларын нақтылау, сондай-ақ бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктірудің өзектілігі негізделеді. Археологиялық деректерді цифрландырудың заманауи әдістері мен технологиялық шешімдері сараланып, олардың ғылыми зерттеулер мен мәдени мұраны қорғау ісіндегі рөлі айқындалады. Сонымен қатар, дерекқор қалыптастырудың құрылымдық модельдері ұсынылып, ақпараттық жүйелерді енгізудің тиімділігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: археология, Атырау өңірі, ескерткіштер, жүйелеу, дерекқор, цифрландыру, GIS, мәдени мұра.

Кіріспе

Қазақстанның батыс аймағы, соның ішінде Атырау өңірі, ежелгі дәуірлерден бастап ортағасырлық кезеңдерге дейінгі археологиялық ескерткіштерге аса бай аймақтардың бірі болып табылады. Бұл өңір Еуразия кеңістігіндегі маңызды тарихи-мәдени тораптардың бірі ретінде танылып, көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалдасу аймағы қызметін атқарған. Сонымен қатар, бұл аумақ Ұлы Жібек жолының батыс тармақтарымен тығыз байланысты болып, сауда, мәдени және саяси байланыстардың дамуына ықпал еткен.

Қазіргі таңда археологиялық мұраны сақтау, оны жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Археологиялық деректердің әртүрлі ғылыми есептерде, архивтік құжаттарда және жарияланымдарда шашыраңқы түрде сақталуы зерттеу жұмыстарын қиындатады және кешенді талдау жүргізуге кедергі келтіреді. Осыған байланысты археологиялық нысандарды жүйелеу, оларды бірыңғай цифрлық форматқа көшіру және интеграцияланған дерекқор қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Атырау өңіріндегі археологиялық ескерткіштердің ерекшеліктері

Атырау облысының аумағында әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын археологиялық нысандар кеңінен таралған. Олардың қатарына ежелгі тұрақтар, қоныстар, қорымдар мен обалар, ортағасырлық қалашықтар, сондай-ақ діни-ғұрыптық кешендер жатады. Бұл ескерткіштер аймақтың тарихи дамуының әртүрлі кезеңдерін бейнелейтін бірегей дереккөздер болып табылады.

Өңірдегі ерекше маңызға ие нысандардың бірі – ортағасырлық қала мәдениетінің ірі орталығы болған Сарайшық қалашығы. Бұл қала Алтын Орда дәуірінде маңызды саяси және экономикалық орталықтардың бірі ретінде белгілі. Сонымен қатар, аймақтағы қорымдар мен обалар көшпелі тайпалардың жерлеу дәстүрлері мен дүниетанымын зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Алайда, қазіргі таңда көптеген археологиялық ескерткіштердің толық ғылыми сипаттамасы жасалмаған, олардың нақты географиялық координаттары мен картографиялық

деректері жеткіліксіз деңгейде тіркелген. Бұл жағдай өңірдің археологиялық әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Археологиялық ескерткіштерді жүйелеу мәселелері

Археологиялық ескерткіштерді жүйелеу – ғылыми зерттеулердің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Жүйелеу барысында нысандар бірнеше негізгі принциптер бойынша жіктеледі: хронологиялық, типологиялық және географиялық.

Хронологиялық жүйелеу археологиялық нысандарды тарихи кезеңдерге бөлуге мүмкіндік берсе, типологиялық жіктеу олардың функционалдық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Ал географиялық жүйелеу нысандардың кеңістіктік орналасуын талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бірқатар өзекті мәселелер сақталуда. Атап айтқанда, археологиялық деректердің бірізді жүйеге келтірілмеуі, бірыңғай классификациялық стандарттардың болмауы, көптеген ескерткіштердің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі және координаттық мәліметтердің дәл еместігі зерттеу жұмыстарының сапасына кері әсерін тигізеді.

Осы мәселелерді шешу үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану және деректерді стандарттау қажет.

Археологиялық дерекқор қалыптастырудың маңызы

Археологиялық дерекқор қалыптастыру ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Бірыңғай цифрлық дерекқор археологиялық нысандар туралы мәліметтерді жүйелі түрде жинақтап, оларды өңдеу мен талдауға мүмкіндік береді.

Мұндай дерекқордың басты артықшылықтарының бірі – кеңістіктік талдау жүргізу мүмкіндігі. GIS технологияларын қолдану арқылы археологиялық нысандардың орналасу заңдылықтарын, тарихи ландшафттардың өзгеруін және мәдени процестердің динамикасын зерттеуге болады.

Дерекқордың құрылымы көпдеңгейлі болуы тиіс және келесі негізгі компоненттерді қамтуы қажет: нысанның атауы, географиялық координаттары, тарихи кезеңі, қысқаша сипаттамасы, зерттелу деңгейі, библиографиялық деректер, сондай-ақ фото және графикалық материалдар. Сонымен қатар, дерекқорды жаңарту және толықтыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс, бұл оның ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Цифрландыру және заманауи технологиялар

Қазіргі таңда археология ғылымында цифрлық технологиялар кеңінен қолданылуда. Олардың ішінде геоақпараттық жүйелер (GIS), 3D модельдеу, спутниктік түсірілімдер және ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар) ерекше орын алады.

GIS технологиялары археологиялық деректерді кеңістіктік тұрғыдан талдауға мүмкіндік берсе, 3D модельдеу археологиялық нысандардың виртуалды реконструкциясын жасауға жағдай туғызады. Спутниктік суреттер мен дрон арқылы түсірілімдер жаңа нысандарды анықтауға және бұрын зерттелген ескерткіштердің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрландыру процесі археологиялық деректердің қолжетімділігін арттырып, оларды халықаралық ғылыми айналымға енгізуге жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде ғылыми ынтымақтастықты дамытуға және жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Атырау өңірінің археологиялық ескерткіштерін жүйелеу және оларды цифрлық дерекқорға енгізу – тарихи-мәдени мұраны сақтаудың және зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бірыңғай ақпараттық жүйе құру археологиялық нысандар туралы мәліметтерді тиімді басқаруға, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға және мәдени мұраны қорғау шараларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Болашақта бұл бағытта кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу, деректерді стандарттау, заманауи технологияларды кеңінен енгізу және халықаралық тәжірибені пайдалану ерекше

маңызға ие болады. Сонымен қатар, археологиялық дерекқорларды ашық ғылыми платформалармен интеграциялау олардың тиімділігін арттыра түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра туралы» Заңы. – Астана, 2019.
2. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 256 б.
3. Байпақов К.М. Средневековые города Казахстана. – Алматы: Наука, 1998. – 320 с.
4. Смирнов К.А. Археология Западного Казахстана. – Москва: Наука, 1972. – 215 с.
5. Қадырбаев М.К. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 280 б.
6. Renfrew C., Bahn P. Archaeology: Theories, Methods and Practice. – London: Thames & Hudson, 2016. – 656 p.
7. Wheatley D., Gillings M. Spatial Technology and Archaeology. – London: Taylor & Francis, 2002. – 269 p

ӘОЖ 001:378

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ Н.Д. ОҢДАСЫНОВТЫҢ РӨЛІ

Тайпақ Абай Абзалұлы
a.taypak@mail.ru
«Тарихшы-зерттеуші» мамандығының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова У.Т.

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекет қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың Қазақстандағы білім беру және ғылым жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі қарастырылады. 1938–1962 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар негізінде оның жасаған еңбегінің мазмұны талданады. Зерттеуде жаппай сауатсыздықты жою, мектептер желісін кеңейту, педагогикалық кадрларды даярлау, жоғары оқу орындарын ашу және ғылыми мекемелерді ұйымдастыру мәселелері қамтылған. Сонымен қатар соғыс жылдарындағы білім мен ғылым саласының дамуы, жаңа оқу орындарының құрылуы және Қазақстан Ғылым академиясының негізінің қалануы сараланады.

Кілт сөздер: Қазақ КСР Ғылым академиясы, білім беру жүйесі, сауатсыздықты жою, жоғары оқу орындары, педагогикалық кадрлар.

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов 1938 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып тағайындалған кезде білім беру жүйесі өте қиын жағдайда болды. 1930-жылдардың соңындағы үлкен террордың салдарынан көптеген мұғалімдер, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер қуғын-сүргінге ұшырап, кадр тапшылығы өте қатты сезілді. Республикадағы мектептердің саны аз, көбі шалғай ауылдарда орналасқан, оқу құралдары жетіспейтін, мұғалімдердің көбі орта білімді ғана алған адамдар болатын. Н. Оңдасынов бірінші кезекте мектептерді көбейтуге, оларды материалдық жағынан нығайтуға күш салды. 1938–1941 жылдар аралығында мектептер саны едәуір өсті, оқулықтар басылды, ауыл мектептеріне арнайы бағдарламалар енгізілді. Ол жергілікті кадрларды өсіруге ерекше мән берді. Педагогикалық техникумдар мен институттарға қосымша орын бөліп, қазақ жастарын оқуға тартуға тырысты.

Қазақстанда жалпыға міндетті білім беру жүйесі кеңінен енгізіліп, мектеп жасындағы балалардың барлығы дерлік оқумен қамтылды. Республикада шамамен 19 мыңдай жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді, сондай-ақ 125 техникум мен арнайы оқу орындарында 1,5 миллионға жуық адам білім алды. Жастардың жоғары және арнаулы оқу орындарына деген

қызығушылығы артып, білім алушылар саны жыл сайын көбейе түсті. 1941 жылға қарай Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетіп, онда 10,5 мың студент оқыды. Бұрын көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының жастары қысқа уақыт ішінде инженер, мұғалім, дәрігер және техник сияқты түрлі мамандықтарды меңгеріп, халық шаруашылығының әр саласында еңбек ете бастады [1, 177 б.].

Нұртас Дәндібайұлы қызметке келгенге дейін Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жою науқаны жүріп жатқан болатын. Сауатсыздықты жою жай ғана ағарту шарасы емес, жаңа қоғам қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылды. Бұл науқанның ауқымы кең болды. Ауыл-ауылда қысқа мерзімді курстар ашылды, кешкі мектептер ұйымдастырылды, ересектерге арналған оқу топтары құрылды. Мемлекет үшін сауатты адам өндірісте, басқаруда, армияда қызмет ете алатын жаңа кадр деген сөз еді.

1938–1940 жылдары әлеуметтік салада елеулі өзгерістер болды. Халықтың сауаттылық деңгейі айтарлықтай өсті. 1926 жылы 9-19 аралығындағы жастар арасында 26,7% болса, 1939 жылы бұл көрсеткіш 96%-ға жетті. Елдегі ересек ер адамдардың сауаттылық деңгейі әр түрлі ақпараттар бойынша 85,2-93 пайызды құрады. Жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетіп, онда 10,5 мың студент білім алды. Осы кезеңде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін білікті мамандар даярлау күшейтілді. Шамамен 4000 агроном, 3000 зоотехник, ондаған мың техникалық маман даярланды, олардың ішінде 24 мың тракторшы мен 11,8 мың комбайншы болды. 1937–1940 жылдары 100 мыңға жуық механизатор оқытылды [2, 40 с.].

Қазақ КСР-дегі сауатсыздықты жою науқаны XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ең ауқымды әлеуметтік өзгерістердің бірі болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында республика халқының едәуір бөлігі сауатсыз еді. Дәстүрлі өмір салты, мектеп жүйесінің әлсіз дамуы және зайырлы білімге қолжетімділіктің шектеулі болуы білім деңгейінің төмен болуына себеп болды. Осындай жағдайда сауатсыздықты жою мәселесі жай ғана білім беру реформасы емес, қоғам құрылымын түбегейлі өзгертетін тарихи қадам болды.

Бұл үдерістің басты ерекшелігі оның қарқынында еді. Қысқа тарихи мерзім ішінде мектептер желісі құрылып, ересектерге арналған курстар ұйымдастырылды, мұғалім кадрлары даярланды. Білім беру тек қалалық тұрғындарға ғана емес, ауылдық және шалғай аймақтарға да қолжетімді бола бастады. Халықтың кең қабаты оқу мен жазуды меңгерді. Бұрын бірнеше ондаған жылдарға созылуы мүмкін өзгерістер бір-екі ұрпақ ішінде жүзеге асты. Сауатсыздықты жоюдың тарихи маңызы өте зор. Ол халыққа әкімшілік қызметке, кәсіби даярлыққа және әлеуметтік өсуге жол ашты. Басқару, техника, медицина, ғылым және мәдениет салаларында ұлттық мамандарды даярлау мүмкіндігі пайда болды. Сауаттылық жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің және кәсіби интеллигенцияның қалыптасуына негіз қалады.

Қазақ КСР жағдайында сауатсыздықты жою дәстүрлі қоғамнан жаңғыртылған, индустриялық қоғамға өтудің маңызды шарты болды. Білім алу әлеуметтік мінез-құлықтың өзгеруіне, жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуына және дүниетанымның кеңеюіне ықпал етті. Қысқа мерзім ішінде қоғамдық санада сапалық өзгерістер орын алды.

Әрине, бұл үдеріс орталықтандырылған мемлекеттік саясат шеңберінде жүргізілді және идеологиялық мазмұнмен қатар жүрді. Дегенмен тарихи нәтиже тұрғысынан қарағанда, сауатсыздықты жою республиканың жаңғыруындағы шешуші факторлардың бірі болды. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан индустриялық дамуға және өзіндік зияткерлік элитаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру негізін жасады. Қазақ КСР-дегі сауатсыздықты жою тек әлеуметтік науқан ғана емес, қоғамды түбегейлі өзгерткен стратегиялық кезең болды. Оның қысқа мерзім ішінде жүзеге асуы республикадағы модернизациялық үдерістердің ауқымдылығы мен қарқындылығын айқын көрсетеді.

Соғыс жылдары Қазақстанда жоғары білім беру жүйесі тоқтап қалған жоқ, керісінше кеңейе түсті. Бұл кезеңде жаңа институттардың ашылуы республика үшін стратегиялық маңызға ие болды. Нұртас Дәндібайұлы Үкімет төрағасы ретінде жоғары оқу орындарын ұйымдастыру туралы қаулыларға тікелей қол қойып, олардың материалдық-техникалық

мәселелерін шешуге араласты. Педагогикалық, медициналық және техникалық бағыттағы оқу орындары құрылды.

Н. Оңдасынов бұл туралы өз жазбасында былай баяндайды: «Соғыстың басында мектептер, оқу орындары және мәдениет мекемелері ауыр жағдайда қалды. Бұл, ең алдымен, олардың ғимараттарында уақытша әскери бөлімдер, әскери госпитальдар, эвакуацияланған кәсіпорындар мен халық орналастырылғанымен және көптеген оқытушылардың майданға кетуімен түсіндірілді. Бірақ партиялық және кеңестік органдар бұл салаға деген назарын әлсіреткен жоқ. Соғыс жылдары Шымкент технологиялық институты, Шетел тілдері институты, Дене шынықтыру институты, Мемлекеттік әйелдер педагогикалық институты, Қазақ ауыл шаруашылық институтының орман факультеті мен су шаруашылығы факультеті, Алматы мемлекеттік консерваториясы және басқа да оқу орындары ашылды. Бұл күрделі міндетті табысты шешуге эвакуацияланған профессорлық-оқытушылық құрам үлкен көмек көрсетті. Жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарын қамтамасыз ету мақсатында дерлік барлық институттар жанынан майдангерлер мен жұмысшы жастарға арналған даярлық курстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар республикада мамандар даярланбайтын мамандықтар бойынша жыл сайын ұйымдасқан түрде орталық жоғары оқу орындарына 200 студент жіберіліп отырды. Әрине, жоғары білім беруді жаппай дамыту оңай іс болған жоқ. Студенттерге арналған жатақханалар, оқу аудиториялары, профессорлық-оқытушылық құрамға арналған пәтерлер жетіспеді. Бұл іске қатысы бар әр адамның міндеті — оған күн сайын өз үлесін қосу еді. Қазір оның жемісті нәтижелер бергенін қуанышпен айтуға болады. Соғыстың қиын жылдарында ұйымдастырылған жоғары оқу орындары кейін ірі білім беру және ғылыми ұйымдарға айналды» [3].

1944 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институты құрылды. Институтты құру жөнінде Н.Оңдасыновтың КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне жазған өтінішінің көшірмесі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде сақталған. Оның мәтінінде: «КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары жолдас Вознесенскийге.

Қазақстан Республикасында 1944–45 оқу жылына дейін қазақ әйелдері арасынан педагог кадрларды даярлау орта және жоғары педагогикалық оқу орындарында жалпы тәртіппен жүргізіліп келді. Алайда ауылдық жерлердегі көптеген қазақ орта мектептерінің педагогикалық оқу орындары бар қалалардан қашық орналасуы қазақ қыздарын педагогикалық училищелер мен жоғары оқу орындарына тартуды қиындатты. Қазақ әйелдері арасынан білікті педагог кадрларды табысты даярлау үшін жағдай жасау мақсатында БК(б)П Орталық Комитеті 1944 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен Қазақстанда Қазақ әйелдер институтын және Қазақ әйелдер педагогикалық училищесін ұйымдастыруды қажет деп тапты. Бұл оқу орындары 1944–45 оқу жылының басынан бастап жұмыс істей бастады. Қабылданған контингент: әйелдер институтында – 90 адам, әйелдер педагогикалық училищесінде – 60 адам. Сонымен қатар институт жанындағы екі жылдық дайындық бөлімінде – 60 адам. Қазақ әйелдері арасынан педагог кадрларды даярлау үшін ерекше жағдай жасау қажеттілігіне байланысты Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінен жаңадан ұйымдастырылған Қазақ әйелдер оқу орындары үшін мемлекеттік есебінен төмендегілерді бекітуді сұрайды:

1. Студенттерге стипендияның орнына тамақтануына тәулігіне … рубль мөлшерінде шығынды қарастыру (сан құжатта анық оқылмайды).

2. Студенттер мен оқушыларды жазғы және қысқы киім-кешекпен, сондай-ақ төсек-жабдықпен қамтамасыз ету.

3. Оқулықтар, оқу-жазу құралдары, жеке гигиена заттары мен санитарлық-медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындарды өтеу.

4. Институт студенттері мен училище оқушыларын оқу ақысы төлеуден босату» [4].

1944 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ашылуы ерекше маңызға ие болды. Бұл шешім әйелдердің жоғары білім алуына кең мүмкіндік берді. Соғыс жылдары ер азаматтардың көпшілігі майданда болғандықтан, әйел кадрларды даярлау мәселесі әлеуметтік әрі практикалық тұрғыдан өзекті еді. Институттың құрылуы қазақ

қыздарының педагогикалық білім алып, ауыл мектептерінде қызмет етуіне жол ашты. Білім жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің нақты қадамы болды.

Сол жылы Алматыда Мемлекеттік консерватория ашу туралы қаулы қабылданды. Консерватория құрылымы нақты айқындалды. Тарихи-теориялық, композиторлық, вокалдық, фортепиано, ұлттық аспаптар және дирижерлік бағыттар бойынша факультеттер ұйымдастырылды. Оқытушыларға тұрғын үй беру, студенттерге жатақхана бөлу мәселелері де шешімде қарастырылды. Бұл оқу орны кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына айналып, ұлттық кәсіби музыкалық кадрларды даярлаудың негізгі орталығы болды. Соғыс жылдарының өзінде мұндай шешім қабылдануы білім мен өнер саласына ұзақ мерзімді көзқарас болғанын көрсетеді. Шет тілдер институтының ашылуы да оның бастамасымен жүзеге асты – бұл институт қазақ жастарына шет тілдерін меңгеріп, халықаралық байланысқа дайын мамандар даярлады [1, 172-173 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Н.Д. Оңдасыновтың қолдауымен Қазақстанда бірқатар маңызды оқу және мәдени мекемелер ашылды. Сол кезеңде Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, дене тәрбиесі және спорт институты, сондай-ақ шет тілдер педагогикалық институты құрылды. Сонымен қатар Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының құрылысы аяқталып, Қазақстан Ғылым академиясының болашақ ғимаратының іргетасы қаланды. Осы шаралардың нәтижесінде республикада ғылыми және мәдени кадрлар саны мен сапасы айтарлықтай артты, мәдени мекемелердің материалдық-техникалық базасы нығайды. Мұның бәрі ғылым мен мәдениеттің жаңа бағыттарының қалыптасуына ықпал етіп, астрофизика, ядролық физика, мүсін өнері, бейнелеу өнері және кино салаларының дамуына жол ашты [5, 163 б.].

Соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кезеңде білім беру жүйесімен қатар ғылым саласын институционалдық тұрғыдан қалыптастыру мәселесі көтерілді. Бұған дейін ғылыми зерттеулер жеке секторлар мен шағын институттар аясында жүргізіліп келген еді. Бірақ республика табиғи ресурстарға бай, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп дамып келе жатқан аймақ болғандықтан, ғылыми негізделген зерттеу орталықтарының қажеттілігі айқын сезілді. Осы жағдайда Қазақстан Ғылым академиясын құру туралы шешім қабылданды. 1946 жылдың маусымында академияның ресми ашылуы өткенде, Оңдасынов республиканың үкімет басшысы ретінде сөз сөйлеп, ғылымның мемлекет дамуындағы рөліне ерекше тоқталды. Ол академияның алғашқы құрамын бекіту қаулысына қол қойып, Қаныш Сәтбаевты президенттікке ұсынып, оның кандидатурасын қолдады.

Оның Ғылым Академиясын құруда басты мұрындық болғаны белгілі. Қазақстан ғылымының тарихында Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың кездесуі айрықша маңызға ие. Соғыс жылдарының күрделі кезеңінде республикада дербес Ғылым академиясын құру мәселесі күн тәртібіне шыққанда, бұл істі кімге сеніп тапсыру қажет деген сұрақ туындады. Н.Д. Оңдасынов өз естелігінде Қазақстандағы ғылыми кадрларды саралай келе, лайықты тұлға табу оңай болмағанын жазады. Сол кезде оның есіне Қаныш Сәтбаевтың мақалалары түседі. Геология саласындағы еңбектері мен ғылыми ойлары назарын аударған Сәтбаевты арнайы шақыртып, Мәскеуде кездеседі. Кездесу барысында Оңдасынов Қазақстан ғылымын көтеру қажеттігін ашық айтады. Ұлттық ғылыми кадрларды даярлау, жас ғалымдарды аспирантураға жіберу, республикалық ғылыми құрылымды күшейту жөнінде нақты ұсыныстар жасайды. Ол қаржы мәселесінде қолдау көрсететінін де білдіреді.

Қ.Сәтбаевқа ең алдымен Орталық Ғылым Академиясына мүше болу керек болды. Бұдан арғы болған оқиғаны Н.Оңдасынов Гүлсім Оразалиеваға берген сұхбатында былай баяндайды: «Енді филиалға бастық болу үшін Орталық Ғылым Академиясына мүше болу керек. Оны қалай шешеміз? Ол үшін Академияның президенті академик Комаровпен сөйлесу керек болады. Телефон соғып ертеңіне-ақ Комаровтың қабылдауына баратын болдық. Мен өмірімде кездесуге кешігіп барған адам емеспін. Өзімнің, өзгенің уақытын алғанды ұмытпаймын. Бірақ, бірінші рет өмірімде Комаровқа 5 минут кешігіп бардым. Дәл шығар алдында Кремльден, бастықтардың біреуі телефон соқты да бір мәселеге келісе алмай ұзақтау

сөйлесіп тұрып қалдым. Оған менің уақытым жоқ еді деп айта алмадым ғой. Сөйтіп 5 минут кешігіп барсақ шалдың ашуы бетіне шығып, қып-қызыл болып, бұртығып отыр екен.

– Что Вы, товарищи, думаете здесь бездельники сидят?

Сосын мен айттым:

– Извините, пожалуйста, мы тоже не бездельники. Я только хотел перед Вами извиниться. Меня задержал звонок из Кремля, как хотите наказывайте, полностью признаю свою вину.

Осыдан кейін шалдың ашуы басылып, сөз басталып кетті.

Қазақстан ғылымын көтеру керек екенін, оған көмек қажеттігін айта келіп, Қазақстан түгілі Орта Азиядан Орталық Ғылым Академиясына бір мүше жоқтығын, соны Сізбен ақылдаса келгенімді айттым. Шал бірден жұлқып:

– Кімің бар? – деді менсінбеген кейіпте. Мен де іле:

– Сәтбаев бар, нағыз академик болуға лайықты, – дедім де толық таныстырып шықтым. «Бұдан артық кім керек Сізге?» деп қалжыңдап қойдым. Сөйтсем шал:

– Сендер ақылдасуға келдіңдер ме, әлде талап етуге келдіңдер ма? – дейді.

– Әрине, ақылдасуға келдік, талап ететін болсақ арнайы Үкімет атынан хат жазып, пошта арқылы жіберіп отыра берер едік. Хат жіберудің алдында өзіңізбен әдейі ақылдасуға келдік, – дедім.

– Онда менің ақылымды тыңдандар, жаңағы сендер келісіп келдік, «қолдаймыз Сәтбаевты!» деген геология бөліміндегі шалдардың сөзіне мен сенбеймін. «Миымды ашытпай аулақ жүрсін» деп олар әуеде бере береді, ал, жеке-жеке дауыс беруге келгенде тайқып шығады. Сондықтан ақыры менімен ақылдасуға келген болсаңдар, енді мені тыңдандар. Мен бірден академиктікті емес, Орталық Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болуды, оған өз дауысымды және басқалардың дауыс беруін әуеде бере аламын, – деді.

Мен орнымнан атып тұрып Қанышты құттықтап жатырмын...

Содан бір жылдың ішінде Қаныш Сәтбаев Орта Азиядан тұңғыш рет Орталық Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Әрі қарай мен араласқан жоқпын. Алайда тағы да бір жылдан кейін ол СССР Ғылым Академиясының нағыз академигі болып шыға келді. Ал, 1942 жылы СССР Ғылым Академиясы қазақ филиалы президиумының төрағасы болып тағайындалды. Қаныштың өзі де соған лайықты болатын. Өте жақсы, білімді, парасатты мол адам еді. Сондай адамды газеттегі мақаласын оқып танып, талап алғаныма кейде өзіме де риза болып қоямын, балам» [6, 63-64 б.].

КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы 16 ғылыми-зерттеу институтын біріктірген ірі ғылыми құрылым болды. Бұл мекемелерде 1000-нан астам ғалым еңбек етті, олардың қатарында 75 ғылым докторы мен профессор, сондай-ақ 188 ғылым кандидаты мен доцент бар еді. Республика деңгейінде дербес Ғылым академиясын құру мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі арнайы комиссия жасақтады. Аталған комиссияға Қаныш Сәтбаев төрағалық етті әрі оның орынбасары қызметін де атқарды. Жоспар бойынша болашақ Академияның мүшелік құрамы ғылым докторларынан жасақталып, олардың кемінде жартысы жергілікті ұлт өкілдерінен болуы тиіс деп белгіленді [5, 163 б.].

Ғылым академиясының ұйымдастырылуы республикадағы ғылыми ойдың дербес деңгейге көтерілуін білдірді. Оның құрамына геология, биология, тіл және әдебиет, тарих, ауыл шаруашылығы сияқты бағыттар кірді. Геологиялық зерттеулерге ерекше мән берілді, республика экономикасы табиғи байлықтарды игерумен тығыз байланысты еді. Ғылыми өйткені, мекемелер өндіріс пен шаруашылыққа тікелей қызмет ететін сипат алды. Бұл ғылымды теориялық сала ғана емес, практикалық құрал ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Қазақстан үшін өз академиясының құрылуы ұлттық ғылымның жетілгенін және мемлекеттік деңгейдегі міндеттерді шешуге қабілетті екенін мойындау еді. Соғыс жылдарында Қазақстан көптеген ғылыми мекемелер мен мамандарды қабылдады, бұл ғылыми ортаның қалыптасуына ықпал етті. Осы ортаға институционалдық негіз қажет болды. Саяси тұрғыдан алғанда, кеңестік билік республикалардың мәдени және ғылыми дербестігін

нығайтып, оларды одақтық ғылыми жүйеге интеграциялауды көздеді. Мәдени тұрғыдан бұл оқиға қазақ тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуге және ұлттық сана-сезімді дамытуға мүмкіндік берді.

Нұртас Дәндібайұлы үкімет басшысы ретінде академияның құрылуына және ғылыми институттардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсетті. Ғылыми кадрларды тарту, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, қаржыландыру мәселелері мемлекеттік деңгейде шешілді. Республикаға белгілі ғалымдар шақырылып, жас зерттеушілерді даярлау ісі қолға алынды. Бұл кезеңде ғылым мен өндірістің байланысы күшейді.

Академияның құрылуымен бірге бірнеше ғылыми институттардың негізі қаланды. Оңдасыновтың қолдауымен әдебиет және өнер институты, тіл білімі институты, тарих және этнография институты, геология және география институты жұмыс істей бастады. Бұл институттардың штатын бекіту, алғашқы академиктер мен мүше-корреспонденттерді тағайындау қаулыларына өз қолын қойды [1, 355 б.].

Ол Қаныш Сәтбаевты Жезқазғаннан шақырып, академия президенттігіне ұсыну арқылы қазақ ғылымының басында ұлттық кадрдың тұруын қамтамасыз етті. Академияның алғашқы жылдарында зерттеу жұмыстары негізінен табиғи байлықтарды игеру, тарихты зерттеу, тіл мен әдебиетті дамытуға бағытталды. Оңдасынов осы бағыттарға қаржы бөлуге, ғалымдарға жағдай жасауға ерекше назар аударды. Ғылым академиясының құрылуы Қазақстанда ғылымның жүйелі дамуына жол ашты. Республика тек өндірістік аймақ ретінде емес, ғылыми зерттеу орталығы ретінде де қалыптаса бастады. Бұл үдеріс кейінгі онжылдықтардағы ғылыми кадрлардың өсуіне және ғылыми мектептердің қалыптасуына негіз болды.

Гурьевке келгеннен кейін де алғашқы жасалған жұмыстардың бірі білім саласы болды. Оның бастамасымен облыс мектептерінде политехникалық оқыту жүйесі енгізілді. Бұл жүйенің мақсаты оқушыларға ғылым негіздері, яғни физика, химия, биология, математика, сызуды терең меңгерту және білімді өндіріс пен ауыл шаруашылығымен ұштастыру болды. Төменгі сыныптарда қол еңбегі, орта буында тәжірибелік сабақтар, жоғары сыныптарда машина жүргізу мен электротехника негіздері оқытылды. Оқушылар өндірістік экскурсияларға қатысып, техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы үйірмелерге тартылды. Нәтижесінде мектептерде шеберханалар, техникалық және ауыл шаруашылығы үйірмелері ашылып, оқу-материалдық база нығайтылды. Облыс жұртшылығы мен колхоз-совхоздардың қолдауымен мектеп ғимараттары салынып, шеберханалар жабдықталды, интернаттар желісі кеңейді. 1959 жылы облыста 5 орта, 22 сегізжылдық және 31 бастауыш мектеп пайдалануға берілді. Кәсіпорындар мен шаруашылықтардың көмегімен ондаған мектеп, сынып бөлмелері, интернат ғимараттары, оқу шеберханалары мен спорт залдары салынды. Соның нәтижесінде 1957–1958 оқу жылдарында оқу үлгерімі айтарлықтай жақсарды [7, 52 б.].

1938–1962 жылдар аралығында республикада жоғары оқу орындарының саны едәуір өсті, ірі оқу ордалары қалыптасты. Ғылым академиясының ашылуымен әдебиет, тіл білімі, тарих, геология, су шаруашылығы сияқты бағыттар бойынша ғылыми институттар жұмыс істей бастады. Оңдасыновтың тікелей қолдауымен қазақ жастарының жоғары білім алуына жол ашылды, шәкіртақылар бөлінді, жатақханалар салынды, ұлттық кадрлардың үлесі жоғары оқу орындарында және ғылыми мекемелерде айтарлықтай артты. Бұл жылдарда қазақ ғылымының алғашқы мектебі қалыптасты.

Дегенмен, бұл саясаттың шектеулері де айқын болды. Идеологиялық қысым күшті болды. Ғылымның барлық саласы «маркстік-лениндік ілім» шеңберінде қалып қойды, ұлттық тарих пен мәдениетті зерттеу кейде «буржуазиялық ұлтшылдық» айыбымен шектелді. Репрессиядан кейінгі зиялы ортаны қалпына келтіру қиынға соқты, көптеген талантты ғалымдар әлі де қауіпте болды. Осы қайшылықтарға қарамастан, оның саясаты Қазақстанның білім және ғылымының дамуына жол ашты.

Қорыта айтқанда, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов қызмет еткен кезең Қазақстанда білім мен ғылым жүйесінің институционалдық тұрғыдан қалыптасу дәуірімен тұспа-тұс келді.

Соғысқа дейінгі жылдары жаппай сауатсыздықты жою ісі аяқталып, мектеп желісі кеңейіп, педагогикалық кадрлар даярлау жолға қойылды. Білім енді жекелеген топтардың артықшылығы емес, кең ауқымды мемлекеттік саясаттың нысанына айналды. Соғыс жылдарының ауыр жағдайына қарамастан, жоғары оқу орындарының ашылғаны білім саясатының жүйелі жүргізілгенінің дәлелі.

Ғылым академиясының құрылуы Қазақстандағы ғылыми ойдың жаңа деңгейге көтерілуін білдірді. Табиғи ресурстарды зерттеу, ауыл шаруашылығы мен өндірісті ғылыми негізде дамыту, гуманитарлық бағыттағы зерттеулерді жүйелеудің барлығы ғылыми құрылымдардың тұрақтануына ықпал етті. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс күшейді, ұлттық ғылыми кадрлар қалыптаса бастады.

Оның төрағалығы кезінде Қазақстанда ұлттық ғылым мектебі қалыптасты, білім беру жүйесі кеңейді және ғылым халық шаруашылығының қажеттілігіне бағытталды. Бұл саясаттың нәтижелері бүгінгі күні де Қазақстанның білім және ғылым саласының негізі болып отыр. Оның саясаты кеңестік жүйе жағдайында ұлттық мүддені қорғаудың және ғылым мен білімді дамытудың ең жарқын үлгісі болып тарихта қалды. Нұртас Оңдасынов кезеңіндегі білім мен ғылым саясаты Қазақстанда зияткерлік әлеуеттің қалыптасуына, ұлттық кадрлардың өсуіне және ғылыми құрылымдардың нығаюына ықпал етті. Бұл өзгерістер республика дамуының келесі кезеңдерінде маңызды рөл атқарды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Еңсенов Қ.А. Нұртас Оңдасынов. Монография. – Шымкент: «АЗИАТ» баспа үйі, 2017. -408 б.

2 Аккузинов А.К. «Казахская ССР превращается в основную базу союза по производству цветных металлов, крупный район добычи угля, нефти, мощного сельского хозяйства» // Военно-исторический журнал. - 2023. - № 11(763). – С.32-41

3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (одан әрі ҚР ОМА) 2330-қ.,1-т., 26-іс., 19-20 п.

4 ҚР ОМА 2330-қ.,1-т., 26-іс., 69 п.

5 Утегенов К., Мурзагалиев А.Д. «Роль Н. Ундасынова в развитии науки и культуры Казахстана в годы Великой Отечественной Войны» //ҚазҰУ Хабаршысы. – 2007. - № 1 (44). – 162-164 б.

6 Оңдасынов Н. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. (Бесінші рет басылуы). /Құраст. Гүлсім Оразалықызы – Алматы: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024. – 456 б.

7 Мұқтар Ә.Қ. Біріншілер (1938 – 2019 жылдардағы Атырау облысы тарихынан): Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020. – 328 б.

ӘОЖ 351.853

УНИВЕРСИТЕТ МҰРАҒАТЫНЫҢ ДЕРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Телбаева Назира Жиеналықызы
e-mail: Nazira.telbaeva@bk.ru
«Тарих» білім бағдарламасының 2-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к. – Кайргалиева Г.

Қазақстанның жекелеген жоғары оқу орындарының тарихы бойынша зерттеулердің бірқатар тәжірибесі болғанына қарамастан жоғары оқу орындары, яғни университеттік архивтердің жұмысын ғылыми талдау әлі де жеткіліксіз зерттелген. Көптеген зерттеу жұмыстарында архив материалдары деректанулық, ғылыми, мемориалдық, көмекші дереккөз

базасы ретінде пайдаланылады. Жергілікті университеттердің архивтерінде өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму ерекшеліктерін көрсететін бірегей құжаттар сақталады.

Бұл тұрғыда Батыс Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі — Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті ерекше қызығушылық тудырады және университеттің бай тарихы өңірде педагогикалық және классикалық университеттік білім беру жүйесін қалыптастырудың даму тарихын сипаттай алады. Университеттің мұрағаттық қорлары оның институционалдық дамуының әртүрлі кезеңдерінде, яғни мұғалімдер институтынан бастап қазіргі заманғы көпсалалы университетке дейінгі даму сатысындағы құжаттарды жинақтағанымен ерекшеленеді. Оларды талдау нақты ЖОО тарихын қайта құруға ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы жоғары білім берудің жалпы даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Университет архиві – білім беру мекемесінің маңызды тарихи және мәдени қазынасы болып табылады. Ол университеттің қалыптасуы мен дамуының бүкіл кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды сақтап, келер ұрпаққа жеткізеді.

Архив материалдары университеттің ғылыми, оқу және әкімшілік қызметі туралы нақты ақпарат береді. Бұл құжаттар зерттеушілерге, оқытушылар мен студенттерге тарихи зерттеулер жүргізуге, білім беру үрдісін жетілдіруге, сондай-ақ университеттің мәртебесін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Университет архивтері Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа кезеңге өтті. Бұл кезеңде архив жұмысы жүйеленіп, электронды құжат айналымы енгізіліп, архив материалдарын зерттеу мен пайдалану ауқымы кеңейді. Архивтер білім беру саласының даму тарихын нақты деректермен дәлелдей отырып, оқу орындарының халықаралық деңгейге көтерілуіне септігін тигізді.

Университет архиві – жоғары оқу орнының тарихи, ғылыми және мәдени мұрасын сақтайтын маңызды институт. Ол оқу орнының қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды жүйелі түрде жинап, қорғап, келер ұрпаққа жеткізеді. Университет архиві білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметінің негізін құрайтын құнды ақпараттық ресурс болып табылады.

Қазақстандағы университет архивтері XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Алғашқы архивтік материалдар оқу орнының құрылуы мен оның қызметі туралы құжаттардан тұрады. Мұндай архивтер университет қызметінің заңдылықтарын, оқу бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерін, студенттердің және оқытушылардың өмірбаянын тіркеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін архивтердің қызметі жаңа деңгейге көтерілді: электрондық архив жүйелері енгізіліп, құжат айналымы цифрланды.

Қазақстандық ғалымдар арасында архив ісі саласында Ж.А. Омаров және Г.Қ. Сарымсаков сияқты зерттеушілердің еңбектері жоғары бағаланады. Олар архив ісінің теориясы мен практикасындағы ұлттық ерекшеліктерді зерттеп, жергілікті архивтерді дамытуға үлес қосты. Ж.А. Омаров – Қазақстандағы архив ісін дамытуға үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерінде архивтердің ұлттық ерекшеліктері мен тарихы, құжаттардың сақталуы мен өңделу әдістері қарастырылады. Омаров архивтің мемлекеттік және қоғамдық маңызын атап, архив қызметінің кәсіби деңгейін көтеру мәселелерін көтереді. Оның зерттеулері университет архивтерінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.

Г.Қ. Сарымсақов архив ісінің теориясы мен практикасын интеграциялау мәселелеріне назар аударады. Оның мақалаларында цифрландыру, электронды құжат айналымы, архив материалдарын пайдалану жүйелері туралы тың идеялар мен ұсыныстар бар. Сарымсақовтың еңбектері қазіргі заманғы университет архивтерінің тиімді жұмыс істеуіне ғылыми негіз береді.

Қазақстандағы архив ісін зерттеуші Аққали Ахметтің пікірінше, архивтерде құжаттарды қабылдау, есепке алу және сақтау, ғылыми-техникалық өңдеу және сипаттамасын жасау, құжаттарды цифрландыру және электрондық архивтер құру, зерттеушілерге және жеке азаматтарға архивтік анықтамалар беру, мемлекеттік және тарихи маңызы бар құжаттарды жариялау фунцияларын жүзеге асады [1].

Университет архивтері жоғары білім беру тарихына және институционалдық жадыыға қызығушылықтың артуы жағдайында университет тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие. Университет мұрағаты басқару құжаттамасының бірегей қоймасы ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемесінің академиялық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени қызметін қайта құрудың маңызды көзі болып табылады. Мұрағат материалдарын талдау университеттің білім беру дәстүрлерін, ғылыми мектептерін, кадр саясатын және корпоративтік мәдениетін тарихи динамикада қалыптастыру процестерін бақылауға мүмкіндік береді

Университет архивтерінде ректораттың бұйрықтары, ғылыми кеңестердің хаттамалары, оқытушылар мен студенттердің жеке істері, ғылыми іс-шаралар туралы есептер, оқу жоспарлары, түрлі хат алмасулар мен корреспонденциялар, нормативтік құжаттар көшірмелері секілді көптеген дереккөздерді жинақталады. Бұл дереккөздер ЖОО тарихын микро және макро деңгейлерде зерттеуге, оның институционалдық даму ерекшеліктерін және мемлекетпен және қоғаммен өзара іс-қимылын анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік мұрағаттардан айырмашылығы, университет мұрағаттары академиялық орта мен университеттің күнделікті өмірінің ерекшеліктерін көрсете отырып, білім беру мекемесінің ішкі логикасын сақтайды

Осы тұрғыдан Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің архив қоры маңызды құжаттар сақталған маңызды нысан болып табылады. Бұл мақалада күні бүгінге дейінгі жоғары оқу орнын бітірушілерге берілген дипломдар бойынша талдау жүргізілді. Қазіргі университет мұрағатында бітірушілердің құжаттарын тіркеу 1954 жылдан басталады. Архивте 1954-2025 жылдар аралығындағы бітірушілердің құжаттары тіркелген 105 журнал сақталған [2] (1-сурет).

1-сурет. 1954-1963 және 1963-1969 жылдардағы бітірушілер құжаттарын тіркеу журналы



2-сурет: бітірушілердің дипломдарын тіркеу журналы



2 және 3-ші суреттерде берілген бітірушілердің дипломдарын тіркеу журналдарына талдау жасау барысында келесідей мәселелерді анықталды: бітірушілердің туған жылдары, оқыған мамандықтары, оқуға түскен және оқуды аяқтаған жылдары, алған құжаттарының тіркеу нөмірі, жұмысқа бөлінген мекемелері, партияға мүшелігі, мемлекетітк аттестаттау комиссиясының датасы және нөмірі [3]. Атап айтқанда, 1954 жылы қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша 31 тіркелген бітіруші туралы ақпаратқа талдау жасалды.

1-кесте: 1954 жылы қазақ және орыс тілі мамандығы бітірушілері туралы мәлімет

№	Тегі, аты-жөні	Туған жылы	Партиялылығы	Мамандығы факультеті	Оқуға түскен-бітірген жылдары	біліктілігі
1	Ажимов Мекерия	1935	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
2	Сакатова Жания	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
3	Кусдавлетов Зинолла	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
4	Бергенова Камария	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
5	Бисенгалиева Унзила	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
6	Абишев Галимжан	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
7	Даиров Сейтхан	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім

8	Казбаганбетов Базаргали	1935	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
9	Баймагамбетов Нурлыбай	1934	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
10	Назаров Жалгас	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
11	Искалиева Нагима	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
12	Альдешов Бактыгалий	1933	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
13	Имангалиев Рахмет	1933	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
14	Гаммаев Зулфухар	-	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
15	Алиманов Кубар	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
16	Конарбаева Нурлы	1932	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
17	Молдажанов Утебали	1933	ВЛКСМ	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
18	Тангазиева Саухат	1927	-	Қазақ тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
19	Большов Алексей Алексеевич	1930	-	Орыс тілі/әдебиеті	1952-1954	мұғалім
20	Махова Фаина Федоровна	1927	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
21	Касымов К.	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
22	Космагамбетов Биман	1931	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
23	Ступина Мария Сергеевна	1933	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
24	Богачева Ольга Алексеевна	1931	-	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
25	Канцева Александра Ксенофонтовна	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
26	Вишневская Ривекка Майоровна	1930	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
27	Еремина Наталья Сергеевна	1933	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
28	Галхида Валентина Владимировна	1926	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
29	Винокурова Зоя Федоровна	1934	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім

30	Корякова Мария Владимировна	1932	-	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
31	Чигрина Таисия Георгиевна	1932	ВЛКСМ	Орыс тілі /әдебиеті	1952-1954	мұғалім
Кестені жасаған автор						

Тізімдегі 31 бітірушінің 6-уының партия мүшелілігі жоқ, 1-інің туған жылы туралы мәлімет жазылмаған, жасы бойынша ең үлкені 1926 жылы туған, ең жасы кішісі 1935 жылы туған [4]. Осы 31 түлектің бөлінген жұмыс орындары 2-кестеде беріледі:

2-кесте: 1954 жылғы қазақ және орыс тілдері мамандығын бітірушілердің жұмысқа бөлінуі

№	**Тегі, аты-жөні**	**Мамандығы факультеті**	**Жұмысқа жіберген жері/мекемесі**
1	Ажимов Мекерия	Қазақ тілі /әдебиеті	Таушык орта мектебі
2	Сакатова Жания	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
3	Кусдавлетов Зинолла	Қазақ тілі /әдебиеті	Қызылқоға ауданына
4	Бергенова Камария	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
5	Бисенгалиева Унзила	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
6	Абишев Галимжан	Қазақ тілі /әдебиеті	Баксай ауданына
7	Даиров Сейтхан	Қазақ тілі /әдебиеті	Денгиз ауданы Үштаған орта мектебі
8	Казбаганбетов Базаргали	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы
9	Баймагамбетов Нурлыбай	Қазақ тілі /әдебиеті	Таушык орта мектебі
10	Назаров Жалгас	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы
11	Искалиева Нагима	Қазақ тілі /әдебиеті	Гурьев қ. Куйбышев орта мектебі
12	Альдешов Бактыгалий	Қазақ тілі /әдебиеті	Баксай ауданына
13	Имангалиев Рахмет	Қазақ тілі /әдебиеті	Жазуы түсініксіз болды
14	Гаммаев Зулфухар	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
15	Алиманов Кубар	Қазақ тілі /әдебиеті	Лабайская шк
16	Конарбаева Нурлы	Қазақ тілі /әдебиеті	Новобогат ауданына
17	Молдажанов Утебали	Қазақ тілі /әдебиеті	Жилокосинский ауданы
18	Тангазиева Саухат	Қазақ тілі /әдебиеті	ОблОно
19	Большов Алексей Алексеевич	Орыс тілі/әдебиеті	Денгиз ауданы
20	Махова Фаина Федоровна	Орыс тілі /әдебиеті	Мақат ауданы
21	Касымов К.	Орыс тілі /әдебиеті	УМВД
22	Космагамбетов Биман	Орыс тілі /әдебиеті	Кеңөзек орта мектебі
23	Ступина Мария Сергеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Талдықорған қ.
24	Богачева Ольга Алексеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Денгиз ауданы
25	Канцева Александра Ксенофонтовна	Орыс тілі /әдебиеті	Мақат ауданы
26	Вишневская Ривекка Майоровна	Орыс тілі /әдебиеті	ОблОНО
27	Еремина Наталья Сергеевна	Орыс тілі /әдебиеті	Құлсары

28	Галхида Валентина Владимировна	Орыс тілі /әдебиеті	Маңғыстау
29	Винокурова Зоя Федоровна	Орыс тілі /әдебиеті	Жилокосинский
30	Корякова Мария Владимировна	Орыс тілі /әдебиеті	Еркинкала
31	Чигрина Таисия Георгиевна	Орыс тілі /әдебиеті	Гурьев қ.
Кестені жасаған автор			

Аудан, қала және мекеме атаулары тіркеу журналдарындағы жазбаға сәйкес жазылды. Өзгеріс тек қана орыс тілінен қазақ тіліне аударылды.

3-сурет: 1 және 2-ші кестелердегі бітірушілердің мәліметі бар тіркеу журналы



Қазіргі кезде университеттердің архивтік құжаттары оқу орнының тарихын зерттеуде үлкен рөл атқарады. Университетттің мұрағаттары да жалпы архив жүйесіндегі құжаттар егер Атырау университетімен алып карайтын болсақ (2022 жылғы мәліметке сай) 45334 атаудағы құжат болған. Оның ішінде жеке құрамдағы 20297 құжатты қамтиды. Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің архив қоры 1952 жылдан басталады. Оның ішінде бұйрықтар 1954 жылдан бастап сақталған. Ал диплом құжаттары 1975 жылдан басталған.

3-кесте Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1954-2025 жылдар аралығындағы бітіріп шыққан түлектер саны

1954-1990 жылы	16208 түлектер бітірген
1991-2025 жылы	56994 түлектер бітірген
Барлығы: 73202 түлек	

Осылайша, университеттердің мұрағаттарыныың тұлғатану, оқу орны тарихы, өлкенің білім беру ісі тарихы, әлеуметтік-экономикалық даму тарихын зерттеуде теректанушылық маңызы мен құндылығы жоғары жинақтаушы жады деп санаймыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахмет А. Қазақстандағы архив ісінің тарихы (1918-1991 жж.). Алматы: «Medet Group», 2022
2. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің архиві қор 1086
3. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің архиві қор 1086

ӘОЖ 9-05

ҒАЛЫМ, СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Тулегенов Б.Ж.
tulegenovbakytzhan3@gmail.com
Қазақстан және дүниежүзі тарихы, кафедрасының магистранты
ғылыми жетекші: Ахметова Ұ.Т., т.ғ.д. профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан, Атырау қ.

АННОТАЦИЯ. *Бұл мақалада Серікбол Қондыбайдың өмір жолы мен ғылыми мұрасы жан-жақты қарастырылады. Автор ғалымның қазақ мифологиясын зерттеудегі ерекше орнын, оның еңбектеріндегі Ұлы дала құндылықтарының көрінісін талдайды. Сонымен қатар, С.Қондыбайдың мифология, лингвистика, этнография және тарих ғылымдарының тоғысындағы кешенді зерттеулері арқылы қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетін жаңаша пайымдауға қосқан үлесі айқындалады. Мақалада ғалымның еңбектері негізінде қазақ мифологиясын зерттеудің кезеңдері, әдіснамалық ерекшеліктері және оның ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлі сараланады. Зерттеу нәтижесінде С.Қондыбай еңбектерінің қазақтың тарихи жадысын жаңғыртудағы және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызы көрсетіледі.*

Кілт сөздер: Серікбол Қондыбай, қазақ мифологиясы, Ұлы дала құндылықтары, ұлттық сана, тарихи жады, рухани мәдениет, миф, этнография, фольклор, дүниетаным, лингвистика

Қазақ халқының өткен тарихы кезеңдерінде қоғамдық-саяси өмірде жетекші орынға ие ұлт-азаттық қозғалыстардың мәнін жете түсіну, ұғыну қазіргі кезеңдегі ұлттық санамызда ерекше орын алып отырғаны түсінікті жайт. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өз Жарлығымен 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп, ал 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы жариялауы төл тарихымыздың, оның ішінде ел тәуелсіздігі жолындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күрес тарихының ғылыми тұрғыда кеңінен жазылуына септігін тигізері сөзсіз. Дегенмен де елбасының өзі айтқандай «түптеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Осындай зерттеулер С.Қондыбаев турасында болмақ. С.Қондыбаев туралы мысалы, академиялық Тілтану институтында танымал лингвист Нұргелді Уәліұлы жетекшілік ететін диссертациялар өз зерттеулеріне негіз етті..Сол сияқты бір жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен Серікболдың 5-томдығының тусау кесу рәсімінде сөйлеген тарихшы Талас Омарбеков айтқандай, оның жетекшілігімен жазылған Қазақстанның көптомдық тарихының алғашқы, көне тарихты қарастыратын томдары Серікболдың теорияларының негізінде жасалған. Бұның бәрі - ғалымның шығармашылығын насихаттаған

азаматтардың арқасы, Маңғыстау облысы өңірлік-салалық «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында өткізілген шаралардың жемісі.

Қазақ даласының өткеніне қатысты жазылған тарихи еңбектер бүгінгі рухани еркіндікке қол жетуінің арқасында көптеп жазылуда. Алайда қазақ тарихы туралы еңбектердің арасында ылыми бәрі неғұрлым көп жазылған сайын шатасу да соғұрлым көбейе түскен тәрізді.

Қазақ жерінің өткенін танып білу өз алдына, сол өткен шақты бүгінгі қазаққа дейін жіпке тізгендей етіп жалғастыру - аса керекті шаруа болып тұр. Бүгінгі ұлт басына дерт болып түскен жаппай селқостыққа бола осының бәрін жылы жауып қоя салуға болар еді. Бірақ осылар күндердің күні біреудің қажетіне жарап қалар деген үмітті ой осындай ізденістерді жалғастыра беруге итермелейді. Осындай қазақ тарихын зерттеушілердің бірі - Серікбол Қондыбаев болатын.

Өлкетанушы, географ, публицист Серікбол Әділбекұлы Қондыбай 1968ж 14 – наурызда Маңғыстау облысы Құрық поселкесінде дүниеге келген. 1969 ж., бастап Шетпе поселкесінде тұрған. 1986ж КазҰУ география факультетіне оқуға түсіп, 1991ж геоморфология мамандығы бойынша бітірген. 1995ж жол апатына ұшырап 1-топтағы мүгедек болып қалады. Соған қарамастан өмірінің соңына дейін 10 кітап жазды. 2004ж 24 тамызда 36 жасында қазақ зиялыларын мойындатқан С. Қондыбаев өмірден озды.

1991 жылы қазіргі ҚазҰУ-ды бітіргеннен кейін, 1991-1997 жылдары Маңғыстау, Үстірт мұражай-қорығында, облыстық экология және биоресурстар басқармасында қызметкер, орта мектепте мұғалім, өлкетану, туризм, ландшафт эстетикасы мәселелері саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген, байырғы қазақ шежіресі мен әфсана аңыздары, географиясы тұрғысында мағлұматтар жинастырып, бірнеше кітап жазған.

Қондыбаев «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе» (1997), «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» (2000), «Есен-қазақ» (2002), «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» (2003), «Арғықазақ мифологиясы» (2004), «Эстетика ландшафтов Мангистау» (2005), «Маңғыстаунама» (2006), «Қазақ даласы және герман тәңірлері» (2006), «Жауынгерлік рух кітабы» (2006) кітаптарының авторы [7. 93-327б].

С.Қондыбай (1968-2004) қамшының сабындай аз ғұмырында өлмейтін мол мұра қалдырды. Ол өзінің іргелі ізденістерімен ғылымның қия шыңына шыға білді. Автордың бұл еңбегі қазақ мифологиясының түп төркініне терең бойлады. Сондай-ақ мифологиялық бейнелерді сөздік тәртібімен орынды жүйелеп, олардың тарихи болмысын жан-жақты саралай білген. Айталық, Арыстан баб, Асан кайғы, Баба Түкті Шашты Әзіз жайлы толғаныстары мен көктүріктер мифологиясына арналған ойлары өзінің баға жетпес құндылығымен кім-кімді де ойландырмай қоймасы анық. Кондыбай еңбектері жоғары оқу орындарының студенттері мен ізденушілеріне, оқытушылар мен мамандарға, ғылым сүйер озық ойлы оқырманға арналған. Тарих тереңге кетсе де, нәрлі тамыр сияқты: шыққан тегімізді, ұлттық болмысымызды, салт-дәстүрімізді санамызға жеткізуші, өткен ғасырлар мен бүгінгі күн арасындағы алтын көпір. Тарих - азаматтың рухани тұғыры, өткеннен ұлағат іздейтіндер үшін тарих ұлама ұстаз. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Тарих - өткеннің сыбағасы, алдыңғының кейінгіге өнегесі" деген сөзін жалау еткендей, жалғыз өзі арғықазақтың мыңжылдық тарихын мифология мен лингвистикаға сүйене отырып зерттеген. Әлемдік мәдениет пен дүниетанымға қазақтың да қосқан үлесінің зор екендігін дәлелдеп беріп, ғаламдық мифологияның феномені ретінде танылған тұлға - Серікбол Әділбекұлы Қондыбай [1.12-13б].

Әлемдік ғылымдағы төңкеріске балауға болатын С.Қондыбайдың қаламынан шығып, қолымызға тиген он бес томдық ғылыми зерттеулер толықтай дерлік "абақтыда" жазылды. Апатқа ұшырап, төрт қабырғаға жабылып, тар төсекке таңылған тоғыз жылдың әр сәті жаңа тыныспен жалғасары күмәнді еді. Осы жылдардың бәрінде Серікбол өзі бекіткен, сағат-минутына дейін қатаң есепке алған күн тәртібімен тек етпеттеп жатып қана жұмыс істеді. Оның кітапханасы бір-ақ бөлме, құралы қағаз-қалам мен интернетке қосылмаған компьютер болды. Аңыздың шындық екендігін дәлелдеуге тынымсыз үмтылған Серікбол өлкетану,

туризм, ландшафт эстетикасымен айналыса жүріп, білімнің сан алуан күрделі салалары: тарих, фольклор, мифогеография, лингвистика, археология, этногенетика, этнография, мифология тоғыстарындағы күллі адамзатқа ортақ мәдени - танымдық мәселелерге әмбебап зерттеуші, тың талдаулар жасаушы ғалым биігіне шықты. Тарихтың тағылымы әркімнен ел қамын ойлайтын естелікті талап етеді. Осыны терең түсінген ғалым ұлтының әрбір азаматын бабалардың рухани биігіне жетеледі. Халқына, еліне, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында Серікбол ғаламда ерлік жасап, өзінің сөзімен айтқанда, "XXI ғасырдағы қазақтың тіршілік ету кеңістігі мен уақытын сақтап қалу үшін жаңа идеология, жаңа шежіре, жаңа миф жасалуы қажеттігін" айқындап берді, алаш ұрпағына өмірлік үлгі көрсетті. "Еуропа рационализмі бізді ақиқаттың табалдырығына дейін алып келді. Бірақ оны аттап өтуге жазбаған. Ал сол бағытқа қарай жылжи беру - ол да Алла тағаланың несібесі болар" деген Серікбол байламы, оның жолын қуған жас ғалымдар, халқының тарихы мен мәдениетіне қызығатын жеткіншектер әлем елдерінің алдыңғы легіне ұмтылғанда ұстанар туы, ақиқаттың алмас қылышындай елең еткізер жарқылы болғай! Көшпелі халықтар жыр-аңыздың екі жанрын - батырлар жыры мен демонологияны жасаған, ал мұның екеуі де әдебиеттен гөрі мифологияға жақын. Көшпелілер ақиқат өмірді осындай жолмен қабылдап, өздерінің дуниетанымын осылайша көрсеткен. Л.Гумилев Құдіретіңмен бір Алла, Ең әуелі жараттың Он сегіз мың ғаламды, Түзеттің ғұрып-заманды,Аспан менен Жер жасап, Жараттың сафи-Адамды, Топырақтан турчат тең жасап. Сәттіғұл. 1924 жыл Миф - ата-бабалардың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалами, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері. Олардың қатарына аспан, жер, су дүниесі мен жер асты, осылардың тұрғындары, яки тәңірлер мен тәңіриелер, құбыжықтар мен перілер, дөулер, жасампаз батырлар мен ел терушілер, ілкі адамдар, ғажайып мақұлықтар мен заттар, т.б. жатады. Мифология дегеніміз - солар туралы аңыз-әңгімелердің жиынтығы және ғалам жөніндегі фантастикалық түсініктер жүйесі, ғалам картинасы. Ең ақырғысы - аталмыш аңыздарды, олардың түпкі мотивтері мен идеяларын зерттейтін саланы да мифология дейді. Миф - адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, сондықтан қазақ мифологиясын меңгеру қазақ психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, мәдениеті мен әдебиетіндегі, тарихындағы әлі күнге шейін түсініксіз. ақтандақ болып отырған тұстарына түгел болмаса да белгілі мөлшерде жаңаша қарауға көмектесе алады. Қондыбай еңбектеріне ең болмаса бір рет көз жүгіртіп шыққан оқырман күнде естіліп, құлаққа үйреншікті болып кеткен сөздердің астарлы екендігін түсінер деген үмітіміз бар. Қазақ - көшпелі ғаламның соңғы тұяғы. Оның көшпелі тұрмыс-салтын тастағаны күні кеше ғана. XX ғасырдың 20-30-жылдарында отырықшыланды. Бұл қазақ мәдениетінің негізі - көшпелі мұра, салт, ғұрып, сенім, рәсім мен ауыз әдебиеті сияқтылар кешенінен тұрады деген сөз. Ал қазақ мәдениеті дегеніміздің өзі осы көшпелі мәдениеттің ғасырлық-территориялық соңғы қорытындысы, қазақ үшін бұлар экзотика бола алмайды, өйткені ол - өмір. Көшпелілердің мифологиясына да көзқарасымыз осылай болғаны жөн. "Қазақта мифология бар ма?" деген сауалдың қойылуы заңды. Жай оқырман оған "Ол не?" деген қарсы сауалмен сөз айтар, ал рухани мәселелерді зерттеуші маман "қазақта ол ертеде болған, бүгін жоқ" дер еді. Өйткені қазақта осы салада, осы тақырыпта әртүрлі газеттік сипаттағы мақалалар болмаса арнайы ғылыми-зерттеу бағыты жоқ. "Мифология" деген сөзді естігенде сауатты оқырман ең алдымен орыс мәдениеті арқылы бала кезден таныс болған грек мифологиясын еске түсіреді, дәл солардікіндей көне мұра қазақта сақталмағандықтан, "бізде жоқ" деп айта алады. Ал ақиқатында, ол бізде бар, тек біздің "мифология" дегенімізге басқаша анықтама берілуі керек. Қазақ мифологиясы - бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың "орташа" алынған өздері, дүние - ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі. Қазақта айқын, "мөлдір сипатты" мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының - жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал- мәтелдің, фразеологизм мен діни әфсаналардың астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр. Сондықтан "қазақ мифологиялық ғылыми-зерттеу" мектебін қалыптастыру үшін үш кезеңнен өтуге тура келді [2.23-45б].

Бірінші кезең - ықтимал мифтік сипаты бар сөздер мен ұғымдарды, аңыздар мен басқа да фольклорлық материалдарды жинақтап, олардың негізінде алғашқы мифологиялық түсініктердің долбарлы бағыттарын, үлгілерін, тұрақты трафареттерін анықтау. Оны географиялық "рекогносцировка" - "алдын ала бажайлап-байыптау" деуге болады.

Екінші кезең - қазақ мифологиясының ғылыми пән ретінде тарихи даму, өзгеру, қалыптасу жолдарын, негізгі зерттеу нысандарын, әдістемелерін, теориялық ережелері мен жөн-жосықтарын бір арнаға түсіру.

Үшінші кезең - бастапқы ғылыми мифология пәнін рухани саланың мамандарының көмегімен (этнопсихолог, дін ғұламалары, философ, өнертанушы, мәдениеттанушы, социолог, тарихшы, этнограф, фольклоршы, т.б.) дамыған мифологиялық зерттеу мектептерімен (мәселен, европалық мектеппен) теңестіру. Қазақ мифологиясын өнер мен мәдениетте кеңінен пайдалану жолын іздеу.Кітапты әуелі "Алаш кеңістігі және қазақ мифологиясы" деп атады, артынша "Қазақ мифологиясына кіріспе" деген атауға тоқтады. Ондағы мақсат - әлгінде айтылған зерттеу кезеңдерінің бірінші кезеңдік шартын жүзеге асыру, оны "наурыз кезіндегі әр үйден ауыз тиіп шығу" деуге де болады. Өйткені бұл кітапта қолданылатын жұмыстар - қысқаша сөздік жасау арқылы "біздерде мынандай бар, мынандай бар" деп таныстыру және тілден, жеке аңыздан, ертегіден, шежіреден, өлең мен жырдан, әдет- ғұрып пен ырым-нанымнан, тарихи құжаттан мифті табу мүмкіндіктерінің ең қарапайым жолдарын көрсету және қайталана беретін сюжет, сөз, тіркес, есімдерден тұрақты "мифтік трафареттер мен модельдер" табуға болатындығын көрсету. Сондықтан әр тақырыптың басынан шалып, "үйінен ауыз тию" - осы кітаптың пешенесі деп ойлау керек. Бұлай істемейінше - екінші, үшінші кезеңдерге жете қою мүмкін емес. Бұл кітаптың тағы бір мақсаты - "қазақ мифологиясы" деген түсінікке оқырманның да, зерттеушінің де "құлағын, бойын үйрету", өзінше бір "мифологиялық әліппе жасау". Міне, қазақ мифологиясын зерттеуде сақталған жазба мұралар өте аз болғандықтан, басты назар қазақ тілі мен ауыз әдебиетіне аударылады. Сырт көзге таныс, түсінікті болып көрінетін сөздер мен сөз тіркестерінің сырына үңілу арқылы да көп жәйттің басын ашуға мүмкіндіктер бар. Қондыбай еңбегі сырттай сөздікке ұқсас етіп жасалынып, ондаған тақырыпқа топтастырылған, бірақ толық логикалық тізбек реті сақталған деп айта алмаймыз. Себебі, қазақ мифологиясы әлі зерттеле қоймаған ғылым саласы, сондықтан теориялық шикіліктерден ада емеспіз. Әңгімелеу барысында орыс тілінде бірнеше мәрте жарық көрген "Мифологиялық сөздік", сондай-ақ Ә.Ақышевтің, А.Машановтың, Ж.Қарагөзованың, А.Сейдімбекұлы, Е.Тұрсынов, О.Сүлейменов сияқты басқа да қазақ зерттеушілерінің пікір - байламдары молынан пайдаланылды. Осы кітаптың авторы кәсіби ғалым емес, бұл әуесқойлықты дилентантизм деуге де болар, бірақ ғылыми орта үндемесе әрқашан кезек әуесқойдікі болмақ. Автор ақиқатты меншіктенбейді, тек оқырманды білуге, зерттеуші адам шығып жатса, ізденуге итермелеуді ғана мақсат еткен. Таңсық ойлар кездесіп жатса, ол да әзірше тұспал болмақ. Ғылыми-рационал ой мен сана, әдіс барлық нәрсенің сырын ашуға ұмтылады. Бұл да Алла тағаланың пендесіне берген басты ырыздығы. Ол да баянды емес, оның да шегі бар шығар. Бұл енді иррационалдық аймағы болмақ. Иррационалдық дегеніміз білім, ғылым өресі жете қоймаған, санадан тысқары, логикалық түсінік пен пайымдауға келе қоймайтын нәрселер. Кезінде бір философ "Европа рационализмі бізді ақиқаттың табалдырығына дейін алып келді. Бірақ оны аттап өтуді бізге жазбаған" деп айтқан болатын. Бұл да рас шығар, өйткені иррационалдық кеңістік Құдайдікі, оның ақиқатын, оны білу бізге, пендеге бұйыртпаған. Ал сол бағытқа қарай жылжи беру - ол да Алла тағаланың несібесі болар. Миф дегеніміз не? Бұл жөнінде "жаңалық" ашып жатудың керегі шамалы. "Миф" пен "мифология" атауының анықтамасы кез келген арнайы тақырыптық сөздіктер мен кітаптардың кіріспесінде- ақ тәптіштеліп баяндалады[4.3-15б].

Миф - ерте замандағы адамдардың өзі туралы, қоршаған ортасы, жалпы ғалам туралы, олардың орны мен реті, өзара байланысы, пайда болуы мен жоқ болуы туралы түсінігі. Ал ертегі адам өзі мен ғалам туралы не білген? Ол түсінік бойынша ғаламда білгілі бір тәртіп бар, жануарлар, адамдар, перілер, құбыжықтар, Құдайлар, дәулер, алыптар мекен етеді. Олай болса: Миф ғалам мен адам туралы, Құдайлар мен құбыжықтар туралы, рухтар мен аруақтар,

алғашқы адамдар мен адам сипатты батыр пенделер туралы түсінік. Ертегі адам мифті ойдан шығарылған ертегі деп емес, керісінше, бүткіл дүниенің жалғыз ақиқаты деп білген, олай болса: Миф - ертегі адамдардың адамтану, дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы. Ежелгі адам кез келген әрекетінің себебін озарт арқылы түсіндірген, яғни айтылатын ертегі мен жырдың да, салынатын суреттің де, айтылатын ән мен өлеңнің де, тарихтың да, биленетін бидің де арғы жағында озарттық түсініктер жатыр. Олай болса: Миф - бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы[3.5-67б].

Қазақ халқының өткен тарихы кезеңдерінде қоғамдық-саяси өмірде жетекші орынға ие ұлт-азаттық қозғалыстардың мәнін жете түсіну, ұғыну қазіргі кезеңдегі ұлттық санамызда ерекше орын алып отырғаны түсінікті жайт. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өз Жарлығымен 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп, ал 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы жариялауы төл тарихымыздың, оның ішінде ел тәуелсіздігі жолындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күрес тарихының ғылыми тұрғыда кеңінен жазылуына септігін тигізері сөзсіз. Дегенмен де елбасының өзі айтқандай «түптеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Осындай зерттеулер С.Қондыбаев турасында болмақ. С.Қондыбаев туралы мысалы, академиялық Тілтану институтында танымал лингвист Нұргелді Уәліұлы жетекшілік ететін диссертациялар өз зерттеулеріне негіз етті..Сол сияқты бір жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен Серікболдың 5-томдығының тусау кесу рәсімінде сөйлеген тарихшы Талас Омарбеков айтқандай, оның жетекшілігімен жазылған Қазақстанның көптомдық тарихының алғашқы, көне тарихты қарастыратын томдары Серікболдың теорияларының негізінде жасалған. Бұның бәрі - ғалымның шығармашылығын насихаттаған азаматтардың арқасы, Маңғыстау облысы өңірлік-салалық «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында өткізілген шаралардың жемісі.

Қазақ даласының өткеніне қатысты жазылған тарихи еңбектер бүгінгі рухани еркіндікке қол жетуінің арқасында көптеп жазылуда. Алайда қазақ тарихы туралы еңбектердің арасында ылыми бәрі неғұрлым көп жазылған сайын шатасу да соғұрлым көбейе түскен тәрізді[6-45б].

С.Қондыбаев еңбектерін зерттеу барысында белгілі бір жаңалық қосу мен үшін әлі ерте шығар әрине, бірақ қазір мақала жұмысын жазудағы мақсат-аз да болса өзіме дейінгі зерттеушілердің еңбектерін талдап, жүйелеу болатын.

С.Қондыбайдың зерттеген саласы, жазған еңбектері қазақ үшін бұдан әрі зерттеуді қажет ететіні айқын. Өйткені қазақ мифологиясы туралы қандай ортада болмасын аз айтылады. Сондықтан да С.Қондыбаевтың бұл ерлігін бағалап, «Қазақ мифологиясының атасы» десек артық айтпаған болармыз.

Ендеше бұған дейін жазылған әлі де алдағы уақытта жазылатын қазақ мифологиясы саласының қолану аясы қандай деңгейде болмақ. Ғылыми ортамен шектеле ме әлде көпшілікке ұсыныла ма? Ол үшін әрине зерттеу бойынша жарияланған мақалалар, жазылған кітаптар оқырманның қолына жету керек. Не үшін оқу керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сұраққа мына қысқа сөйлеммен жауап берсем, өйткені қазақ мифологиясы қазақтың өткен өмірінің көрінісі, ата-бабаларымыздың шыңдыққа жанасымды ой-қиялының туындысы. Ал біз үшін ата-бабаларымыздың өткен өмір жолын, қалдырған мұрасын сақтап, оны келесі ұрпаққа жеткізу парыз екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Наурызбаева З. Путь к признанию (память о Серикболе Кондыбай) «Страна и мир», сентябрь 2003 г.
2. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. Алматы: Зерде, 2008. 186б
3. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Зерде, 1997. 304б
4. Қондыбаев С Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: Арыс, 2000. 293б
5. Қондыбаев С. Есен-қазақ. Алматы: Арыс, 2002. 353б
6. Қондыбаев С. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. Алматы: Арыс, 2003. 389б

7. Қондыбаев С. Жауынгерлік рух кітабы. Алматы: Арыс, 2006. 327б

ӘОЖ 070

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ПУБЛИЦИСТИКАДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Утемисова Дильназ
utemisova.dilnaz07@gmail.com
Журналистика және ақпарат білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр, сеньор-лектор – Исмурзина Г.Б.

Аңдатпа: Бұл мақалада экологиялық мәселелердің публицистикада көрініс табу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы ауа ластануы, су тапшылығы, Арал өңірінің экологиялық ахуалы, Балқашқа төнген қатер, өндірістік және тұрмыстық қалдықтар мәселесінің ақпараттық кеңістікте жиі көтерілуімен байланысты. Мақаланың мақсаты – экологиялық тақырыптағы публицистикалық мәтіндердің қоғамдық санаға ықпал ету тетіктерін, тілдік-стильдік сипатын және әлеуметтік қызметін анықтау. Зерттеу барысында сипаттамалы талдау, салыстырмалы саралау, мазмұндық талдау және тұжырымдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде экологиялық публицистика табиғатқа төнген қатерді жай хабарлап қана қоймай, оны ұлттық қауіпсіздік, халық денсаулығы, аймақтық тағдыр және азаматтық жауапкершілік аясында түсіндіретін ықпалды жанр екені айқындалды. Сонымен бірге Қазақстандағы экологиялық публицистиканың пәрменділігі нақты дерек, жергілікті мысал, ғылыми негіз және адам тағдырының бірлігінде ашылатыны дәлелденді.

Тірек сөздер: экология, публицистика, экологиялық журналистика, қоғамдық сана, медиа, табиғат, экологиялық проблема, ақпараттық кеңістік.

Қазіргі кезеңде экологиялық мәселе ғылым шеңберіндегі тар тақырып болудан әлдеқашан өтіп, қоғамдық өмірдің ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қазақстан жағдайында бұл мәселе ерекше өткір сезіледі. Бір өңірде ауа ластанса, екінші өңірде су тапшылығы күшейеді; бір жерде өндірістік қалдықтар қоршаған ортаға зиян келтірсе, енді бір жерде табиғи тепе-теңдік бұзылып, халықтың тұрмыс сапасына ықпал етеді. Осындай жағдайда публицистика қоршаған ортаға қатысты деректерді көпшілікке түсінікті тілмен жеткізетін, мәселені қоғамдық ойдың өзегіне айналдыратын, әлеуметтік сергектік туғызатын маңызды құрал қызметін атқарады.

Қазіргі Қазақстандағы экологиялық публицистикаға қатысты еңбектер сұрыпталып, олардың ішіндегі ортақ ойлар мен өзекті тұжырымдар анықталды. Сонымен бірге экологиялық тақырыптың медиа мәтінде берілуіндегі дерек, эмоция, авторлық бағалау, жергілікті мысал, қоғамдық үндеу және әлеуметтік жауапкершілік сияқты компоненттерге назар аударылды.

Қазақстандағы экологиялық публицистиканың нақты проблемаларды қоғамдық күн тәртібіне шығарудағы пәрмені, ең алдымен, жергілікті медианың мүмкіндігімен байланысты. Алматыдағы ауа ластануы туралы зерттеуде М. Абдіқаппар, Ә. Әлімжанова, Ш. Қалияждарова жергілікті басылымдардың бұл мәселені әркелкі және толық емес қамтитынын көрсетіп, тұрақты әрі терең ақпараттандырудың жетіспейтінін айқындайды. Зерттеуде Алматыдағы ластанудың негізгі себептері ретінде тұрмыстық жылыту, өнеркәсіп, құрылыс, биомассаның жануы және көлік шығарындылары аталады. Осы байлам экологиялық публицистиканың нақты дерекке сүйенген кезде ғана сенімді болатынын аңғартады. Егер публицист қаладағы қара түтінді абстрактілі құбылыс ретінде емес, таңертең терезе ашқанда сезілетін иіс, бала денсаулығына әсер, көлік саясаты мен урбанистикалық шешімдермен байланысқан мәселе ретінде ашса, мәтіннің ықпалы арта түседі. Демек, экологиялық мәселенің публицистикада

көрініс табуы шынайы өмірдің тынысымен қабысқанда ғана қоғамдық мазмұнға ие болады [1, 100].

Экологиялық публицистика тек қауіп туралы хабар таратпайды, ол қоғамдық сананы қалыптастыратын арнаға айналады. А. Әлімжанова, М. Әбдіқаппар, Б. Кәрімова, М. Нұрманова, М. Жетпісбаева экологиялық журналистика сапалы әрі қолжетімді ақпарат арқылы жұртшылық пікірін қалыптастырып, азаматтарды экологиялық мәселелерге жұмылдыра алатынын дәлелдейді. Бұл тұжырым Қазақстан жағдайында айрықша маңызды. Себебі Қызылордадағы шаңды дауыл, Жамбыл өңіріндегі жердің тозуы, өндірістік аймақтардағы экологиялық тәуекел сияқты құбылыстар жай есеп емес, қоғамдық әрекетті қажет ететін мәселелер. Публицистика осындай ахуалды ғылыми есептің құрғақ тілімен емес, адам мен табиғаттың арақатынасы арқылы беріп, экологиялық проблеманы қоғамдық жауапкершілік деңгейіне көтереді. Яғни экологиялық публицистиканың мазмұндық өзегі – дерек пен азаматтық үннің бірлігі [2, 1310].

Су мәселесі де қазақстандық публицистикада ерекше маңызға ие болып отыр. І.Қыдырмолданова мен О.Ошанова Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі жөніндегі зерттеуінде медианың экологиялық ағартуға, саясатқа ықпал етуге және азаматтық қоғамды жұмылдыруға тиіс екенін көрсетеді. Авторлар экологиялық журналистиканы дамыту мен халықтың медиасауаттылығын арттыру су мәселесін тұрақты шешудің алғышарты болатынын атап өтеді. Бұл ой Қазақстан үшін өте өзекті, өйткені Сырдария суы, трансшекаралық өзендер, су қоймаларының жайы, егіншілік пен тұрмыстық тұтыну мәселелері бүгінде экология мен экономиканы тікелей байланыстырып отыр. Публицистикада су тапшылығы тек техникалық проблема ретінде емес, аймақ тағдыры, әлеуметтік тұрақтылық, тіпті ұлттық қауіпсіздікпен сабақтас тақырып ретінде ашылғанда ғана оның қоғамдық салмағы артады. Сондықтан су туралы экологиялық мәтіндерде эмоциялық әсерден гөрі түсіндіру, салыстыру және салдарын көрсету тәсілі басым болуы керек [3, 77].

Қазақстандағы экологиялық журналистиканың тарихи және жанрлық қалыптасуын саралаған Ғ. Майкотова, Е. Әбдіраман, Т. Орнықбай бұл саланың Арал апаты, Семей полигоны, жаһандық жылыну, табиғатты қорғау тақырыптарымен тығыз дамығанын көрсетеді. Зерттеуде экологиялық журналистика ғылыми, денсаулық, саясат, экономика, қоғам бөлімдерімен сабақтасып, бұқаралық ақпарат құралдарында дербес насихаттық және талдамалық бағыт ретінде орныға бастағаны айтылады. Бұл байлам публицистиканың табиғатын жақсы ашып береді: экологиялық мәтін тек апат туралы репортаж емес, ол денсаулыққа, шаруашылыққа, көші-қонға, тұрмысқа, мәдениетке әсер ететін кең құбылыстың сөздік бейнесі. Мәселен, Арал мәселесі жайында жазылған сапалы публицистикалық мәтінде теңіздің тартылуы ғана емес, балық шаруашылығының күйреуі, тұзды шаңның адам денсаулығына әсері, қаңыраған ауылдардың психологиялық ахуалы қатар беріледі. Сонда экологиялық мәселе географиялық факт күйінде емес, ұлттық қасіреттің әлеуметтік шындығы ретінде көрінеді [4, 109].

Арал теңізі төңірегіндегі қазіргі қазақстандық әрекеттер мен оның медиадағы бейнесін қарастырған А.Ниетбек еңбегінде Көкарал бөгеті, Аралды құтқару халықаралық қоры, су көлемінің артуы және Солтүстік Аралдың ішінара жануы Қазақстанның экологиялық қадамдары ретінде бағаланады. Бұл зерттеу экологиялық тақырыптың публицистикада тек қасірет бейнесімен шектелмей, қалпына келтіру, ынтымақтастық, үміт және жауапкершілік ұғымдарымен қатар өрілуі керектігін аңғартады. Яғни экологиялық публицистика мәселені тек ушықтырушы емес, шешім іздеуші сипатта да көрінуі қажет. Арал туралы мәтіндерде бұрынғы апаттың суретін қайталау жеткіліксіз; оқырманға бүгін қандай жұмыс істеліп жатыр, оның қай бөлігі нәтижелі, қай тұсы әлсіз, халыққа нақты әсері қандай деген сұрақтарға жауап берілуі тиіс. Сонда экологиялық публицистика үрей туғызатын мәтін емес, қоғамдық үміт пен сындарлы бақылаудың алаңына айналады [5, 24].

Теңдік Жауырұлының «Каспий – құдаң емес» кітабы экологиялық публицистиканың нақты аймақтық шындықты қалай терең ашатынын дәлелдейді. Автор Каспий жағалауының өзгерісін жалаң дерекпен емес, халық тұрмысы, балықшылық кәсіп, ауыл тағдыры және

экологиялық қауіптің күнделікті өмірге енуі арқылы суреттейді. Оның «қайық жоғары, үйлер төмен тұр» деген бейнелі түйіні табиғи тепе-теңдіктің бұзылуын публицистикалық қуатпен жеткізеді [6, 14–19]. Ал Азғыр полигонына қатысты ойлары Атырау өңіріндегі экологиялық мәселенің бір ғана теңізбен шектелмей, тарихи-әлеуметтік жарақатпен сабақтас екенін аңғартады [6, 47–49].

Осы қатарда Атырау өңірінің экологиялық ахуалы публицистикада ерекше салмақпен көрінеді. Бұл тақырыпты ашуда Теңдік Жауырұлының «Каспий – құдаң емес» кітабындағы байқаулар маңызды ойлық тірек бола алады. Автор Каспий маңындағы ахуалды жалаң факт ретінде емес, халық тұрмысы мен аймақ тағдырына тікелей әсер етіп отырған әлеуметтік-экологиялық құбылыс ретінде суреттейді. Оның мәтіндерінде теңіздің көтерілуі тек табиғи процесс емес, жағалаудағы ауылдардың берекесін қашырған, балықшының кәсібін күйзелткен, елдің ертеңіне күмән ұялатқан шындық ретінде танылады. Жауырұлының “қайық жоғары, үйлер төмен тұр” деген астарлы байламы Атырау аймағындағы табиғи тепе-теңдіктің бұзылғанын бір-ақ ауыз сөзбен аңғартады. Бұл тіркес публицистиканың қуатын дәлелдейді: кейде ұзақ статистика бере алмаған әсерді дәл табылған бейнелі сөйлем жеткізеді.

Атырау туралы жазылған мұндай публицистикалық мәтіндердің құндылығы – онда экология абстрактілі ұғым күйінде қалмайды. Мәселе нақты мекенмен, нақты адаммен, нақты үреймен сабақтасады. Мысалы, кітаптағы Азғыр полигонына қатысты ойлар да өңір экологиясының күрделілігін кең аяда көрсетеді. Автор полигон, теңіз, жағалау, ауыл тағдырын бір-бірінен бөліп қарамайды. Соның нәтижесінде оқырман Атырауды жекелеген проблемалардың жиынтығы емес, экологиялық қысым қабаттасқан күрделі кеңістік ретінде қабылдайды. Бұл – публицистика үшін өте маңызды ерекшелік. Себебі экологиялық мәтіннің күші табиғатты ғана емес, сол табиғатпен бірге күн кешкен жұрттың мазасыз күйін де көрсете алуында.

Жауырұлы еңбегінде Каспийдің мінезі туралы ойлар тек қорқыныш тудыру үшін берілмейді. Керісінше, автор жағалаудың шегінуі мен теңіздің тықсыруын, өндіріс ықпалы мен жергілікті халықтың тұрмысын қатар алып, жауапкершілік мәселесін алға шығарады. Оның “шегінетін жер қалған жоқ” дегенге саятын ойы экологиялық публицистиканың басты мұратын аңғартады: мәселені кейінге ысыра беруге болмайды. Осы тұрғыдан келгенде, Атырау туралы публицистикалық мәтіндерде табиғи апаттың белгісі, өндірістік салмақ, балықшылық кәсіптің әлсіреуі, ауылдық кеңістіктің өзгеруі және халық санасындағы алаң бір арнада тоғысады. Демек, экологиялық публицистикадағы Атырау бейнесі – жай аймақтық тақырып емес, ол Қазақстандағы табиғат пен қоғам қатынасының ең өткір көріністерінің бірі. Осындай мәтіндер арқылы оқырман экологияны сыртқы мәселе емес, ұлттық жауапкершілік кеңістігі ретінде тани бастайды.

Жоғарыдағы тұжырымдар негізінде Қазақстандағы экологиялық публицистиканың бірнеше айқын ерекшелігін байқауға болады. Біріншіден, ол нақты өңірлік проблемаға сүйенгенде ғана әсерлі болады. Алматыдағы түтін, Арал өңіріндегі тұзды дауыл, Балқаш маңындағы су тапшылығы, өнеркәсіпті қалалардағы эмиссия, қоқыс полигондарының көбеюі секілді тақырыптар оқырманға жақын әрі түсінікті. Екіншіден, экологиялық публицистикада құрғақ мәлімет жеткіліксіз; мәселені адам тағдырымен ұштастыру қажет. Мысалы, «ауа ластануы артты» деген сөйлемнен гөрі «таңғы уақытта мектепке бара жатқан баланың жөтелі көбейді» деген тірі сурет публицистикалық салмақты күшейтеді. Үшіншіден, бұл салада авторлық үн эмоцияға ғана емес, дәлелге негізделуі тиіс. Артық дабыл, жалған үрей немесе ұраншылдық мәтіннің сенімділігін әлсіретеді. Төртіншіден, қазіргі экологиялық публицистика тек мәселені сипаттап қоймай, шешім туралы да жазуы керек. Су үнемдеу мәдениеті, қалдықтарды сұрыптау, қоғамдық бақылау, жасыл инфрақұрылым, қалаішілік көлік реформасы, жергілікті азаматтық бастама секілді бағыттар публицистикалық мәтіннің практикалық қуатын арттырады.

Қазақстанда экологиялық мәселенің публицистикада көрініс табуы көбіне ұлттық жадпен де ұштасады. Арал, Семей, Балқаш сияқты атаулар жай географиялық нысан емес, қоғамдық санадағы экологиялық ескерту белгілеріне айналған. Сондықтан экологиялық

публицистикада тарихи жад, қазіргі ахуал және болашақ жауапкершілік үшеуі қатар өрілуі тиіс. Осындай тәсіл ғана оқырманды бейтарап бақылаушы күйінен азаматтық ұстаным иесіне айналдырады.

Қорыта келе, зерттеу барысында экологиялық мәселелердің публицистикада көрініс табуы қазіргі Қазақстан үшін аса өзекті бағыт екені анықталды. Экологиялық публицистика қоршаған ортадағы қатерлерді көпшілікке жеткізіп қана қоймай, оларды қоғамдық талқыға салады, әлеуметтік жауапкершілікті күшейтеді және экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Алматыдағы ауа ластануы, су қауіпсіздігі, Арал мәселесі, экологиялық журналистиканың тарихи қалыптасуы мен бүгінгі даму үрдісі бұл саланың мазмұндық аясын кеңейтіп отыр. Нәтижесінде экологиялық публицистиканың ең пәрменді үлгісі нақты дерекке, жергілікті мысалға, адам тағдырына және шешімге бағытталған сындарлы ойға сүйенетіні айқындалды. Сондықтан экологиялық тақырыптағы публицистикалық мәтіндер Қазақстан қоғамында табиғатты қорғау идеясын нығайтатын, азаматтық ұстанымды бекітетін және болашақ алдындағы жауапкершілікті тереңдететін маңызды рухани-ақпараттық құрал болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдіқаппар М., Әлімжанова Ә., Қалияждарова Ш. The role of local media in identifying the causes of Almaty’s air pollution // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2024. № 3(148). Б. 100–108. DOI: 10.32523/2616-7174-2024-148-3-100-108.
2. Әлімжанова А., Әбдіқаппар М., Кәрімова Б., Нұрманова М., Жетпісбаева М. Sustainable Development and Environmental Journalism: Implementing Societal Progress in Kazakhstan // Evergreen. 2025. Vol. 12. Issue 2. P. 1310–1321. DOI: 10.5109/7363511.
3. Қыдырмолданова І., Ошанова О. Медианың Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі туралы қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2025. № 4(153). Б. 77–92. DOI: 10.32523/2616-7174-2025-153-4-77-92.
4. Майкотова Ғ., Әбдіраман Е., Орнықбай Т. Қазақстандағы экологиялық журналистиканың даму ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2023. № 3(144). Б. 103–121. DOI: 10.32523/2616-7174-2023-144-3-103-121.
5. Ниетбек А. Kazakhstan’s Proactive Measures in Addressing the Aral Sea Crisis as a Platform for Enhanced International Representation and Media Engagement // SDU Journal of Media Studies. 2025. № 1(1). P. 18–31. DOI: 10.47344/sdubss.v55i1.002.
6. Жауырұлы Т. Каспий – құдаң емес. — Б. 14–21; 47–49.

ӘОЖ 821.512.143.09:811.512.143'37

ӘЖІНИЯЗ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚЫЗДАР БЕЙНЕСІН СУРЕТТЕЙТІН АТАУЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Ұзақбаева Гүлжайна
uzakbaevaguljayna@gmail.com
Филология және тілдерді оқыту: қарақалпақ тілі бағдарламасының 2-курс студенті
Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс қ., Өзбекстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ассистент-оқытушы, магистр – Шамшаддинова С.С.

Қарақалпақ классикалық әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Әжинияз Қосыбайұлының шығармашылығында әйел-қыздар бейнесі айрықша орын алады. Шайыр өлеңдерінде қыздардың сыртқы келбеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, киім-кешегі және әшекөй бұйымдары

көркем тілдік құралдар арқылы нәзік те терең бейнеленеді. Осы арқылы ол тек сұлулық идеалын ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдегі қарақалпақ халқының тұрмыс-тіршілігін, эстетикалық талғамын және рухани дүниесін де айқындайды.

Қазіргі таңда Әжінияз өлеңдеріндегі әйел-қыздар бейнесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі шайыр қолданған тілдік бірліктер арқылы тіл байлығы, оның ішкі мүмкіндіктері, сондай-ақ парсы және араб тілдерінен енген лексикалардың поэзиядағы қызметі айқын көрінеді. Сонымен қатар, өлеңдерде кездесетін киім-кешек пен зергерлік бұйымдарға қатысты атаулар арқылы сол дәуірдегі қарақалпақ қыздарының тұрмысы мен ұлттық келбеті сипатталады.

Мақаланың мақсаты – Әжінияз өлеңдеріндегі әйел-қыздар бейнесін сипаттайтын атауларды лингвистикалық тұрғыдан талдап, олардың семантикалық, стилистикалық және этимологиялық ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады: қыздар бейнесіне қатысты лексикалық бірліктерді анықтау және жүйелеу; олардың семантикалық құрылымын талдау; теңеу мен метафоралар арқылы жасалған бейнелердің лингвистикалық табиғатын көрсету; парсы және араб тілдерінен енген сөздердің қолданысын айқындау; этнографиялық атаулардың бейне жасаудағы орнын белгілеу.

Әжінияз шығармашылығы бойынша бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілген. К. Мәмбетов өз еңбегінде шайырдың бейне жасау шеберлігіне, ұлттық-этнографиялық элементтерді қолдануына ерекше назар аударады [1]. Ал Б. Қәлімбетов Әжінияз лирикасының тілдік ерекшеліктерін, бейнелі және архаикалық лексиканың қолданысын терең талдаған [2]. Бұл еңбектерде Әжінияз поэзиясының мазмұны мен формасына қатысты ғылыми тұжырымдар ұсынылған. Сондай-ақ А. Мұртазаев Әжінияз шығармаларындағы әйел-қыздар бейнесін көркемдік тұрғыдан арнайы зерттеген [4].

Сонымен қатар, Әжінияз өлеңдеріндегі әйел-қыздар бейнесін сипаттайтын атауларды арнайы лингвистикалық тұрғыдан, яғни семантика, этимология және стилистика бірлігінде кешенді түрде қарастыру жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмаған. Әсіресе, бейне жасауда қолданылған теңеу, метафора және лексикалық бірліктердің өзара байланысы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әжінияз шайырдың өлеңдерінде әйел-қыздар бейнесін бірнеше қырынан қарастыруға болады, атап айтқанда, олардың сыртқы келбеті мен сол дәуірдегі киім-кешегі арқылы сипаттау кеңінен көрініс табады. Мысалы, шайырдың «тауыс киби ол сайланып…» [5, 152] деген жолдарында қыз бейнесі тауыс құсымен салыстырылады. Тауыс – ерекше сұлу, көз тартар, нәзік жаратылыс иесі ретінде танылатын құс. Шайыр қызды бейнелеуде осы қасиеттерді негізге алған.

«Әйні әлемдек болып, рәушан киби баққан жүзің» деген жолдарындағы көркемдік ізденістерін зерделеу барысында, арудың дидарына қатысты қолданылған «рәушан» бейнесінің семантикалық қуаты ерекше екені байқалады. Парсы-тәжік тілдерінен енген «рәушан» сөзі этимологиялық тұрғыдан тек түс пен реңді ғана емес, ең алдымен «ашық», «жарық», «айқын» және «нұрлы» деген мағыналық қабаттарды қамтиды. Автор бұл эпитетті қолдану арқылы қыздың жүзін жай ғана әдемілік нысаны ретінде емес, бүкіл әлемге сәуле шашып, айналасын нұрландырып тұрған «әйні әлем» (әлемнің көзі немесе нақ өзі) іспетті биік деңгейде сипаттайды. Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі бұл сөздің мағыналық жүктемесі шайырдың сол дәуірдегі сұлулық идеалын — жүзінен жылу мен жарық ескен, пәк әрі нұрлы бейне ретінде сомдауға бағытталған шеберлігін паш етеді. Осылайша, «рәушан» бейнесі арқылы арудың келбеті эстетикалық тұрғыдан әсерлі әрі символдық тұрғыдан асқақ сипатқа ие болып, лирикалық кейіпкердің оған деген таңданысын мейлінше тереңдете түседі.

«Тал шыбықтай тауланып» [5, 152] деген жолдарындағы «тал шыбық» метафорасы арудың сыртқы сымбаты мен ішкі нәзіктігін ассиметриялы түрде ашатын классикалық бейнелеу құралы болып табылады. Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі анықтамаға сүйенсек, «тал» — жіңішке жапырақты, майысқақ бұтақты ағаш түрі болса, «шыбық» — теректің жаңадан бүр жарған, өте нәзік, түзу әрі кез келген бағытқа иілуге икемді жас бұтағын білдіреді. Поэтикалық контексте бұл тіркес жай ғана өсімдік әлемінен алынған теңеу емес, ол

қыз баланың бойжеткен шағындағы мінсіз мүсінін, тал бойының тіктігі мен дене бітімінің иілімділігін (грациясын) сипаттайтын күрделі метафораға айналған. «Таулану» (құбылу, бұратылу) іс-әрекетімен ұштасқанда, бұл бейне арудың әлі де жас, пәк, толық жетілу кезеңіндегі нәзіктігін және оның әрбір қимылындағы табиғи әсемдікті асқан шеберлікпен жеткізеді. Осылайша, автор «тал шыбық» образы арқылы сұлулықтың динамикалық бейнесін жасап, оқырманның көз алдына көктемгі жас шыбықтай құлпырған, өміршең әрі нәзік арудың эстетикалық портретін әкеледі. [5, 152]

Шайырдың «Бадам қабақ, жүзінде қал», «сүзіп қалам қасын қағар гөзаллар» [5, 152] деген жолдарындағы «бадам» және «қалам» метафоралары — классикалық шығыс поэзиясының эстетикалық өлшемдерін Әжінияз шығармашылығында жаңа қырынан танытатын өміршең бейнелер. Әлемдік әдебиеттің алыбы Әлішер Науаи ғазалдарынан бастау алатын «бадам» бейнесі дәстүрлі түрде көздің сүйір пішіні мен сырлы қарасын сипаттау үшін қолданылса, Әжінияз мұны «қабақ» сөзімен шебер тіркестіріп, арудың қабақ бітіміндегі бадам дәніндей жинақы, әсем сызылған табиғи мінсіздікті аңғартады. Бұл көркем бейне «қаламдай» қас сипатымен ұштасқанда, оқырман көз алдына жай ғана келбет емес, шебер зергердің қолынан шыққандай тегіс, ұқыпты әрі нәзік өрнектелген эстетикалық портрет келеді. Автор осы тұрақты метафоралар арқылы қыз баланың қас-қабақ қағысындағы нәзік қимылды (сүзіп қарауын) және жүзіндегі «қал» (мең) секілді ұсақ детальдарды бір композицияға біріктіріп, арудың ішкі жұмбақтығы мен сыртқы тартымдылығын классикалық поэзияның биік деңгейінде паш етеді.

Лирикалық шығармадағы портреттік сипаттамаларды зерделеу барысында «Сарафраз қауметі, сәдап данданлы» [5, 152] деген жолдардың көркемдік жүгі ерекше екені байқалады. Мұндағы «сарафраз» сөзі классикалық шығыс поэзиясына тән парсы тілінен енген лексема болып табылады: оның құрамындағы «сар» – «бас», ал «афраз» – «көтерілген», «биік» немесе «асқақ» деген мағыналарды білдіреді. Зерттеу тұрғысынан алғанда, бұл термин тек қыздың физикалық бойының тік әрі сұңғақ екенін ғана емес, сонымен бірге оның өр мінезін, бекзат болмысы мен айналасына айбатты көрінетін паңдығын дәл әрі көркем түрде бейнелейді. Автор осы бір ауқымды эпитетті қолдану арқылы арудың тұлғасын асқақтатып, оны қарапайым пендеден биік, эстетикалық мінсіз тұлға ретінде көрсете білген. Сонымен қатар, бұл сипаттаманың «сәдап данданлы» (маржан тісті) тіркесімен қатар келуі арудың сыртқы келбетіндегі әрбір детальдың жоғары талғаммен таңдалғанын және оқырманның көз алдына кемел сұлулықтың жиынтық образын әкелетінін дәлелдейді.Зербаумен өрілген алтын шашбауы,

Ақыл-есімді алып кетті бір пері.

Тал шыбықтай бұралған қыпша белі,

Мені қайран етіп кетті бір пері.

Бахтияр Генжемуратовтың ғылыми пайымдауынша**,** өлеңдегі көркемдік жүйе жай ғана сыртқы сұлулықты сипаттау емес, ол — терең философиялық мәні бар мағыналық ауыстырулар мен символдардың жиынтығы. Ғалымның түсіндіруінше, автор арудың бойындағы тәтті қасиеттерді оның сөйлеу мүшесі — «тілі» мен дыбыстық бейнесі — «сөзіне» көшіру арқылы абстрактілі сұлулықты нақты детальмен шебер ұштастырған, сонымен қатар «бұлбұлдай» теңеуі арқылы кейіпкердің әуезді үні мен нәзік болмысын табиғаттың ең сұлу символымен үндестірген. Бұл бейнелеулердің түйіні ретінде «пері» символы алға шығады: Б. Генжемуратов бұл образды өзінің нұрлы жамалымен ғашығын бір сәт мас етіп, соңынан із-түзсіз ғайып болатын, осы фәни дүниеден тыс, тылсым әлем сұлуының бейнесі деп қарастырады. Оның пікірінше, өлеңнің басынан аяғына дейін барлық поэтикалық құрылым осы «пері» символының айналасында тереңдей түсіп, кейіпкердің ішкі сағыныш оты мен қол жетпес идеалға деген ұмтылысын көркем бейнелейді.

Шайыр Әжінияздың лирикалық кейіпкер бейнесін сомдаудағы шеберлігі тек сұлулықты сипаттаумен шектелмей, оның бойындағы ұлттық-этнографиялық детальдар — әшекей бұйымдар мен киім-кешектер арқылы тереңдей түседі. «Таққан өңірге моншағы», «бармақ толы жүзік-жүзік әллерің» және «өңір моншақ, һәйкел тағып сылдырап» деген жолдар

қарақалпақ халқының қолданбалы өнері мен зергерлік мәдениетінің жырдағы тірі көрінісі іспетті. Мұндағы «моншақ» термині қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде мойынға тағылатын жылтыр, домалақ әшекей ретінде сипатталса, «һәйкел» — әйелдердің көкірегіне тағылатын, күмістен соғылған, өрнекті де көлемді зергерлік туынды ретінде арудың салтанатын арттырып тұр. Академик К. Мәмбетов атап өткендей, Әжінияз бейне жасауда халықтық рең беруге, қыздардың қай ұлтқа тән екенін осы нақты этнографиялық атрибуттар арқылы танытуға ерекше мән берген. Осылайша, моншақ пен һәйкелдің сылдыры арудың әрбір қимылына ерекше дыбыстық гармония сыйлап, оқырманның көз алдына тек сұлу ғана емес, өз халқының мәдени мұрасын үстіне мақтанышпен таққан нағыз ұлттық бейнені әкеледі.

«Хүснүні меңзеттім хүри ғұлмана» [5, 152] Шайыр Әжінияз бұл жолдарда арудың сұлулығын суреттеудің биік шыңына шығып, оны қарапайым жердегі теңеулермен емес, діни-мифологиялық «хүри» (хор қыздары) және «ғұлмана» (ғылман) образдарымен шендестіру арқылы махаббат нысанын идеалдандырудың классикалық үлгісін көрсетеді. Араб тілінен енген «хүри» сөзі ислам мифологиясындағы жәннат бағының мәңгілік жас, пәк әрі нұрлы тұрғындарын білдірсе, «ғұлмана» ұғымы сол киелі мекендегі мінсіз қызметшілердің бейнесін толықтырып, сұлулықтың ең жоғарғы, қол жетпес деңгейін ишаралайды. Осы тылсым образдарды қолдану арқылы автор қыздың дидарынан төгілген нұрды, оның ешқашан солмайтын балғындығы мен рухани тазалығын фәни дүниенің өлшемдерінен биік қойып, оқырманның көз алдына жай ғана адам емес, жәннаттың бір үзігіндей тылсым әрі киелі «хүсн» (мінсіз сұлулық) бейнесін әкеледі. Бұл тәсіл Әжінияз поэзиясындағы эстетикалық талғамның тереңдігін және оның адам болмысын илаһи (құдіретті) сұлулықпен байланыстыра білген шеберлігін паш етеді. «Хүри» сөзі араб тілінен енген және ислам мифологиясында жәннаттағы пәк, сұлу, мәңгі жас періштелерді білдіреді. Аңыздарда олардың жүзінен нұр төгіліп тұратыны және ешқашан қартаймайтыны айтылады. Ал «ғұлмана» сөзі де жәннаттағы жас, көркем, пәк қызметшілерді білдіреді. Осы арқылы шайыр қыз сұлулығын идеалдандырылған, тылсым бейнелермен салыстырып көрсетеді.

«Зұлпы янағына түсер» деген жолындағы «зұлпы» мен «янақ» сөздері — классикалық лирикадағы ару бейнесінің ең нәзік әрі тартымды детальдарын ашатын маңызды лексикалық бірліктер**.** Зерттеуші Б. Қәлімбетов атап көрсеткендей, бұл атаулар қазіргі заман оқырманы үшін сирек қолданылатын архаизмдердей көрінгенімен, Әжінияз лирикасында қыз бейнесін жанды әрі әсерлі суреттеудің басты құралына айналған. Мұндағы «зұлпы» — қыздың маңдайынан немесе самайынан иіліп, бетіне («янағына») бұйраланып түсіп тұратын шаш талы. Бұл деталь арудың дидарына көлеңке түсіріп, оның жүзіндегі нұрды одан әрі айқындай түсетін көркемдік контраст (қарама-қайшылық) ретінде қызмет етеді. Шаш пен беттің («янақтың») осындай үйлесімі арқылы автор қыз баланың табиғи сұлулығы мен жұмбақ болмысын бейнелеп, оқырманның көз алдына Шығыс поэзиясының ең биік эстетикалық канондарына сай келетін мінсіз де нәзік бейнені әкеледі. Осылайша, бұл сөздер жай ғана атау емес, арудың көркін толықтырып тұрған поэтикалық бояулар болып табылады.

«Тырнадай отырып, сонадай жүрген» деген жолдарға қатысты К. Мәмбетов [1] өз зерттеулерінде Әжінияздың бейне жасау шеберлігіне ерекше тоқталады. Ғалым шайырдың қыздар бейнесін суреттеуде ұлттық-этнографиялық элементтерге айрықша назар аударғанын атап көрсетеді. Шынында да, өлеңдерде кездесетін «моншақ», «һәйкел», «жүзік» сияқты атаулар тек әшекей бұйымдары ғана емес, белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты лингвистикалық бірліктер болып табылады. Бұл сөздер арқылы қыз бейнесі нақты тұрмыстық контексте ашылып, сол дәуірдегі қарақалпақ қыздарының ұлттық келбеті айқындалады. Демек, шайыр тілінде реалий сөздердің кеңінен қолданылуы бейненің шынайы әрі өміршең болуына қызмет етеді.

«Бардым, жеттім сәуір жардың үйіне,
Бұлбұлдай сайраған шырын тіліне.
Ғамза (ишара)менен бағып айтқан сөзіне,
Әлхасыл, мәрт еместер білмес, ділдарым...»

Бахтияр Генжемуратов бұл мәселені тереңірек қарастыра отырып, өленідегі көркемдік бейнелеу тәсілдеріне ерекше тоқталады. Оның пайымдауынша, автор «бұлбұлдай» теңеуі арқылы арудың образын табиғаттағы ең әуезді құспен үндестіреді. Бұлбұл — ежелден сұлулықтың, нәзіктіктің және асқан хош дауыстың символы. Сондықтан, ақын қыздың сыңғырлаған дауысын бұлбұлдың сайрауына теңеу арқылы оның тек сыртқы келбетін ғана емес, сонымен бірге ішкі жан дүниесінің де соншалықты үйлесімді екенін көрсетеді.

Б. Қәлімбетов болса, Әжінияз лирикасында қолданылған поэтикалық лексиканың ерекшеліктеріне басымдық береді. Ол «зұлпы», «янақ» сияқты сөздердің қазіргі оқырман үшін біршама тосындау болғанына қарамастан, олардың поэзияда қыз бейнесін жасауда маңызды орын алатынын атап өтеді. Бұл пікір лингвистикалық тұрғыдан алғанда, архаизмдердің стилистикалық құрал ретінде белсенді қолданылатынын дәлелдейді.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, Әжінияз өленділеріндегі метафоралық жүйеге де ерекше назар аудару қажет. Мысалы, «бадам қабақ», «қалам қас» сияқты тіркестер шығыс поэзиясының дәстүрінен бастау алатын бейнелер қатарына жатады. Мұнда «бадам» көздің пішінімен байланыстырылып, эстетикалық идеалды білдірсе, «қалам» қастың түзу, жатық әрі шеберлікпен сызылғандай әдемілігін меңзейді. Мұндай метафоралар Әжінияз поэзиясының тек ұлттық сипатпен шектелмей, жалпы шығыс әдеби дәстүрімен сабақтас екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, парсы және араб тілдерінен енген «рәушан», «сарафраз», «хұри», «ғұлман» сияқты сөздердің қолданысы да зерттеушілер тарапынан атап өтіледі. Бұл лексемалар қыз бейнесін идеалдандыруға қызмет етеді. Мәселен, «хұри» және «ғұлман» атаулары арқылы қыздар жәннат періштелеріне теңеліп, олардың сұлулығы абсолют деңгейде сипатталады. Лингвистикалық тұрғыдан бұл – діни-мифологиялық семантикаға ие бірліктер болып, бейненің рухани-идеалдық қабатын күшейтеді.

К. Мәмбетов пен Б. Қәлімбетов Әжінияздың теңеулерді қолданудағы шеберлігін жоғары бағалайды. Әсіресе, құс және өсімдік атауларына негізделген теңеулер («тауыс киби», «тал шыбықтай», «тырнадай») қыздардың сыртқы келбетін ғана емес, олардың қимыл-қозғалысын, мінезін, нәзіктігін де ашып көрсетеді. Бұл жерде теңеу мен метафоралардың көмегімен көпқабатты бейне жасалады, яғни бір тілдік бірлік бірнеше семантикалық белгіні қатар қамтиды.

Сондай-ақ зерттеушілер Әжінияз поэзиясындағы тілдік қабаттардың алуан түрлілігіне де назар аударады. Мұнда табиғи лексика (құс, өсімдік атаулары), кірме лексика (парсы, араб сөздері), этнографиялық атаулар және архаизмдер өзара үйлесім тауып, біртұтас поэтикалық жүйе құрайды. Осы жүйе арқылы қыз бейнесі тек сыртқы портрет ретінде емес, сол дәуірдегі қарақалпақ халқының эстетикалық талғамының, тұрмыс салтының және рухани дүниесінің көрінісі ретінде танылады.

Әжінияз Қосыбайұлының өленділеріндегі әйел-қыздар бейнесін сипаттайтын атауларды лингвистикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде бірқатар маңызды қорытындылар жасалды.

Біріншіден, қыздар бейнесі тек сыртқы портретпен шектелмейді. Шайыр олардың келбетін, жүріс-тұрысын, мінезін және ішкі нәзіктігін теңеу мен метафоралар арқылы көпқырлы түрде бейнелейді. «Тауыс киби», «тал шыбықтай», «тырнадай» сияқты теңеулер қыздардың сұлулығымен қатар олардың нәзіктігін, қозғалыс әсемдігін де айқындайды. Сонымен қатар, қыз бейнесін жасауда кірме лексиканың маңызды рөл атқаратыны анықталды. «Рәушан», «сарафраз», «хұри», «ғұлман» сияқты парсы және араб тілдерінен енген сөздер қыздардың келбетін идеалдандырып, оларды жоғары эстетикалық деңгейге көтереді.

Бұл сөздер поэзияда тек мағыналық қызмет атқарып қана қоймай, бейненің рухани және символикалық қабатын да байытады. Этнографиялық лексика – «моншақ», «һәйкел», «жүзік» сияқты атаулар арқылы қыз бейнесі нақты тұрмыстық негізде ашылады. Бұл бірліктер сол дәуірдегі қарақалпақ қыздарының ұлттық киіну және әшекейлену дәстүрін көрсетіп, бейненің шынайы әрі өміршең болуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, архаикалық және поэтикалық лексика («зұлпы», «янақ») қыз бейнесін жасауда маңызды стилистикалық құрал ретінде қызмет етеді.

Әжінияз шығармашылығындағы көркем бейне жасау принциптері — классикалық поэтикалық дәстүр мен ұлттық танымның ажырамас бірлігін көрсететін бірегей құбылыс. Зерттеуші Б. Қәлімбетов атап өткендей, «зұлпы», «янақ» секілді сөздер қазіргі күнделікті сөйлеу тілінде сирек кездескенімен, автордың лирикалық жүйесінде олар жай ғана атау емес, бейнелілік пен экспрессивтілікті шегіне жеткізе түсетін қуатты поэтикалық құралдар қызметін атқарады. Сонымен қатар, академик К. Мәмбетовтің[1] тұжырымдарына сүйенсек, Әжінияздың кейіпкер сомдау шеберлігі тек сұлулықты сипаттаумен шектелмей, оған ұлттық-этнографиялық айқын сипат беруімен құнды. Шайырдың қолданған әрбір зергерлік бұйымы мен портреттік деталі — қарақалпақ қыздарының өзіндік болмысы мен мәдени кодын танытатын нышандар. Бұл өз кезегінде Әжінияз өлеңдеріндегі арулар бейнесінің тек жалпыға ортақ эстетикалық идеал ғана емес, сонымен бірге нақты ұлттық топырақтан тамыр тартқан, этнографиялық тұрғыдан негізделген бірегей тұлға екенін толықтай дәлелдейді. Жалпы алғанда, Әжінияз өлеңдеріндегі қыздар бейнесін сипаттайтын атаулар лингвистикалық тұрғыдан көпқабатты жүйені құрайды. Бұл жүйеде табиғи лексика, этнографиялық атаулар және архаизмдер өзара үйлесіп, біртұтас көркем бейне қалыптастырады.

Демек, Әжінияз поэзиясында қыз бейнесі арқылы тек сұлулық емес, сол дәуірдегі қарақалпақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен рухани дүниесі де кең әрі терең бейнеленеді.

Әжінияздың махаббат тақырыбындағы өлеңдерінің қайсысын алсақ та, онда қарақалпақ қыздарының бейнесі әртүрлі портреттік сипатта беріліп, олардың киім-кешегі мен әшекей бұйымдары этнографиялық тұрғыдан нақтыланады. Сонымен қатар, теңеу, метафора сияқты көркемдік құралдар кеңінен қолданылып, бейненің көркемдік деңгейі күшейтіледі.

Әжінияз Қосыбайұлының өлеңдеріндегі әйел-қыздар бейнесін сипаттайтын атауларды лингвистикалық тұрғыдан талдау шайыр поэзиясының бай әрі көпқабатты екенін айқын көрсетеді. Қыздар бейнесі теңеу, метафора, эпитет және басқа да көркем тілдік құралдар арқылы жасалып, тек сыртқы келбетті ғана емес, ішкі нәзіктікті, мінез-құлықты және эстетикалық идеалды да қамтиды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Әжінияз тілінде табиғи лексика, парсы және араб тілдерінен енген сөздер, этнографиялық атаулар мен архаизмдер өзара үйлесіп, біртұтас поэтикалық жүйе құрайды. Осы жүйе арқылы қыздар бейнесі бір жағынан идеалдандырылып берілсе, екінші жағынан нақты тұрмыстық негізде бейнеленеді. К. Мәмбетов пен Б. Қәлімбетов зерттеулерінде атап өткендей, шайыр бейне жасауда ұлттық-этнографиялық белгілерге және бейнелі лексикаға ерекше назар аударған. Бұл жағдай Әжінияз поэзиясының тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық және мәдени тұрғыдан да жоғары құндылыққа ие екенін дәлелдейді.

Б. Генжемуратов [3, 100] және А. Мұртазаев [4] зерттеулерінде де шайырдың әйел-қыздар бейнесін жасауда қолданған көркемдік тәсілдері арнайы қарастырылып, олардың поэтикалық ерекшеліктері айқындалған.

Қорытындылай келе, Әжінияз өлеңдеріндегі әйел-қыздар бейнесі қарақалпақ халқының эстетикалық талғамының, тұрмыс салтының және рухани дүниесінің көрінісі болып табылады. Шайырдың сөз қолданудағы шеберлігі арқылы жасалған бұл бейнелер қарақалпақ әдебиетінің көркемдік байлығын танытып қана қоймай, лингвистикалық зерттеулер үшін де маңызды дерек көзі ретінде бағаланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәмбетов К. Әжінияз. – Нөкис: Билим, 1994. – 148 б.
2. Қәлимбетов Б. Әжінияз лирикасы. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1981.
3. Генжемуратов Б. Әжінияз лирикасының поэтикасы. – Нөкис: Билим, 1997. – 100 б.
4. Муртазаев А. Шайырдың мухаббаты. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1988. – 120 б.
5. Әжінияз. Таңдамалы шығармалары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1988. – 152 б.

ӘОЖ 78.072.3

МУЗЫКА ҚАЙРАТКЕРІ, АКАДЕМИК АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ӨМІРНАМАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР

Хоблан Аружан Аманжолқызы
koblanaru06@gmail.com
«Халық әні» Білім бағдарламасының 1-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ. Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к. Б.Ж. Тұрмағамбетова

Биыл композитор, ғалым, дирижер, қоғам қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл толды. Тұлғаны замандастары «қайран Ақа», оркестріміздің «кіндік атасы» деп еске алып отырған. *«Қайран» деген сөз – күй атасы Құрманғазының сөзі болса, «кіндік ата» деген атауды еліміздің көрнекті жазушысы Ғабит Мүсірепов айтқан»* [1, 95-б.]. Бұл екі сөз де бүгінде арамызда болмаса да, артында мол мұра қалдырған, академик Ахмет Қуанұлына деген халықтың құрметін білдіреді.

Біз мақаламызда халқының аяулы ұлы, ірі музыка қайраткерінің ұрпаққа үлгі өмірнамасындағы жан-жақты қырлары мен шығармашылығы туралы шолу жасаймыз. Әсіресе, арнайы оқулықтарда және энциклопедияларда балалық шағы туралы өте аз ақпараттар берілгендігін ескеріп, мақалалар мен әртүрлі авторлардың естеліктерінде толық емес жазылған оның өскен отбасы мен балалық шағы туралы мәліметтерге және тағы басқа да маңызды деректерге тоқталамыз. Мұнда арнайы үлкен сала болғандықтан оның ғылыми еңбектерін сөз етпейміз.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1906 жылы, сәуір айының 29 жұлдызында Орал облысы Темір уезіндегі Темір-Орқаш болысының[5] 8-ауылда орта шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Қуан арнайы оқымағанмен көзі ашық, көкірегі ояу, көпшіл, ауыл арасында сыйлы, өнерді құрметтейтін адам болған. Репрессия жылдарында ауылына қоныс аударып келген орыс, украиндармен етене жақын араласып, орыс тілін өз бетінше үйренеді. Ал анасы Бибішынар мінезді, жігерлі адам болған. Олардың шаңырағында Аққат пен Құдайберген деген ұлдары, Зиба, Дәмет, Ағиба атты үш қызы болған. Ал кенжесі дүниеге келгенде әкесі жүрегі жарыла қуанып, ауыл үлкендерімен кеңесіп, баланың атын Ахмет деп қояды.

Ахметтің музыкаға деген қызығушылығы ерте оянды. 1913 жылы сол ауылдан «Бірқластық орыс-қырғыз» (қазақ) училищесі аталатын орыс мектебі ашылады. Онда дарынды бала үш жыл оқиды. Мектептің меңгерушісі Құсайын Әжіғалиев жұмысына ерекше мұқият, жан-жақты, өлең де шығаратын, қазақша айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» адам болған. Ауылда ол Жұбановтардың отбасында үш жыл бірге тұрып, Ахметке мандолин, домбыра, балалайка, скрипка аспаптарында ойнауды үйретті. Талапкер бала мұнымен тынбайды, сол маңдағы атақты домбырашы Талым қарттан күй үйренеді. Жас баланың Талым күйшіге баруы кездейсоқтық емес еді. Ол дүниеге келгенде жасалған шілдеханада ауыл ақсақалдары *«сол маңға белгілі атақты Талым күйшіге «сендей домбырашы болсын» деп сәбидің аузына түкірткті»* [2, 60-б.]. Музыка зерттеуші Жиенбек Рсалдин естелігінде Талымнан тұңғыш «Штат» атты күйін үйренгенін, ойын-тойларда қаршадай баланың домбырада күй төгілтіп, ән салуы мандолина, скрипкада ойнап өнер көрсетуі көпшілікті таңқалдырғанын жазған. «*Әдетте көп сөйлемейтін, сырт көзге ұялшақ көрінетін бала сабақ айтқанда, аспапта ойнап, ән салып, күй шерткенде өзгеріп салатын. Қолына домбыра немесе скрипка ұстаса болды дүниені ұмытып, көңіл күйі, қиял ойы сол музыкамен ілесе кететін»* – [2, 61-б.]. Осы естелікте дарынды бала әкесімен бірге туысқан Тәпен деген кісінің әйелі Балбөпеге барып «ән үйрет» деп маза бермейтіндігі, *«ал Балбөпе халықтың бұрмасы көп небір қиын әндерді бұралтып, сан құбылтып шырқағанда*

[5] қазіргі Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы Ол кіші жүздің алты ата Әлім, оның ішінде Шекті руынан тараған.

таңқалдыратын әнші болғандығы» айтылған. Құлаққа жағымды, қоңыраудай ашық дауысты Балбөпе кішкене қайнысы Ахметті елден ерекше жақсы көрген, оған өзі білген әндерді жалықпай үйреткен. Осы естеліктен біз болашақ композитордың ұлттық күйлерді алғаш рет Талым домбырашыдан, ал әндерді жеңгесі Балбөпеден үйренгендігін білеміз.

Талапты оқушы он жасында Орқаштағы «Бірқластық орыс-қазақ мектебін» ойдағыдай бітіріп, Жұрындағы екікластық орыс мектебіне түседі. Осы жылдарда оның өміріне өшпес із қалдырған қиын жағдай орын алды. Ол туралы *«Жұбанов он жасында қатар балалармен ойнап жүріп, көзін зақымдап алған. Осы кемшін оны өмір бойы мұқатып келсе керек. Сонысы бетіне шіркеу болғандықтан ба, Жұбанов сол кемшілігін жасыру үшін көзін сығырайта берген»,* - деп оны мүсінін жасаушы КСРО халық суретшісі, Социалистік еңбек ері, академик Е.В.Вучетич естелік айтқан [3, 25-б.].

Ахметтің өскен ортасы туралы айтар болсақ, жазғы демалыс кезінде қазақ әдебиеті тарихында белгілі жазушылардың бірі – Жиенғали Тілепбергеновтен тәлім алып, қазақша сауатын ашады. Сонымен қатар ол араб және парсы тілдеріндегі жазбаларды оқып үйренеді. Орыс және қазақ тілдерін жетік меңгерген, шығыс әдебиетін де, қазақтың бай әдеби мұрасын да жақсы білетін Жиенғали жас жеткіншекке ерекше әсер етеді, яғни, туған халқының рухани мұрасын құрметтеуге баулып, мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Оның білімге деген ынтасының артуына Хусаиния медресесінде оқитын ағасы Құдайбергеннің де ықпалы зор болды. Құдайберген інісін шығыс және қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларымен таныстырып, олардың көркемдік ерекшеліктерін түсіндіреді. Әр халықтың әдебиеті мен мәдениетінің тарихи маңызы туралы айтып, бозбаланың ой-өрісін дамытады. Сонымен қатар ол ауылға қайтқан сайын өзімен бірге көптеген қызықты кітаптар алып келіп, інісінің кітап оқуға деген құштарлығын арттыра түседі.

Жұбановтар отбасындағы балалардың жан-жақты болып қалыптасуына сол кездегі газет журналдардың да ықпалы үлкен болды. Ахметтің әкесі Қуан «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын, сондай-ақ татар тіліндегі бірнеше газеттерді жаздырып алып отырған. Ал Жиенғали Уфадан «Садақ» журналын, Құдайберген Орынбордан «Тез» журналын әкелген. Бұл басылымдардың ерекшелігі – олар медресе шәкірттерінің жасырын түрде шығарған журналдары болатын. Онда діни уағыздан гөрі жастарды өнер мен білімге ұмтылуға, орыс және әлем мәдениетімен танысуға шақыратын мақалалар жарияланды. Сонымен қатар орыс классиктерінің шығармалары қазақ тіліне аударылып басылып отырды. Осындай материалдар жасөспірім оқушының ой-өрісінің дамуына, мәдениет пен өнерге деген қызығушылығының артуына ықпал етті [2].

Білімге құштар оқушы екікластық орыс мектебін тәмамдаған соң, Орал қаласындағы реалдық училищеге түсуге ниеттенеді. Алайда сол кезеңдегі азамат соғысының салдарынан теміржол қозғалысы бұзылып, арманы жүзеге аспайды. Оның үстіне балаларының білім алуына ерекше көңіл бөлген, олардың саналы азамат болып қалыптасуы үшін көп еңбек сіңірген сүйікті әкесі сол өңірге тараған сүзек ауруынан қайтыс болады. Бұл жағдай ауыр соққы болып, әкесінен айырылған Ахмет ерте еңбек етуге мәжбүр болды. Ол біраз уақыт ауыл округінде «бала хатшы» ретінде қызмет атқарады. Сол жылдары ел ішінде ашаршылық күшейіп, халықтың тұрмысы ауырлай түседі. Өнер-білімге құштар жеткіншек еңбекке ерте араласып, өмірдің ауыртпалығын жастайынан сезінеді. Он сегіз жасқа толғанда өз ауылында ашылған «Шамшырақ» атты оқу үйінің меңгеруші қызметіне тағайындалды. Кейін ол Ақтөбедегі халық мұғалімдерін даярлайтын курсты аяқтап, туған ауылындағы Ақжар мектебінде меңгеруші әрі мұғалім болып жұмыс істейді. Бұл мектепте екі жыл қызмет атқарған соң Темір қаласындағы жетіжылдық мектепке оқытушы болып ауысады [2].

Темір қаласында жүрген кезде Ахмет өз бетімен музыкалық сауатын ашуға талпынып, И.О. Пирожниковтың «Музыкалық сауаты» және Н.С. Потоловскийдің «Музыканың элементарлық теориясы» атты кітаптарын алдыртады. *«Москвадан 45 сомға мандолина алдырады. Темірдегі музыка әуесқойлары ұйымдастырған орыстың халық аспаптар оркестріне қатысып, балалайка, мандолина, гитарада кезек ойнайды. Сөйтіп жүріп ол есту*

арқылы «Орман ертегісі», «Па-де Эспан», «Барыня», «Коробейники» сияқты музыкалық шығармаларды ойнау дәрежесіне жетеді», – [2, 63-б.].

Жиырма екі жас жігіттің өміріне өзгеріс әкелген маңызды кездесу болады. Ол Ақтөбе қаласына білімін жетілдіру курсына барған уақытта кинотеатрда дыбыссыз фильмдерді музыкамен сүйемелдеп отыратын скрипкашымен танысады. Петр Георгиевич Чернюк есімді қарт музыкант жас жігітті жылы қабылдап, әңгіме барысында 1915 жылы Варшава консерваториясын скрипка класы бойынша алтын медальмен бітіргенін айтады. Әңгіме барысында Ахметтің музыкаға деген шынайы қызығушылығын байқаған ол жас жігітке міндетті түрде музыка саласында білім алуға кеңес береді. Сонымен бірге музыка теориясы мен сольфеджио пәндерінен сабақ алудың маңыздылығын түсіндіреді.

Бірде губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі Решетняк А.Жұбановқа А.В. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» атты жинағын сыйға тартады. Бұл кітап оған ерекше әсер етіп, кітапты скрипкашыға көрсетеді *«Чернюк Затаевичті біледі екен, олар Варшава консерваториясында бірге оқыған болып шықты. Бірақ Затаевичтің этнографиялық іспен шұғылданып жүргенінен бейхабар П.Чернюк оның жинағын көргенде қайран қалды. Сол жерде жинақты ашып жіберіп, бірнеше қазақ әнін әндетіп атйып та шықты. Бұрын сольфеджирование сияқты нота арқылы бірден дауыстап оқуды көрмеген Ахмет бұған қайран қалды»* [2, 63-б.].

Жас жігіттің талабын байқаған скрипкашы оған музыка саласында білім үйретуге дайын екенін айтады. Көп кешікпей Ахмет Ақтөбеге келіп, татар слободкасындағы қазақ мектебіне мұғалім болып орналасады. Ақтөбеде өткізген бір жыл оның болашақ шығармашылық жолында ерекше маңызға ие болды (астын сызған – А.Хоблан). ол мұғалімдік қызметін атқара жүріп, білімін одан әрі жетілдіреді. Мектептегі мұғалімдер ұйымдастырған драма үйірмесіне қатысып, сахналық қойылымдарға да араласады.

Осы тұста талабы зор жігіттің кейін фильмдер мен спектакльдерге музыка жазуы мен опера жанрына қалам тарқаны кездейсоқ емес екенін түсінеміз.

Уақыт тапшылығына қарамастан ол музыкалық білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. *«Айына 8 сом ақша төлеп Чернюктен музыка теориясы мен сольфеджио пәндері бойынша сабақ алып, скрипкада ойнау техникасын меңгереді. Сонымен қатар Ақтөбе халық аспаптар оркестрінің үйірмесіне де қатысып тұрады. Уақыт өте келе ол бұрын тек таңырқап тыңдаған Затаевич жинағындағы қазақ әндерін нота арқылы еркін оқып, орындау деңгейіне жетеді»* [2, 64-б.].

Музыка өнеріне деген қызығушылығы әсіресе, Затаевич сияқты қазақ музыкасын зерттеп, дамытуға үлес қосуды армандап, оны тек тәлімгеріне айтып, ұстазы оны қолдап, жігер береді. Оның өмір жолын түбегейлі өзгерткен Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағы болатын (астын сызған – А.Хоблан). Көп ұзамай ол Ленинград қаласына барып білім алуға бел буады. Музыкаға деген ерекше құштарлығы мен табиғи қабілетінің арқасында Ахмет қысқа уақыт ішінде музыка теориясын жақсы меңгеріп, үлкен арманға жақындай түседі. Ал А.В. Затаевичтің қазақ музыкалық мәдениетіне қосқан зор еңбегі оның арманына қанат бітіріп, жаңа белестерге жетеледі.

1929 жылы Ахмет Қуанұлының өмірінің жаңа белесі басталды. Ол ағасы Құдайбергенмен бірге Ленинградқа оқуға барады. Тағдыр оны гобой аспабынан сабақ беретін танымал музыкант, профессор Ф.А.Ниманның класына әкеледі. Ф.А.Ниманның В.В.Андреев атындағы Орыс халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және дирижері болуы шәкіртке орасан зор әсер етті, ол оркестрдің дайындығына барып жүріп, өмірлік тәжірибе жинады. Яғни, отызыншы жылдары Алматыда ұстазы секілді (болашақ Құрманғазы атындағы) қазақ халық аспаптары оркестрін ұйымдастырып, оркестрдің дирижері және көркемдік жағын басқарушы болған еді. Ленинградтағы педагогикалық, музыкалық және этнографиялық лекциялар оның музыка зерттеуші және фольклоршы ретінде қалыптасуына әсер етті. Ол еуропа және орыс классикалық музыкасының ірі жанрларымен кеңінен танысты.

Консерваторияда оқып жүрген кезінде А.Жұбанов өзінің алғашқы еңбегі «Музыка сауатының әліппесі» атты кітабын аударады. 1931 жылы А.Затаевич оның еңбегін жоғары

бағалап қанаттандырады, бұл кездесу оған халық музыкасын зерттеуге жол ашты, сол жылдың жазында Ахмет 50-ден астам ән-күй жинап нотаға түсірді.

Тарихтан белгілі болғандай маман тапшылығына орай ол консерваторияны мерзімінен бұрын бітіріп, аспирантураға түседі. Бірақ аспирантураны аяқтауға мүмкіндік болмады. Өйткені, екі жылдан соң Алматыда жаңадан ашылған музыкалық техникумға шақырылып, директордың орынбасары болып қызмет істеді және музыка тарихы мен теориясынан сабақ берді. Ол оқу бөлімін меңгере жүріп, ұлттық кәсіби музыка білімінің негізін қалады. Осы жылдарда мәдениет тарихымыздан оқу орнында қазақтың ән-күйлерін зерттейтін кабинет пен музыка аспаптарын жасап шығаратын шеберхана ашқанын білеміз. Тарихта алғаш рет Ахмет Жұбанов музыка училищесі студенттерінен шағын 11 адамнан құрылған домбырашылар ансамблін құрды. Оның ішінде Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Қали Жантілеуов сияқты көрнекті халық музыканттары болды. Жанкешті еңбек еткен жанның қызы Ғазиза Жұбановаңың айтуы бойынша: «*Техникумда орын аз болғандықтан, әкем кейде ансамбль репетицияларын өз пәтерінде, екі бөлмесінің бірінде өткізетін*» (аударған – А.Хоблан) [4, с.31].

1936 жылы Ахмет Қуанұлы Мәскеуде өткен өткен атышулы қазақ өнерінің онкүндігінде ұлт аспаптар оркестрін дироижерлап, үлкен жетістікке жетті. Ол опера және балет театрында да дирижер қызметін атқарды. Оның ағартушылық жұмыстары арқылы болашақ сыншы, публицист және ғалым тұлғасы да қалыптасты. Халық әншілері мен домбырашылары туралы мәліметтер жинап, фольклорлық зерттеулерін шыңдай түсті. Зерттеушінің осы саладағы табысты еңбегі 1936 жылы жарық көрген «Қазақтың халық композиторы Құрманғазы» атты очеркі болатын, кейін басқа халық композиторлары жөнінде де еңбектер жазды.

Отызыншы жылдардың соңында музыканттың композиторлық шығармашылығы басталады. Сол жылдары ол бірактілі музыкалық драмалық қойылымдарына музыка жазып, қазақ халық аспаптар оркестрімен орындаған. Мәселен, «Сары» (А.Тәжібаев либереттосына), «Бақыт таңы» (Х.Есенжановтың либереттосына), «Азат қыз» (М.Әуезовтің либереттосына), «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (Ғ.Мүсіреповтің либереттосына) және қолжазба күйінде сақтаулы бірнеше партитуралар жазды. 1938 жылы М.Гнесинмен бірлесіп қазақ киносының тұңғыш көркем фильмі «Амангелдіге» музыка жазды. Оның қаламынан жиырмаға жуық ән-романстар, хорға арналған 9 шығарма, фортепианолық билермен бірге онға жуық жеке аспаптарға арналған камералық-аспаптық пьесалар, басым бөлігі қолжазба күйінде сақталған 15 поэма, фантазия мен сюиталары бар.

Ірі шығармаларына тоқталар болсақ, Л.Хамидимен бірлестікте Абай (1944) және «Төлеген Тоқтаров» (1947) операларын жазды. Ал ғылыми шығармаларында 20 жуық (шағын кітапшалар мен) кітаптары бар.

Қазақ музыка өнерін дамыту үшін республикамызда жоғары білімді, кәсіби мамандар қажет болғандықтан 1944 жылдың басында Алматы қаласында консерватория ашылды. Сол жылдың желтоқсан айында белгілі композитор әрі музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов осы оқу орнының алғашқы ресми директоры болып тағайындалып, консерваторияның қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Ол оқу орнында әртүрлі бөлімдердің ашылуына, білікті оқытушылардың жиналуына үлкен көңіл бөлді. Сонымен қатар студенттердің кәсіби деңгейде білім алуына жағдай жасап, олардың өнерге деген құштарлығын арттыруға күш салды.

Қазақ зиялыларының заман саясатымен қудалауға ұшырағаны туралы айтқанда Жұбановтар әулетін айналып кете алмаймыз. Сталиндік саясат салқыны оның да өміріне әсер етті. Осы орайда ресми деректерде 1951-1953 жылдары А.Жұбанов Мәскеу қаласында іс-сапарда болды деп жазылған. Шын мәнінде алдымен «халық жауының інісі» деп, кейін 1942 жылы шыққан ғылыми еңбегі үшін қудалауға ұшырады. Көптеген әріптестерінің қысымымен өміріне қауып төнгендіктен, ол амалсыздан Мәскеуге барып паналады. Мұнда уақытты тиімді пайдаланып, кәсіби білімін шыңдай түседі [5]. 1953 жылы саясат өзгере бастаған кезеңде композитор Алматыға оралып, консерваторияда ұстаздық қызметін жалғастырып, қазақ музыка өнерін дамытуға белсене кіріседі.

Ахмет Қуанұлының қоғамдық қызметі де ұлттық өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан маңызды сала. Ол тек композитор және ғалым ғана емес, сонымен қатар елдің мәдениетін дамытуға көп үлес қосқан белгілі қоғам қайраткері. Қайраткер мәдени мекемелердің қалыптасуына да айрықша үлес қосты. Сонымен бірге көптеген білім мен өнер мекемелерінің ашылуына мұрындық болып, басында тұрды. Ол Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ұйымдастырылуына белсенді атсалысып, біраз жыл осы мекеменің директоры әрі көркемдік жетекшісі, сонымен бірге 1939 жылы құрылған Қазақстан Композиторлар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болды.

Ахмет Жұбанов дарынды жастардың музыкалық қабілетін ерте жастан дамыту қажет екенін жақсы түсінді. Оның ойынша, жас жеткіншектердің өнерге деген қабілетін бала кезінен байқап, сол уақыттан бастап қолдау табуы керек. Сол кезеңде Қазақстанның көптеген қалаларында музыкалық мектептер болғанымен, ол мектептерде негізінен қала балалары ғана оқи алатын. Ал ауылдағы балаларға мұндай мүмкіндік аз еді. Дегенмен қазақ ауылдарында өскен балалар кішкентайынан халық әндері мен күйлерін тыңдап өскендіктен, олардың арасынан талантты музыканттар жиі шыққан. Оны жақсы білген композитор ауыл балаларына арнайы білім беретін музыка мектебін ашу керек деген мәселені көтереді. Нәтижесінде 1964 жылы Алматы қаласында дарынды ауыл балаларына арналған арнайы музыка мектебі ашылды. Бұл мектепте оқушылар жалпы білім беретін пәндерден бөлек кәсіби музыкалық білім де алып, талантты ауыл жастарының өнер жолына түсуіне жол ашылды.

Тұжырымдай айтқанда, А. Қуанұлының өмірнамасындағы аса мән берілмей келе жатқан деректерге назар аударудың маңызы зор. Мәселен, Бірінші Құрманғазы қазақ халық аспаптар оркестрінің негізін қалаған тұлғаның домбыра үйреткен алғашқы тәлімгері – Талым күйші туралы тек қана белгілі бір естеліктерде ғана айтылып жүр; Сонымен бірге мектептегі алғашқы ұстазы және әртүрлі аспаптарда ойнауға үйреткен Құсайын Әжіғалиевпен қатар, есімі міндетті түрде аталуы тиіс тұлғалардың бірі – Ақтөбе қаласында оған кәсіби тұрғыдан музыка теориясы мен сольфеджионы үйреткен, музыка саласына бетбұрыс жасауына ықпал еткен кәсіби скрипкашы П.Чернюк еді. Сонымен бірге ескерілуі қажет тағы бір жәйт – этнограф А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағы оның өміріне түбегейлі өзгеріс әкелгендігі. Жас жігіт А. Затаевич секілді тұлға болуды армандап, мақсатына жету жолында табандылықпен еңбек етті.

Алдағы уақытта осы айтылған жәйттарды ескеру өте маңызды деп ойлаймыз. Себебі олар Ахмет Қуанұлы сияқты ірі тұлғаның қалай қалыптасқанын, музыкаға қалай келгенін және оның шығармашылық жолына не әсер еткенін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Яғни, оқулықтар мен энциклопедияларда бұл деректерді назардан тыс қалдырмай толықтырып, өмірнамасын тұтастай жазған жөн.

Қазақ музыка өнерінің көрнекті қайраткері, композитор, ғалымның өмірі ерте аяқталып, ол ойлаған көптеген жоспарын толық жүзеге асыра алмады. Өнертану ғылымдарының докторы, академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов 1968 жылы 30 мамырында дүниеден өтті. Дегенмен оның қалдырған еңбектері мен тәрбиелеген шәкірттері қазақ музыка өнерінің дамуына әлі күнге дейін өз үлестерін қосып жатыр. Танымал татар композиторы Н.Жигановтың сөзімен айтқанда: «*Егер әр композитор Ахмет Жұбанов тәрізді өз халқын сүйсе, онда ол әр ұлттың мәдениетінің дамуына қосылған үлес болар еді. Оның бойында ғылымның ақылы мен қарапайым қазақы болмыс тоғысқан. Табиғатында халқымыздың салт дәстүрі сақталған, ел үшін аянбай еңбек ететін тұлға*» [6, 85-б.].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тастанов Х. Ғалым. Композитор. Ұстаз. //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б.95-97.

2. Рсалдин Ж. Ұядан ұшқанда //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова) – Алматы: Өнер, 2006. – Б. 59-65.

3. Ахмет Жұбановтың 100 жылдығына арналған альбом / Идея авторы және жоба жетекшісі М.Ақдәулетұлы/. – Алматы: Атамұра, 2006.

4. Жұбанова Ғ. Отец «услышал» мой музыкальный талант //Жұбанов А. (Құрастырғандар Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова). – Алматы: Өнер, 2006. – 31-33 с.

5. Ахмет Жубанов в годы апогея сталинской политической репресии /под. ред. Ж.К. Таймагамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 210 с.

6. Жұмақова Ү., Кетегенова Н. Қазақтың музыкалық әдебиеті. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 273 б.

МАЗМҰНЫ

Абубакирова Н., Ахонова М.И., ЦИФРЛЫҚ МЕДИАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ **3**

Аргинбаева А.М., Құсаин Д.Р., Шугаепова Г.Ш., АЛМА ОРАЗБАЕВА: КҮРЕСКЕР ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ **8**

Айдархан М.Н., Мәден А.А., АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ 1928–1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ҰЖЫМДАСТЫРУ: ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҚАЙШЫЛЫҚТАР МЕН КӨТЕРІЛІСТЕР **14**

Аренова Ғ.Е., Кайрова Г.Ж., ЖИ ЖӘНЕ DEEPFAKE: ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ **23**

Amangeldina A.M., Sapanov S. Zh., CENTRAL ASIA AND TURKEY IN THE ERA OF GLOBALIZATION AND REGIONAL INTEGRATION **27**

Атагулаев Н., Мажитова Л.Қ., ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ **32**

Ахметова Т.Ж., Кенжекиев М., ЖЕКПЕ-ЖЕК КҮРЕСІ ҚАНДАЙ СПОРТ ТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ **36**

Дарибек А.Ж., Бердіғожин Л.Б., СЫРЫМ ДАТҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР **40**

Жақсылықова Д.Т., Бердіғожин Л.Б., ҰЛЫ ДАЛА ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІН ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ТҰРҒЫСЫНАН ЖҮЙЕЛЕУ **44**

Жаракулова А.Е., Кенжекиев М.С., РАЗВИТИЕ ЖЕНСКОГО СПОРТА В МИРЕ **47**

Зейнуллаева Ж.М., Нұрланова Н.Н., АЛГОРИТМДЕР ӘСЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ: АТЫРАУ ЖАСТАРЫНЫҢ АҚПАРАТ ТҰТЫНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ **50**

Каримбаева А., Өтемісов А., ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ ГРАФИКАЛАРЫН УНИФИКАЦИЯЛАУДА PYTHON ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ **54**

Зинелова Н., Исмурзина Г.Б., ЖАҢАБАЙ ТӨЛЕГЕНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК **60**

Куандыков Д.Т., Ахметова У.Т., ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӨЛШЕМІ: «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ МҰРАНЫ ОНЛАЙН-САҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІ **64**

Кеулимжаева У.К., Бектурсынова А. М., ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА КОНЦЕПТА «СОВЕСТЬ»: ЗНАЧЕНИЕ И СИМВОЛИКА В РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ **73**

Қайрош А.А., Әлжанов Ғ.М., БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНІҢ МЕМОРИАЛДЫҚ-ДІНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ МЕН СӘУЛЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ **76**

Қабиден Д.Е., Ахмет А.Қ., СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТАРИХЫ 1931-1933 ЖЫЛДАР **78**

Қамбарқызы Э., Шугаепова Г.Ш., ЦИФРЛАНДЫРУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ "ЖҰМСАҚ КҮШІ": ТАРИХИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ **83**

Қадыр Б.Е., Асымова Д.Б., «SMART УНИВЕРСИТЕТТЕР» ЭКОЖҮЙЕСІНЕ ӨТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМІНІҢ ЦИФРЛЫҚ **88**

ПРОФИЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ
Құсайын Ә. Ғ., Тұрмағамбетова Б.Ж., МУЗЫКАТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ **97**
Құныскерей А.Н., Нұрсұлтанова Г. Ж., АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГ ИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ МАҚАЛАЛАР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ **101**
Магпарова А.Б., Нұрланова Н.Н., ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ **108**
Масығұтқызы Г., Бекежан Ө.Қ., ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ **112**
Моллақанағат С.С., Бердіғожин Л.Б., АУҒАНСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ **117**
Мұнайдар Т.Е., Анесова А.Ж., ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ – КОММУНИКАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ **122**
Нуршаханов Р., Бекежан Ө.Қ., АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ДІНГЕ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ **128**
Омарова А.С., Кайргалиева Г.К., БЕРІК ҚОРҚЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ӨЛКЕ БИЛЕРІ **132**
Орынбасаров А.О., Кайргалиева Г.К., ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТУ МӘДЕНИЕТІ: ГЕНЕЗИСІ, ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ **139**
Өмірзақ Ә.Р., Исмурзина Г.Б., ШЕРХАН МҰРТАЗА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨТКІРЛІК **145**
Пал А.С., Әлжанов Ғ.М., ПСИХОЛОГИЯ ЦВЕТА В ГОРОДСКОЙ СРЕДЕ И МЕНТАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ МОЛОДЕЖИ: КАЗАХСТАНСКИЙ КОНТЕКСТ И ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИЗАЦИИ УРБАНИСТИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА. **148**
Пердебаева Ш.А., Оразымбетова.З.К., КУЛЬТУРА РЕЧИ СОВРЕМЕННОГО ТЕЛЕЖУРНАЛИСТА И ЕЁ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ **153**
Русакова А., Әлжанов Ғ.М., СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТВОРЧЕСТВА ХУДОЖНИКА А.АКАНАЕВА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО ИСКУССТВА **158**
Саясатқызы С., Исмурзина Г.Б., ТЕҢДІК ЖАУЫРОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ **160**
Сабырғалиева Ж.С., Ахмет А.Қ., М. Жолжанов- ӨЛКЕТАНУШЫ, ЗЕРТТЕУШІ **163**
Сәкенқызы Қ., Исмурзина Г.Б., ҚАЗІРГІ МЕДИАМӘТІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ **167**
Сәуірбай Г.Е., Нұрланова Н.Н., ЖАҺАНДАНУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЗАМАНЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ **171**
Сайранова М.С., Аман Ә.Б., ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ ӨҢІРЛІК ТАРИХИ ТАНЫМ КОНТЕКСІНДЕ **175**
Сатимова Д.К., Кайыргалиева Г.К., АТЫРАУ ӨҢІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ ДЕРЕКҚОР ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ **181**
Тайпақ А.А., Ахметова У.Т., ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ Н.Д. ОҢДАСЫНОВТЫҢ РӨЛІ **183**
Телбаева Н.Ж., Кайргалиева Г.К., УНИВЕРСИТЕТ МҰРАҒАТЫНЫҢ ДЕРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ **189**

Тулегенов Б.Ж., Ахметова Ұ.Т., ҒАЛЫМ, СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ **196**

Утемисова Д., Исмурзина Г.Б., ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ПУБЛИЦИСТИКАДА КӨРІНІС ТАБУЫ **201**

Ұзақбаева Г., Шамшаддинова С.С., ӘЖІНИЯЗ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚЫЗДАР БЕЙНЕСІН СУРЕТТЕЙТІН АТАУЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ **204**

Хоблан А.А., Тұрмағамбетова Б.Ж., МУЗЫКА ҚАЙРАТКЕРІ, АКАДЕМИК АХМЕТ ЖҰБАНОВТЫҢ ӨМІРНАМАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР **210**

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists
«YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Редактор: Батырғалиева Салтанат
Мұқаба дизайны: Батыров Галымжан, Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс, Марданова Сауле

Офсеттік қағаз. Форматы А4
«ASU Press» баспа орталығы
«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
060000, Атырау қ., Студенттер даңғылы, құрылыс 1.

Атырау университеті «ASU Press» баспа орталығының
баспаханасында басылған.